

Шыңғыс Тұрсынов

Махаббат
шүлгү

Шыңғыс Тұрсынов

Махаббат түнүү



Алматы 2012

УДК 821.512.122

ББК 84 қаз-44

Т 86

Тұрсынов Шыңғыс

Т 86 Махаббат мұнды. – Алматы, “Алматы-Болашақ”
баспасы, 2012, – 252 б.

ISBN 978-601-80188-1-7

Журналист Шыңғыс Тұрсынов Райымбек ауданы, Кеген ауылының тұлегі. Таулы өлкеде туып, есken азаматтың бұл кітабына кірген шығармалары негізінен шынайы махаббат пен адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігін паш етеді.

Повестері мен әңгімесінде ауыл өмірінің әр кезеңдердегі тыныс-тіршілігін, табиғат көріністерін тартыныңды сүрреттейді.

ISBN 978-601-80188-1-7

УДК 821.512.122

ББК 84 қаз-44

© Тұрсынов Ш., 2012

Бұл шығарма аттың жөндері озгеріссіз,
каз-қалыңда берілген үстемдікші.
1954—1970 жылдар аралығында Ә.Жа-
набаев аттындағы Қарған орта мектебін
бітіркен түлекшерге арналади.

Автор



Автордан

Қадірменді оқырман. Мектеп қабырғасында жүргенде журналистік мамандықты таңдадым. Алғаш, еңбек жолымды аудандық газеттен бастаған жастық шағым күні кешеғана сияқты. Өмір белестері адамды сан тарау жолдарға түсіреді екен. Аудандағы тұрлі мекемелерде жауапты, әрі басшылық қызметтерде, яғни өмірімнің жиырма алты жылдан астам уақытын арнаптым. Аз ба, көп пе оны сіздер ой елегінен өткізерсіздер. Асқаралы алпыс жасқа аяқ басқанымда өзімнің сүйікті мамандығым – журналисттік жұмысқа қайта оралдым.

Ширек ғасырдан аса уақыттан кейін Райымбек аудандық «Хантәңірі» газетінің бас редакторлығы қызметіне келдім. Творчестволық қызметімді қайта жалғастырдым. Басқа салаларда еңбек ете жүріп, журналистік мамандығымды ұмытпадым. Қолым босай қалған сәттерде жеке творчествома ерекше көңіл бөлдім. Соның нәтижесінде өткен ғасырдың 70–80–90 жылдары жазылған дүниелерімді қарап, осы заман талаптарына сай өндедім. Көптеген жылдарым баяндама, анықтама, хабарлама, тағы басқа да кеңсе қағаздарын жазумен өткенине өкінемін де. Амал қанша, солай болды .

Қадірменді оқырман. Сол бір албырт шақ, қиялыңа қиял қосатын, шабытынды шындалп, тың туындылар жазуға жол сілтеген уақыттардағы шығармаларымды кітапқа жинақтадым. Қолдарыңызға тиген осы шығармалар сон-ау өткен ғасырдың сексенінші жылдары жазылған еді.

Тұрлі себептермен кезінде кітап болып, басылымдарды жарық көрmedі. Уағында мән берілmedі де.

«Ештен, кеш жақсы» деген емес пе. Ендігі сыншы да, әділ бағасын беретін де сіздерсіздер, қадірменді оқырман қауым.

Еріле соңғын махаббат (повесть)

I

*O, Махаббат!
Сен әлі тірі ме едің!?
Көзімнен гайып болған күнім едің,
Гулім едің...
Елтіген түнім едің,
O, Махаббат!
Сен әлі тірі ме едің!?*

Мұқагали Макатаев

– Бәтес! Бәтес... Тосыннан есімі аталған жас шамасы 70-терге келген ақ жаулықты ана дауыс шыққан жаққа жалт қарады. Қайдан көргені есіне түспеді. Өні таныс шырамытқандай болды. Осы сәтте:

– Әже, жүр...жүр, поезд жүргелі тұр, қаламыз, – деген немересі қолынан тартып, вагонға қарай асықтыра ертіп кетті. Есімін атаған арық қара торы, жұпны киімді адам, оған тесіле қараған күйі қала берді. Бәтес соңғы рет артына бұрылып қарағанда жаңағы адам орнынан қозғалмапты. Оң қолын жоғары көтеріп, бұлғағандай болды. Өзіне тесіле қараған қос жанар мен бет-бейне жүрегінің терең түпкірінде сақталып қалған ең жақын адамына ұқсатқандай болды.

– Бәтес! – деп ол екінші рет тағы да үн қатты.

– Сол... Сол..., – деді күбірлеп, – соның өзі, Айбар! – деп ауыр күрсінді.

Немересі екеуі купеге кіріп, жайғасқаннан кейін де көңілі орнына түсер емес. Күпе терезесінен сыртқа қарады. Ары-бері сапырылысқан жолаушылар. Олардың арасынан жаңағы бейнені іздеді. Қорінбеді. Қайда кетті?

Көзін сүзе жүргіншілер арасынан тағы да тінте қарады. Байқамады. Осы сэтте:

— Жолаушы азаматтар! Бірінші жолдағы Алматы — Орал поезі жүргелі тұр. Сақ болыңыздар, — деген кезекшінің даусы естілді. Таныс бейне көрінбейді. Поезд орнынан баяу қозғала бастады. Жолаушыларды шығарып салушылардың ең шетінде, поезға не бәрі 1–2 қадам жерде тұрған таныс бейне көзіне оттай басылып, жылы ұшырап кетті. Екі көзі терезеде. Тесіле қарап, қолын бұлғады. Көзі көзіне түскенде денесі дір ете қалды, бейне бір өн бойын тоқ соғып өткендей болды. Поезд алға жылжыған сайын қол бұлғаған таныс бейне алысталап, қала берді.

— Құдайым-ау. Сол ғой, соның өзі, Айбар...! — деген даусы шығып кетті. Сасқанынан жан-жағына қарады. Немересі де дәлізден ішке кірмепті. Апасының бейтаныс адаммен тосын кездесуінен бейхабар немересі өзімен өзі. Жаңағы қол бұлғаған адам атасы екенін жас бала қайдан білсін. Тек апасының ішкі жан-дүниесі астан-кестен. Жүзіндеі толқуды сездіргісі келмеген ол:

— Куаныш, айналайын, заттарыңды реттедің бе? Еш нэрсе ұмыт қалған жоқ па?

— Жоқ, әже. Нағашы атама телефон шалайын ба? — деген ол қалтасындағы ұялы телефонды алып, цифrlарды тере бастады.

— Сөйте ғой құлым, поезға отырғанымыздан хабардар болсын, — деген ана көңілі орнына түсер емес. Таныс бейне көз алдынан кетпей тұрып алды. Араға елу жылдай уақыт салып, міне, бүгін тағы да алдынан кездесті. Сон-ау бір жылдары Кегенде мектеп-интернатта бірге оқыған құрбы-құрдастарымен кездескенде, студенттік өмірлері туралы курстастар арасында әңгіме қозғалған сәттерде ғана жаңағы таныс бейне көз алдына елестеуші еді.

— Бар еken ғой, тірі еken ғой, шамасы Алматыда тұратын сияқты, — деп іштей күбірлеп қояды. «Өмірде

жолы болмаған сияқты. Тұрмыс жағдайы да мәз емес-ау» деп ауыр ойдан арыла алмады. Түнімен дөңбекшіп, ұйықтамады. Өмірінің жастық шағындағы ұмытыла бастаған сәттері ойына түсіп, көз ілмеген ана таңға жуық ауыр ойдан шаршап, ұйқыға кетті.

Бәтес өз қатарынан мектепке кейін барды. Қанай қария колхоздың қойын бағып, соғыс әкелген ауыр зардаптың кесірінен, Бәтесті мектепке апаруға, әрі жүргізетін үйдің де ыңғайы болмады. Бір жыл оқудан кешіктіргені де сол еді. Атасы мен әжесінің еркесі болған Бәтес оларға айтқанын істететін. Бұрын бейтаныс үйге көп бармаған, өзі үйренбеген бөтен үйде жүріп, оку оңай болған жок. Атасы мектепке әкеліп, жүретін үй иесіне рахметін айтып, қайтатын кезінде мойнынан құшақтап алған Бәтес:

— Қалмаймын ата! Қалмаймын, әжеме кетемін! — деп ботадай-боздады. Немересінің ағыл-тегіл жылаған жасын алақанымен қайта-қайта сұрткен қарияның көзінен де бірнеше тамшы жас шығып кетті.

— Оу...! Ақсақал, кішкентай қызға бола көз жасыңызға ерік бергеніңіз қалай?—деген үй иесі:

— Келе ғой, атасы мен әжесінің еркесі жыламайды. Тәтесі Бәтеске кәмпіт берші ақылы бар ғой, жыламайды, — деп шашынан сипап, көтеріп алды.

— Алаң болмаңыз, жолыңыздан қалмаңыз. Әлі-ақ өз үйіндей үйреніп кетеді, — деді қолында бір уыс кәмпіті бар, жас келіншек Бәтесті бауырына қысып. Ішкі бөлмеден, аяғын апыл-тапыл басқан кішкентай сәби:

— Ма-ма, ма-ма....а....а...., — деп келіншектің аяғына оралды.

— Ардақ, тәтең ғой, сенің тәтең Бәтес, — деп оны да екінші қолымен көтеріп, бауырына басты.

Бәтеске жаңа үй тұрмысы, мектеп, оқу бәрі тосын.

Оған да үйрене бастады. Кішкентай Ардақты ойнатады, сабағын өзірлейді. Онымен кейде ұлкендерше сөйлесіп:

— Келе ғой, міне, ойыншықтарың, ойнай ғой, көтерейін бе? Қарның ашқан жоқ па? сүт берейін, — деп мамасының айтқанын қайталайды.

— Шіркін-ай осындаған болсаши, Атам мен апам мені катты сағынды ғой, — деп кейде мұңайып та қалатын.

Әжесі де көп сағындырмай жиі келіп тұрды. Ол күні Бәтес, үшін ұлken той. Қоржынның бір басы құрт-май , ірімшік, тәттіге толы, екінші басы сұрленген ет, қазы, қарта әжесінің әкелгенін Ардақтың алдына үйіп:

— Құрт жейсің бе? Әлде тәтті ме? Нанға май жағып берейін бе?, — деп Ардақты айналышықтап қасынан кетпейді.

Әжесі де мейірлене көзіне жас алып:

— Айналайын, өзінің ақылы бар, бауырмашыл, айналайын, — деп Бәтестің сөзіне елжіреп, бетінен сүйеді.

— Сәлеметсіз апай, тағы келіп қалдыңыз ба? Атамыздың халі қалай?, — деп есіктен кірген Ардақтың мамасы да ұлken кісімен жылы шырайлы амандастып жатыр.

— Е, е... қарағым, аманшылық, біздің алданышымыз да, куанышымыз да осы айналайын ғой, — деп немесін құшактады.

— Бәтестің сабағы жақсы. Әлі-ақ қызыңыз оқу озаты атанып, бәрімізді қуантады.

— Ой, айналайын, айтқаның келсін!

Жол жүріп, шаршап келген анаға, Ардақтың мамасы дәмділеп шәй әзірлеп жіберді. Шәй үстінде екеуі бірін-бірі бұрыннан білетін адамдарша әнгіме-дүкен құрды.

— Бәтес ұқыпты, мектепке екеуміз бірге барамыз. Алғашқы күндері мені сабағым біткенше тосып тұратын. Ондайда «Үйге бара ғой, сені кішкентай Ардак күтіп қалды» деймін. Ол үйге қарай томпандалап жүтіре жөнелетін. Өзім де бауыр басып қалдым. Қызыңыз тұралы айта отырыңызшы?, — деді келіншек.

— Е...е, е... қарағым. Несін айтасың. Үлкен ұлым Жомарт соғыс басталардың алдында ғана үйленген еді. Куанышымыз көпке бармады. Келінім де келісті, мінезі де жайдары, ұлын үяға, қызын қияға қондырған жан-жақты жердің қызы болды. Соғыс өрті біздің үйді де шарныды. 1941 жылдың желтоқсан айында ұлым Жомартты әскерге, майданға шақырды. Жол азығын, киімін әзірледік. Әскерге Кегеннен кететін болды. Шалым, келінім екеуі Жомартты Кегеннен майданға шығарып салды. Келінімнің аяғы ауыр. Үйдегі шаруаның бәрін өз мойныма алдым, ол болса қасымнан бір елі қалмайды.

— Апа, мен-ақ істей саламын ғой. Сәл демалыңыз, — деп бір жағыма шығысып жүргені. Жомарттан айдан аса уақытта бір хат келіп тұрады. Ақпан айында келінім аман — есен босанып, өмірге мына қызыым келді, — деп Бәтесті мензеді, — Куанышымызда шек болмады. Есімін кім қоямыз деп кәдімгідей біріміз айтқан атты екіншіміз жақтырмай қызарақтастық.

— Бәтес болсын, — деді шалым.

— Бәтес, Бәтес жақсы есім екен, — деді 8 жасар кенже ұлым Бақытжан. Сол, сол-ақ екен бәрі қоштай кеткені.

Үйде сәби даусы естіліп, бірімізден, кейін біріміз қолымызға алып, жұбататын болдық.

Құдайдың бұл ісіне не шара, әп-әдемі келініме көктем айында аяқ асты ауру жабысты. Бар білетін ем-домымызды жасадық. Дәрігер де шақырттық, ем қонбады. Құннен-күнгө әлсіреп, денсаулығы төмендеп кетті. Ақыры ұзакқа бармады, қайтыс болды. Үйде аңырап шал екеуміз, жөргекте шырылдап Бәтес қалды. Бақытжан ұлым болса көрші ауылдағы туысымыздың үйінде жүріп оқитын. Жылаған сәби даусы жүрегімді тілгілеп кетті. Тас емшекті аузына салдым, бұлқілдетіп сора бастады. Сөйтіп жүріп емшектен сут те шықты. Шалым болса ұзакты күн

кой соңында, кешке жақын жас сәбиді қолына алады, қылышына мәз болып, шаршағанын ұмытып кетеді.

Бақытжанның мектептегі сабағы да аяқталып, кәдімгідей қолымыз ұзарып қалды. Атасына қөмектесіп, қозы бағады, әрі Бәтесті ойнатып, оған ағаштан ойыншықтар жасап береді. Эне-міне дегенше қойдың қырқымы да басталды. Адамдар қатары да көбейіп, сәл дамылдай қалса айтатындары майдан жайлы, ұғатыным біздің әскерлер жауды шегіндіріп бара жатқаны. Сондай күндердің бірінде селолық Кеңестің төрағасы, бригадир, қастарында екі-үш қариясы бар, біртоп адамдар біздің үйге келді. Ойымызда еш нәрсе жок, келген кісілерді жоғары шығардық, ортада отырған үлкен қария сөз бастап;

— Ел басына түскен қаралы күн болды ғой, өздерің-өздерің берік болындар. Жомарт өмірден өтіпті, — деді. Даусым қатты шығып, есім ауып қалыпты, қолымдағы сәбиді іздедім.

— Бәтес, Бәтес... құлыным... құлағым шыңылдан кетті. Есімді жисам:

— Сабыр, сабыр сакта, өлгеннің артынан өлмек жок. Есінді жи қарағым. Тірі адам тіршілігін жасайды, — деген кариялар шалымыз екеуміздің екі жағымыздан қаумалап, тоқтау айтуда. Бәтесім жасына жетпей әкеден де, шешеден де айырылды. Жылап жүріп, Бәтесті арқама таңып алам да, шаруаға араластым Е...е..е қарағым. Алты құрсақ көтердім. Төртеуін құдайдың өзі алды. Үлкенін сүм соғыс жалмады. Ендігі қарайлап отырғанымыз Бақытжан. Туысымыздың қолында биыл 7 класта оқиды. Окуын келесі жылы аудан орталығында жалғастырады, — деп ауыр құрсінді.

— Эй, қарағым, манадан бері сапылдан көп сөйлеп койдым білем, өздерің қай тұғансындар. Отken жолы ауылдық Кеңестің төрағасы «жолдамамен келген, мұғалім, білімді жандар» деп біраз нәрсені айтып еді.

— Ой, апа. Жәркенттенбіз. Оқуды бітіріп, осы жаққа жолдамамен келдік. Жолдасым екеуміз биыл үшінші жыл жанұя құрғанымызға:

— Айналайын, қосағынмен қоса ағар. Ата-аналарың ауылда болар.

— Иә, апа жолдасымның, менің де әкеміз соғыстан қайтпай қалды. Алыста, Польша жерінде жатыр. А纳мыз бар.

— Сүм соғыс кімді жылатпады. Жөргектегі баладан, тоқсандағы кәрияға дейін зарлатты ғой. Көрінген таудың алыстығы жоқ. Әлі-ақ қатарларыңың алды боласындар. Елге тыныштық берсін. Жатсам да, тұрсам да құдайдан сұрайтыным да, тілейтінім де, ел тыныштығы.

Өткен жылдың қараша айында жұмыспен жүрген ауылдық Кеңестің төрағасы малды ауылға соққан-ды. Үй алдында ойнап жүрген Бәтестің көрген ол:

— Қызыңыз мектепке бармаған ба? Қаншада?

— Иә, қарағым, мектепке биыл оқуы керек еді. Бірақ кішкентай ғой, оның үстіне жүргізетін үйдің де ыңғайы болмады. Әлі жас, келесі жылды апарамыз, — деді Бәтестің басынан сипап тұрған әжесі.

— Мұныңыз болмайды, — деп басын шайқаған ауылдық Кеңес төрағасы, — бала мектепке бару керек, биыл кешікті. Қалайда оқыту парызымыз. Үй табылмаса қызыңыз біздің үйде жүріп оқиды, — деді.

— Рахмет қарағым шалымыз екеуміздің жағдайымызды жақсы білесіздер ғой, көзіміздің ағы мен қарасы осы кішкентайымыз. Бұдан аянарымыз жоқ, әл-ауқатымыздың барында, барымызды аямай оқытамыз, — деп ару ана ағынан жарылып, көзіне жас алды.

Биылғы оқу жылды басталар кезде жолдамамен келген жас жанұяны ауылдық Кеңес төрағасы шақырып,

сөйлескен-ді. Олардың жағдайларымен танысқаннан кейін, Кеңес төрағасы:

— Ауылымызға келгендеріңге қуаныштымын. Эрі жанұяларыныңда жас сәби бар екен. Сіздерге айттар бір тілегім болып тұрғаны. Колхозымыңда еңбек етіп жүрген, елге сыйлы бір қариямыз бар. Баласы соғыстан қайтпай қалды. Келіні де соғыс жылдары ауыр науқастан қайтыс болды. Солардан қалған жалғыз қызы бар. Биыл мектепке бармақ. Қамқорлықтарыныңға алсаңыздар жақсы болар еді. Аты Бәтес, ерке қыз.

— Айтқаныңыз болсын аға. Кішкентай Ардағымыз әлі жас. Қайта бізге де жақсы болды. Атасы мен әжесін де ұятқа қалдырмаймыз. Оқытамыз, — деді олар да риза болып. Жаңа келген жанұяға екі бөлмелі үй беріліп, жағдайлар жасалды.

Сейтіп, Бәтестің оқуы мен жүретін үйі туралы әңгіме қозғалып, шешілгені жайлы атасы мен әжесі бейхабар еді. Бәтеске мектепке киетін киімдері мен кітаптарын алуға келген әжесін ауылдық Кеңестің төрағасы жас жанұялармен таныстырығанда ғана:

— Айналайындар, шың пейілдеріңе раҳмет. Өзім де жиі-жиі келіп тұрамын. Ұлым мен келінімдей көрейін, бақытты болыңдар, — деген әжесі қуанышын да жасыра алмады. Эрі Бәтеске керекті киімдері мен окулықтарын алуға да көмектескен келіншектің бетінен сүйді.

— Алаң болмаңыз апа, Бәтесті екі-үш күннен кейін, әкелінің. Сіздің қолыңыз тимесе атасы әкелсін. Күтеміз, — деп риза етіп, шығарып салды.

Енді міне, күздеуде отырған малшы үйі мен ауыл арасында жиі қатынас пайда болды. Бәтестің бауыр басқаны соншалық, сол үйдің қызы болып кеткен сияқты. Бұрынғыдай апасы мен атасын да көп сағына бермейді. Бар ынталасы сабакқа ауып, ұзакты күн мұғалімі берген тапсырмаларды пысықтайды. Жазуы да маржандай

тізіліп, көз тартарлық Ардақтың мамасы да оның сабағына көмектесіп, екеуі үй тапсырмаларын орындаиды.

– Міне, Бәтес. Сенің қолыңнан бәрі келеді. Жазуың да әдемі. Апайың берген тақпақты да жаттадың. Апаң мен атаң келгенде үйренгендерінді, жаттаған тақпақтарынды айтып бер. Жарай ма?

– Жарайды, тәте, айтып берем, – деп Бәтес те мәз болып қалады.

– Ой, менің Құлыншағым, Ардағым, мына ойыншықтарды апам саған алып келген. Мен кішкене кезімде осы ойыншықтармен ойнайтынмын. Бұл ойыншықтарды көкем Бақытжан жасап берген, – деп Бәтес ағаштан жонып, жасалған қуыршақ пен тайдың, қозының, тағы басқа ойыншықтарын Ардаққа берді.

– О, ағаң шебер екен ғой. Саған мынандай әдемі ойыншықтар жасап берген, – деп Арманның мамасы да мәз болып қалды.

– Ағамды, көкемді сағындым. Ол да мені сағыншы жүрген шығар.

– Көп ойлама, енді оншақты күннен кейін мектептегі сабак та аяқталады. Көкең келіп сені апаң мен атаң, алыш барады. Мойны, басынды жуа ғой, шашынды жақсылап тарайын, өріп берейін, – деді Ардақтың мамасы.

Бәтестің шашын апасы титтәйінен өсірген-ді. Шашы да қалың. Апасы болса оның шашын құнделікті тарап, екі өрім жасайтын. Бәтес үшін шаш тарау мен өру ең ауыр, ең қиямет.

Апасы: «Айналайын Бәтесжан шашынды өріп бере қояйыншы», деп екі тізесінің арасына отырғызып шашын тарай бастағанда-ақ көзінен мөлдір тамшылар ыршып кеттін, кейде «апа ауырды» деп жылап жіберетін. Ондайда, «Ой, айналайын міне, міне, шашың қандай жақсы өрілді. Айнаға қарай ғойшы» деп Бәтестің анасы әкелген кішкен-

тай айнаны бетіне тосады. Бәтес те жылағанын қойып, айнаға қарайды, мәз болып күледі.

Мектептегі ең үздік оқушылар қатарынан көрінген Бәтес бір класс атап 3 класқа оқыды. Сөйтіп, өзінің қатарын куып жетті. Бәтестің көкесі Бақытжан мектеп бітіріп, әскер қатарына шақырылғанда ол 4 сыныпта оқитын.

— Көке қашан келесің, біз сағынамыз ғой, — деп жерден көтеріп алған Бақытжанды құшақтап, жіберер емес. Бұларды көрген қос қарияның да көздеріне жас үйіріліп, иектері кемсендеп кетті.

— Апаң мен атаңның тілін ал, сабағынды жақсы оқы. Саған жиі хат жазып тұрам. Хаттарымды әжең мен атаң оқып бер, жарай ма?

— Иә, көке оқып берем. Біз сағынамыз ғой, тезірек келші, — деген Бәтес ағасымен жылап қошасты.

Уақыт алға жылжыған сайын соғыс салған жаракаттар да ұмытыла бастады. Ауыр кезеңдер мен қыншылықтар артта қалып, ел тұрмысы да түзелді. Әскерлік міндетін өтеп келген солдаттарға бүкіл ауыл болып құрмет көрсетеді. Солдат формасымен жүрген ауыл жастарына Бәтес те қызыға қарайтын. Әрі көкесінің келуін де асыға күтетін. Бәтес көкесіне 3–4 күнде бір хат жазып, хат тасушины көрген сайын «Тәте, көкемнен хат бар ма?» деп тағатсыздана сұрайтын. Келген хаттарды бес-алты рет оқып, жаттап та алатын. Әжесі не болмаса атасы, келгенде Бақытжаннан келген хаттарды бірінен кейін бірін судыратып оқып, қуантып тастайтын. Бойы өсіп, ойы толысқан Бәтес те міне, жеті жылдықты бітірмек. Оқушылар да соңғы қоңырауга барын салып әзірленуде. Алда емтихан. Алған білімдерінің нәтижесін беретін уақыт та алыс емес. Мұғалімдер де оқушылардың дайындықтарын пысықтап, қосымша сабактар өткізуде. Бәтес мектептегі оку озаттарының бірі, әрі үйымдастырылған әр түрлі шараларға да белсене араласады.

Көптен күткен қуанышты күн – соңғы қонырау салтанаты да басталды. Сөйлеген мұғалімдер мен ата-аналар мектеп бітіруші тұлектерге сәт сапар, жүрек жарды тілектерін білдірді. Мектеп бітірушілер қоштасу әнін айтты, ұстаздарына құрмет көрсетті. Бәтес те салтанатты жиын аяқталысымен әжесін құшақтап, көктеуде отырған үйлеріне қайтпақ болып, жинала бастады. Оларды көрген хат тасушы әйел:

- Эй, қыз, бері кел, ағаңдан хат бар, – деді
- Бәтеске сөмкесінен алған хатты көрсетіп.
- Алақай, алақай, көкемнен хат келді, – деп Бәтес хат тасушы ұсынған хатты алды.
- Рахмет, тәте, – деген ол хатты асыға ашты да оқи бастады. Әжесі болса «не жазыпты, аман-есен бе?» деп Бәтестің біресе оң жағына, біресе сол жағына шығады.
- Апа, – деп құшақтай алған ол, – көкем келеді маусымның ортасында ауылға барып қалармын, – депті. Сонау Украина Республикасынан келеді. Мына хатты поезға отырарда жазыпты. Шамамен 11–12 күн жол жүретін көрінеді.
- Алда, жарығым-ай жер түбінен келеді еken ғой.
- Иә, апа сіздіңше жер түбі. Атамды қуантыңыз. Емтиханды тапсыра салып үйге барам. Көкемді күтем.
- Ой, айналайын, сөзіңе құлдық, айтқаның болсын, – деп ару ана көзіне жас алды.
- Бәтес апасы екеуі ауылдағы шағын дүкендегі барды алды. Коржынының екі басын керекті заттарға толтырған ананың көңілі орнында.
- Деректіріңе айттым, баламның оқу біткен күні үйге кел деп шақырдым. Оған дейін Бақытжаным келсе, болды. Әлгі ашты суды ұмытпа деп апасы бұрынғыдай емес соңғы кездері Бәтеспен үлкендерше сөйлесетін болды.
- Қария кемпірінен жақсы хабарды естігенде, үйге бір

кіріп, бір шықты. Бүгін келетіндегі қасқа жолға қолын көлегейлей қарап та қояды.

— Эй, қандай мал соымыз. Ауыл, көрші қоландар түгел келеді ғой. Iрі мал, ана қыстай енесін емген тор құнан дұрыс шығар, — деп үй тіршілігімен жүрген кемпіріне дауыстал.

— Е, мен қайдан білейін, не ес қалды дейсін. Бәтесімнің мұғалімдерін қонаққа шақырып келдім. Қалғаның өзің жайғарсың, — деді. Қос қарияның бүгінгі қуанышында шек болмады.

Мектептегі емтихан да басталды. Оқушылар сабакқа деген барынта-жігерлерін салуда. Олар алғашқы сынақтан сүрінбей өтті. Соңғы емтихан. Бәтес алған билетінің жауабын қағазға түсіруде. Кезекшілердің бірі кіріп, емтихан қабылдап отырған ұстаздың құлағына Бәтесті меңзеп сыйбыр етті. Мұғалім басын изеді.

— Қане, балалар, уақыттарың бітті. Жауап беруге әзірсіндер ме? Кім жауап берді? — деді де оқушыларды көзімен бір шолып шықты. Бәтес орнынан баяу көтеріліп, мұғалімнің алдына отырды да алғашқы сұраққа жауап бере бастады.

— Өте жақсы айттың. Екінші сұрағыңа көше ғой, — деді. Бұл сұрақтың да жауабына риза болған ұстаз қосымша бір-екі сұрақ берді. Бәтес оған да мұдірмедин. Үшінші сұрақтың жауабын тындаған мұғалім:

— Барлық сұрақтарды қамтыдың бағаң бес бара ғой,
— деді. Ол әмтиханнан көнілді шыққанда:

— Бәтес, сүйінші көкең келді, — деді сырттағы қыздардың бірі.

— Қайда? — деп жан-жағына асығыс қараған ол сыртқа қарай жүгірді. Солдат формасын киген жігітті көре :

— Көке..., е..., е..., е! Сағындым ғой, көке..., е..., е..., е! — деп құстай үшқан ол көкесінің мойнына асыла, құшақтай алды.

— Көке...,е...,е...,е... Көкетайым — ай, сағындым ғой, көке...,е...,е...,е! — деп жылаған қыз даусынан мектептегі мұғалімдер де тысқа шықты. Ағасының мойнынан қатты құшақтап алған Бәтес жіберер емес.

Бақытжан мойнын бүрып «Бәтес» дегенше қарындасының қос қолы мойнына асылып, құшақтай алғанды. Қос жанары жасқа толып қаперімде не айтарын білмей:

— Жыламашы ботам, жыламашы көкең аман-есен, жылама, — дей берді.

— Бәтес, қой қарағым, көріп тұрсың көкең үлкен азамат болыпты. Сенідебойжеткен қыз дейді-ау, — деп егде тартқан ұстаз-ана оны өзіне тартты. Сонда ғана Бәтес ағасының мойнынан қолын босатып, өксігін баса алмай, тұрды. Бақытжан еріксіз аққан көз жасын тиып, қарындасының мандайынан сүйіп, қайта құшағына қысты.

— Қайтсін, қыз бала ағасын сағынады ғой, — деген әйелдер де көздеріне жас алды.

— Ой, жігітім! Нағыз ағаң болыпсың. Жомартқа тартыпсың. Әскер киімі де құйып қойғандай жарасып-ақ тұр, — деп аяғын шекіп басқан жас шамасы 35-тегі жігіт Бақытжанды өзіне тартып құшақтады.

Бақытжан отырған поезд тұс ауа Алматыға келді. Тоқтайтын, аялдайтын жері жоқ. Бірден қала шетіне шықты. Ауылға баратын көлік қарастырды. Жүргізушілердің көбі Шелектен ары бармайтындарын айтады. Жүрегі ауылға алыш-ұшып тұр. «Түнге қалам ба?» деген ой да мазалайды. Құн де кешкіріп барады. Тәуекелге басып жаяу жүріп кететін жақын жер емес. Ары-бері жүрген жүргіншілерден таныс біреу кездесіп қалама деген оймен, әр жүргіншіні де көз алдынан өткізуде. Машинаға қолын көтере-көтере жалықты да. Бірде чемоданын астына қойып, отырады.

Енді бірде тәтті қиялға беріліп, атасы мен анасын есіне алады. Әсіресе қарындасты Бәтес есіне түскенде еріксіз жымып, қатты сағынғаны сонша «Тентек ботам» деп күбірлеп те қояды.

Жол шетінде тұрған, солдаттың қасына жанар-жағар май таситын машина келіп тоқтады. Машинаны көре чемоданын асығыс қолына алған, жүгіре басып келген солдатқа:

– Иә, солдат, жол болсын, Қайда баrasың? – деді орыс жігіті қазақшаға мұдірмей. Жүргізуші жігіттің қазақша тап-таза сөйлегеніне таң қалған

Бақытжан сасқалақтап:

– Нарынқол, жо-жоқ Сарыжаз. Ары қарай ауылға жаяу-ақ барам, – деді.

Шофер жігіт мырс етіп күлді де, оған жылы шыраймен қарап:

– Мен Кегенге барамын. Молотов колхозына, естуің бар ма? Бақытжан білмеймін дегендей иғын көтеріп, басын шайқады.

– Жарайды, сол колхозға жанар-жағар май апарамын. Сенің ауылың да

Курайлыдан алыс емес шығар. Күн кешкірді сағат кешкі 7-ден кетті. Отыр.

Ертең таң ертеңгісін Кегеннен ары кетесің, – деді.

Куанып кеткен Бақытжан шофердің қасына жайғасты.

– Жігітім, жол ұзак, 6–7 сағат жүреміз. Поездан қашан түстің?

– Бүгін тұс ауа келдім. Қаланың шетіне шығып, жол тосып тұрғаныма да 3-сағаттай уақыт болды.

– Ім...., м...., м...., Жолың болған екен, – деген ол моторға от беріп, жылдамдықты іске қосты. Жол жиегінде ұзыннан-ұзак отырғызылған тал-теректер жасыл-желек жамылыпты. Алматыдан шыға қып-қызыл болып, бүкіл жазықты алып жаткан қызғалдақтар көздің жауын алады.

– Бұл жер Гүлдала, деп аталады, – деді жүргізуші жігіт, – Жылда мамыр, маусым айында қызғалдактар таудың етегіне дейін өсіп, айналаны кілемдей түрлендіріп жібереді.

Бақытжан жүргізуші жігіттің айтқанына басын изей берді. Жол соқты болды ма қаранды түсे Бақытжанның көзі ілініп, ұйқыға кетті.

– Бауырым, ұйқынды аш, біраз жерге келдік, жүрек жалғап алайық,—деген шофер жігіттің даусынан оянған ол қайда келгенін білмей қалды.

– Біраз демалып алдық. Қане асқа отырайық, – деп жайылған шағын дастарханға барын салған ол. Қалайы шәшкеге құйылған шайды Бақытжанға ұсынып.

– Ұялма, еркін отырып тамақтанып алайық.

Шайларын ішіп, демалған соң шофер жігіт:

– Шылымың бар ма? Әлде шекпейсің бе?

– Жок, аузыма алған емеспін.

– Оның жақсы болған екен. Мен де армияда тартқан жоқпын. Кейін

Белоруссияға барғаннан соң, кеудем толы күйікті басу үшін тартып едім, енді міне тастай алмай жүргенім.

Олар тұнгі екі-үштер шамасында Кегенге келді. Машинасын өзен жағасына тоқтатқан шофер:

– Жарық тұскенше демалайық. Таңда жақын, – деді.

Жерге жарық тұсісімен Бақытжан орыс жігітіне рахметін айтып, жолға шықты. Тырс еткен машина жок.

– Эй, жігітім, отыр.

– Қайда?

– Отыр, отыр дедім ғой. Солдатты жолға тастағаным жөн болмас. Сағат 7-ге дейін Сарыжазға апарып саламын. Осы жерден тура 35 шақырым. Ары қарай көлік табылып та қалар, – деді.

– Ағам соғыста қайтыс болды дейсің бе? Үлкен кісілер бар ғой.

— Иә, бар. Олар қой бағады. Ағам мен жеңгемнен қалған жалғыз қарындасым бар. Биыл жетінші класты бітіреді.

— Ол да жақсы. Эке-шешем мен бауырларымды немістер үйдің керегесіне қатар қойып атыпты. Оңбағандар, — деген оның жүзі өзгеріп, ыздан бетінің түті шығып кетті. Сұстанап алға қараған ол:

— Біз орманға кеткен болатынбыз. Деревня жақтан атылған автоматтың даусы естіліп, аспанға от-жалын көтерілді. Алдымыздан кездескен үлкен кісі:

— Қайда барасындар, деревня толы немістер, үйлерді өртеп жатыр. Оққа ұшпай тұрғандарында былай қарай жүріндер деп өзі бастап кетті. Орман іші әр деревнядан қашқан адамдар. Үлкендер ақылдасып, орман арқылы үш-төрт күн жүріп, бір станциядан шықтық. Сол жerde бізді тізімге алды, — деп ол екі көзі жолда әнгімесін жалғастырды:

— 1941 жылдың желтоқсан айында Белоруссиядан 50-дей баланы Алматыға әкелді. Ол кезде мен он бірде едім. Интернатта оқыдым. Қазақ балаларымен. Солармен араласып, қазақша үйреніп кеттім. Армия қатарына шақырылып, қыыр шығыста болдым. Әскерлік борышмады өтегеннен кейін Белоруссияға, туған ауылымга барып, бауырларымды іздемек болдым. Бұрын да бір-екі рет хат жолдағам. Ешқандай жауап болмады. Бірге оқыған жолдастарым біраз ақша жинап берді.

Сұрастыра жүріп, өзім туып өскен деревняға келдім. Орны қалған. Пештің мұржалары ғана сорайып тұр, шөп басып кетіпті. Бір кәрия мені бауырластар зиратына апарды. Үлкен тақтаға қайтыс болғандардың аты-жөні жазалыпты. Көзім жасқа толып әрең оқыдым. Тізімнің ортасына келгенде әкем мен анамның аты-жөнін оқып, айғайлап жіберіптім. Ал, тізерлеп отырып жылағын. Қасымдағы карт адам: «Балам жылама, көз жасынды тый. Аман қалып, үлкен жігіт болғаныңа куан,» — деп қолыма бет

орамалын берді. Біраз үнсіз отырдым да жаңағы қаралы тізімді қайта оқыдым. Әкем мен анамнан кейін үлкен бауырым мен жеті жастағы інімнің есімі жазылыпты, – деп үнсіз қалған ол:

– Көрші деревнялар да жермен жексен болған. Тұруға мүмкін емес. Орманның қай шетіне барсаң да бауырластар зираты. Бір түрлі іғынды ауыр жүк басып, көтерткізбейді. Орманды алқапта қайғылы әуен ойнап тұргандай. Шыдамадым. Екі-үш күн болдым да әке-шешем мен бауырларым жатқан зиратқа барып, олармен үнсіз қоштастым. Ауыр қайғыдан еңсемді көтере алмадым. Алматыға келдім. Наташа есімді қызға үйлендім, қызымыз бар. Армияда жүргенде шоферлік мамандық алыш едім. Қазір Нарынқол, Кеген аудандарына жанар – жағар май тасымын. Біздің жұмысымыз осы бауырым, – деп белорус жігіті сөзін аяқтап ауыр, курсінді. Терең ойға шомған шофер жігіт Марусия тауына келгенде жылдамдықты азайты. Бақытжанға қарап:

– Осы тау неге Марусия, – деп аталады. Білесің бе, – деді.

– Жоқ, білмеймін.

– Э, онда тыңда.

Марусия деген дәрігер қызды осы таулы аймаққа жиберіпті. Ол ауыл тұрғындарын әсіресе жас балалар көп шетінейтін шешек, басқа да ауруларды емдеп, жергілікті халықтардың сенімінен шыққан. Қатты қыс жылы түнде жолдан адасып кетеді. Ауру балалар мен қатар жарапанған қызыл әскерлер, тағы бірнеше адамдарды емдеген Марусияны 1919 жылы ақ гвардияшылар осы тауда атып кетіпті. Содан адамдар осы тауды қыздың есімімен Марусия деп атайды еken. Жазығы жоқ қызды өлтірген опасыздар қаншама жанның қанын шашқанын бір құдай біледі, – деді.

Бақытжанға мына айтылған әңгіме үлкен әсер етті.

Беларус жігітінің жас болса да көп нәрседен хабары бар екен.

– Сіз, біздің жақтың жер жағдайын жақсы біледі екенсіз

– Оның рас, жолаушылардың айтқаны ғой. Жолға шыққанымда Кеген,

Нарынқолға баратын адамдарды жаныма отырғызып аламын. Олар жол қысқарсын деп осы аймақтағы ел аузындағы әңгімелерді айтады, – деді. Таудан асқанда:

– Эне, Сарыжаз да көрінді. Енді үйің алыс емес. Сені тастаймын да Курайлыға барамын. Сол жағындағы таудың етегі, жазықтағы колхоздың егістігі, – деді.

Айнала жап-жасыл, Лабасы, Қарқара, Мыңжылқы тауларына, көкпен тілдескен қарлы шындарына қызыға қараған Бақытжан Сарыжазға келгенін байқамай да қалды.

Бақытжан беларус жігітін өзіне жақын тартып;

– Сізге үлкен рахмет, ауылға келгенде біздікіне келіңіз. Алыс емес.

Біздің колхозға жанар-жағар май әкелетін шығарсыз.

– Бізге ауданның МТС-і тапсырыс береді, қай колхозға баратынымызды диспетчер шешеді. Ал, алыс аудандарға көбінде 4–5 шофер бармыз. Уақыт болса әлі талай кездесеміз, бауырым, – деп шофер жігіт те көнілденіп қалды.

Олар ауылдың щетіне тоқтағанда, екі аттылы адамның бірі машинаға тақау келіп;

– Алматыға жүресіз бе?

– Жоқ, Кегенге

– Ала кетесіз бе?

– Асықпасаң Курайлыға барамыз да жұмыс бітісімен

Алматыға кетеміз.

– Ой, аға рахмет. Сіздің айтқаныңыз болсын.

- Қайдан келесің?
- Мына, Кеген өзенінің бойында отырған малшы ауылдан.
 - Көміршіге дейін алыс па?
 - Жок, аға, біздің үй ауылға жақын жерде отыр.
 - Олай болса, солдат жігітті ауылына апару керек. Атың бос па?
 - Иә, аға, інімді ертіп келгем. Қайтарда атты алып кетеді.
 - О...,о...,о... Онда жақсы. Ал, солдат, көлігіңіз әзір,
 - деді. Бақытжан шофер жігітпен төс қағыстырып қошасты.
 - Төте жолмен жүреміз бе аға?
 - Жок, ауылға соға кетейік, қарындасым емтихан тапсырып жатыр. Соны көрем.
 - Сіз, Бәтестің ағасыз ба?
 - Иә

Екі аттылы шаңы шыққан қара жолға тұсті. Кеген өзенінен өтіп, тау етегіндегі ауылға қарай бет алды. Көміршінің биік-биік жақпар тас кереге таулары көзіне оттай басылды. Айнала жасыл шалғын. Тау баурайындағы қалың қарағай, Кеген өзенін қуалай өскен тал-теректер жасыл бояуға еніпті. Табиғат тұнып тұр. Туған жеріне сүйсіне көз тастап, қуаныш сезіміне бөленген оның қиялы алысқа кетті.

- Аға, артымызда мотоцикл келеді, – деді бала.
 - Қайда? – қиял сезіміне берілген ол қара жолдың шаңынан ұзын тізбек жасаған мотоциклді көрді де атының тізгінің тартты. Мотоцикл жүргізуші жігіт те оларды жанай тоқтады.
 - Иә, жігіттер жол болсын, қайда барасындар?
 - Ауылға аға, ала кетесіз бе?
- Солдат формасындағы Бақытжанға зер сала қарап:
- Қанай кәрияның баласы боларсың?

– Иә.

– Сені келеді деген хабарды естігелі екі қарттан маза кетті. Күнде жолыңа қарайлап, орталықтан барған адамдардан «Біздің бала көзіңе тұспеді ме?» деп сұрап та қояды. Олар көктеуде отыр. Мал-жандары аман. Артқы орындыққа отыр, қоралтың іші толған заттар.

– Жарайды аға

– Үйге барамыз ғой?

– Жоқ, аға уақытыңыз болса ауылдағы қарындасымды ала кетсем?

– А..., Тентек қызы ба? Ол қызы жарады. Естуімше сабағына да пысық, алғыр болып өсіпті. Екі қарттың ол дегенде жандары бөлек. Тентек қызы оларға сені де жоқтатпады. «Бақытжаннан келген хаттарды Бәтесім оқып береді» деп мәз болып жүргендері.

Олар орнынан қозғалғанда екінші атты жетегіне алған бала да көктеуде отырган малшылар ауылына бет алды. Эне – міне дегенше ұшқыр мотоцикл жолдың шаңын аспанға шығарып, мектеп ауласына да келді. Устінің шаңын қағып, киімдерін ретке келтірген солдатты көрген балалар оны қоршап алды. Бақытжанды көрген мұғалімдер де құшақтап, бетінен сүйді.

– Аман-есен келдің бе, айналайын. Бәтес қарындасын соңғы емтиханын тапсырып отыр. Қазір шығып қалар, – деді олардың бірі.

Мектеп ауласына көз жүгіртіп қараған ол баяғы өзі оқыған алтын ұя мектебі, балалармен ойын қызығына түсіп, қоныраудың соғылғанын да білмей қалатын ауладағы шағын алаң бәрі-бәрі көзіне ыстық көрініп кетті. Ол Бәтестің мектептен шыққанын байқаған жоқ. «Көкелеген» таныс дауыстан қайта бұрылғанша құстай ұшқан қызы мойнынан асыла құшақтаған күйі еніреп жылап жіберді.

Астындағы атын қамшылаған жетегі бар аттылы адамды көргенде қария «Бұл кім болды?» деген сұраулы жүзбен қарады. Ердің үстінде отырған бала екенін байқады да со-лай қарай жүрді. Жақындаған қарияны көрген бала дауыстай:

— Сүйінші ата! Бақытжан ағам келді, — деп қуанышын жасыра алмай дауыстады.

Қария болса балаға бір, жетектегі ерттеулі атқа бір қарады да:

— Қайда?

— Ауылға кетті.

— Ой, айналайын сөзіңе құлдық, айналайын, — деп ес таппай кеткен ол қара жолға қайта қарады. Сүйінші сұраған баланың даусын естіген кемпірі де кебежедегі шағын дорбаны қолына іле асыға, аптыға келіп:

— Жақсы хабар жеткізген тіліңнен айналайын, — деп баланың шаң басқан бетіне де қарамай алма кезек сүйіп жатыр. Дорбаны балаға ұстатты да камзолының қалтасынан көк қағазды суырып алып, баланың төс қалтасына салды.

— Ата, олар ауылға Шәріп ағаның мотоциклімен кетті. Бәтес тәтемді алып келеміз дейді, — деп. Дорбаның аузын ашып ішінен жылтырақ қағазды конфетті алған бала.

— Ал..., да..., Жарығым — ай. Ботасын сағынған екен ғой, — деді кемпірі сөзге араласып.

— Балам ағаңмен қай жерде кездестіңдер? — деді қария

— Ой, ата, трактрлерге май таситын бір орыс шопыр алып келді. Өзі қазақшаға судай екен. Ағамды Алматыға жіберуге Сарыжаздағы үлкен жолға апарғам. Содан бір мәшине Кеген жақтан келіп тоқтай қалды. Есігін ашқан орыс шопыр ағама қарап:

— Қайда барасын?, — деді ол.

— Алматыға, — деп жауап берді.

— Мына жігітке атынды бер. Солдатты қарт адамдар күтіп отыр. Сені Алматыға алып кетемін, — деді.

– Бақытжан ағам екеуі құшақтасып қоштасты. Шамасы досы болуы керек, – деді ол балалық аңғал көнілмен;

– Содан ағам екеуміз Кегеннің өзенінен өткенде артымыздан мотоциклмен Шәріп ағам қуып жетті. Екеуі ауылға кетті. Екінші атты жетегіме алып, сіздерге келдім. Бақытжан ағамды бірден таныдым. Во! Мынау солдат, – деп бармағын шошайтты. Үлкендер болса бала сезіне мәз болып күлісіп жатыр.

Бақытжанның келгенін естіген қарияның мазасы кетті. Ауылға, Бәтес пен Бақыт жолды тағатсыздана күтуде. Не істерлерін білмей, қолдарын қоярга жер таппайды. Екеуінің әңгімесі де үйлеспеді. Уақыт шіркін де бір орында тоқтап қалғандай, өтер емес. Қөрші-қолаң жиналышп, бірі самаурынға шоқ салып, шай қайнатуға кіріссе, енді біреулері дастархан жасау қамымен жүр.

Көктеуде отырған қарияның үйіндегі қарбаластан бейхабар Бақытжан ұстаздармен қош айтсып, мотоциклге отырды. Бәтес болса апасының айтқанын қайталап:

– Ертең үйге келініздер, – дей берді оларға. Құрбыларымен қоштасып, ауылына шақырды. Қойлы ауылға бір – екі шақырым қалғанда Бәтес:

– Көке, үйге жаяу барайықшы. Айналанызға қараңызшы қандай әсем.

– Айтқаның болсын, – деп қарындастының сөзін жерге тастамай мотоциклден жеңіл секіріп түсті де жүтіріп барып көкорай, жасыл шалғынға аунай кетті. Жусан иісі танауын жарып, тынысын кеңейтіп жіберді. Хош иісті таза ауамен кеудесін кере демалды. Өн бойы жеңілдеп кеткендей болды.

– Көкен ауылды қатты сағынған екен. Мен кете берейін, – деген Шәріп қойлы ауылды бетке алды. Бәтес болса қатарласа жүріп, көкесіне сұрақты жаудырып келеді.

— Армияға қыздарды ала ма? Москва Алматыдан үлкен шығар? Поезд қатты жүре ме?, — деген түрлі сұрақтарға Бақытжан да күле жауап берууде. Кішкене кезіндегідей Бақытжанның алды – артына шығып, мәз болып келеді.

Алға қарай оза жүгіріп кеткен Бәтестің сонынан ойланған Бақытжан оның бойжетіп, мұсінделген дене бітімін, кеудесін керген алмадай қос анары, мықыннан төмен түскен бұрымы, шактап киген көйлегі, қыр мұрыны мен ботадай мөлдір көзі, бәрі-бәрі жарасым тапқан. Кешегі өзі еркелетіп, мойнына көтеріп жүрген Бәтес төрт жылда мулде өзгерген. Тек ерке мінезі ғанасол баяғыша.

— Көке, гүл терейікші. Қараңызды гүлдің иісі жан сарайыңызды ашып жібереді, — деп көк шалғын мен жарыса өсken қызылды-жасыл гүлдерді меңзеп, өзі солай қарай жүгіре жөнелді. Бақытжан болса, таза да пәк көңілді әлі қуанышын қойнына сыйғыза алмай жүрген қарындасына сүйсіне қарады.

— Көке, сіз атамның орнына қой бағасыз ба? Тосыннан қойылған сұраққа не деп жауап берерін білмей қалған Бақытжан:

— Ол, жөнінде ойланған жоқпын, бұйырған жұмысы болар.

— Мұғалімдер айтады ғой, сізді жақсы оқыды деп әлде үстаз боласыз ба?

Бұл сұраққа Бақытжан мырс етіп күліп жіберді. Бәтес те, өкпелеп қалды.

— Жарайды, кейін айтармын, — деп қарындасын құшақтады да:

— Үй жаққа қара, — деді қолын меңзеп.

— Атам ғой, әжемді қара көйлегінің етегі жайылып кетіпті. Көке кеттік, — деп Бәтес қарияларға қарай жүгіре жөнелді. Бақытжан да адымын ширатып, оларға жақындей түсті.

— Ой, ботам, ағаң келді ме? — деп атасы Бәтестің бетінен сүйді. Баяу жүріспен Бақытжанға жақындаады.

— Эке! Ата мен баланың құшактары айқасып қалды. Егіле жылаған қарияның көз жасы сорғалап кетті. Екеуі де үнсіз. Әжесінің қолтығынан алған Бәтес те олардың қасына келді.

— Құлыным, Жомартымның көзі мен басқан ізі, құлыным, — деген ару ана солдаттың құшагына еніп кетті. Сарғайған сағынышы мен зарыға күткен күндерін айтқан ана көз жасына ерік берді.

Бақытжанды қаумалап алған үлкендер кезек – кезек оны құшактарына алыш, бірі көрісіп, енді бірі төс қағыстырып, бетінен сүйді. Кезек кішкентайларға да келді. Олар да «ағалап» Бақытжанның алдын орап жіберер емес. Бәтес олардың қолына уыстап конфет ұстаташып, мәз-мәйрәм жасауда. Ару ана көз жасын тоқтата алмай:

— Құдайдан жатсам да тұрсам да тілерім осы екеуінің амандығы ғой, — деп ағынан жарылуда.

— Жылама, «Орнында бар оңалар» деген атамыз қазақ. Жомарттың тұяғы Бәтесің бар, енді міне, Бақытжанның келіп, куантып жатқанда жылағандарың жөн бе? Құдайға шүкір де. Әлі-ақ немере-шөбере сүйіп, базарлы үй болыш отырасындар, — деген үлкендердің сөзі екі қарияға да бойларына қуат берді.

— Оу..., у..., бұл не иіріліп тұрысымыз. Үйге жүрініздер — деген қарияның сөзін іліп әкеткен кемпірі :

— Келіндер дастархан жасап, ас қамын да әзірлеп қойды, жүрініздер. Дастанхан басы гу – гу әңгіме, көнілді күлкі.

— Пәшіс, пәшіс, — деп елді дүрліктірген немістерді де өз ордасында талқандадық қой. Елімізде бейбітшілік заман орнады. Әлі-ақ бәрі ұмытылады. Соғыс жылдары жалаң аяқ шапқылап жүрген балалар да ауыр пейнет көрді. Енді міне, Отан алдындағы борышын абыраймен өтеп, ортамызға оралды, — деді омырауына орден, медальдарын таққан Қали Бақытжанға қарап:

— Украина жерін 1944 жылы басып өттік. Шетсіз, шек-

сіз орманды жер екен. Екінші Украина майданында болдым. Варшава үшін шайқаста біздің жауынгерлер өшпес ерлік көрсетті. Біздің шабуылымызға немістер шыдай алмай кері шегінді ғой. Соғыстан алған жарақаттан 3 ай госпиталда жаттым. Кейін елге оралдым, – деді.

– Иә, аға Украина да біз де қалың орманның ішінде тұрдық. Ол жақтың табиғаты да ерекше. Эскери жаттығулардың барлығы дерлік орманды өтті. Немістер жазық жерлерге мина қойып кетіпті. Тазарту жұмыстары да жүргізілуде. Тіпті, қару-жарак, оқ-дәрі сақталған қоймаларды тазартуға қашама уақыт кетті, – деді Бақытжан сөзге араласып.

– Бұл соғыс аузынан ажал оғын атқан, адам баласының қаны суша шашылған, ауыр нәубет болды ғой, – деп Қали ауыр күрсінді. Бақытжанның келуіне сәлем бере келген қонақтар да үзілмеді. Бір күн күр емес. Дастархан да күн ұзак жиналмады. Бәрін жылы шыраймен қарсы алған қария оларды разы етуде.

Мектеп мұғалімдері де қарияларға шынайы тілектерін айтып, олардың қуанышын бөлісті. Отырыстан шыққан мектеп директоры:

– Ата, Бәтесті қайда оқытпақшысыз, – деді. Сәл ойланып қалған қария:

– Қарағым, Бақытжаным келді ғой, Нарынқолға жібереміз бе, ол жақта да үйдің жайы болмай тұрғаны, – деді. Бұл әңгімені Бақытжан ұндең таңдал тұрды.

– Ата біз, осы мәселені ерте ойластырудық, мұғалімдермен ақылласа келіп, Бәтесті Кеген селосындағы пансион-интернатқа берсек деген тұжырымға келдік. Ол жерде барлық жағдай жасалған. Әрі ауылға барып келуге де қолайлыш. Нарынқолға қарағанда жолдың үсті, – деді. Бұл ұсыныс Бақытжанға да ұнады:

– Сіздердің айтқандарыңыз орынды. Бізбен бірге оқыған 3–4 бала Кеген ауылындағы пансион-интернатта жатып

білім алды. Жол қатынасы да жақсы, әрі ауылымызға да жақын.

Осылай Бэтестің алдағы жаңа оқу жылында барып оқитын мәселесі де шешілді.

— Кегенді білемін, ана жылы Жомартты майданға шығарып салуға келін екеуміз барғамыз, — деді қария сөзін жалғап: Бұрын жолаушылап жүргенде болмаса, Кегенге ат басын бұрмантым. Мидай жазық желтоқсанның қакаған қысы, ту деген түкірігің жерге түспейді. Аязы бетті қариды. Ұйтқи соққан бораннан қар қойны-қоншыңа кіріп кетеді. Нарынқол аймағынан 30-дай адам жиналышты. Эскери киімді адам:

— Бұгін жол жүре алмаймыз. Боран басылсын, ертең ертеңгісін осында жиналасыздар. Пансионға орын әзірленді сонда барып демаласыздар, — деді.

— Пансион деген үй үлкен екен. Ортасындағы үлкен бөлмеге темір пеш қойыпты, от маздап жанып жатыр.

— Осында демаласыздар. Мына жақтағы бөлмеде окушы балалар жатыр, — деді. Үлкен үйдің басшысы.

— Қарағым, келінім бірге келіп еді, аяғы ауыр, — дедім сасқанымнан. Ол бізге ойланған қарап тұрды да.

— Мына бөлмеге орналассын. Біз тұнімен осында боламыз, — деді. Аядай

бөлмеге келінім, балам Жомарт үшеуміз жайғастық. Үйден алып шыққан жол азығымызды алып, пештің үстінде қайнап тұрған шайдан ішіп, жүрек жалғадық. Сыртқа шығып, атымды шанаңдағы шөпке қойғанымда қасыма келген әскери киімді адам:

— Қария, алыстан келдіңізбе?

— Иә

— Шебіңіз аздау екен, жүріңіз, — деді. Үнсіз соңынан ілестім. Өзі бір құдайға қараған адам екен.

— Мына шөптен қос айыр пішен алыңыз. Дорбаңыз бар ма?

— Жоқ, ой... қарағым бар, шанада еді, — деппін сасқанымнан. Жігіт күліп жіберді. Әкелген дорбамды әппак арпаға толтырып берді. Атымды жабулап, қос уыс жем бердім де, дорбаны бөлмеге алып келдім. Кім білсін біреу ұрлап кетеме деген жаман ой көнілімнен шықпады.

Ертеңгісін атым да тынығып қалыпты. Майданға аттанған жауынгерлерді Қайқы асуына дейін шығарып салдық Қар да қалың түсіп, сай-саланы ұрлеп тастапты. Жомартпен келініміз екеуміз Қайқы асуының кезеңінде жылап, қошайтыстық. Келінім тоңып қалмасын деп тұлыштонға қымтап орадым. Жылағаннан екі көзі қызыарып кетіпті қарағымның. Сондағы Кегеннің қарлы боранын әлі ұмытқаным жоқ, — деді қария. Әңгімесін бөлмей тыңдаған қонақтар қарияның бұл сөзіне күлді.

II

Оқушылардың жазғы каникулы да аяқталды. Жаз жайлауда болып, атасы мен апасына көмектескен Бәтестің де оқуы жақыннады. Бақытжан болса 5–6 күн үйде болды да колхоздың жұмысына араласып кетті. Енді міне екеуі Кегенге, қызыл шатырлы мектеп үйіне келді. Аласа бойлы, арықтау келген, қоңыр өнді мектеп директоры Ауғанбай Байназаров Бәтестің құжаттарын мұқият қарады да:

— Мектепте жақсы оқыпты, — деп арызына бұрыштама соқты да интернат менгерушісін шақыртты.

— Мектебімізге жаңа оқушылар келе бастады. Өзімен қатар оқитын қыздардың қасына орналастыр, — деді салмақты үнмен. Интернаттағы қыздар бөлмесі кең екен. Бәтес бөлменің бұрышына таман бос кереуетке орналасты, әкелген заттарын түмбочкаға салды. Чемоданын кереуеттің астына қойды. Өзін ыңғайсыз жағдайда сезінген Бәтеске:

— Әлі-ақ үйреніп кетесің. Алыстан келген оқушылардың

барлығы да алғаш үйрене алмай, кейін өз үйіндегі сезінеді. Сіз қарындасыңызға алаң болмаңыз. Ауылдыңызға қайта беруіңізге де болады, – деді интернат менгерушісі Бақытжанға бұрылып.

Бәтес интернаттағы жаңа өмірге де үйренді. Бөлмесіндегі қыздармен де танысты, олармен бірге барып оқулықтар мен жазу сызу құралдарын алды. Осылай оның интернаттағы өмірінің жаңа кезеңі басталып та кетті. Бөлмедегі қыздар да ашық мінезді, әзілдері жарасқан жастар екен. Жасынан туған-туыстар үйінде жүріп оқыған Бәтес интернат тәртібіне тез көндікті, әрі сабағына да ұқыпты болды. Бірде үй тапсырмасын орындалап, ертеңгі сабағына әзірленіп отырған Бәтеске сырттан келген қыздардың бірі:

– Бәтес, ағаң сыртта күтіп тұр, – деді.

Куаныштан өнді бал – бұл жайнаған ол сыртқа жүгіріп шықты. Бақытжан ағасы көрінбеді. Сәл тосып тұрды да «Мектепке кеткен болар» деген оймен мұғалімдер бөлмесіне дейін барды. Көрінбеді. Хабар айтқан қызға кәдімгідей өкпелеп, шамданып қалды. Бөлмеге кіре қыздарға көңіл аудармaston қайта сабағына әзірлене бастады. Осы кезде көрші бөлмеде тұратын қыздардың бірі есікті ашып:

– Бәтес қайда? Сыртта ағасы күтіп қалды, – деді

Сыртқа жүгіре шыққан ол ағасын байқамады. Жанжағына аландай қараған қыздың қасына келген жігіт:

– Бәтес деген қарындастымыз сен бе?, – деді

– Иә

Не істерін білмей сасқалақтап қалған ол қазақша тап – таза сойлекен орыс жігітіне таңдана қарады.

– О, қарындастың нағыз хор қызы екен ғой. Атаң мен апаңның беріп жіберген сәлемдемесін әкелдім, – деді де жүзінен жылылық мейірімі байқалған жігіт жол шетінде тұрған автомашина кабинасынан екі басы сықа толы қоржынды көтеріп тұсті.

– Қариялар сені қатты сағынып қалыпты. Енді бір келгенімде өзінді апарып келемін, – деді, – Ой, ұмытып барады екенмін. Бақытжан ағаң Тұргенге шоферлар дайындаитын оқуға баратын болды. Барлық қаражатты колхоз есебінен төлейді екен.

Жүргізуші жігіттің айтқан сөзіне аң-таң болып тұрған Бәтес:

– Сіз... Сіз... кім боласыз? – деді кібіріктей сөйлеп.

– Саған өзімді таныстыруды ұмытыптын ғой. Мен Бақытжан ағаңның досы боламын. Бақытжан армиядан келіп, жол тосып тұрғанда таныстым. Жолым түсіп сендердің колхозға жанар-жағар май апардым. Сол жерде Бақытжанмен кездесіп қалдым. Екеуміз ұзақ жыл көріспеген достарша құщақтасып, амандастық. Қойдағы үйлеріце бардым, бір күн қонақ болдым. Атаң мен апаң ақ көңіл жандар екен. Мен кеткенше барын дастарханға салып, құстай ұшып бәйек болды.

– Бақытжанның алыстағы досы келгенде нені аяйын, – деп атаң мен апаң асты-үстіме түсті. Ашыла сөйлеген жігіт сөзін аяқтағанда:

– Ағам оқуға қашан барады? – деді Бәтес тағатсыздана

– Саған міндетті тұрде жолығып кетеді. Ол оқуын бітіргеніше саған мен келіп тұрамын. Ал қазірге хош, сабағынды жақсы оқы, – деген шофер жігіт машинасын от алдырды да жүріп кетті.

Бәтес не айтарын білмей, азық толы қоржынның қасында аңтарылған қалпы қалды. Осы сэтте бөлмедегі қыздар да сыртқа шығып, Бәтесті қоршап алды.

– Ағаң орыс па? Аты кім?, – деді шетте тұрған қыз орнынан қозғалған машинадан көз алмай.

– Асығыс па? Тез кетті ғой, – деді екінші қыз

Кұрбыларының сұрағына не деп жауап берерін білмей қалды. Орыс жігітінің атын сұрауды да ұмытып кетіпти. Оның үнсіз қалғанын байқаған қыздардың бірі:

– Бәтес, бөлмеге кеттік, – деп қоржынның екінші басын көтерісті.

Бөлмеге келген қыздар малды ауылдан келген сәлем

– сауқатты столдың үстіне жайып салды.

– Атаң мен апаңа мың раҳмет. Енді екі күн тамақ ішпесек те болады, – деген қыздар пісірілген ет, бауырсақ, құрт – майды тойғандарынша жеді.

– Мына дәм тіл үйіріп, үйімізді сағындарды ғой, – деген құрбыларының сөзіне бәрі бастарын изеп, атасы мен апасына алғыстарын жаудырып жатыр.

– Бәтес, бізге жаңағы ағасының атын да айтпады? Сырттай таныстырсаң да болады, – деді алғаш тіл қатқан құрбысы.

– Қыздар, маған сеніндерші бірінші рет көріп тұрмын, – деп Бәтес ағынан жарылды. Оның жауабына қыздар ду күлді.

– Қалайша?

– Қызық екен, өзі орыс па?

– Орыс болса, орыс шығар. Қазақшаға ағып тұр, бір мұдірмейді. Ағам армиядан келгенде жолда танысыпты, бар білетінім осы, – деді Бәтес.

– Бәле, енді келгенде қыздар, жақсылап танысып алайық, – деді олардың бірі.

– Қыздар, басқа бір әңгіме айтындаршы, – деді олардың бірі.

– Не туралы?

– Әңгіме көп қой

– Жо... жоқ..., – дедім ғой, – жоқ. Тек махаббат туралығана.

– Махаббат! Сонда не айтпақпыз?

– Сүйген жігітіңнен бастап, махаббат туралы оқыған кітабың туралы.

– Кластағы жігіттер туралы айтпаймыз ба? Олар бізге қарамай басқа кластың қыздарымен киноға баруға құмар.

– Жәрайды, қыздар, бізге ғашық болған боз бала болса ендігі хат жазар еді ғой.

– Қайсымызға жігіттен хат келеді, содан бастайық

– Өте, дұрыс, – деген қыздар ұсынысты шу етіп қоштай кетті.

Бәрі үнсіз қалды. Қыз құпиясын сыртқа шығарғылары келмеді ме? Тыныштықты Маржан бұзды.

– Қыздар танымайтын біреуге шетімізден іштей ғашық болып жүрміз-ау. Қанша айтқанмен алғашқы махаббат бәріміздің ойымызды да, бойымызды да шарпып өтетіні анық. Қыздар үнсіз бастарын изеді.

– Интернаттағы екі жылы тез-ақ өте шықты. Бәтес мектептегі оқу озаты атанды. Соңғы қоңырау да жақын қалды. Жоғарғы класс оқушыларының қатарына қосылған олар, енді мектеп бітіруші тұлектерді салтанатты шығарып салуға да әзірліктер жүргізе бастады.

– Қыздар кеше онынши класс оқушылары таудан құшактарын толтыра гүл теріп келіпті. Ертең гүл теруге бармаймыз ба? Үш күннен кейін соңғы қоңырау, – деді қолында екі-үш тал таудың қызыл гүлі бар бөлмеге кірген қыз.

– Жарайды, барсақ барайық, – деп олар шу ете тұсті.

Тәрбиеші мен класс жетекшісінен тауға гүлге баруға рұхсат алған қыздар әзірлік қамына кірісті. Арапарында бұрын тауға шықпаған құрбылары да бар екен. Тау туралы қызықты әңгімелер айтқан қыздар оларды ынтықтырып койды.

– Қасқыр кездеспей ме? Тауда қасқыр көп болады деуші еді үлкендер?, – деді шеткери отырған қыз.

– Қалима, қасқыр қазір қойлы ауылды торуылдайды. Топ адамға тиіспейді, корықпай-ақ қой, – деді Бәтес күле жауап беріп.

Гүл теруге қыздар ерте шықты. Соңғы екі-үш күн жауған жаңбырдан кейін айнала жасыл түске еніп, құлпырып кет-

кен. Таңғы салқын да таза ауа қыздардың бойын сергітіп жіберді. Тұменбай көлін көрген қыздардың бірі:

— Ой, қандай керемет! Қыздар аққуды қарандар, мойындары неткен ұзын, сұлу көрінеді еken. Аққұлы көлді бірінші рет көруім, — деді таң-тамаша қалпы көзін көлден алмаған қыздардың бірі.

Көл бетінде майда толқын қалдырып, сырғып бара жатқан аққуды, олар біраз қызықтады, тамашалады.

— Көл жағасында серуен құрып, демалғанға не жетсін. Қарандаршы қыздар аққулар қанатын қаға бастады, — деді Бәтес. Қанатымен суды сабалап, жан-жағына мәлдір тамшыдан шашу шашқан аққулар көкке көтерілді.

— Керемет! Ауада қалқып бара жатқандай, — деді олардың бірі.

Қыздар да айдын көлден көкке көтерілген қос аққута сүйсіне қарап, көздерімен ұзатып салды.

— Шіркін, ақын болсамшы, мына тамаша көріністерді өлеңге қосар едім, — деді ортадағы қыз аспаннан көзін алмаған қалпы.

— Ой, Райхан, өкінбе. Армандаған арманның орындалип, кім біледі, ақын болып кетуің де ғажап емес, — деді Рәзия оған құле жауап беріп.

— Шыным, шын айтамын. Құдай маған ондай талант бермегеніне өкінемін.

— Оу, қыздар, мына тұрсымызбен гүлді бүгін теретін түріміз жок, — деді олардың бірі.

— Жылдамдатайық, — деді осы кезде Бәтес қыздарға дауыстап. Олар жүрістерін ширата, тау бөктеріндегі жалғыз аяқ жолға түсті. Бұрылыш-бұраланы көп жалғыз аяқ жолмен қатар-қатар бірінің сонынан бірі ұзын сап түзеген қыздар айналасына қызықтай қарап, таудан төмен сылдырай аққан бұлак басына келді.

— Ал, қыздар, сәл демалыс жасайық, — деді Бәтес

— Суы қандай мәлдір, мұздай салқын, ішсөң болды

миыңа шығып, жан сарайынды ашып жібереді екен, – деді алақанын суға толтырып бетіне шашқан қыздардың бірі.

Сәл тыныстаған олар тау сүрлеуін қуалай жүрді. Тауға көтерілген сайын жол да қындаі түсті.

– Элі алыс па, қашан жетеміз? – деген қыз сұрағына

– Қыздар, жүрісімізді ширатайық, алдымызыдағы асуға көтерілсек қарағайлышай. Арғы мектеп сайында жаз бойы пансионда жатқан балалар отын дайындаиды, – деді жол басшы болып жүрген Бәтестің құрбысы Жалғас.

Олар тауға көтеріліп, айналаға қызықтай да, тамашалай қарады. Мына көріністі ауызben айтып жеткізу мүмкін емес, сұлулығында шек жоқ, – қарандаршы қыздар бәрі алақандағыдан көрінеді, – деді Маржан есімді қыз.

Қыздар қарағайлышай сайдарғы бұлақ басына тоқтап, дамылдады. Жол азықтарын ортаға салып, дастархан жайды. Бұрын тауға шығып көрмеген екі-үш қыз шаршағандарынан көк майсаға жата кетті.

– Қыздар дем алдық, тамақ іштік, енді гүл терейік, – деді Жалғас сөзін жалғастырып, – Қарағайдың етегіндегі жасыл бел қып – қызыл гүл. Кеттік.

Қыздар үдіре тұрып Жалғастың соңынан ерді. Қарағай арасынан жасыл алаңға шыққанда олар өз көздеріне өзі сенбеді. Айнала қып-қызыл гүл. Бұрын тау гүлін көрмеген қыздар антарылып қалды.

– Қыздар, қауызын жаңа ашайын деген гүлдерді жинаңдар, сабағы ұзын болсын, – деді Жаңыл қып-қызыл гүлді аралап кеткен қыздарға дауыстай. Олар бір-біріне сөйлеуден қалған, құшақтарын гүлге толтыруда. Бәтес, қызыл, сары, көк гүлдерді жинап, олардан гүл өрім жасады да басына киді. Мұны көрген қыздар қызықтай қарады.

– Бәтес бізге де жасап берші, қайдан үйренгендін, – деді

– Жайлауға шыққанда апам гүлден өрім, жасап беретін. Қасында жүріп үйреніп алдым, – деді Бәтес. Оларға да гүл өрім жасап берді. Бастарына гүл өрім киген, құшақтары

гүлге толы қыздар, мына табиғат көрінісін бұрынғыдан да құлпыртып жібергендей. Ал – қызыл гүлге оранған қыздар аспандата салған әндері, көңілді құлқілері, жарасымды әзілдері олардың шаршағандарын да ұмыттырып жібергендей.

- Қыздар, жігіттер бізге неге гүл ұсынбайды?
- Кегенде гүл жоқ емес пе?
- Гүл жоқ емес, өспейді.
- Олай емес, олар қыздарға гүл сыйлаудың жолын немесе ебін таппайды.
- Гүлді қайdan алады?

Әр жігіттің-ақ сүйгендеріне гүл сыйлағысы келеді?

- Маржан кинодағы қыз-жігіттің махабатын айтып тұрсын-ау

– Онда бүгін кешкісін жақсы көретін жігітіңе гүл сыйла, түсінер.

Бәрі құлді. Әзілдері жарасқан қыздар көл жағасына келгендерін де байқамай қалды.

– Көлді қараңдаршы, кесеге құйып қойған қымыздай еken, – деді Бәтес қызықтай.

– Шынында да неткен әсем. Аққулар су бетінде толқынмен толқи қалқып бара жатқандай.

Олар көл жағасына аялдады. Құшақтары ал-қызыл гүлге толы қыздарды көрген жас жігіт атының басын соларға қарай бұрды.

– Сәлем қыздар! Таудың ал – қызыл гүлімен айналаны ерекше құлпыртып жіберіпсіздер, – деді ол ат үстінен дауystай.

– Бұл жақта адасып жүрген қай жігіт? Жоқ ізден жүрсіз бе? Әлде қыздарды андып, жолы болмай жүрген жігіттің бірісіз бе?, – деген Маржан сөзіне қыздар тағы да ду құлді.

– Жоқ ізден қайтейін. Іздегенім алдынан кездесіп, куаныштан жүрегі жарылғалы тұрған жігітпін. Мынадай

ақ періште, хор қыздарын кездестірем деген өңім тұғіл үш үйиқтасам түсімде де көрген емеспін. Айдын көлдің ақкуындай мың бұралған қыздар қандай сұлу, әсемсіндер. Сіздерге мына жарық дүниеде теңеу таппай қиналып тұрғаным. Таныстық менен болсын есімім – Айбар.

– Пай... Пай... жігіттер ай! Танысуға келгенде алдарына жан салмайды-ау. Жөн білетін қазақ жігіттері астындағы атынан түсіп, қыздарға сыпайы ғана сәлем беруші еді. Ал, сіз болсаңыз сәлеміңіз бен есіміңізді қосарлана айтып, жалпаңдап жатқаныныз. Қаланың шала қазағысыз ба? Әлде..., – деп Жаңыл сөзінің аяғын жұмбақтай қыздарға қарады.

– Иә, иә, – деп олар да қоштай кетті.

Атынан лып етіп түскен Айбар:

– Ат-шапан айыбымды тартайын қыздар. Гүлге оранған ақ періште, хор қыздарын көргендеге көңіл шіркін асыптастып төгілді. Сөз таппай ойым сан-саққа кетті. Үріп ауызға салғандай, сұлулығына тәнті еткен қыздармен кездескенім өңім бе, әлде түсім бе деп тұрғаным. Гүл бұрым, гүл десте, қандай әсем, сіздерге жарасып-ақ тұр. Саусақтарың майысқан қас шебердің өзі екенсіздер, – деген ол қыздардың қасына келді.

– Қазақтың қай қызы болсын он саусағы майысқан шебер емес пе. Мақтауыңызды тым асырып жібердіңіз, – деген Маржан жігітке сынай қарады.

– Қыздар не десендер де көндім. Бәріңді құшағыма алар едім, әттең дүние-ай амалым жоқ сыймайсындар. Айып етпендер, «бір көрген біліс, екі көрген таныс» демекші танысып қоянық, – деп шетте тұрған қызға қолын ұсынды.

– Дәмесінің зорын. Айдалада кездескен атты жігітпен қол алысып таныса беретін арзан қолды қыздарың біз емес. Келген жағынызға жөніңізben қайта беріңіз.

– Көк аспанда ойнаған найзағайдай шатыр-шұтыр еткен, өткел бермес тау өзенінің арынындағы мінездерің-

ай. Келбеттерің күннің нұрындай жылуын шашқан, мұсінді – сымбаттарың тауда өскен қыз қарағайдай, гүлге оранған қос бұрымдарың қыпша белден асып, шашактала мықымды соққан сұлу қыздар не айтса да жігіт байқұстар көнеміз ғой.

– Жігітім тілің майда, сөзің жылтыр екен. Жолыңыздан қалмаңыз. Сіз айтқандай алдыңыздан біз сияқты талай ақ періште қыздар кездесер, – деді.

– Жо... Жоқ қыздар, атай көрмендер. Қиялым алысқа самғап, тәбем көкке жеткендей қуанышты сәтімді қалай жеткізсем екен. Осыдан ан-ау тау бөктеріндегі малшылар ауылына тепең көкпен айналамды әнге бөлеп жетермін, – деп жігіт те желпіне сөйледі.

– Ақ періште, хор қыздары мен таныспасақ та көнілге бір жылылық сезімдер ұялатып кеттіңдер-ау, – деп ол аяғын үзенгіге сала берді.

– Кеттік Бәтес, жігіт те жолынан қалмасын, – деді қыздардың бірі.

– Бәтес..., «Мәлдір махаббат», – деген Айбар аяғын үзенгіге салған күйі Бәтеске таңдана жалт қарады. Көзімен көзі бір-біріне түйісіп қалды.

– Оу... жігітім, сонша антарылып қалдың ғой.

– Қазіргі заманның мәлдір махаббаты, Бәтестің Бүркіті болған жігіттің арманы жоқ шығар, шіркін..., – деп атына жеңіл мінді де Бәтестің қасына келді. Гүл бұрымды қыздың құшағындағы гүлден бір талын суырып алды да:

– Мына гүл, Бәтестің маған сыйлағаны болсын, қыздар, – деп гүл ұстаған қолын жоғары көтере, бұлғады.

Мұндайды күтпеген қыздар да аңтарылып қалды. Сасқанынан ба Бәтес те қолын бұлғап қалды. Айбардың өзіне қадала қараған жанарынан ба? Әлде ойламаған жерден бейтаныс жігіт құшағы толы гүлден бір талын суырып алғаннан ба денесі дір етіп, жүрегі жиі соғып, аузына тығылды. Біргүрлі беті қызара-шырайланып кетті де

біреу шапалақпен осып жібергендей беті дуылдай бастады. Өзінің ыңғайсыз жағдайға тап болғанын қыздарға сездіргісі келмей, не істерін білмей қалды.

— Бәле, мына жігіт ортамыздан Бәтеске махабbat шалмасын салмақ па? Қалай?

— Жаңағы жігіттің алдында тілің байланып қалғандай, үндемей қалғаның не?

— Ой, қыздар-ай! Не айтуым керек еді? Гүл ұсынсам бір сәрі. Өзі алды ғой, онда тұрған не бар?, — деді Бәтес ойын жинақтай алмай.

Жүрек лұпілі басылар емес. Артына, Айбар жаққа қарайын десе қыздардан именіп, біраз жүріп сонына бұрылды. Аттылы жігіт қыздардың сонынан қарап, орнынан қозғала қоймапты.

— Мына жігітіміз, Бәтеске ғашық болғаннан сау ма? Бір орында мелшиіп, әлі тұр ғой, қараңдаршы.

Қыздар ду күліп бәрі де жігіт жаққа қарады. Айбар, қолын бұлғады. Қыздар да гүл ұстаған қолдарын жоғары көтерді.

— Гүл тере барып, сұлу жігітке кездестік. Жүрегіне махабbat шоғын тұтандырып кеттік пе? Бәтес қолынды жоғары көтере бұлғашы, сені арамыздан іздең тұрған болар, — деді құрбысының бірі. Қыздар тағы да ду күлді.

Олар бөлмеге келгенде, Бәтестің ойы сан-сақта, Айбардың бейнесі, өткір жанары көз алдынан кетер емес. Құрбылары әкелген гүлдерін қайта реттеді, шыны ыдыстарға су толтырып, соған салды. Бөлме ішін гүлдің хош иісі алып, сән берді. Бәтес біраз уақыт ұйықтай алмай, дөңбекшіп жатты. Әртүрлі ойлар келіп, мазасы кетті. Айбар туралы ойлады. Құшағындағы гүлдерден ең әдемісін таңдал, суырып алғанда, жүрегіне жақын тұрған гүл сабағы да нәзік сезімін оятып кеткендей...

Ерте тұрған қыздар соңғы қоңырауға әзірлене бастады. Бәрі әбігерге түскен, айнаға кезек-кезек қарайды.

— Ой, қыздар-ай, не болды сонша, бізге қарайтын жігіттер соңғы қоңырауға, кемейді. Гүлімізді мұғалім тәтейлер мен ағайларға тапсырсақ болды емес пе, — деді олардың бірі

— Байқа жігіттердің бірінің көзі саған түсіп жүрмесін, — деді қасындағы құрбысы.

Бәтес өзіне қажетті затын сатып алуға асығыс мектеп жанындағы дүкеннің есігін ашып қалғанда, қарама-қарсы бір жігітке соқтығысып қалды.

— Ой, кешіріңіз...

— Бәтес!

Ол Айбарға таңдана жалт қарады да көзі шарасынан шыға.

— Сіз..., бе?

— Иә, сәлем бердік. Сыртқа шығайық . Бәтес те еріксіз кері бұрылды.

— Бәтес, шағын сыйлығым саған, — деп қолындағы бір бума тау гүлі,

«Мөлдір махаббат» кітабы мен бағасы қымбат иіс суын ұстадты.

Бұрын жігіттер гүл беріп, олардан гүл, бағалы сыйлық алғып көрмеген Бәтес қатты састы. Не айтарын білмей, өне бойын бір түрлі сезім билеп, Айбарға қарады.

— Биылғы оқу жылын бітіргендегі саған берген естелігім болсын. Алдағы уақытта да кездесіп тұрайық. Қыздарға менен сәлем, — деген Айбар жұмсақ алақанымен Бәтестің қолын сипады да қимастықпен қоштасып, атына мінді.

— Сыйлығыңызға рахмет, — деген сөзді ғана айтқан Бәтес бөлмесіне қайта келді.

— О, Бәтес! Керемет, сыйлығың құтты болсын, — деген құрбысы қолындағы заттарға қызықтай қарады.

Қыздар да Бәтесті айнала қоршап тұра қалды.

— Бәтес, кітапқа не деп жазыпты оқып жіберші.

Не істерін білмей, жүрексіне кітап мұқабасының бірін-

ші бетіндегі маржандай тізілген жазуларды оқыды. «Бәтес! Биылғы оку жылын бітіруіңмен. Айбар».

- Пәле кешегі жігітіміз, Кегенге қонған ба?
- Қонса несі бар, соңғы қоңыраудан қаламыз. Осын-дай естелік сыйлықты жігіттеріміз бізге де берсе деп, армандастық, – деді олардың бірі. Бәрі құлді.

Олар мектепке келгенде, оқушылар мен ата-аналар, мұғалімдер жиналып қалыпты. Мектеп бітірген қыз-жігіттерге ерекше құрмет көрсетілуде. Топ болып барған қыздар да оларды құттықтады. Бәтес өзіне-өзі келер емес. Біреуді іздегендей, әлсін әлі жан-жағына қарап қояды. Ойынан Айбар кетер емес.

Соңғы қоңыраудың қалай біткенін де білмей қалды. Мектеп бітіруші қыз-жігіттердің «Ұстазым» әнін асқақтата айтқанда ғана қайырмасына қосылды.

– Тоғызынышы класс оқушылары класқа жиналдындар, – деді класс жетекші, Ерсілі-қарсылы жүрген мұғалімдер мен жоғары класс оқушылары мектеп дәлізін абыр – сабыр жасап жіберді.

– Бәрің жиналдындар ма? Маусым айының 15-не дейін өндірістік практикадан өтесіндер. Мектеп, интернаттың бөлмелерін ағарту, сырлау жұмысын жүргізесіндер, – деген класс жетекші оларға басқа да жұмыстар тапсырыды.

Бөлмеге келген қыздар Бәтестің сыйлығын тағы бір қызықтады.

– Бәтес, мына кітапты тәрбиешіміз көрсө алып қояды. Тығып оқиық, – деді олардың бірі.

– Дұрыс айтасың Жаңыл, сырымызды сыртқа шығармай құпия ұстайық.

Бәрі басын изеп келіскендерін білдірді.

Олар тысқа шыққанда, интернат алдына автомашина келіп тоқтай қалды. Кабинадан жымышп тұскен ағасы Бақытжанды көрген Бәтес:

– Көке!, – деп мойнынан құшақтай кетті.

— Бәтес машина жаққа қарашы, — деді ағасы.

Көкесінің бетінен сүйген ол.

Машина қасында аққұбаша келген, күлімсірей өзіне қарап тұрған қызды көрді. Ол біресе көкесіне біресе қызға жалтақ-жалтақ қарайды.

— Саған жеңгенді таныстырайын, — деп Бәтестің қолынан алып, келіншектің қасына келді.

— Бәтес деген қарындасым осы, атасы мен апасының еркесі, — деді.

Келіншек те Бәтесті құшақтап бетінен сүйді.

— Көке..., Көке... Шын ба?

— Иә, Бәтес Жәмила қайын сіңліңмен жақсылап танысып ал, — деді күле.

Автокөлік қорбынан бүйірі тоқ коржынды алған Бақытжан.

— Апаң мен атаңың сәлем-сауқаты, — деді. Бәтес аңтарыла қарап қалған қыздарды шақырып:

— Ал, қане жеңгеммен танысып қойындар, — деген Бәтес қуанышын жасыра алмай.

— Бөлмеге барайық, — деді қыздардың бірі. Бақытжанның қолындағы қоржынды алған қыздар шуылдай Бәтес пен Жәмиланы орталарына алып бөлмеге кірді.

— Қыздар дастархан жайып жіберейін, — деген, жас келіншектің сөзін құлақтарына ілмеген қыздар әп сэтте-ақ дастархан қамына кірісп кетті.

— Дастарханға келіңіздер, — деген олар Бақытжан мен Жәмиланы төрге шығарып, айнала қоршай отырды.

— Бәтестің апасы жіберген сәлем-сауқат тілінді үйіреді. Тойдың дәмінен алайық қыздар, — деген Маржан:

— Аға, жеңгей ақ отауыңыз құтты болсын. Сіздерді шын жүректен құттықтаймыз, — деген сөзге қыздар да шу ете қалды.

— Бөлмелерің қандай әсем, алқызыл гүлдің исі керемет еken, — деген Бақытжанға орнынан лып етіп тұрған қыздың бірі.

Қос бума гүлді Жәмилаға ұсынып,

– Өмірлеріңіз гүлдей құлпырысын, – деді қыздар тағы да шуылдап екеуінің қолын алды. Мұндайды күтпеген Бақытжан да не айтарын білмей мәз болып, күле берді.

– Қыздар, сіздерден рұхсат болса біз жүрейік, дастархан жайып, сый-құрмет көрсеткендеріне раҳмет, – деген Бақытжан орынан көтерілді. Шығарып салған қыздар да қимай қошасты.

– Бәтес, бізбен дүкенге барсан апаңың айтқандарын сатып алайық, – деді Жәмила Бәтесті құшағына алыш.

Жәмила апасы айтқан керекті заттарды қағазға түсіріп алғанды. Екеуі дүкендерінде бар затты алды.

– Ой, жеңеше апамның айтқанын ала берсен дүкенді көшіріп кетесің, – деп күлді Бәтес.

– Бәтес саған бір нәрсе айтайын ба? Ол не дегендей сұраулы жүзбен қараған Бәтеске Жәмила күлімдей:

– Жаңа түскен келін қайын, қайынсіцілілеріне ат қояды екен. Қандай ат қоярымды білмей көп ойланып. «Ақылдас» деген есімді ұнаттым, – деді.

– Ақылдас, Ақылдас Ақ жаулықты жеңешем, көкемді не деп атайсыз, – деді Бәтес мәз болып.

– Ақылдастың көкесі, затымызды көтерісіп жібер, – деді Жәмила Бақытжанға дауыстай.

– Ту... ту... Жарасым тауып кетті ғой. Көке бұдан кейін жеңешем мені

Ақылдас, сізді Ақылдастың көкесі дейтін болды, – деді көкесін құшақтап. Бәрі мәз болып күлді.

Бақытжан апасы мен атасына айтпай екі күн бұрын Жәмиланы әкеліп:

– Апа келін әкелдім, – дегенде апасы мен атасы қатты сасқан-ды.

– Ой, айналайын, ак босағаны он аяғынмен атта, айна-

лайын. Ой-буй, шашу қайда, әй шал көршілерді шақыр, шымылдық құрсын, – деген апасы өзін қоярға жер таппай әлсін-әлі келіп келінің бетінен сүйе берді. Жақсылық хабарды естіген көрші-қолаң да жиналды.

Шашу шашылып, шымылдық құрылды, ақ бөртпе орамалды келінің басына салған ару ана ақ батасын берді, дастарханға барын салды. Таңға отырған көршілер небір әдемі тілектер айтып, тарасты. Ертесі де қонақтар үзілмеді. Шашу шашып келген ауыл тұрғындары қуаныштарына ортақтасты.

– Айналайындар, Бәтесім естімей қалды – ау, хабар бергізсеңші. Дүкеннен андай-пұндай әкелу керек оған кім барады? Барып келесің бе? Бәтесті алып келсен, – деп апасы мен атасы да әлсін-әлі айта берді.

– Апа, келініңіз екеуіміз Бәтеске барып келсек қалай болады, әрі дүкеннен алатын заттарды да әкелеміз.

– Ақылдарыңдан айналайын, сөйте ғойындар. Келген қонақтарға келін-бала Бәтесімді алып келуге кетті. Келіп қалар дермін. Ал, келін менде не ес қалды дейсің. Бақытжан екеуің қағазға түсіріп, Бәтеске берсендер болды, – деген апасы, әппак шүберекке мұқият оралған ақшасын берді де:

– Жолдарыңдан қалмандар, айналайын.

Баласы мен келіні қөлікке отырып, орталыққа қарай кеткенін көрген қарияға.

– Бәтесіме жібердім, женгесін көрсін. Әрі дүкеннен де керекті заттар әкеледі, – деді кемпірі. Қария да үнсіз келісіп, басын изеді.

Екі күннен бері Бәтес туралы Жәмила да көп естіді. Әсіресе атасы мен апасының ықыласы ерекше, «Бәтесім женгесін көргенде қуанышы қойнына сыймайды-ау, ол қашан келуші еді. Мұғалімдерінен бір-екі күнге сұрап алып келсе», деген қарт адамдардың сөзін Бақытжан жерге тастамады. Бәтеске баратындарын айтқанда орнынан тұра сап, қоржынның екі басын сықа толтырды. Ол аз дегендей

үлкен торсыққа қымыз құйды. Әйнек ыдысты кілегейге толтырды. Екеуі де ананың қолын қайтармай бергенін машина қорабына салды.

Енді міне, Бәтестің қуанышын көрген Бақытжан екеуін құшағына алып, беттерінен алма-кезек сүйді.

— Он бесінші маусымда үйге барам, — деген Бәтестің сөзіне.

— Ақылдас, көкен әкеуміз келіп алып кетеміз. Әзірге хош, — деп Жәмила да онымен қимай қоштасты.

Куаныштан көнілі тасып, бөлмесіне келген Бәтесті қыздар да қошеметтей кетті.

— Бәтес, бүгінгі күн сен үшін ең қуанышты күн. Көкен жеңгенді әкеп таныстырды. Екеуі жарасымды жұп. Жеңгеннің мандайы ашық, әрі бауырмашыл екен. Бір көргеннен екеуің құшақтасып, шүйіркелесіп кеттіңдер, — деді.

— Иә, қалай айтсақ та Бәтес үшін бүгінгі күн ұмытылmas күн. Ғашық болған Айбар гүл сыйлады. «Мөлдір махаббат» кітабын айтсаңшы. Қыз жүрегін жаралаған, махаббат қуанышы да бүгін болды емес пе Бәтес, — деп сөзді қыздыра түсті.

— Пәлі, шығармайтындарың жоқ. Бақыт ерте ме, кеш пе бәріміздің басымызға қонады. Тек бақыт құсын ұшырып алмасақ болды, — деді Бәтес ойлы жүзбен.

— Дұрыс айтасың. Қыздар көп сөзді қайтеміз. Мөлдір махаббатты оқыық. Маржан алғашқы бөлімін сен оқы, — деді де Бәтес жастығының астындағы кітапты алып, ұсынды.

— Ал, қыздар, жақын отырындар. Мөлдір махаббатты тыңдайық, — деді де кітаптың алғашқы парагын ашты. Бөлмеде сәл тыныштық орнап. Маржанның қоңырқай дауыспен мәнерлең, оқыған үні ғана естілді. Олар кітапты кезек-кезек оқып, қызығына беріліп кетті. Тыныштықты сырттан есікті тартқан дыбыс қана бұзып кетті.

**Кыздар тәрбиесін. Кане орындарында барыңтар, деги
Маржан есекшінен шын аны**

Мектептегі кешке неге жемдеңдер? Бір жакка
барыңтар ма?, деген тәрбиесін отарынан жүнне барған
карады. Солданын тағамдарды коршылды.

Аудандан біреу келген бе?

Но, іштей ғалестің ағасы үйгөннің жеткесін ертіп
келді. Сол кіслермен болдық. Кеткендіріле алғана уақыт
болды. Даңын ауыз тиңіз, деген Маржан соғустан күшті
курт-май, тоназыған ет пен шының ылышка қымбет күйін
берді. Конан орнына түскен тәрбиесін де

ғалес, жеткен күн болсын. Құанын сенде екіншін
Жаксы болған екен. Сендердің шілдесінде алған басқа жакка
кетті мәдени калдымы. Білесіндер тоннан директорымыз да
катаң Жарықты солдіріп жаксы жатып, жаңы тұрындар,
деп көнілдене.

Олар тереңеге одялған да, түннің бір уақыта дениң
кітаптың кызыныңа бердін. Нігерияның болмендерін
зарту, сырлау жұмыстарында болған екіншін кітаптарын
жұмысына мектеп басындары да риңа болу та

Маржан ғалес екенде колдары калғанын, босан калғанда
поптага хат салуга барған да Олимпиян жерін Айбар
көзінде кетті.

Сәлем кітаптар, деді

Көс курбы айттарында карады. Сасқандарынан

Сіл кандай жүргез? Үйдің кітаптарында анил шыктады?
Шыктанды болғанды той

«Кітаптарын кырык күннен бар» дениң екен. Сілтер
кіттеринде анил тиңе тонкеріп карағанды ар жайынан
таян бір күннік шыгады. Жілтердің конши, кітаптардың
карамағына онан түспін каламыз.

Ол багаларыныңды тұмсағандағы жіберілген
Жілтердің бәрі стәзілдің болса, кітаптардың күннен 17-ші
жыл болғас ет. – деги Маржан.

Айбарды көргенде өні бір қызырып, бір бозарған Бәтес екеуінің сөз қағыстырған уақыт аралығында бойын тез жинап, өзін еркін ұстады.

– Маржан хат келді ме екен, сұрап білсөнші?, – деді Бәтес.

– Айтпақшы Бәтесті құттықтап қой, сүйіншісін беруді де ұмытпа кеше жеңгелі болды. Эппак өнді, қарақат көз, ақ жаулықты әдемі жеңгесін ағасы таныстырып кетті.

– О, Бәтес! Жеңген құтты болсын, сүйіншісіне қалағаныңды ал, – деп қыздың қолын ұстай алды. Бәтес қолын өзіне тартарын да білмей состиып тұрып қалды да:

– Рахмет, – деді.

Тұңғыш рет оңаша қалулары. Екі жас та үнсіз. Қипақтап тұрған Айбар:

– Практикаларың қалай өтуде? Қаладағы туыстарыма хат салуға келгенмін. Саған кездесемін деп ойламаппын, қуаныштымын, – деді.

Осы сәтте ғана ол жігіттің аймалаған алақанындағы қолын өзіне тартты. Айбар да қысып ұстаған қыздың қолын ақырын босатты. Бәтес бейне бір Айбардың алдында кінәлі адамдай не істерін білмей, кібірктең берді.

– Боз жігіт, қазір қызben шүйіркелесетін уақыт емес. Кездескің келсе оңаша уақыт белгілерсің, – деді Маржан қолындағы хатын ашып.

– Маржан, есіміңізді айтып таныспасақ та Бәтестен, білдік. Жігіттерден хат жиі келеді-ау шамасы.

– Кімнен, жігіттерден бе? Жоқ. Үйден келеді. Бізге хат жазатын жігіттер ауылымыздан әлі шыға қойған жоқ. Олардан хат келсе көре жатармыз, – деп ол әзілдей жауап қайтарды.

– Маржан, кеттік! Тәтей ұрсады, жұмысқа барайық.

– Айбардың жолы болғыш. Асығыспыз, – деді Маржан.

- Сау болыңыз, – деді Бәтес көзін төмен салып.
 - Қыздар, ертең емес оның арғы күні келем, – деді Айбар мектепке қарай кеткен қос құрбының соңынан дауыстай.
 - Маржан, Айбармен кездескенімізді қыздар білмей-ақ қойсыншы басқаша ойлап қалар?
 - Айтқаның болсын. Бірақ Айбармен көл жағасында кездесу .Оның саған сыйлаған ескерткіш сыйы, бойындағы өзгерістерді қыздар да қалт жібермейді. Олардың жүрегі де бірдеңені сезеді, – деді.
 - Рас па?
 - Иә.
 - Уәделі уақытында келсе қайтады?
 - Оған дейін бірнәрсе ойлап табармыз. Алаң болма, тәтті қиялыңа беріліп жүре бер.
- Екі күн Бәтеске ұзақ көрінді. Айбар да әлсін-әлсін ойына орала берді. Жұмысы болсын, болмасын Маржанды айналышықтан шықпайды. Айбарға деген жүрек түбіндегі сағынышы да арта тұсті. «Кездескенде не айтамын. Ол не дейді? Әлде айтқанына бас изеп тұра беремін бе?» деген ойын Маржанға білдірді.
- Сен, шынымен ғашық болыпсың, Сөз таба алмай қиналуың, басындағы сабырлылықтан айырылып, өзінді қоярға жер таппай жүрсің-ау. Ғашықтық, махабbat ұшқын шашты дегенше, лаулап жанады, өн бойынды өртейді .Сен сондай күйге еніпсің. Жігіттің алдында сабырлылық, ұстамдылық көрсет. Айтқанына көне берме.
 - Құдайым-ау, мұның бәрін қайдан білесің. Әлде сен де ғашық.., – деп сөзінің аяғын жұтып қойған Бәтес Маржанға таңғала қарады.

– Өзімнен үлкен тете әкпем бір жігітке ғашық болып, «сүйдім-күйдім, ғашықтық отына жандым, бұл дерпті қайтып басам» – деп ахылап, үкілеген болатын. Бір күні төсегінің басында сора-сора, болып жылап отыр. Сөйтсе,

ол жігіттің басқа қызы бар екен. Өзіне күле қарап, бір екі рет биге шақырған, үйге шығарып салған екен. Әдемі сөздермен өзіне баурап алған. Бар болғаны осы ғана.

– Ім.....м....м...Алдамшы сезім десенші.

– Жоқ олай емес, сені мен Айбардікі бір басқа.

Саған бекер «Мәлдір махаббат» кітабын ұсынған жоқ. Оны да ғашықтың оты өртеген болар.

Қос құрбы оңаша қалған сәттерінде айтатын сырлары Айбар мен кездесуі жайлыш болды.

– Ол, бізді қайда шақырады? Жұмыс кезінде келсе қайтеміз, қыздарға не дейміз?

– Ол жағына алаң болма, сырттай бақылап жүрем. Келгенін көрсем, өзім жолығамын. Кездесетін жерін айтам.

– Қалай – қалай... Қай жерді айтасың ?

– Өзен жағасын, өзенге түсे берістегі бұлақ болсын.

– Ім...м....м..., деген Бәтес ернін жымқырған күйі ойланып қалды.

Айбар келетін күні Маржан әр нәрсені сылтауратып, біресе мектепке, енді бірде дүкенге барып, оның жолын қарайлай берді. Түс ауа Айбар да алыстан Маржанды көрді де солай қарай жүрді.

– Сәлем Маржан ?

– Сәлемінді алдық сері жігіт, көп сөйлесуге уақыт жоқ. Кешкісін сағат 5-6-лар шамасында өзен жағасындағы бұлақ басына кел, – деген Маржан бұрылмастан мектепке кіріп кетті. Айбар да дүкеннен шағын қорап көтеріп шықты.

– Маржан Бәтеске жымша, көзін қысып, басын изеді. Ол да бірден түсінді, ешнәрсе болмағандай жұмысын істей берді. Қасындағы қыздар біліп қоймасын деді ме, ешкімге қарамаған күйі қимылын тоқтатқан жоқ. Ойы сансаққа кетіп маза берер емес.

– Бәтестің қимыллы ерекше, тыным таппайды.

Қарандаршы. Бір жаққа асыққандай ? – деді бөлменің екінші қабырғасын ағартып жүрген қыздың бірі.

– Женгесін сағынған ғой.

– Көл жағасындағы кездескен жігіт те көрінбей кетті.

– Бәтес сол жігіттен хат бар шығар. Почтаға барсаңшы.

Әлде малшыларымен жайлау көшіп кетті ме?

– Ой, қыздар-ай. Бәтеске ондай жігіттің талайы сөз айтып қырындайды, бума-бума хат жазады. Кеш болып қалды жұмысымызды бітірейік, – деді олардың сөзіне Маржан.

– Қыздар жаңа оку жылында әрқайсысың бір-бір жігіт тауып келіндер, – деді Бәтес те.

– Айтқан тілегіңе рахмет. Оку да оқылады. Бірақ жігіт керек-ак, – деп Маржан оларды ду күлдірді.

Қыздар жуынып-шайынып бөлмелеріне келді. Маржан Бәтестің құлағына сыйыр ете қалды. Екеуі күндегі әдеттерінше асхана жаққа барды да «серуендең келеміз» деп қыздарға сұлтауратты.

Айбар да өзен жағасындағы бұлақ басына келген-ді. Екеуін алыстан таныды. Қыздар да орағыта жүріп, бұлақ басына келді. Шұпірлең бүркүрай шығып жатқан бұлақ сұы сылдырай ағып, өзенге құйяр жері сазға айнала, жайылып кеткен. Алыстан Түменбай көлі көрінеді. Қолында ұстаган шағын екі қорапшасы бар Айбар:

– Сәлемет пе қыздар, мынау Бәтестің женгесіне берген сүйіншім болсын, – деп қолындағы қорапты қыздарға ұстартты.

– О, жігітім, жомарттығынды көрсеттің, рахмет, – деді Маржан.

Олар әр нәрселерді айтып, өзілдесті-де. Маржан әлде бір зат іздеген болып, екеуін бұлақ басына қалдырыды. Ол біреулер байқап қалмасын, деген ойымен алысқа таман, үзап кетті.

Екеу-ара сөздері үйлеспеді. Әлсін-әлі Маржан жаққа қарап қояды.

- Бәтес әңгіме айт?
 - Не айтам, өзің айтсаңшы?
 - Бізде не әңгіме болсын, ерте тұрып анау өзен жағасында жайылып жүрген тепең көкпен малшыларды аралаймын, дәрі-дәрмек таратам, ауырған малдарды емдейміз. Жұмысымыз сол болған соң күнделікті қайталана береді. Екі-үш күнде Кегеннен келіп, дәрі-дәрмек ала-мызы.
 - Мамандығыңыз мал дәрігері болды ғой.
 - Иә, солай. Откен жылы техникум бітіріп, осы ауданға жолдамамен келгем жұмысым негізінен Ақтасты, Қурайлыда. Шамасы малшы өмірінен хабарың бар сияқты ғой.
 - Атам мен апам малшы, колхоздың бір отар қойын бағады. Туғаннан мал арасында өстім.
 - Бәтес, сені ешкім малшының қызы деп ойламайды. Сен кейде қаланың қыздарына да ұқсан кетесің, бойында бір ерекше, басқа қыздарда кездеспейтін қасиет бар. Алғаш көргенімде қыздардың арасынан ерекшеленіп тұрдың. Екі көзім сенде болды. Есімінді естігенде таң-тамаша болып қалдым. «Мөлдір махаббат» кітабын қыста малшының үйінде жатып оқып едім. Сол кітапты сыйға тарттым.
 - Сіз берген кітап қыздардың қолдарынан түспей кезек-кезек оқуда.
 - Демалыс күні көл жағасында кездесейікші. Әрі-бері өткенде сендермен кездескен жерге соғам. Таудан теріп әкелген гүлден әдемілең сенің есімінді жазып қоямын. Біртүрлі өзіме солай жасаған ұнайтын сияқты. Сені ойлап қиялға да берілем.
 - Көп тұрып қалдық білем. Өне, Маржан да келеді, – деді Айбардың әңгімесін тындаған Бәтес.
 - Мөлдір бұлақ басы ұнап қалды-ау шамасы, мен біраз жерге серуендең келдім, – деді Маржан көнілдене.
- Осы кезде Айбар да бір шумақ өлең айтып жіберді:

*Асқақтата салғаным жайлай әні,
Баққан малым жайлайдың болған сәні
Маржан-ай!*

*Қай жерімнен мін таптың қалқатайым,
Менің жазған хатыма жасауд қәні
Маржан-ай ? !*

*Кездескен күн есімде,
Айлы жаздың кешінде.
Еске сақта, қалқатай,
Айта берем-ау несіне.*

– Пәлі, әнші екенсіз ғой.

– Әшейін ат үстінде отырып, табиғат аясын тамашалаған кездерде еріксіз ән айтады екенсің, – деп Маржанды қолтықтап құлағына сыйырлады. Көл жаққа қараған Маржан да келіскен сыңай танытты.

– Сері жігіт, жолыңыздан қалмаңыз. Барап жерінде әлі бір тау асады екенсіз, – деп Маржан Бәтесті құшақтай қыр үстіндегі ауылға көтерілді. Бәтес те Айбарға жаутандай қарап, езу тартты. Олар жотаға көтеріліп, сондарына қарағанда Айбар өзеннен өтіп қыздарға қолын бұлғады.

Қыздар әлі бөлмеге орала қоймапты.

– Маржан, Айбар саған не айтты? – деді Бәтес оған сұраулы жүзбен.

– Не айтты деп ойлайсың? Сені сүйемін, – деді

– Қойши олай демеші, – деп тәттіге өкпелеген сәбидей бұртиып қалды. Ол Бәтесті құшақтай алды да:

– Жексенбі күні көл жағасына шақырды. Келіскен сыңай білдірдім

Бәтес үндеңей қалды.

– Ертең жұмысымызды жақсылап істеуіміз керек. Тәтейіміздің көңілінен шықпасақ болмас. Әрі мектеп директоры аралайтын көрінеді, комиссиямен.

– Ой, директор ағай қатал ғой, ұрсып жүрмесе болды.

Директор келеді десе, мұғалімдер де оқушылардан бетер сасқалақтайтынын талай көрдік.

Бөлмені бастарына көтере шуылдаған қыздар да келді.

– Қайда бардыңдар, көрінбей кеттіңдер ғой? Біз киноға бардық.

– Жай серуендедік те, бөлмемізге келдік.

– Мына, қу қыздар Бәтесті Айбармен кездесуге кеткен шығар, соңғы уақытта бізге қосылмайтын болды, дейді,
– деп Жаңыл күлді.

– Расында сол жігіт қайда кетті? Бүтін Мәлдір махаббатты оқып бітіреміз ғой. Ол жігітке раҳмет айтудыңиз керек, – деді сөзге араласқан екінші қыз.

– Ал, онда жиналыңдар. Соңғы тарауын оқыық, – деп Маржан кітапты қолына алды.

Бәтестің қиялыш алысқа кетті. Кішкене тыңдағаннан кейін өзімен-өзі болып, қасындағы құрбыларын да ұмытты. Көз алдына айдын көл елестеп, екеуі қол ұстасып қызырып жүргендерін, Аққуды қызықтап, мәлдір тамшыларды аспанға шашып ойнағандарын елестетті. Кітапты мәнерлеп оқыған Маржан:

– Бәтес, – деп қалғанды. Ол сасқанынан:
– А...а...а..., – деп қалғанда кітаптан басын алмаған

Маржан:

– Сен емес, – деп ары қарай оқи берді.
Кітаптың соңғы параграфы да оқылды.
Қыздар тым – тырыс.
– Бұрынғы Бәтес пен біздің Бәтестің айырмашылығы жер мен көктей.

Екеуі де өмірден бақытын тауыпты. «Мәлдір махаббат» деген осы шығар, – деді ой құшағынан арылмаған Бәтесті өзіне тартқан Маржан.

Күн жексенбі. Қыздар түске дейін өз шаруаларымен айналысатындарын, ал түстен кейін бәрі жұптарын жазбай киноға баруға келісті. Оған дейін Маржан да Бәтесті ертіп нағашысына баратын болды. Олар өзен жағасына

бет алды. Өткел маңында мал қайырып жүрген аттылы баланы көріп:

- Бізді өзеннен өткізіп саласың ба, інім? – деген Маржанның сөзіне;
- Жарайды, атқа отырыңыз.
- Есімің кім?
- Кәдірман.
- Ана өзен жағасында балық аулап отырған атаның баласысың ба?
- Иә.
- Жақсы бала екенсің.
- Маржан мен Бәтесті кезек-кезек өзеннен өткізген балаға рахметтерін айтып, көлге бет алды. Айдын көл жағасына шөп те қалың шығыпты. Неше түрлі гүлдердің жұпар иісі танауынды қытықтайты. Олар жалғыз аттылы адам, Айбар екенін бірден таныды. Айбар да қыздарды көріп, соларға қарай жүрді. Көл ортасында жүзген аққуларды қызықтаған қыздарға таудан терген құшағы толы алқызыл гүлдерін сыйлады.

– Ой, рахмет! Соңғы уақытта сері жігітіміз «Мөлдір махаббаттағы»

Бүркітті айтам, жиі гүл сыйлайтын болды ғой, – деді Маржан әзілдей күліп.

- Мені, Бүркітке теңегеніңізге рахмет, – деп Бәтеске қарады. Бәтес қызыарып кетті де.
- Ол, кітаптағы Бүркіт пен Бәтестің махаббаты ғой, – деді.

– Гүл қыздардың көркіне көрік беріп, құлпыртып жібереді екен-ау. Нәзік жанды қыздар атаулыны содан да болар гүлге теңейтіні, – деп екеуіне сүйсіне қарады да қыздарды қолтықтап көлге қарай жүрді. Айбардың қолы жалаңаш денесіне тигенде Бәтестің қызы қөтеріліп кеткендей болды. Жұптары жазылмаған олар көлді жағалай жүрді.

— Ақкулар енді біраз күннен кейін балапанын шығарады. Анау топ қамысты-қоғаның арасына ұя салыпты. Көлдің қасынан өткен сайын нанның ұнтағын бергеннен бе? Маған үйір болып алды, — деді Айбар. Әдемі де ұзын мойындарын иіп, көл жағасына қарай жүзген ақкулар оларға жақындей түсті. Айбар қалтасынан газетке оралған нан алды.

— Жүр Бәтес, оларға нан берейік, — деді де көл жиегіне жақындаады.

— Бәтес, барсаңшы.

Жүрексіне Айбардың қасына келген Бәтеске бір үзім нан берді де, екіншісін суға жайлап лақтырды. Сыбдырызы жүзген аққу оларға жақындей түсті. Екінші аққу Бәтеске сескене қарап, мойнын созды. Бәтес Айбардан көргенін істеп, қолын аққуға қарай созды. Сескене жақындаған аққу Бәтестің алақанындағы нанды салқын да, ақшыл-қызыл тұмсығымен өзіне тартып алды да кері жүзді. Бәтес болса екі көзін тарс жұмып алған. Бір түрлі қолы дірілдегендей болды.

— Бәтес көзінді аш. Қолыңды қатты созбай, алақандағы наныңды ұсынсаң қасыңа келеді. Қорықпа, — деді. Айбар тағы бір үзім нан ұсынды. Жұмсақ алақанымен нанды алған Бәтес те енді аққуға қолын жай ғана созып, өзіне тартты. Ұзын мойнын созған аққу тұра қасына келді. Аппақ қағаздай аққуды жақыннан бірінші көрген ол таң – тамаша болды. Осылай екеуі аққуды қызықтап отырғанда Маржан оларды оңаша қалдырып, алыстап кетті. Көл жағасына ғұлден жазу жаза бастады. «Бәтес+Айбар = Махабbat!» Ғұл өріммен жазылған жазу әдемі көрінді.

Айбар мен Бәтес ақкуларды біраз тамашалады да Маржан кеткен жакқа жүрді. Бәтес те өзін еркін сезініп;

— Қандай керемет құстар. Адамға жақын екен. Сұлулығында шек жок.

Кітаптан оқығаным болмаса жақыннан көргенім осы,
— деді Бәтес алған әсерінен арыла алмай.

— Ақкуды «Махаббат символы» дейтіні содан болар. Олардың жұптары жазылмайды екен. Балапандары да әдемі болады. Өткен жылы алғаш көргенімде мен сен сияқты таң-тамаша қалдым. Көл жағасында демалып отырдым. Балапанын ерткен қос акку айналасына толқын таратып жүзіп барады. Сумкамнан бір үзім нанды көлге лақтырдым. Ақку секем алып қалды да су бетіндегі нанды ұзын мойнын созып, тұмсығымен балапандарына берді. Тағы да нан тастадым. Олар кезек-кезек балапандарын қоректендірді. Сөйтіп олармен «достасып» алдым, — деді құле.

— Маржан жалғызырап қалды ма, соған барайық?
— деді Бәтес.

— Маржан ақ жарқын, ашық мінезді қыз екен. Айтқан әзілдері де жарасымды, — деді Айбар ақырын Бәтестің қолын ұстап. Бұл жолы Бәтес қолын өзіне тартпады, қайта Айбардың алақанына алақанын жақындалты.

— Айбар сен сыйлаған гүлден керемет нәрсе жасап екеуіне сыйға тартсам, — деп едім. Қане көздерінді жұмындар. Міне, былай жүріндер, енді тоқтандар. Көздерінді ашындар. «Бәтес + Айбар=Махаббат!» деп гүлмен жазылған жазуды оқыда Бәтес:

— Ой, — деп алақанымен бетін баса қалды. Беті дуылдап, Айбарға қарай алар емес. Айбар да не айтарын білмей, Маржан мен Бәтеске жалтақтады.

— Керемет емес пе, болды ұялмай-ақ койындар. Балалар мектеп пен интернаттың қабырғасына да сызғылап жазып кетеді ғой, — деді.

— Ой, Маржан ұят болды, — деп Бәтес ақырын бұрылыш барып, көзінің қызығымен қарады.

Айбар Маржанды құшақтап, Бәтестің қасына келді де оны да құшағына алып:

— Қыздар, жүрек түкпіріндегі нәзік сезім бойыма куаныш шуағын шашқандай болды-ау, — деді.

Кос құрбыны бұлак басына дейін шығарып салды. Айбар Маржан гүлмен жазған жазудың қасына келіп, әлсін-әлі оқып, бойын қуаныш сезімі биледі. Айналышқтап біраз жүрді. Оның көл жағасына ұзак аялдағынын қыздар да алыстан байқап:

— Айбар кетер емес. Сірә гүл дестемен жазылған жазу қатты ұнаған сияқты, — деді Маржан Бәтеске құлімсірей қарап.

— Ұят болды ғой, не істерімді білмей қалдым. Өткенде оныңшы кластың қызы мен жігіті туралы біздің интернаттың қабырғасына жазылған жазуға бәріміз күліп едік. Енді сол білместігіме ұялып тұрғаным.

— Бәтес, несіне күйгелектейсің. Гүл дестемен жазылған махаббат сөзі көл жағасында. Оны ешкім барып оқымайды ғой.

— Ол жазу қанша күнге дейін сақталады. Боран ұшырып, немесе мал жеп көсетер, — деді Бәтес.

— Қайдағы мал, анау балаларды көрдің бе? Өзен жағасында балық аулап отырған ана кісінің балалары. Үйлері әне, тас жолдың жағасында. Өздері 5–6 бала. Орталарындағы үлкені, толық қара бала аты – Әділ. Әкпесі Гүлсара өткен жылды мектеп бітірген, қазір КазГУ-дің студенті. Өзеннің арғы қабағындағы көпірге жақын тұрған үй де солардікі. Мәрия деген әкпесі бар, көлге жиі келеді. Үшінші әкпесі Клара. Өжек ағайдың үйінде тұратын Заманбек Нұрқаділовпен бір класта оқиды. Көпірдің жанындағы үйлерінде туыстарының 5–6 қызы жүреді. Балаларының бәрі жақсы оқиды. Естуімше балық аулаған кісінің есімі Шолпанбай. Екіншісі Тұрсын. Өзі осы ауылдағы белсенді кісінің бірі. Екеуі де соғысқа қатысқан. Балаларын бір-бірінен ажырата алмайсың. Қайсы үйден шығып жатқанын да білмейсің. Балалары аралас-құралас өсуде. Гүл өрім жасап жазған жазуымызды оқыса осы балаларғана оқиды. Жаздай бұл маңға адам аяқтарын баспайды.

Олар ала жаздай көл жағасындағы сазды қориды. Күзде шөбін шауып алады. Оғанға дейін жазуды қалың шөп басып кетеді. Алаң болма, – деді Маржан.

Қыздар да киноға жинала бастапты. Қос құрбы да олармен ілесе клубқа келді. Киноға келгендер арасында кластас балалар да бар екен.

– Біздің бойжеткендер келіп қалыпты ғой. Фрайрларың қайда? Жоқ болғаны жақсы, балалардың да іштері пысып қалды. Тауда қарағайдан басқа не көресің? Ертең қайта кетеміз, – деді еті тірі, пысықтау келген Еркін.

– Шаршап-шалдыққаның өңінен байқалмайды. Бұрынғыдан да зар жақ болып кеткенсің бе?, – деді қыздардың бірі. Бәрі күлді.

– Ондай пысықтығың бар, «Фраир, Фраир» дегенше қыздарға киноға билет ала қойшы, жомарттығыңды айта жүрейік, – деді екінші қыз да Еркіннің қытығына тиे.

– Ауғанбай ағай жұмысымызды көріп кетті. Қожай ағай нағыз мерген. Тура кинодағыдай атқан жеріне дәл тигізеді. Өжек аға жыланнан қорқады екен. Таудай адамның қорыққаны қызық. Бір құрдастары өлген жыланды көрсетіп еді. Тауға шығып кетті.

– Жаманқатты сенің қорықпағаның. Біздің арамызда батырсынып тұрғанын, – деді қыздардың бірі оның сөзін бөліп.

– Жо...ға, Жұмаш, Сәкен, Манат, Рәсіпбай, Әбдібек ағайлардың өмірі рахат. Дүкен ұстайтын Күшән тәтейден қызыл арақ алып, тауға апарады. Қарағайдың етегі қаптаған малшылар. Бізге жұмыстарды тапсырады да қойшыларға қонаққа кетеді. Ет-қымызға қарық боламыз. Шөп қалың, қарағайдың арасына барып біз де ұйықтап аламыз. Ол жерде тек қыздар жоқ...

– Қарның ток, қайғың жоқ жұмакта жатыр екенсін.

– Қыздарды аңсап, екі көзің төрт болғаны обал-ак! Бәрі күлді.

— Сендер үшін жан пида, қарағайдың бұтағын шапқаннан қын болып па, қане жігіттер қыздарға жол берейік, — деп Серәлі есімді жігіт, оларды алға жіберді. Еркін жылдамдата қатар-қатар қойылған скамейка орындықтардың ортасын ойып орын алды да келгендерге: «екі скамейка орындық та занять» деді. Қыздар жігіттерге рахметтерін айтып, Еркін алған орынға жайғасты. Кино да басталды. Залдағы у-шу басылып, бәрінің назары экранға ауған.

Бәтес бүтінгі күнгі көл жағасында алған әсерінен арылар емес. Әсіресе Маржанның ғұлдестемен әдейілеп жазған жазуы көз алдында. Ол тағы да қиял құшағына берілді. Айбар құшағына алып өзіне қыса тартқаны, қолымен алақанын аймалап, саусақтарын қысқаны әсіресе аққуға жақындағанда Айбардың қолтығына қалай кіріп кеткенін, мандайы маңдайына тигенде бойын ерекше бір сезім билегенін есіне алды.

— Не болды, — деп құлағына сыйыр ете тұскен Маржанды қатты қыса құшақтап отырғанын бірақ білді. Жанындағы қыздар сезіп қойды ма деп жан-жағына ұрлана қарады.

Кино бітісімен оларды балалар интернатқа дейін шығарып салды.

— Қыздар біраз серуен демейміз бе? Әлі ерте ғой, — деді балалардың бірі.

— Тәтейіміз ұрсады, қараңғыға қалсак.

— Ол кісіні бізге жіберіндер, қазір келеміз, — деген екі жігіт интернатқа кіріп кетті. Біраз уақыттан кейін тәрбиешімен бірге сыртқа шыққан екеуі жымың-жымың етеді.

— Қыздар, кешкі сағат оннан кешікпендер. Қайда барасындар?

— Ой, тәтей, қайда барушы едік. Мектептің ауласында, боламыз да, — деді балалардың бірі.

Олар шуылдаса мектептің спорт алаңында қуаласпақ ойнады да, ауыл шетіне шықты. Күнде ұясына батып ай-

нала қара-көленкелене бастады. Сары таудан ай шапағы көрініп, дөңгелене туған айдың нұры төнеректі сүттей жарық жасады.

- Қыздар ақ сүйек ойнайық, – деді балалар шу етіп.
- Ойнасақ, ойнайық, ақ сүйек жоқ қой.
- Қазір қыздар, – деп ортада тұрған бала қалтасынан аппақ орамалын алғып, жерден ұзыншақ тас алды да орамалға байлап:
- Міне, ақ сүйектен бір кем емес, – деді.
- Эй, Жомартым-ай, Жомарт десе жомартсың. Қызың сыйлаған орамалды да аямадың-ау, – деді Еркін тағы да сөзге ілігіп.
- Осы қыршаңқы мінезің ғой, сенен қыздардың аулак жүретіні, – деп Серікжан сөзге араласты.
- Жаныңның аши қалғаны, ертең бәріміз Жомартқа бір-бір орамал сыйлаймыз. Онда қайтесің?
- Не деуші еді. «Сыртың күйсе мұз жала, ішің күйсе тұз жала», – деп бәрі ду күлді.
- Ал, қыздар екіге бөлінейік, ойынды бастайық, – деді Жомарт.

Қолындағы ақ сүйегін құлаштай лақтырды да:

– Іздендер, – деп алға жүгірді. Бәрі ақ сүйекті іздеді. Бәтес олардың соңынан жүгіріп, жан-жағына зер сала қарап келеді. Кенет ақ сүйек шұңқырлау жерде жатыр, алдындағылар байқамай қалыпты. Ол таба алмаған сыңай танытып жан-жағына карады да ақ сүйекті ала салып:

- Таптым, деп айқай салды да сөреге қарай жүгірді. Ұзап кеткен балалар оған жете алмай қалды.

Осылай ойын қызығына берілген оларды Маржан тоқтатты.

- Сағат оннан кетіп қалды, бізге ұрсады. Қыздар кеттік,
- деді ол.

Балалардың тағы ойнай түсейік дегендеріне көнбей олар интернатқа келгенде тәрбиеші сыртта жүр екен.

– Сағат он бір болды, қайда жүрсіндер?

– Тәтей ақ сүйек ойнап, кешігіп қалдық кешіріңіз, – деген қыздарға сұсты қараған ол «кіріндер» деген белгі берді.

Қыздардың өндірістік практикасы да бітуге таяу. Түске қарай почтаға кеткен Маржан қасындағыларға сездірмей Бәтесті ымдал өзіне шақырды.

– Айбарға кездестім. Ауылының газет-журналын алуға келіпті.

– Қалайша?

– Почта тасушы Абай деген ата ауырып қалып, газет-журналды ала кел деген еken, – деді де сөзін одан әрі жалғастырды. – Кешкісін сағат 5-тер шамасында ауылдың шетіндегі қатар төбеде сені күтетін болды.

– Немене? Мені күтеме, жалғыз қалай барам? – деген Бәтестің көзі шарасынан шығып кете жаздады.

– Қорықпа, сені жеп қоймайды. Екеуміз аурухана жаққа барғансып, ары қатар төбеге бірге барамыз.

– Сөйтсеңші.

– Айбарды жаңа көрген жоқсың ғой. Бір-біріңе үйреніп те қалдындар.

Әлі-ақ маған айтпай-ақ кездесуге өзің баратын боласың,
– деді Маржан

Олар аурухана жақтағы қатар төбеге келгенде Айбар да екінші төбенің басында тұр еken. Үшеуі төбе басынан айналаға қызықтай қарады.

– Ана бір төбелер ерекше үлкен көрінеді ғой, – деді Бәтес.

– Ол төбені Қараштың, алдымызда тұрған Жуантөбе, анау алыстағы,

Ақтасты жақта көрініп тұрған Құмтекейдің төбесі дейді. Әрқайсысының өзіндік тарихы бар еken. Анау жал-жал болып созылып жатқан Құмтекей, астында қала бар дейді білетіндер, – деді Айбар естігенін қыздарға айтып.

Әңгіме қызығына беріліп тұрғанда Маржан оларды оңаша қалтырып, төмен түсіп кетті.

– Екі жыл осында оқып, қатар төбеге келіп тұрғаным осы. Тарихы бай, керемет жер екен.

– Иә, Бәтес жүр ана төбеге барайық. Хантәңірін көресің, – деді.

Айбар Бәтестің қолынан алып, екінші төбеге көтерілді.

– Қандай тамаша көрініс. Бәтес қараши күннің қызыл шапағы

Хантәңірінің басына түсіпті. Аржағындағы мен мұндалаған қыз өмшек шыны да күннің қызыл нұрына бөленіпті, – деді Айбар қолымен алыстан көрінген Хантәңірін нұсқап.

– Әдемі көрінеді екен. Аржағындағы қос шынды неге солай атады екен.

– Ол жағын білмедім. Осы жақтың тұрғындары солай атайды.

Біреулердің айтысына қарағанда, «шалқасынан жатқан қыздың қос анарына ұқсайтындықтан, атайды» дейді. Солай болса солай шығар. Қай жағынан қарасаң да қызға тән сұлу мүсінді көресің. Тәкаппар Хантәңірінің көркіне көрік беріп тұр емес пе?

– Иә.

Екеуі құшақтасып төбе басында біраз тұрды. Хантәңірен кейін әңгімелері де таусылып қалғандай үнсіз. Бастарын түйістіріп екеуі іштей сезімге берілген. Айбар ақырын еңкейіп, ернін жақыннатқанда қыздың демі бойын шарпып өткендей болды. Бәтес басын тартып, қолымен Айбардың бетін ақырын итерді.

– Айбар үят болады. Біреулер көріп қалса сөзге қаламыз. Маржан қайда кеткен деп артына қарады. Көрінбейді.

– Бәтес, кішкене тұра тұрайықшы. Мынадай әдемі кешті қайтып қыып кетеміз.

– Болмайды Айбар, әлі кездесеміз ғой. Осы аптаның аяғында практикамыз бітеді. Ауылға барам. Ағам келіп алып кетеді.

– Бір-бірімізді сағынатын болдық қой?

– Неге олай дейсің. Элі уақыт бар ғой.

– Апта соңында жолығайықшы? Тура осы жерде жарай ма? Қыз үнсіз басын изеді. Екеуі ауылға жақындағанда оларды Маржан күтіп алды. Бірін-бірі қимай айырылысқан оларға Маржан:

– Таң атқанша сырласуға уақыт жетпейді, – деп Айбармен қош айттысқан олар интернатқа келді.

Үйге қайтатын күн жақындаған сайын қыздар да онымұныларын жинастырып, әзірлене бастады. Интернат пен мектептің жеңіл жөндеу жұмыстары да аяқталуға жақын. Айбар Бәтеске жолығудың ретін таптай мектеп пен интернаттың арасынан ары-бері екі-үш рет өтті. Қыздардан да ешкім көрінбеді. Бәтесті алыстан бірден таныды. Ақырын басып солай қарай жүрді. Он қадамдай қалғанды:

– Бәтес, – деді жайлап.

Артына қараған ол:

– Айбар! Қайдан жүрсің? – деп сасып қалды.

Жымиып қасына келген Айбар:

– Кешірші жаным, бүгін кешкісін уәделі жерімізде кездесейік. Ертең ауылыңа қайтасың ғой.

«Жаным» деген жігіт сөзі біртүрлі өзіне өте жақын адамы айттып тұрғаны қыздың жүрегін баурап кетті. Ол үнсіз. Жігітке сүйсіне қарады.

– Жарайды, – деген бірауыз сөз айтты да қайта бұрылып, интернатқа бірнәрсесін ұмытқандай асығыс жүріп кетті. Өнді шырайланып, қуанышты хабарын Маржанға жеткізді.

– Маржан, екеуіміз өткен жолғыдай қыздарға білдіртпей Айбармен кездесіп келейік, – деді ол.

- Жо...жоқ Бәтес сені шақырды ғой. Бір амалын тауып, барып кел.
- Түсінші мені, олай ете алмаймын. Қасымда сен болсаң ғана барам.
- Жігіт алдында дәрменсізбін де. Жарайды. Бірақ бір шартым бар.
- Айбармен кездескеннен кейін, мен қайтамын.
- Неге олай дейсің?
- Ғашық отына жанған сен. Жолды таба білуің керек. Жарайды бара көрерміз.
- Мейлің.
- Үәделі уақытта жұптары жазылмаған екеуі қатар төбеле қарай бет алды. Тағатсыздана күткен Айбар да олардың алдынан шықты. Үшеуі бір-бірімен көптен көрмеген жандай құшақтаса амандасты.
- Айбар, қатты сағындың білем. Бұдан былай мені ара-ластырмай-ақ кездесе берулеріне болады. Арапарында ма-хабbat романы басталды ма?, – деп Маржан оған әзілдей күлді.
- Ой, Маржан-ай. Әзілің қалмайды-ау, – деді Бәтес те.
- Сол романның басты кейіпкерлерінің бірі өзіңсің Маржан.
- Махабbat романының басты әрі жағымды кейіпкери болып, кітапқа жазылсақ, ғашық жандардың қолынан түспейміз ғой. Солай емес пе Бәтес. Бәтес күліп басын изеді де:
- Хат жазып жүрген, жақсы көретін әскердегі ағаң да осы жазда келіп қалар.
- Солай ма Маржан? міне, керемет! Нағыз махабbat. Сағыныш махаббаты.
- Олай деме ауылдағы бір апаның жалғыз баласына хат жазып беремін.
- Бәтестің айтқаны сол ағамыз. Арамызда махабbat туралы сөз болған жоқ.

– Болмаса енді болады. Суретін кітаптың арасына салып қойып, қарап жүретінің ше, қыздар «жігітің бе?» десе жоқ «ағам» деп қояды. Нағыз құпия махабbat.

Екеуін одаша қалдырған Маржанның жүргегінде де сағыныш сезімі пайда болды. Жетінші класта оқып жүргенде ауылның бас жағында тұратын бір апаның жалғыз ұлы әскерлік борышын өтеуге армияға шақырылған-ды. Бірде мектеп жанында класс жетекшісі Маржанға бір жұмыстар айтып, тапсырма беріп тұрғанда, қарт ана келіп:

– Қарақтарым, баламнан хат келіпті, оқып берсендер, – деп мұғалімге хатты ұстартты.

– Маржан, апаңа баласының хатын оқып берші, – деді класс жетекшісі.

Маржан хатты ашып судырлата оқып шықты.

– Рахмет қарағым. Балама хат жазып берсөң, – деп тағы мұғалімге қарады.

– Маржан, бұдан кейін апаңның баласына хат жазуына көмектісіп тұр.

Апа осы қызыңыз сізге хат жазып беріп тұрады, – деді.

Ару ана қуанып алғысын жаудырды. Маржанды үйіне ертіп келді. Екеуі отырып хат жазды. Апасының айтқанын қағазға түсірген ол, асықпай маржандай етіп қайта жазды, Арасында өзінің сөзін де қосып қойды. Осыдан былай баласынан хат келсе болды Маржанға баратын болды. Бірде «хатты Маржан қызым жазып береді» деген сөзді де қосып жіберді. Осыдан кейін хатта оның да аты аталып, солдаттың «рахметі» де жазылады. Келе-келе Маржанның өзіне де арналған хат келе бастады. Маржан да апасының оны сағынғанын, суретін салуын өтінгенін жазып жіберді. Көп ұзамай солдат формасында түскен жігіттің екі тал суреті хатпен келді. Екінші суреттің артына «Жанымнан артық көретін, қарындасым Маржанға солдаттық өмірден

естелік. Қайсар» деп жазылыпты. Содан бері Қайсардан хат та жиі келеді. Оның хаттарын Бәтеске де оқытатын. Әр келген хаттарын чемоданына жинақтап, сақтап жүр. Бәтестің жаңағы әзіл сөзі сағынышына сағыныш қосқандай болды. Соңғы хатында жақын арада әскерлік борышын өтеп ауылға қайтатынын айтып, апасын қуантуды өтініпті. Әрі жазған хаты сағынышқа, сырға толы. Маржан да хат жазудан шебер болып алды.

Өзімен-өзі ой құшағында болған ол біраз жер олардан ұзап кетіпті. Екеуіне қарады. Қасында солдат формасын киген Қайсар тұрғандай көз алдына елестетті. Тағы да Қайсарға деген сағыныш сезімі оянды. «Тез келсе екен» деп күбір етті. Екеуіне сүйсіне қарады. Құшақтарын жазбаған олар төбені айналып көрінбей кетті. Қыз басын жігіттің қеудесіне қойып, үнсіз қалған. Жігіт те құшағына алған сүйіктісінің қыпша белінен өзіне тартып, көзін жұмды. Бір сәт екеуі де тілсіз қалды. Тыныштықты бұзғылары келмеген екеуінің ыстық алақандары ғашықтық сезімдеріне қуат беріп тұрғандай. Жігіт қыз денесін сипап, қос бұрымын қоса мойнынан айқара құшақтады. Қыз бойын балқытып жіберді. Ол әрен дегенде басын төмен салып, жігітті ақырын кері итерді.

— Айбар...р...р, болмайды. Шыдашы жаным, — деген сөзді қалай айтқанын да білмеді.

— Жігіт қеудесіндегі қыз қолын ақырын төмен түсіріп, қайта аймалай бастады. Қыпша белінен өзіне тарта құшақтаған жігіттің ерні тамағына тигенде қыздың денесі дір ете түсті.

— Койши, өтінем, қойши, — деп тұла бойы балқыған Бәтес жігітті райынан әрен қайтарады.

— Қайтуымыз керек, кеш болып барады, бізді іздеп қалады, — деген Бәтес қыпша белінен қысып ұстаған Айбарды құшақтай ауылға бет алды. Маржан көрінбейді ауылдың шетінде де жоқ. «Шынымен кетіп қалғаны ма

әлде бағанағы өзілді көңіліне алып қалды ма» деген ой мазасын ала бастады. Бәтес қашан жолығамыз, сені қатты сағынатын болдым ? – деді Айбар.

– Білмеймін?

– Ауылыңа іздеп барамын.

– Мейлің.

Қатар төбелер артта қалып, ауылға кіргендеде Бәтес те Айбармен қош айттысты, интернатқа асығыс келе жатқан Бәтестің алдынан Маржан шықты.

– Ой, сені ренжітіп алдым ба деп қатты алаң болдым,
– деген Бәтес оны құшақтай алды.

– Жоға, несіне ренжиін, кайта сенің айтқаның жақсы болды. Іште тынып жүрген сағынышым сыртқа шығып, женілдеп қалдым. Өзің тым көнілдісің ғой. Бәтес басын изей берді.

Өндірістік практикаларын аяқтаған қыздар да ауылдарына жинала бастады. Олар интернат заттарын өткізіп, абыр-сабыр болуда.

– Бәтес, Бәтес қайдасың? Женғен келді – деді сырттан қыздардың бірі дауыстай. Сыртқа жүгіріп шыққан Бәтес аға-женгесін кезек-кезек құшақтап, бетерінен сүйді.Сағынып қалғанын айтып, бөлмеден заттарын алып шықты.Қыздармен де құшақтасып, бірін-бірі сүйіп қоштасты.

– Ал, Бәтес, жолың болсын, бір – бірімізді сағынатын болдық, жиі хат жазып тұр, жарай ма?

– Міндетті тұрде, Маржан. Ағаңа менен сәлем айттарсың, – деді құлағына сыйырлап.

– Әй сен де қоймадың ғой. Айтамын, айтамын, бәрін хатқа жазамын, – деді Маржан күліп.

Айбар, Бәтеспен қалай жолығып, қоштасарын білмей алыстан қарап тұрды. Бәтес машина қорабына отырғандаған бір көріп қалайын дегендег машинаға жақындалды. Сыртынан қараған Бәтестің көзіне Айбар оттай басылды.

– Ақылдас, әңгіме айтсаншы, ауылдан шыққалы тіс жармадың ғой, – деді жеңгесі құшақтап.

– Не айтам, апам мен атамды ойлап келемін. Қазір не істеп жатыр екен?

– Екеуі қызық, жоқтан өзгеге ренжісіп қалады да, қайта шүйіркелесіп кетеді. Ұзақты күні екеуінің әңгімесі мен қызық мінездеріне қарап уақыттың қалай өткенін байқамай қаламын. «Бәтес ананы бүйтуші еді, мынаны былай істейтін» деп аузынан бір тастамайды. «Қарның аштыма, шай қояйын, Бақытжан шаршап келеді ғой, ертемен ас әзірлейміз бе?» деп менің де асты-үстіме түседі. Қабағың шытылса, «бір жерің ауырып тұрған жоқ па жатып демалып алсаншы, өзім-ақ тындырамын» деп бәйек болады. Апасының қылықтарын жеңгесі айтқанда Бәтес пен Бақытжан мәз болып күлді.

– Ерте тұрып алып, «Бәтесжанымды алып келеміз, – деп едіңдер қашан барасындар екі көзі төрт болып, күтіп жүрген шығар. Ертерек қымылдасандаршы», деп біз жолға шыққанша әбігер болды, – деді Бақытжан күле.

Ауылға кірген автомашинаны көрген Бәтестің апасы да алдынан шықты. Екі көзі машина кабинасында. Бәтесті іздейді, тежегішті басып, машинаны тоқтатқаны сол еді Бәтес те, жерге секіріп түсіп, апасын құшақтай алды.

– Жаным менің, ботақаным, – деп көзін де бір сығып алды.

Дастархан басы көңілді. Үйге де бір жылдық келгендей бәрі мәз болып шәй ішті.

– Келін екеуің көрші ауылдағы дүкеннен аны-пұнны алып келсөндер, тойға әзірленейік. Сені күттік. Келесі аптада ауыл тұрғындарына, той жасайық, айналайындар, – деді Жәмиланың енесі ағынан ақтарылып. Олар тойға әзірлік жайлы ақылдасып, шақыратын адамдарын да белгіледі. Тойға Алматыдағы Бақытжанның досы Сергей де шақырылды.

Үй тіршілігі женгесі екеуінен артылар емес. Апасы олардың қымылы мен жарқылдай күлгендеріне мәз болып жүргені. Той қамының жұмыстары да ретке келді. Ертеңгісін апасы жеті шелпек пісіріп, құран оқытты.

— Бақытжан, бәріміз келіннің басына барып қайтайық, — деді апасы.

Жылда Бәтестің анасының басына шалы екеуі барып, құран бағыштайдын. Олар бейіт басына келіп, топырақ алды. Атасы құран оқыды. Апасы дауыс шығарып жылап алды. Апасын құшақтаған Бәтес те жылағаннан көзі қызыарып кетті. Келіні Жәмиланың да көңілі босап, Бәтесті құшақтап, бетінен сүйді. Апасы болса қабірде жатқан Бәтестің анасымен өзінше сөйлесіп жүр.

— Артындағы жалғыз тұяғың Бәтес жаным өсті. Сені жоқтатпай шамамның келгенінше қамқор болдым. Қайтеміз, бәрі құдайдың қолында әруағың риза болсын, — деп тағы да көз жасына ерік берді.

Баласы мен келінің соғыс алдында түскен суретін суретшіге үлкейтуге беріп, ақшасын артығымен төлегеннен бе, бір айдан кейін бірнеше данаға көбейтіп рамаға салынған үлкен суретін алып келіпті. Қуанған шал-кемпір кетерінде бір тоқтысын мәшинесіне басып беріп, раҳметтерін айтты. Суретті төргі бөлменің ортасына іліп, жиегін кестеленген шашақты орамалмен көмкеріп қойды. Кей уақытта қарияның кемпірі тілсіз өзіне қараған келіні мен баласының суретімен де сөйлесіп қоятын. Бірде Жәмила төргі бөлмеде біреудің сөйлеп отырған даусын естіп «кім келді екен» деп тандағанда суретке қарап, сөйлей тұрған енесін көрді.

— Сендерді сағына біз де қартайдық. Қайда жатқаныңды да білмеймін балам. Бәтесіңнің жүзін де көрмедин. Алтын асықтай келінімнің де өмірі қысқа болды-ау. Бәтесің өсті, құдай қаласа алдағы жылы окуын бітіреді. Алматыға барып окуын жалғастырмак. Әруақтарың қорғап, қолдасын. Бақытжанымның артынан ерген Бәтесімнің амандығын

тілеймін. Жәмила келінім түскелі үйімізге де береке кірді. Құдайым бір жаман нәресте силаса екен деймін, – деген сөзін анық естіді.

Енесінің сөзін үнсіз тындаған Жәмила аяғының сыйбырын білдірмей тысқа шығып кетті. Ана сөзі жүрегін елжіретіп жіберді. Енесінің көңілін қайтып табамын деген ол айтқанын әп-сәтте орындалап, асты-үстіне түсетін болды. Мұндайда ару ана «құдайдың мұнысына да мың рахмет, екі келінім де аттаған босағасына құт береке өкелді. Осыны да көп көре бермесе болды», – деп өзімен-өзі кубірлейтін.

– Ақылдас шашынды әдемілеп өріп берейінші, – деді

Женгесі Бәтестің тізесіне дейін өскен, қалың қара шашын сипап.

– Қойшы жеңеше кішкене кезімде апам екі тізесінің арасына басымды қысып алып шашымды әдемілеп өріп беруші еді. Мен титтей ауырса жылайтынмын – деп күлді.

– Енді өстің ғой, қане айна алдына отыра қал, әдемілеп өрейін.

– Ақылдас-ау, мына тоқпақтай қос бұрым, қыпша бел, әдемі мұсінді қызды жігіттер қалай көрмей жүр. Элде менен жасырған құпияң барма? – деген женгесінің әзіліне беті ду ете қалды.

– Байқа, жылтырақтың бәрі әдемі емес. Біреудің қармағына түсіп қалма?

– Сіз барсыз ғой, сырымды жасырмай айтатын.

– Олай болса құлағым сенде, есікті жауып келейін, апам естіп қойса ұят болар, – деген женгесі, сыртқа көз жүгіртіп қайта келді. Бәтестің әдемі өрілген шашынан сипады.

– Женеше мына кітаптағы жазуды оқышы, – деді.

– О, «Мәлдір маҳаббат» жастардың қолынан түспейтін кітап, – деп ол мұқабаның бірінші бетіндегі жазуды оқыды.

- Айбар, Айбар қай ауылдың жігіті?
- Алматы жақтан. Ақтасты, Курайлы деген ауылда мал дәрігері. Техникумды бітіріп, жолдамамен келіпті.
- Бәсе, сен қызда бір құпия бар сияқты еді. Өзінді-өзің ұстағашық болу осы екен деп сезімге бой алдырып алма, алданып қалма. Қанша айтқанымен қаланың жігіті ғой, – деді женгесі де ойлы жүзбен Бәтеске қарап:
- Танысқандарыңа көп болды ма?
- Жоқ, осыдан бір ай бұрын, тауға гүл теруге барғанда көл жағасында таныстық.
- Сөз айтып, көңілін білдірді ме?
- Ол жағын қозғаған жоқ. Мені сүйеттіні, ғашық екенін, көңілі арқылы білдірді. Өзім де ұнатып қалдым. Алғаш топ қыздардың арасынан маған гүл ұсынды, кітап пен қымбат иіс суын сыйлады. Осыдан былай екі-үш күнде бір кездесіп жүрдік. Откен жолы біз машинаға отырғанда ол да келді, бізге қолын бұлғады. Сіздер байқаған жоқсыздар.
- Ол қалай да сені іздең келеді. Маған көрсетші?
- Жарайды жеңеше, сынаң берерсіз, – деді өзімсіне.
- Айбар екі-үш күннен кейін жоқ іздең адам болып Бәтестің ауылына келді. Атын тебініп бұлкіл жүріспен, қыз үйінің қасынан өтті. Сыртта қарт адамдар ғана жүрді. Ол ауылдан ұзап барып, тауға қарай жүрді де ат басын қайта ауылға бұрды. Бәтесті қоре алмады. Атын шалдырып, алыстан бақылады. Қара жолды шандатып ағасының машинасы келеді. Кабинадан түскен екеудің бірі басына ақ жаулықты орамал салған, екіншісі жалаң бас. Ол Бәтесті бірден таныды. Қалай жолықпақ. Машина ұзақ тұрмады, жүріп кетті. Айбар іштей қуанды. Мал да өрістен қайта бастады. Бәтес, сауын сиырлардың алдынан шықты. Атын тебіне жақындей:
- Бәтес, – деді.
- Ол да жалт қарады. Біреу көріп тұрма дегендегі жалтақтай ауыл жаққа көз салды.

- Жайша жұрсің бе? – деп мойын бұрмастан тіл қатты.
- Сені сағынып кеттім, бір көрейін деп...
- Осы аптаның аяғында ағамның тойы сонда жолығайық,
- деген, ол шыбығымен сиырды қақпалай үйге айдап келді. Айбар да бір табын сиырдың ішінен жок іздеген болып, атының басын кері бұрды.
- Анау аттылы неғып жүрген жан? – деді апасы.
- Жоқ іздең жүрген біреу ғой, танымаймын, малшы болуы керек.
- Осы күнгі малшылар жалқау болды ғой. Алдындағы малына да жөндеп қарамайды. Аяқты мал тұрсын ба кетті де бір жаққа? – деп аласы да «Жоқ іздеген» жігіттің атына біраз сөздер айтты. Бәтес болса, мырс-мырс құліп, үйге кірді.
- Женеше, сіз көргіңіз келген жігіт келіп кетті.
- Калай, жылдам кеткені ме?
- Ия, женеше, сиырлардың алдынан шықсам, артымнан бір аттылы жігіт келіп есімімді атады. Артыма бұрылсам Айбар, ауыл жаққа көз салсам апам сыртта мен жаққа қарайлап тұр, білмегенсіп екеуіміз тез сөйлестік. Тойда кездесетін болдық. Сонда көресің: Апам да қызық, «анау аттылы адам неғып жүр», – дейді. Жоқ іздең жүр десем «әзіргінің малшысы жалқау, алдындағы малына ие бола алмайды» деп Айбарды сырттай сөгіп тастады, – деді. Екеуі қосыла құлді.
- Эне-міне дегенше той әбігерімен жүрген олар уақыттың қалай өткенін де білмей қалды. Күндіз ауылдың үлкендерін шақырып ақ батасын алды. Кешке қарай Бақытжан мен Жәмиланың сыйласатын құрбы – құрдастары келді. Үй қасына тоқтаған автомашинадан кішкене қызды ертіп, орыс әйел түсті.
- Ассалаумагалейкүм, қария аман-есенсіздер ме? Келін құтты болсын – деп, Сергей қорапқа салынған затты алып.

— О, орыс тамырдың баласы келіпті, — деген қария Сергеймен қос қолдасып амандасты.

— Айналайындар, тойға келдіңдер ме? — деп қарт ана жігітті құшақтады.

— Апа, Наташа деген келініңіз, қызыым Светлана, танысып қойыңыз.

Наташа да сыпайы сәлем берді.

Осы кезде сыртқа шыққан Бақытжан Сергеймен төс қағыстырып амандасты.

— Жәмила, Сергей келді. Жолдасымен, — деп дауыстады. Жәмила да көп күттірмеді, артынан Бәтес те көрінді.

— Жарайсың Бақытжан, — деп Сергей Жәмиланың өн бойына көз жүгірте қарады да:

— Наташа Бақытжанның невестасы, танысып қой, — деп Жәмиланы қолтығынан алып, Наташаның қасына келді. Үйдегілердің бәрі сыртқа шығыпты.

— Наташа, қызыым Светлана.

— Жәмила, Ақылдасым Бәтес.

— Бәтес, — сіз туралы Сергей мен Бақытжаннан көп естідім. Красавица, әдемі екенсіз, — деді Бәтестің қолын алған Наташа. Сергей әкелген заттарын ашып,

— Апа мынау сізге, мынау қарияға.

— Наташа қалыңдықтың сыйлығын тапсыр, — деді Сергей.

— Куда торопишия, сейчас, — деген Наташа әдемі көйлекті алып, Жәмиланың қолына ұстатты, да:

— Это тебя Бәтес, — деп оған да сондай үлгідегі көйлекті берді.

Бәрі риза болып үйге кірді.

— Апа, Наташа келініңізге қазақша сөйлей беріңіз, бәрін түсінеді. Келесі жылы келгенде таза қазақша сөйлейтін болады, — деді ару ананы құшактаған Сергей.

Тойдың қызған шағында, сыртқа шыққан Бәтеске машина жақтан біреу есімін атады. Даусынан таныған ол со-лай қарай жүрді.

– Айбар!

– Жаным, әбден күттірдің ғой, – деген Айбар бетінен шөп еткізіп сүйіп алды. Мұндайды күтпеген Бәтес «ой» деп Айбардың ерні тиген бетін баса қалды. Екеуі де үнсіз.

– Қазір келем деп асығыс үйге кірген Бәтес женгесіне қарады. Ол еш нәрсені байқар емес. Қонақтар да көңілденіп, ән айта бастады. Жәмила мен Наташа қызу әңгімеге кірісіп, мәз болып күледі. Сергей біраз сілтеп алған сияқты. Колындағы стаканын көтеріп, қонақтармен соғыстырып, «Достар үшін», деп қояды.

Есік жақта тұрған Бәтесті байқаған Жәмила қыздың ымын түсіне қойды. Наташаға «қазір» деген женгесі Айбардың келгенін айтқызыбайқақ білді. Екеуі тысқа шықты да үйдің артына барды. Айбар сасып қалды.

– Айбар, женешем ғой, сені көргісі келеді.

– Кешіріңіз, сізben бұлай танысада деп ойламаппын. Ыңғайсыз жағдайда қалғаным, – деп жан – жағын қармана берді.

– Оқасы жоқ.. Ақылдас алысқа ұзама. Апам іздең қалады. Мен дауыстап есімінді атағанда тез келетін бол, – деді женгесі.

Жәмила оларды жеке қалдырғанды жөн көрді. Сыртта тұрған Наташа Жәмиланы көре сала.

– Куда ты ушла, – деп екеуі қайта үйге кірді. Екінші бөлмеде пысылдал ұйықтап жатқан қызы Светлана-ны көрпесімен қымтап жапты да, стол басына келді. Той қонақтары кезек-кезек тост көтеріп, басқарушы тамаданы да тындаудан қалды. Олар сыртқа демалуға шықты. Екі-үш келіншек столды жинастырып, екінші отырыстың дастарханын да жасап жіберді. Бәтестің бар жоғы ешкімнің қаперіне де кірмеді. Үзіліс бітіп, екінші рет дастарханға отырғанда ғана апасы:

– Келін, Бәтес көрінбейді ғой.

– Осында жүр апа, қыздармен сыртқа шығып кеткен болар, – деді де үй артына барды да «Бәтес»деді. Ар жақтан «Әу» деген дауыс естілді.

– Үйге қайтатын уақыт болды, – деді.

Екеуінің тәтті қиялы мен кездесуі аяқ асты үзілді.

– Келесі сенбіде Шәлкөде жайлауында аудан малшыларының фестивалі өтеді. Соған барамыз, – деді Бәтес. Айбар қызды белінен құшақтады да байқатпай екінші бетінен де шөп еткізіп сүйіп алды.

– Ой, Айбар қойшы ұят емес пе? Апам келіп қалады, – деп ол жігіттің құшағынан сыйылышты.

– Шәлкөде жайлауында кездесейік, – деді Айбар ақырын ғана. Соңына бұрылмастан үйге кірген Бәтес:

– Жайшылыш па жеңеше, әлде көмек керек пе?

– Жо...ға апам сұрады.

Апасы келіп Бәтесті «құлыным менің» деп бетінен алма – кезек сүйді. Бәтестің сасқаны сонша мандайынан шыпшып тер шығып кетті. Жәмила көзін қысып күліп жіберді.

– Ой, апа! Мен кішкентай емеспін ғой, қонақтардан ұят болады, – деп апасын көрші бөлмеге алып кетті.

Тойға жиналған жастар таң ата тарқасты. Үй ішін ретке келтірген Жәмила мен Бәтес қатты шаршады. Екі-үш сағат ұйықтады ма білмеді, апасының:

– Бәтесжан тұра ғой қонақтар шай ішсін, – деді. Басы мен – зең орнына тұрған ол жеңгесінің қасына келді.

– Ақылдастың көкесі, дастархан әзір, қонақтарды үйге кіргіз, – деді. Ол жеңгесін құшақтай сүйді де тысқа шықты. Шай ішіп болғаннан кейін:

– Бүгін демалыс, тауға шығамыз, – деді Сергей.

Сергейдің сөзін Бәтес те қостай кетті. Олар табиғат көріністерін тамашалап, аспанмен таласқан Хантәңірін қызықтады. Суретке тұсті. Наташа да айналасына қарай таң-тамаша болды. Мұндай көріністі бірінші рет көріп отырғаннан ба кішкене қызы Светлананы бірде тастың үстіне, енді бірде шыршаның қасына тұрғызып суретке

түсіруде. Бір-екі күн көңілді демалған Сергейдің жанұясы оларға риза болды. Сәлем-сауқат, құрт-май, ірімшік толы қорапты Бақытжан машина кабинасына салды. Сергей де оларды Алматыға қонаққа шақырып кетті.

Той өткізіп, иықтарынан ауыр жүк түскендей болды. Бақытжан болса, жұмысқа таңертең кетіп, қараңғы түсे келеді. Ұзақты күн женгесі екеуі әр нәрсені әңгімелеп одан қала берді анасының қылықтарына құледі.

— Ақылдас, өткен жолы Айбарды дұрыстап көре алмадым. Енді кездескендерінде оған кестелі орамал сыйла. Екеуіміз отырып тігейік, апам біліп қоймасын, — деді. Бәтес те қуана келісе кетті. Олар ақ орамал шетін әдемілеп көмкерді. Бұрышына, түрлі-түсті гул кестеледі де астына «Бәтестен ескерткіш Айбарға, Шілде 1956 ж.» деп жазды.

— Есімімді жазбай — ақ қойсақ қайтеді, — деді Бәтес ойланған.

— Онда тұрған не бар. Міне, қараши Ақылдастың көкесіне қандай орамал сыйға тартқанымды, — деп ол төрт бүктелген әдемі орамалды жайып көрсетті. Кестелеп тігілген гүлдің астына «Жәмиладан ескерткіш Бақытжанға 07.1956 ж.» деген жазуды оқыған Бәтес тіс жарып ештеме демеді.

Кестеленген орамалды енді Бәтес күніне үш-төрт рет көретін болды. Айбарға орамалды берудің ынғайын ойлап, басын қатырды.

— Ақылдас ол қашан келем деп еді, — деді оның мазасыздынып жүргенін байқаған женгесі.

— Шәлкөдеге, малышылар фестиваліне барады.

— Өте жақсы болды. Сонда кездесеміз. Кестелі орамалынды оңаша қалғанда берерсін.

Екеуі ұзақ сырласты.

— Ақылдас әлі оныншы класты оқуын керек, көкен сені Алматыға оқуға жібермек. Ол ойын мен де макұлладым. Осы жағын да ойла. Жігітті тым еркінсітіп жіберме? Екеуіңің ортанда көзге көрінбейтін перде болғаны жөн.

Сол пердені мезгілсіз жыртып алма, – деді жеңгесі оған ойлана ақыл-кеңесін айттып.

Шәлкөде де өтетін малшылар фестиваліне бәрі баратаң болды. Апасы мен атасы арнайы шақырылды. Әрі Бақытжанның машинасы апарады. Бақытжан Шәлкөде жайлауына ерте келді. Апасы мен атасы жиналыс басталғанша колхоздың үйінде қалды. Жәмила мен Бәтес қаз – қатар тізілген авто дүкендерді аралады. Әр қайсысына аялдаپ заттарды көреді бірі ұнатса, екіншісі ұнатпайды.

– Ақылдас осы жүрісімізben біз ешнэрсені сатып алмайтын сияқтымыз, – деді жеңгесі.

Бәтес күліп жіберді де:

– Дүкендерді қайта аралайық.

Наташа сыйлаған көйлек екеуіне де құйып қойғандай шап-шақ. Тігілуі де өзігеше жарасып-ақ тұр. Екеуіне қылжақпас жігіттер де соқтықты.

– Қарындас танысуға бола ма екен,? – деді де жігіттердің бірі әндете жөнелді.

*Сары ат қайда?
Саз бойында,
Шілия-қамыт,
мойнында.
Жігіт қайда?
Кыз қойнында,
Қос білегі
мойнында.*

– Пай-пай шіркін! Қыздар, жастық шақта ойнап күліндер. Дүниенің қызығы сол , – деп жарыса сөйледі. Олар екеуінің сондарынан қалар емес.

– Өлеңдерінің сыйқын қарашы, мұндайларға қыз қайтып қарасын, – деді жеңгесі. Жігіттер еркінси қастарына келіп, тұрпайы әзілдесе бастады.

– Жөндеріңе кетпесендер әне, милиционерлер келеді.
Соларды шақырамын, – деді Жәмила.

Қарама-қарсы келе жатқан екі миллиционерлерді көрген олар тайсақтай бастады. Қылжақпас жігіттерден құтылған екеуі шеткірек дүкенге келді. Айбар да Жәмила мен Бәтесті байқап қалды. Ақырын басып қастарына келді.

– Сәлеметсіздер ме?

Айбардың даусы олардың құлақ түбінен естілгендей болды. Женгесі бірден жігіт жүзіне қарады.

– Біреуге ұқсаттыңыз ба? Әлде сіздің де бізben танысқыныз келіп тұр ма? – деді женгесі.

Бәтестің құлкісі келіп, сатуға қойылған заттарды көре бастады.

– Кешіріңіз, сізді байқамай, – деп Бәтеске қарады. Ол әлі сауда жасағансып, Айбарға қарамады.

– Ақылдас, мына жігітті танушы ма едің?

Сонда ғана Бәтес:

– Айбар, келуіңмен, – деді де:

– Женгемді танымай қалдың ба?

– Қайын сіңілімді көргенде мені қайтіп көзіне ілсін, – деген женгесі де сынай қарады.

– Айып етпеніз. Сіздің үніңіз құлағымда қалыпты, бірден таныдым. Қалалықтарша киініпсіздер, тани алмағаным да рас, – деді.

Жайлай төрі құжынаған халық. Бір шетте құрылған алтыбақан маңына жастар да жиналыш қалыпты. Үшеуі сонда келді.

– Алтыбақанға отырыныздар, – деген Айбар арқанды қолына алды.

– Отырсақ, отырайық, – деген Жәмила Бәтесті алтыбақанның бір басына өзі екінші жағына жайғасты.

Айбар ақырында арқанды ары-бері қозғап, екпінін үдете түсті. Алтыбақан екеуін аспандата жоғары көтеріп,

қайта төмен түскенде жүректері көтеріліп кеткендей болды. Екеуі де арқанды мықтап ұстап алған.

— Айбар болды-болды, түсеміз, — деді Бәтестің жеңгесі.

— Рахмет, Айбар енді сен отыр, арқанды мен қозгайын, — деп қасына келген Жәмила, арқанды жылдамдата шайқады. Олар біраз ойын қызығына берілді.

— Апам мен атам іздеп жатқан болар, мен кетейін. — деп Жәмила да аяқ асты сылтау таба қойды.

— Ағаңың қөзіне түсіп қалып жүр ме?, — деп ескертіп те қойды. Сахна маңында әр ауылдан келген өнерпаз әртістер де жиналышты. Екеуі солардың өнерін тамашалады.

— Шәлкөде жайлауы керемет екен, өзен жағасына барсақ қайтеді, — деді Айбар.

— Қараши Бәтес айналамыз толған адамдар, әне, жүптарын жазбаған жастар да серуенге шығыпты, кеттік, — деп Бәтестің қолынан ұстады.

Сылдырап акқан шағын өзен суы тұнық екен. Өзен бойын жағалай жүрді. Айнала тізеден келетін жап — жасыл шалғын. Олар ұзап барып иінге тоқтады.

— Бәтес қараши табиғат құлпырып кетіпті, — деп адам аяғы баспаған шалғынға отыра кетті.

— Ауасы неткен керемет, — деп костюмін шешіп Бәтестің астына төседі.

— Тізе бұксенші, — деген ол қолынан тартты.

Қарсылық көрсетпеген Бәтесті жанына отырғызды. Құшақтаған қалпы екеуі біраз үнсіз қалды. Қос бұрымының тарқатылған ұшын Бәтес қайта-қайта өре берді. Қыз, басын көтеріп, тау жаққа қарағаны сол еді. Айбардың да тағаты таусылып, қыздың тамағына ернін тигізді. Қыз да бір сәт сезіміне ерік берді. Жігіт ерні қызыл ерніне қалай қадалғанын да білмей қалды. Қозі жұмылған қалпы ыстық ләzzатқа бөлениді. Аймаласқан екі жас мына дүниені ұмытқандай.

– Қойшы Айбар, – деп ақырын жігітті кері итерді.

– Біреу көрсө ұят болады.

– Бәтес сені сүйемін, көл жағасында кездескенде бірден көңілім саған ауып қалды. Ғашық болғанымды білдім. Сол түнді ұйқысыз өткіздім. Көз алдында сен тұрдың, әдемі ескерткіш сыйлағым келді. Ойыма «Мөлдір махаббат» кітабы тұсті. Өткен жылы қаланың кітап магазинінен сатып алғам. Саған дейін қыздарға сыйлық ұсынбаптым. Не жазарымды білмедім, әр түрлі ойлар келді. Сенімен дүкен есігінде қактығысып қалғанымда, денемді ток соққандай болды. Ішімнен қатты қуандым, – деп қыздың қызыл ернін құшарлана сүйді. Қыз да шалқалай беріп, жігіттің мойнынан құшақтады. Тағы да тәтті ләzzат сезімі бойларын баурап алды. Бәтес жұмсақ алақанын жігіттің ерніне тақап, басын бұрып әкетті.

– Айбар, көп отырып қалдық, женгем аланда маса болды, – деп орнынан көтерілді. Жігіт қолтығына еніп кеткен қыз қаз-қатар тігілген киіз үйлерге жақындағанда:

– Айбар, женешеме жолығайын, – деген Бәтес колхоз үйіне келді. Ауыл адамдары да көңілді. Төрде отырған атасын да байқап қалды. Елендеп сыртқа қарап отырған женгесі Бәтесті көріп тысқа шықты.

– Женеше.

– Ағаң әлі көрінбейді? – атам мен апам үйде асқа отырды. Сені екі-үш рет сұрады. «Ана жақта құрбыларымен қалды,» – деп алтыбақан жақты нұсқадым.

Женгесі де екеуін сырттай бакылап, олардың өзен жаққа кеткендерін, айтты.

– Қыдырып қайттық. Тұстің де болғанын білмей қалыппыз.

Осы кезде үлкендер жағы да тысқа шықты. Олардың бірі:

– Қыз кууды көрейік, бәйге кейін болады, сол жакка барайық, – деді.

Тамақ үстінде алаң болып отырған ару ана келінің қасынан Бәтесті көргенде көңілі орнына тұсті.

– Бәтесжан қайда кеттің? Ертеден бері нәр татпадың?,
– деген апасы екеуін үйге кіргізді.

– Құрбыларыммен болдым апа.

– Әлгі Бақытжан қайда? – деп келініне қарады.

– Алаң болмаңыз апа, бәйге өтетін жерге кетті.

Үшеуі қайта дастарханға отырды. Олар тысқа шыққанда адамдар бәйгені көруге бет алышты. Солай қарай жүрді. Қырық – елу қадамдай жерде тұрған Айбарды көрді.

– Кестелі, орамалыңды бердің бе? – деді женгесі құлағына сыбырлап. Ол басын шайқады. «Неге?» деген сұраулы жүзбен қарады да:

– Оның дұрыс болышты, қайтарда бер? – деді тағы да сыбырлай.

Апасы мен женгесін ыңғайлы жерге орналастырды да көзімен Айбарды іздей бастады. Ол тіпті жақын жерде тұр екен. Арқасы қозған жұрт қиқуға-қиқу қосты. Қызға жете алмай қалған жігітті қыз қамшының астына алған, аяр емес. Қамшы тиген жігіт ауырсына жауырынын қиқаң еткізіп қояды.

– Эй, сазайын берді-ау?

– Мәстек атты қайдан мініп алған?

– Қыз мықты екен, қайсы колхоздан?, – деген сөздер де айтылып жатты.

Айбар мен Бәтес бәйге басталып, елдің назары соған ауғанда, шетке шықты.

Жігіттің қызға деген ынтығы басылар емес, шыдамы таусылғаннан:

– Бәтес қыдырып қайтайық, – деп дұбірлі топтан алыстай тұсті.

– Қараши Бәтес екеуіміз ал қызыл гүлдердің ортасында келеміз. Мына гүл кілемді басқын қелмейді, қандай әсем.

– Гүл махаббат, гүл сезім. Өміріміз гүлмен өрілсе

ғой, шіркін! Арманымыз болмас еді, – деді Айбар айналасына қызықтай қарап.

– Онда өмірдің мәні мен қызығы болмай қалады. Өмірде жылдың төрт мезгіліндегі, – деді Бәтес оған қарсы жауап беріп.

– Өмірде қындықсыз дайын дүние болмайды. Бірақ соның бәрін жене білу керек.

– Сен философсың. Расында қындықсыз дайын дүние келмейді. Бірақ, соның бәріне төзімділік қажет.

– Дәл айтасың, шын ғашықтар қандай қындықтар болса да бірге көріп, болашақ өмірлері үшін күресе білсе ғана женіске жетеді.

– Тура кітап сөзін айттың Бәтес, – деп құшақтай алды да қыздың қызыл ернін құшарлана сүйді. Бәйге біткен сияқты, елдер тарап барады.

– Қайтатын уақыт болыпты, көкем іздең қалады, – деп қыз жігітті асықтыра бастады.

– Бәтес, мынаны женғене тапсыруға реті келмеді. Сыйлығым болсын, – деп қалтасынан кішкентай қорапшаны алып ұсынды.

– Сонша әуре болғаның не?

– Олай деме, женғең сом алтын.

Бәтес әдемілеп бүктелген кестелі орамалды Айбардың қолына ұстадты.

– Менен, естелік, көріскенше, – деп жылдамдата сонына бұрылмастан үйге бет алды.

Кестелі орамалдың бүктеуін ашып «Естелік Айбарға. Бәтес. Шілде 1956жыл» деген жазуды оқығанда ол қуаныштан жүрегі жарыла жаздады.

Әзілдері жараса күліп ойнап жүрген Бәтестің женгесі бүтін ертеңгісін қабағы шытылып, төсегінен көнілсіз тұрды. Женгесінің өнді бұзылып, еш нәрсеге зауқы соқпай тұрғанын байқаған Бәтес қасына барғанда:

– Ауырып тұрмын, тұнімен көз шырымын ала алмадым, – деді.

Ертеңгі шай да үнсіз ішілді. Жәмила бір шыны шай ішті де дастархан басынан тұрып кетті. Қарт адамдардың мазасы кетті. «Бақытжан бірдеме деп қойды ма?» деген күдікті ой да келді бастарына. Жәмила әлсін-әлі сыртқа шығып, үйдің артын айналып кетеді. Оның лоқсып, құса алмай жүргенін көрген Бәтеске:

– Жүрегім жиі-жиі көтеріліп, құсқым келе береді. Басым айналады. Кеше ертеңгісін басталып еді, басылар емес, – деді. Көне көз ана да Жәмиланың жай-күйін сырттай байқады да:

– Мен мектеп жақтағы әкпемізге барып келейінші,
– деп сыртқа шықты. Осы ауылдағы қазақша ем салып жүрген жасы сексеннің кең мол ішіне келген, қарт әженің үйіне келді.

– Амансыз ба әкпе?, – деп есіктен кірген Бәтестің апасын қарт әже жылы шыраймен қарсы алды.

– Кел, кел шай қояйын, – деген қарт әжені тоқтатып :

– Шайыңа рахмет, әкпе. Ішіп жүрген шайымыз ғой. Сізге бір шаруамен келіп едім, – деді. Төрге салынған көрпеге жайғасып отырған ана:

– Айта бер құлағым сенде?

– Көктемде тұсірген келінім ауырып қалыпты. Мазасы кетіп, жүрегі көтеріледі, лоқсиды. Шәлкөде жайлауына барғанда сүйк ұстап қалды ма білмедім. Көріп берсеніз жөн болар еді. Бақытжан келсе орталыққа дәрігерге апаралызы ба? білмей отырғаным, – деді.

Екеудің үйге келгенде Жәмила тәсекте аяғын бауырына алып, бүк тұсіп жатқан-ды. Оларды көріп, орнынан тұрды.

– Апа, шай қойып жіберейін, – деді.

– Айналайын, Бәтес бар ғой, сен көп қимылдама, демала ғой, – деді апасы да бәйек болып.

Қарт ана Жәмиланың тамырын ұстады, аузын аштырып, тілін қарады да:

– Қарағым қан қысымың қалыпты екен, басынның қызу

да байқалмайды, жүргегінің лоқсусы да екі-үш күнде ба-
сылып кетеді. Көңілің қалаған тамақты жей бер, – деді де
орнынан тұрды.

– Әже шай әзір, дастарханға келіңіз, – деді Бәтес те.
Олар асықпай отырып шай ішті.

– Құдай қаласа, немере сүйетін боласың. Келініңнің
аяғы ауыр сияқты. Жас қой білмей жатыр. Шілдехана
тойына келейік, – деген әже орнынан көтерілді.

– Айтқаныңыз келсін, Құдайым жарылқасын.
Осы жалғыз ғой үйдің тұтінін тұзу шығаратын, – деп
Бақытжанның анасы да асты – үстіне тұсуде.

– Бәтес, әженді үйіне апарып сал, айналайын. Мына
үнді шайын өткенде балалар қаладан әкеліпті, – деп бір
бөлек шай мен кездемені қолына ұстадты.

Әжесін үйіне апарып салған Бәтес шыдамсыздана
Жәмиланың қасына келді де құшақтай алды.

– Қойшы Ақылдас, сіркем су көтермей тұрғаны. Ор-
нымнан тұрсаң болды басым айналып, көзім қарауытып
кетеді, – деді Бәтестің бетіне бетін тигізген Жәмила.

– Жеңеше ауруыңың сырын айтсаңшы?

– Мен қайдан білейін, Бақытжан бас ауру, тағы басқа да
дәрілер сатып әкелмек, – деді.

– Ой жеңеше ол дәрілерді ішуге болмайды. Сіздің
аяғыңыз ауыр, – деді ақырын біреу естіп қоймасын деген-
дей.

– Әулиесің бе, әлде көріпкелсің бе?

– Рас айтамын, ана үлкен әжеміз бекер келен жоқ. Апам
екеуінің сөзін естіп қойдым. Солар айтып отырды.

Жәмиланың жүзі де қызыл шырайланып, қуаныштан
көңілі көтеріліп қалды. Екеуі тысқа шықты.

– Ақылдас, құрттан сындырып берші, аузыма салайын
жүргегінің айнығаны басылар ма екен?

Бәтес сыртта жайулы тұрған құрттың біреуін әкеліп
берді. Көлеңкеде екеуі біраз отырды. Құрттан сындырып

аузына салды. Жәмиланың аяғы ауыр екенін білген жануя өмірінде өзгеріс бола бастады. Атасы мен апасы жиі-жій шүйіркелесіп, кейде бір нәрселерге келісе алмай қалатын кездері де болып қалады. Күндегісінше жұмыстан кеш келген Бақытжан кешкі аста. Қаладан жүк әкелуге Алматыға баратынын айтты.

– Жәмила мен Бәтесті де ала кетсем. Бәтес қаланы көріп, танысқаны жөн шығар. Келесі жылы окуын да бітіреді, – деді.

Күтпеген жақсылықты естіген Бәтес атасы мен апасын құшақтап алып:

– Апа, атам екеуің біз келгенше шаруаға қарай тұрасыздар ғой ә?

– Ой, айналайын шаруа дейтін шаруа барма, айналдырған екі сиыр мен оның бұзауы, жаман шал мініп жүрген колхоздың аты. Екеуімізден артылатын шаруа жоқ. Алматыға барындар көріндер, демалып қайтындар қаректарым, – деді ару ана жайдарлана баласының сөзін хош көріп. Кемпірінің сөзін шалы да қоштай кетті. Шалының келіскеніне көнілі толған ана, орнынан тұрып ескі әбдіресін ашты да буыншақ-түйіншегін ақтарып оралған нәрсені дастархан басына алып келді. Шүберегін шешіп ашты да:

– Мә, қарағым бұдан кейін осыған сен ие болшы, – деп бір бума ақшаны Жәмиланың алдына қойды.

Мұндайды күтпеген Жәмила сасып қалды.

– Апа..., мұны қайтем. Сізде тұра берсін де?

– Жоқ қарағым, ендігі мына үйдің иесі сен, ел қатарынан қалмандар. Дүкен аралап, сауда да жасай алмаймыз. Игіліктеріңе жаратындар, – деді.

Жолға әзірленген екеуі тұннің бір уағына дейін ұйықтамады, киімдерін реттеді. Ал, аласы болса, қоржынның екі басына үйдегінің бәрін салып, толтырып қойды. Таң ата жолға шыққан олар ұзақты күнгі жүрістен

шаршаған сияқты. Екеуі қалғып кеткендерін білмей де қалды. Қаладағы көкбазар маңындағы Сергейдің үйіне келгенде бір-ақ оянды. Қонақтарды Наташа қуана қарсы алды. Бәтесті көрген қызы Светлана оның мойнынан күшактап жіберер емес. Олардың соңынан Бақытжан қоржынды көтере үйге кірді.

– Қарттардың сәлемдемесі...

– Ой, қандай керемет бабушка Сережадан да ауылдың дәмін мол етіп, беріп жібереді. Ол кіслер қалай, аман ғой, – деді Наташа.

Көп кешікпей Сергей де келді. Олар дастархан басында көңілді отырды. Ауылға барғандағы суреттерін көрсетті. Бәрі мәз, өткен тойды естеріне алды. Бақытжан колхоз жүгін басып, қайта ауылына кетті. Жамила мен Бәтес екі-үш күн қаланы аралап демалатын болды. Жәмиланың аяғы ауыр екенін білген Наташа қоярда, қоймай ауруханаға апарды.

– Бәтес, Жәмила кішкентайлы болмак, дәрігерлердің қортындысы шықты. Атаң мен апанды қуанта бер, – деді

Олар қаланы аралап, орталық паркке, Көктөбеке көтеріліп, тамашалады. Екі күннен кейін Жәмила «үйге кетейік» деп мазалана бастады. «Бір-екі күн болайық» деген Бәтесті де тындар емес.

– Апам мен атама екі-үш күн ғана боламыз дедік емес пе, олар да бізге аландалап отырған болар.

– Жәмила ертең магазин аралаймыз. Ауылға, үлкен кіслерге киім алу керек. Сергей келсін қайтуларынды ақылдасамыз, – деді Наташа

Сергей ауылға сұранып, жанар-жағар май жеткізерде екеуін ала кететін болды. Ұзақты күн дүкен аралаған олар әбден шаршады. Дәріханаға кіріп Жәмилаға керекті дәрі-дәрмек те алды, оны қалай пайдалану керектігін қағазға жазып берді. Қаладағы үш күн Жәмилаға тым ұзақ болып көрінді. Дәрігерлерден аяғының ауыр екенін білген-

нен кейін, аңсары ауылға ауып, кеткісі келді. Ертесі олар жолға әзірленді. Сергейдің келіншегі Наташа да апасының қоржының жеміс-жидекке сықа толтырды, қосымша тағы бір үлкен қорапшаға алма, өрік, қияр, помидор, басқа да көкөніс тұрларін салды.

– Жемісті көп же, витамині мол. Үлкен кісілерге сәлем айт, – деп олармен қимай қоштасты.

Кешкісін үйге келген Бақытжан екеуінің үйде отырғанын көргенде:

– Сонша неге асықтыңдар,? – деді

– Женешем екі күннен арыға шыдай алмады. «кетем» деп әлек салды, – деді Бәтес женгесіне еркелей сөйлеп.

Апасы қуанышын жасыра алмай:

– Бұрын Алматыда тұрмағандықтан ауасы жақпады ма кім білсін? Ауылға келгені жақсы болды, – деді.

Бәтес келген бетте апасына женгесінің аяғы ауыр екенін, дәрігерге Наташаның көрсеткенін, бәрін айтқан-ды. «Орыс келінімнен айналайын, жақсы болған екен». Өзім де соларды сағынып қалдым. Атаңа айтсам, «ондайың бар бірге бармадың ба? – деп өзіме тискені», – деп апасы да сөзге араласты.

III

Бәтеспен кездеспегеніне біраз уақыт болған Айбар бірекі рет келіп жолықтыра алмады. Бұгін сәті түсіп, кешкісін женгесімен сөйлесіп қалды. Айбардың келгенін естіген ол жанын қоярға жер таппады.

– Ауылға кино келіпті, көреміз бе? – деді Бақытжан.

– Ой, аға барайықшы, – деп Бәтес қуана қоштай кетті.

Кеңсенің керегесіне ақмата керілген. Кино қондырғыны айнала қоршаған балалар. Үлкендер жағы отыратын орындығын да көтере келіпті. Жәмила да қолтығына ықшам жасалған төр көрпені қыса шыққан-ды

— Сіздер отырыңыздар, мен артына, ана қыздардың қасына барамын, — деді Бәтес.

Бәтес көзінің қылымен жан-жағындағылары сездірмей, қарады. Экранға түскен жарыққа көрермендердің назары ауған. Біреу қозғалып, ортадан сыйылып шықты. Айбар да Бәтестің қолынан ұстады. Олар ұзаңқырап мектеп үйін айналды. Қаранды, әрі жүргіншілер байқамайтын, тыныш жер.

— Бәтес! Сағындырдың ғой қатты сағындым, — деген Айбарға жауап бергенше, жігіттің ыстық лебі бетін шарпып, ерні қызыл ерінге жабысып қалды. Үні шығар емес, сәл тыптыраған қыз жігіттің еркіне көне берді. Олар бір орында ұзак аймаласты. Аптыққан көнілдері басылғандаған:

— Айбар деймен, Айбар қойшы енді, — деп Бәтес жігітті әзер тоқтатты.

— Біз, Алматыға бардық. Женгем екеуіміз қыдырып қайттық. Сенің келгенінді білгеміз жоқ. «Әлгі біздің сері жігіт көрінбей кетті ғой» деп маған женгем әзілдей күлетін болды.

— Сыйға тартқан кестелі орамалыңды жүрегімнің тұсында ұстап, күніне бірнеше рет қараймын, әдемі жазуынды оқимын. Өзіммен өзім, болып кейде армандалап кетем, — деген Айбар қыздың ерніне қайта жабысты. Екеуі де бірін-бірі аймалап құшақтарын ашар емес.

— Болды Айбар. Кино бітетін уақыт таяп қалды. Көкем іздесе ұятқа қаламын, — деген Бәтес Айбардың құшағынан сыйылып шықты.

Олар білдірмей топтың арасына кіргенде кино да аяқталды. Кино аппаратының жарығы сөнгенде айнала тастай қаранды болды қалды.

— Көке, мен мұнданын, — деді Бәтес дауыстай. Айбар да Бәтестің қолын қысып қоштасты.

Жазғы каникул да аяқталуға жақын. Айбар да екі-үш рет келіп кетті. Бәтес оқу басталардан 1–2 күн ерте кел-

ді. Интернатқа жан-жақтағы ауылдың қыздары әлі келе қоймапты. Ауыл базарлығынан тәрбиешісіне беріп, мәз жасады. Жаздай бірін-бірі көрмеген қыздар шұрқырай, құшақтасып, көрісті, бәрі көңілді:

– Қыздар өзгеріпсіндер, бойжеткен сияқтысындар ма қалай? – деді оларға Бәтес.

– Өзің ше, тіпті сұлуланып кетіпсің, жігіттердің бәрі сенің соңыңдан қалмайтын шығар, – деді олардың бірі.

«Маржан неғып кешігіп жатыр екен» деп ойлады. Әрі тағатсыздана күтіп, қыздардан сұрап та қойды. Ешкім білмейді, бәрі «кеleiп қалар»деген сөзден әріге бармады. Кешке қарай есік шиқылдал ашылды да:

– Сәлем қыздар! – деген Маржан кіріп келді. Шу ете түскен қыздардың құшақтары айқасып қалды. Олар үйлерінен әкелген дәмдерін ортаға қойып, әңгіме-дүкен құрды, бәрінің іштері пысып қалған. Бір-біріне сөз берер емес.

– Ал, қыздар! Бәтес екеуіміз нағашыма барып келейік, сәлемін жеткізуім керек, – деді Маржан.

Олар тысқа шыққанда күн әлі бата қойған жоқ-ты. Тәрбиешісіне де, нағашысына баратынын ескертіп қойды. Бәтес Айбар екеуі туралы айтайын деп еді.

– Асықпа, қазір келеді. Осында күте тұрайық, – деді Маржан оның сөзін бөліп. Кім келетінін біле алмай дал болған Бәтес құрбысына қарады. Ол:

– Әне, келеді, қазір таныстырам.

Қастарына ұзын бойлы, шашы артына қайырылған жігіт келді.

– Танысып қой, құрбым Бәтес, – деді.

– Сәлеметсіз бе, кездескеніме қуаныштымын, есімім Қайсар, – деп қолын созды.

– Бәтес, – деп ол да қолын ұсынды.

– Кеттік, – деді Маржан Бәтесті қолтығынан алып.

Олар өзен жағасына келді.

– Бәтес хат жазған ағам, өнді жігітім болды, – деп күлді.

– Шын ба...?...?...?,

Таңырқай Маржан мен Қайсарға кезек – кезек қарады да:

– Махаббаттарыңыз баянды болсын, – деген сөзді қалай айтқанын да білмей қалды.

Екеуін Бәтес одаша қалдырудың ебін таппай қиналды. Маржанның әңгімесі таусылар емес.

– Ауылға кететін күні хат алдым. «Алтындей қарындастым анамды қуант екі-үш күнде үйде боламын, құшақтап бетіңнен сүйдім» депті. Бетім дуылдал кетті. Ыстығы басылар емес. Суретіне қараймын. Қойши сонымен. Ана сүйінші балаңыз келеді дедім. Куанғанын айтсаңшы. Мені құшақтап алып жіберер емес, өзім де үш жылдан бері бауыр басып қалыптын. Екеуіміз бірдей қуандық. Сырттай жолына қарап жүрдім. Солдат киімімен Қайсарды көз алдыма елестетем. Ауылдың жаңалығы жerde жатама. Бәрі құлағдар болды. Қайсар да келді. Келесі күні үлкен-кіші, бәрі сол үйге барды. Қуанышы қойнына сыймаған ана:

– Келіндер қарақтарым, үйге кіріндер, – деп бәйек болуда. Кішкентайлар жағы конфетке қарық. Сырттай қарап тұрдым. Үйге кіруге жүрегім дауламады, қайтып кеттім. Ертесі ел аяғы басылғанда көшеге шықсам ойламаған жерден кездесіп қалдым. «Сәлеметсіз бе?» – дедім де ете шықтым. Жүзіне тура қарай алмадым. Ол да сыпайы сәлемдесті. Іштей сезіп келем, сонынан қарап қалғанын.

– Маржан қысқартып айтсаңшы, – деді Бәтес жігітке құле қарап.

– Аз қалды, сонымен тұс ауа апамыз келіпті. «Қарағым Маржан көрінбей кеттің ғой» деп үйіне ертіп барды. Үйдің әр затына дейін маған таныс, барған сайын үйін, жинасып жүргеннен бе «Апа көмектесіп жіберейін» деп-

пін сасқанымнан. Алдымнан Қайсар шықты. Өз-өзімнен қысылып қалдым.

— О, Маржан, менің хатымды анама оқып беріп, сәлемімді жеткізіп тұрғаныңа рахмет, — деп бетімнен сүйді. Өне бойым шымырлап кетті. Бұрын жігіттер бетімнен сүймегеннен бе ерні тиғен жер көпке дейін ысып тұрды. Таныстығымыз осылай басталып, махаббатқа айналды, — деді.

Олар интернатқа кеш келді. Қыздардың алды, үйқыға кетіпті. Алғашқы қонырауға да әзірлік жасапты.

Жаздай тыныштық құшағында тұрған мектеп ауласы оқушылардың көңілді күлкісіне бөленген. Көшениң де сөні кіріпті. Сырттан асығыс кірген Маржан:

— Бәтес, Бәтес деймін сыртта Айбар күтіп тұр, тездет, — деді. Сыртқа шыққан Бәтеске құлімсірей келген Айбар:

— Жаңа оку жылың құтты болсын, — деп артына тығып ұстаған гүлін ұсынды

— Рахмет, әдемісін-ай, — деген Бәтес гүлді көргенде қуанып кетті.

Гүл ұстаған Бәтес бөлмеге келгенде, қыздар шу ете тусти.

— Керемет, Алматыдан гүл әкеліп сыйлаған Айбар нағыз жігіт екен, — деді. Бәтестің қолындағы гүлге қызыға қараған қыздардың бірі.

Айбармен кездесетіні жайлы Маржанға айтты. Ол басын изеп құптады да:

— Жалғыз барасың білесің ғой, жігітімді ауылға шығарып саламын, — деді.

Екеуі күлді. Үәделі жерге Бәтес кешігіп келді. Тағатсыздана күткен Айбар құшақтай алып, қыздың қызыл ерніне қадалды. Бәтес жігітті тоқтатып.

— Көлге барайық та. Қарашы акқулар алыстан көз тартады. Көлге сүйсіне қарады да:

— Жаздағы Маржанның жазуы бар ма екен? — деді.

– Кеттік, – деген Айбар Бәтестің қолтығынан алды. Екеуі өткелден өзенің арғы жағына өтті. Айдын көл құс базарына айналыпты. Көл бетіндегі мұншама құсты бұрын көрмеген Бәтес таңдана қарап;

– Не деген көп құстар, көл беті көрінбейді, майда толқындар бірінен кейін бір жағаға асығады, қараши.

Көлді жағалай Айбар гүл сыйлаған жерге келді. Шөбі қалың шығыпты. Гүлмен өріп жазылған жазудың ізі де қалмаган. Айбар қалың шөпке отыра кетті. Бәтес те қасына келіп тізе бүкті.

– Алғашқы махаббатымыздың күесі болған жер ерекше ыстық еken, – деді. Бәтесті құшағына алған Айбар.

– Маған да, – деген сөз аузынан шыққаны сол еді. Жігіт қарсылығына қарамай қыздың қызыл ернін құшты. Көлтен көріспеген екі ғашық бірін-бірі қатты сағыныпты. Көздері жұмылып құмарларынан шыққанша аймаласты. Кеш мезгілі болғанын да байқамай қалды.

– Айбар қайтайын, бірінші күннен тәрбиешінің қырына ілінбейін.

– Жарайды жаным.

– Көпір айналып барайықшы, алдымыздан біреулер кездесіп қала ма кім білсін?

– Айтқаның болсын...

Екеуі көпірге дейін қолтықтасып келді. Бастарынан өткен қызықтарды айтты. Әсіресе Маржанның айтқан әнгімесіне күлді.

– Маржан бақытты болады. Сен айтқандай жігіті де ақылды, келісті еken, – деді.

Ағаштан қыылышп салынған аялдамаға келді.

– Одан әрі өзім барам, біреулердің көзіне түсіп қалармыз.

Айбар Бәтесті сүйіп қоштасты. Күнде кешкісін қыздардың әңгімелері бітпейтін болды. Почтаға да жиі барады. Хат салады, хабар күтеді.

Ауылдың жігіттері де оларға қырындай бастады. Бірге оқыған балалар да хат жазып, махаббат отын тұтатты. Жаңа келген жас мұғалімдер де басқаларға қарағанда қыздардың қасынан шықпай, тәрбиешілерді де өз жақтарына қаратып алған сияқты.

Қыздар жатақханасының жанындағы алаңда күнделікті алғашқы әскери дайындық сабактары өтеді, қастарынан қыздар өткенде жігіттер де бойларын тік ұстап, еңсесін көтере әскери тәртіппен жүріп өтетін. Алғашқы әскери дайындық пәннің мұғалімі Тынышқан Қағазбаев оларға винтовканы ұстаяу, оны тазалап қайта жинауды үйретіп, аяқтары ауырғанша:

– Оңға, солға, айналындар! – деген команда беріп, жүргіzetін. Аяқтарында керзі етік, үстеріне фуфайка киғен жігіттер де бар өнерін салатын.

Ондайда қыздар да жігіттерді сырттай бақылайтын, ұнамай қалған жігіттерді біраз жерге апарып та тастайтын.

– Қыздар, ертең директор ағайдың сабағы математикадан берілген жаттығуды орындалайық, – деді қызу әңгімені бөлген қыздардың бірі.

– Ой, ағай қатал сабақ сұрағанда сасқалақтап білгенінді ұмытып қаласын. Ауғанбай ағайдың мысы басым. Өжек ағай салмақты, сөзін нығыздап айтады.

– Біз емес ағайлар да директордың алдында сөйлей алмайды.

– Қыздар, Өжек ағай есікten кіргенде алып тау келе жатқандай көз алдыма елестейді. Өні суық, бірақ сабакты түсіндіре бастағанда бәрін ұмытып кетемін. Әрі ірі адамдардың жүрегі жылы болады деуші еді. Сол рас сияқты, – деді ортада отырған қыз. Бәрі күліп, бастарын изеді.

– Әлгі бір қу тілді, бізді көрсө құлімдей қалатын жігіт сымак мұғалімнен сақтанындар, қыздар, – деді олардың бірі.

Ешкім тіс жарып ешнэрсе демеді. Бәрі үнсіз бастарын изеді.

– Араев Батырхан ағаның сабағы да онай емес. Физикадан берілген есепті шығарғандарың бар ма?

– Қожай ағаймен Рәсілбай ағайдың сабағы да жетісіп тұрған жоқ. Оқуға зауқым соқпай тұрғаны.

– Орыс тілі пәннің мұғалімі Ткаченко мен француз тілінің мұғалімі Әбдібек ағай бүгін тапсырманы үйіп берді. Қай уақытта оқимыз, – деген қыздар енді бір-біріне мұндарын шаға бастады.

– Қыздар, қыздар бір жаңалық айтайын ба?, – деп ертеңгі сабакқа әзірленіп отырған қыз бәрін өзіне қаратты.

– Соншалықты елеңдететін қандай жаңалық?

– Ешкімге айтпайсындар ма?

– Иә, – деп олар шу ете қалды.

– Әбдібек ағай..., – деп ол үндеңей қалды.

– Төзімімізді тауыспай айттар болсаң айтсаншы. Иә, Әбдібек ағай , одан ары..

– Сол,сол... кісі пионер вожатыймен жүреді екен.

– Шын ба?

– Иә, өз көзіммен көрдім.

– Қайдан?

– Астық сақтайтын қамбалардың ар жағындағы сайдары бұлақ басынан.

– Сол ғанама? былай ,былай... құшақтап дегендей,

– Әбдібек ағай қыздың қолтығынан ұстап алыпты.

– Ол қыздың аты кім еді?

– Кеген аймағындағы ауылдың бірінен келген.

Ұмытпасам есімі Шәмшия.

– Ағай да әдемі ғой.

– Иә.

– Ой,қыздар-ай Айдарәлі ағайдың сабағын айтсаншы.

Ағай класқа есіктен кіріп келіп, шашын артына сілки тастай ,қарағанда орыстың Маяковскийінен бір аумайды.

Көз жанарынан от шашып , сабақты түсіндірген кезде, қазақтың Маякский дерсін.

– Ол ,ағай Жалаңашта аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болған. Комсомол билетімді сол кісіден алғам, – деді қыздың бірі.

– «Құрыш қалай шынықты?» Демек жақсы таниды екенсің ғой. Ол ағайдың жолдасы Ауған тәтей қазақ тілін жіліктеп, майын шашады, сабағына қатал. Қазақша, өз тілімізде сөйлегендеге жағымыз бір тыным таппайды. Ауған тәтей алдында тіліміз байланып, ережелерді айта алмай каламыз. Сабағынан 3 пен 4-і зорға аламыз. Өз тілімізді сонша қыйыннатқан ғалымдар да қызық, – деді алғашқы қыздың сөзін іліп әкеткен екіншісі.

– Расында Айдарәлі ағайдың өңі-түсі, шашы да Маяковскийге ұқсайды, – деп тағы бір қыз қоштады.

– Мектепке биология пәнінен сабак беретін , акқұба өнді мұғалім ағай тым кербез, есімі мен тегі Нурпейіс Құттықожаев екен.

– Ол ағай да біздерге қырындастын шығар? Қамданындар қыздар, жұлдыздарың онынан туып, бақтарың жанатын шығар?

Бұл сөзге барлық қыздар ду күлді.

– Ал қыздар, мен өзіме мұғалімдер арасынан жақсы әкпе тауып алдым. Мектепке бара жатып төменгі класс окушыларына сабак беретін Әліқан Жолдыбаева тәтейдің затын көтеріп, апарыстым.

– Қай ауылдың қызысың?, – деді .

– Ауылымды айтып едім .

– Ой, жаным, сіңілім болдың ғой, үйге келіп тұр, – деп жаны қалмады.

– Мектеп бітіргенше Кегеннен біріміз жігіт, енді біріміз әкпе, туған-туыстар тауып алатын болдық-ау шамасы.

– Директорымыз Ауғанбай ағайдың жолдасы Дәкен тәтей кітапхана ұстайды екен ғой. Откен жолы кітап алуға барғанда сіңілісімен таныстым. Осы мектепте оқиды екен

Дәкен тәтей сыпайы да қарапайым. Мұғалімдердің бәрі сондай болсаши, – деді соңын ала сөйлеген қыз.

– Қыздар Әшірбек Байсабаев ағай да қызық. Таяғына сүйеніп, шырт еткізіп, алысқа түкіріп жібереді де, «Әй, өңкей жын-шайтандар сабак қайда, қане класқа кіріндер» деп өз оқушыларымен бірге араласып кетеді.

– Соғыстан жарагы болып келсе де мектеп шеберханасында оқушылармен бірге ағаштан тоқылдатып бір нәрсе жасайтын Әбдіқалық Иманбаев ағайдың еңбегі еңбек-ақ.

– Маған Жұмаш ағайдың сабағы ұнайды. Ол кісінің «Коммунизм – дегеніміз дүниежүзін электрлендіру және химияландыру» деп көсеміміз Ленин және қазіргі басшымыз Хрущев бекер айтпаған. Химияның келешегі зор. Оны терең оқып, Медеев кестесін жетік білуіміз керек» деген сөзі бірден ойымда қалды.

– Коммунизм қашан болады?

Жаңағы қыз «білмеймін» дегендеги иығын көтеріп, қиқаң еткізді.

– Біз коммунизмді көретін шығармыз?

– Армыздан шығатын химик бар ма?

– ? ? ?

– Жұмаш Ұйқасбаев ағамыз мына сөзімізді естімесін де. Онда бәріміз ол кісінің сабағынан 3-тен артық баға ала алмаймыз. Жолдасы Қасиет тәтей оқушыларға жұмысақ мінезімен ұнайды. Сабағын да қарапайым түсіндіреді.

– Обаев Сәкен ағайдың мінезі жайдарлы. Сабағын түсіндіргенде де, үй тапсырмасын сұрағанда да биязы мінедінен бір ауытқымайды.

– Әй, сары қыз ол кісіні ұнатып қалғансың ба?

– Жоқ ә, жай айтқаным.

– Ой қыздар, Оразбек ағайды айтсандаршы. Француз тілінен сабағын жақсы айтқан Болатқа қарап:

– Семіз үш, – деді де қалтасынан өзі сияқты жуан авто қаламды алып, журналға ұнілді. Артымызыдағы бір бала:

— Өзіңіз сияқты, — деп қалды. Басын көтеріп алған ағай:

— Не дейсің, — деп бізге қарады.

— Ағай колхоздың өгізіндегі үш, — деді біреуі. Окушылар күлкіге қарық болды.

— Манат ағай өзімे ұнайды, — деді шеткегі қыз әңгімені қыздыра түсіп:

— Ол кісіні көп қыздар ұнататын сияқты. Бәрі ду күлді.

— Несі бар? Өнді де сұлу жігіт. Жоғары білімді, әлі жан үя құрмаған, бойдақ. Солай емес пе қыздар? Бәрі ұнсіз қалды.

— Түк түсінбеймін ойым быт-шыт болып кетеді. Оданда білетін біреуің бастаңдаршы, бір — бірімізге көмектесіп дайындалайық, — деді Маржан.

— Оқу Махаббат емес, қиялға берілетін.

— Білім инемен құдық қазғандай.

— Шығыстың философы шықты. Тағы айтарың бар ма?

Бәрі күлді.

Айбар да жетісіне бір-екі рет келіп кетеді. Маржанның жігіті де жолды алыссынбады. Келген сайын анасының Маржан туралы айтқанын жеткізіп, екеуі біраз күліп алды. Ойын жасырмайтын Маржан екеуі сабакқа әзірленіп отырып, тағы да махаббат жайлы қызу әңгімеге кірісіп кетті.

— Қайсардың анасы қызық. Мені көрсе болды үйіне ертіп барып, шай береді. Әңгімесі де бітпейді. Қайсарды айтады. «Жұмысы ауыр болып жүр ме? Кеш келіп, ерте кетеді. Биыл қай класта оқисың? «Оныншы» деймін. Е, келесі жылды құдай қаласа бітіреді екенсің ғой. Сендердің бойжеткендерінді де білмей қалдық. Үйде жалғыз өзім қалам, күн ұзақ Қайсарды күтем. Экесінің көзі ғой», — деп аржағын айта алмай мұдіріп қалады. Қайдан білсін бала-

сы екеуіміз біздің үйдің артында тұн жарымға дейін отыратынымызды, – деп мәз болып күледі.

Оқу басталғалы басқалармен араласпай өзімен – өзі болып, еш нәрсеге зауқы жоқ құрбысы Қалампырды байқап жүрген Маржан:

– Қалампыр, көнілсізсің ғой, – деп оны сөзге тартты. Бөлмеде екеуі ғана.

– Жәй, әншайін, – деп Маржанға қарады да:

– Мені, әке – шешем ауылдың бір жігітіне оқуымды бітірісімен ұзатпақ.

– Қалайша?

– Эке-шешесімен сөз байласып қойыпты. Ол жігітті ұнатпаймын. Армиядан келгеніне 3–4 жылдай уақыт болды. Екі-үш рет келді, шықпай қойдым. Көрші ауылдың жігітін ұнатамын, – деп өзіне жазылған хаттарды көрсетті.

– Жауап жаздың ба?

– Иә.

– Бірнеше рет кездестім.

Екеуі де ойланып қалды.

– Шын ұнатсан, сүйгеніңмен бол. Әзірge ешиэрсе деме бар шындықты жігітіңе айт. Ол не дер екен.

– Біледі. Мектепті бітіре салысымен қалаға кетеміз, – дейді.

– Тағдырыңды шешіп те қойыпты ғой. Қане қыздармен бірге жүріп, көнілінді көтер, – деді.

Алғашқыдай емес, окуға мойын ұсынып, ұлгерімдері де жақсарды. Сабак кезінде жас мұғалімдермен әзілдесіп, олардың ойын басқа жаққа бұрып та жіберетін кездері де болып қалады.

– Қыздар, бізben қатар көрші кластағы бір қыздың аяғы ауыр екен. Жаңа тәрбиеші біреуге айтып тұрғанын естідім, – деді бөлмеге кірген қыздың бірі. Бәрі үндеңей қалды. Мұғалімдердің де жүзі сынық, бірге оқыған жігіттер де шекесінен қарайтын болыпты. Екінші сабакта

қыздардың бәрін дәрігерлік тексеруден өткізді. Аяғы ауыр қызды жатақханадан шығарды. Сол күннен бастап мектепке де келмеді. Интернатта да қатаң тәртіп орнады.

— Аяғы ауыр қызды Рәсілбай ағай мотоцикліне отырғызып, ауылдағы әкесінің үйіне әкетіпті. Әке-шешесі қайтер екен?

— Мектептегі ағайларға да қыын болатын сияқты. Тексеру келеді дейді.

Бәрі ішжиып қалды. Тәрбиешілерге түрлі сұлтау айтып, баратын жерлеріне сұранып кететін жоғарғы класс оқушылары жексенбі күні болмаса алысқа шықпайды. Сабактан келіп, бөлмеге кіргендері сол еді. Бәтес пен Маржанның қасына Қалампыр келді. Өні бозарып, сасқалақтап түрғаны да байқалады.

— Ана жігіт келіпті. Мектептің сыртында күтіп алды. Кездесейік, — дейді.

Үшеуі тысқа шықты. Қалампыр көрсеткен жігіт дүкен жақта жүр екен.

— Үшеуміз де барайық. Сен саспа жөн сұрасып, біздерді таныстыр ар жағын көрерміз, — деді Маржан, Бәтес тартыншақтап соңдарынан ілесті.

— Ауыл-аймақ аман есен бе? Жайша жүрсіз бе? Қашан келдіңіз? — деді. Қалампыр екі қыздың ортасында тұрып.

Жігіт қыздарға қарап не айтарын білмей қалды.

— Бәрі аман Қалампыр, сәлем айтып жатыр. Саған жолыға кетейін деп бұрылғаным.

— Құрбыларыммен танысып қойыңыз, бірге оқимыз, — деді Қалампыр.

Қыздар да есімдерін атап танысқаннан кейін:

— Қалампыр, қыздар айып етпесе шаруам бар еді. Сейлессек?

— Құпия болмаса, құрбыларымның алдында ұялмай айта беріңіз, — деді Қалампыр.

— Жок, былай шығып, өзіңе ғана айтарым бар?

Маржан «бар» дегендей басын изеді. Екеуі 40–50 қадамдай жерге барып жігіт бір нәрселерді айтып жатыр.

Жігіттің басынан аяғына дейін сынай қараған екеуінің көңлі толмады.

– Қызға да осылай келеді екен. Үстіндегі фуфайкасы май-май, шалбары үтік көрмегелі қанша болды екен. Етігінің өкшесі қисайып кетіпті. Салақ адам-ау шамасы, – деді Маржан. Оның сөзіне Бәтес те қосылды.

– Әңгімелері бітер емес. Қыз басын шайқап қояды. Қыздардың да шыдамы таусылды. Қыз жігітке жақсы деген нышан білдірді де қыздардың қасына келіп:

– Кеттік бөлмеге барғанда айтам.

Жігіт олардың сыртынан қарап қалды.

– Не айтты? Тағатым таусылды, – деді Маржан.

Қалампыр ашулы жұзбен езу тартты.

– Эке-шешесі біздің үйге барып құдаласыпты. Шешем қыздың сөзін алыңдар, – депті. Алдағы жазда жаңағы жігітке мені ұзатпақ, бары осы, – деп жылап жіберді.

– Жылама, сен сөзінді берме. Оқу бітіргенше үмітін үзбесін. Кім біледі, алып қашып кетуден де тайынбайды ғой, – деді Маржан.

Көп ұзамай Қалампырдың сүйген жігіті де келді. Қыздар қуана қарсы алды. Ашық мінезді жігіт екен.

– Жұмабек, – деген есіміңізге қарап жұма күні туған боларсыз, – деді Бәтес.

– Иә, атамның алғашқы немересі болғаннан. Сол кісі қойыпты, – деді.

Қыздар Жұмабекке бар оқиғаны қаз-қалпында жеткізді. Үндемей тындаған жігіт ойланып отырды да:

– Қалампыр, өткен жолы айтқаным, айтқан. Емтихан аяқталған күні қол ұстасып қалаға кетеміз, – деді.

Жігіт сөзіне бәрі риза болып қалды. Жаңа жыл қарсаңында мектептегі кеш ерте өткізілді. Оқушылардың

алды, ауылдарына қайта бастады. Маржанға жігіті келді. Оларды шығарып салғанда, қарлата Айбар да келді. Жаңа жылдың сыйлығын ұсынып:

– Мынаны Жеңгеңе берерсің, сәлем айт менен. Жаңа жылды бірге өткізсек жақсы болар еді, – деген Айбардың сөзін бөлген Бәтес:

– Олай істеуге болмайды. Жеңгемнің аяғы ауыр. Үй шаруасы апама қыын тиіп жүр. Қазір көкем келуі керек, – деді.

– Аялдама жаққа барып қайтайықшы, – деді Айбар. Қыз үндемей солай қарай жүрді. Тұс мезгілі емес пе жүргіншілер де көрінбейді. Айнала аппақ. Қыстың ақ көрпесі биыл да қалып түскен. Жігіт қызды құшағына алыш, езіне тартты. Қыздың нәзік қарсылығы бөгет бола коймады. Суықтан екі беті қызарған Бәтестің ерніне ерні тиді. Ыстық леп екеуінің бойына жылдылық енгізгендей болды. Қыздың қарсылығына қарамастан соңғы рет Бәтестің ернін көгерте қатты қысып сүйді.

– Ал жаным кездескенше, – деді.

Ернін алақанымен басқан Бәтес:

– Ту...у....у.... не деген ашқарақсың, ернім жұлдынып кете жаздады, – деп жігіт кеудесін әлсіз жұдырығымен ұрып қойды.

Ауылға ала кететін заттарын реттеп, Айбар берген сыйлықты ашып көрді. Киімдерін бұктең чемоданға салды. Көкесі де көп күттірмеді. Олар үйге кіргенде қазан толы еттің иісі мұрнына келіп, Бәтестің тәбеті ашылып кетті. Апасы мен атасын құшақтап беттерінен сүйген Бәтес Жәмиланы іздеді. Көрінбейді. Бәтестің ойын айтқызбай білген апасы:

– Жәмила көршінікіне кетті. Сендер келердің алдында ғана баласы келін әкеліпті. Біз құтты болсын айтып шықтық. Келінге шашу шашып келсін деп жібердім. Бақытжан да солай кетті ау шамасы. Көрші жігіт айналышқтап жүр еді, – деді.

Осы кезде есік те ашылып:

- Ақылдас, – деген жеңгесінің даусы естілді. Екеуі құшактаса кетті.
- Болды, болды. Сырт киімдерінді шешіп, асты әзірлендер, – деді анасы екеуіне. Олар түкпі үйге кіріп кетті. Бәтес жеңгесіне алған сыйлықтарын көрсетті.
- Мынау сізге.
- Кімнен?
- Айбардан.
- Пәле, есті жігіт болды ғой. Сыйлығы да тұрарлық еken, – деді жеңгесі.

Қыскы каникул да аяқталып оқуларын жалғастырған қыздардың әңгімесі біткен бе?

– Бәтес, қызық болды, Қайсар екеуіміз қараңғы түсे ауылға бардық. Мен үйде қалдым. Сөйтсе анасы қазанға тамақ салып қойыпты. Баласының келгеніне қуанып, «Кегеннен Маржанды ала келдің бе?» – депті. Баласы білмегенсіп «кімді айтасыз?» – деген еken. «Маржанды да, Маржан ше?» «Кегенге жүрерімде айтпадыңыз ба? Қайдан білейін?». Анасының қабағы түсіп:

- Маржандай қыз үйіме келін болса болғаны, – депті ақырын ғана. Ары қарай Сағыныш шыдамай:
- Ана, етті мол асыпсыз ғой, – дейді.
- Сендер келе ме деп, ертең Маржанды шақырамын ғой. Бүгін келіп те қалған шығар, – дейді.

Содан ертесі түк білмегенсіп үйіне бардым. Жай барған жоқпын, үйге келген Қайсардың апасын қолтықтап алдым. Екеуміз түк білмегенсіп дастархан басында отырып, тамақ іштік. Үлкен кісі емес пе, барын алдыма қойып, «Асықпай отырындар, көршінікі шақырып еді» деп асығыс шығып кетті. Екеуміз мәз болып күлдік, – деп Маржан да сөзін аяқтады.

– Ой, қыздар-ай. Ауылға барғаннан жеңгетайлар басымды айландырды. Әкем мен анам да көніп қалған

сияқты. Бәріне айттар жауабым біреу болды. Алдымен оқыымды бітірейін, жазға дейін уақыт бар ғой, шыдандар деп қайырдым. Бар ашу-ызамды ішімде сақтадым. Үйден шықпадым. Алып қашып кете ме деп қатты қорықтым. Он күнім он жылға татығандай болды, – деді Қалампир.

Соңғы уақыттарда Айбар да жиі-жиі келетін болды, бұрынғыдай емес бір-біріне бауыр басып кеткен. Ақпан айының аяғында Бәтестің туған күнін Маржан Қайсалармен бірге атап өтті. Қызықты күндер артта қалып, үшінші тоқсан да бітуге таяу. Сабакқа жанталаса әзірленген олардың басқаға мойын бүруға да шамалары келмеді.

– Қыздар, қыздар деймін. Мұғалімдер 8-наурыз мерекесіне «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» пьесасын әзірлеп жатыр. Мектептен шығып келе жатсам, төменгі кластың балалары терезеден таласа ішке қарап тұр. Олар қызықтайтындей не болып жатыр еken деп қарадым. Барлық мұғалімдер үлкен болмеге жиналыпты. Директорымыз Ауғанбай ағай да сол жерде. Пьесса қойып жатыр.

– Шын ба?

– Иә.

– Дабырламай кезек-кезек барып көрейік, – деген Маржан Бәтеске жүр деп сыңай танытты.

Қыздар білмегенсіп мұғалімдердің әзірлеген пьесасын толық көрді.

– Ағайлар мен тәтейлер шетінен әртіс қой.

– Өжек ағай ~~Кодардың~~^{Орай} ролін керемет ойнады. Ол кісінің «Құдай қыз бермедің, қырсық бердің. Қодаржан қызды беріп қайт, малды алып қайт» деген сөзі мен қолының кимылымен көрсеткені керемет.

– Әбдібек ағай өзі де келбетті. Қозының бейнесін әдемі келтірді. «Тау-Баян деп күніренеді. Су-Баян деп сылдырайды. Жел-Баян деп сыбырлайды» деп Баянға таза маҳаббатын білдіргені ұнап кетті.

– Баянның ролін ойнаған Мағжан ағайдың жолдың
Тұқан тәтей де керемет. Өзі де сұлу. Шынайы Баян емес
пе?

– Кыздар Айдарәлі ағайды айтсаңшы. Қодар десе
Қодар дауысы да, қымылды да, көзі отша жайнап, жан-
тәнімен беріле ойнайды.

– Ауған тәтей мен Қасиет тәтейлердің бәйбіше рол-
дерінде ойнағандары ерекше. Жас адамдардың бәйбіше
болуы көзге бір түрлі көрінеді екен.

– Әшіrbек ағай Жантықты керемет келтірді. Тісінің ара-
сынан шырт еткізіп түкіретін ағай, аяғының кемтарлығын
да ұмытып кетті.

Кыздар ду күлді.

– Бәрінен де Сара Қосаева мен Шәмшия тәтейлердің
суфлер болғаны қатты ұнады. Олардың сыбырлап айтқан
сөзін ағайлар да қағып алғып, жандырып жіберді.

– Сабакта бізге тақтаға шыққандарға сыбырласақ бол-
ды, қатты ескертеді. Ал құлағың естіген сөзді айтсан «Сақ
құлақекенсің» дейтін ағайымыздың өзі де сыбырға құлағын
тосқаны күлкінді келтіреді. Нағыз «Сақ құлақ» өздері.

– Кожай, Жұмаш, Манат ағайлар мен Мәкен, Нұрбен
тәтейлер де өздерінің ролдерін жақсы ойнады.

– Ағай, тәтейлеріміздің бәрі әртіс болып кетсе, бізді
кім оқытады?

– Шіркін, «Мөлдір махаббатты» пьесса жасаса керемет
болар еді. Бәтес пен Бүркіттің ролін ойнайтын әртістеріміз
қазірдің өзінде дайын. Ағайлардан асырып жіберетін едік
ә Бәтес, – деп Маржан әзілдей.

Кыздар да шу етіп қоштай кетті.

Мектеп оқушылары да үшінші тоқсанның аяқталу
қарсаңында сабактарынан бас алмады. Шешуші тоқсанды
қалай да жақсы бағаман аяқтауды алдарына мақсат етіп

қойған олар тыңғылықты әзірленуде. Бәтес бұл тоқсандада озаттар қатарынан көрінді. Оны интернат алдында Айбар күтіп алды.

– Бәтес, 22-наурыз менің туған күнім. Бірге өткізсек қайтеді, – деді Айбар.

– Қайда өткіземіз? Қойлы ауылға барайық.

Бәтес басын шайқап келіспегенін білдірді.

– Онда, Түменбай бұлағының қасындағы үйге барайық. Жақсы адамдар, – деді.

Тоқсандық қорытындылары да шықты. Бәтес қыскы киімдерін жинастырып, үйге аппаратын заттарын реттеді де тәрбиешісінен сұранды. Тұске қарай Айбар да келді. Дүкеннен әдемі арғымак ақбозаттың мұсінін сатып алғанды. Бәтес соны тарту етті. Аялдамада кездесетін болып келісті.

Түменбай көлінің мұзы ери қоймапты. Олар төрт-бес үйден өтіп, бұлақтың күншығыс жағында орналасқан малшының үйіне келді. Үй иесі де жас адамдар екен. Есік алдында жастары қарайлас үш бала ойнап жүр.

– Кіріңіздер, төрлетіңіздер, – деді жас келіншек алда-рынан шығып. Айбар алып келген оны-пұнысын келін-шекке ұсынды. Үй іші тап-түйнактай, төргі үйге дастар-хан жасалыпты. Ұқыпты жандар екені байқалып-ақ түр. Біраз уақыттан кейін үй иесі де келді. Әңгімелері жара-сып, бұрыннан біletін жандарша Бәтес жас келіншекпен шүйіркелесіп кетті.

Айбардың туған күніне арналып, ізгі тілектер айтылып, стакандар сыңғырлады. Патефон ойнатып, өлең тындарды. Олар тысқа шыққанда күн де кешкіріп қалған-ды. Екеуі қырға көтерілді. Айналаға тамашалай көз салды. Жер ана бусанып, көктемнің келгенін білдіргендей. Төбелерінен бір топ тырналар ұшып өтті.

– Қарашы Бәтес, бір түзудің бойымен қанаттарын қақпай ұшып барады. Аққу келіп қалар. Сағына күткен

көктеміміз де келді-ау, – деді Бәтесті құшағына алған Айбар. Екеуі қараңғы түскенше, биік төбе басында болды.

– Айбар қайтайық. Кеш батты тәрбиешіден сөз естімін.

– Бәтес асықпашы сендерді де түсінетін шығар, – деп Айбар оны тағы да құшағына алды.

Айналаны қараңғылық жайлағанда екеуі төмен түсіп, үйге келді. Тамақ та әзір болыпты. Ортаға қойылған шамның жарық сәулесінен екеуі төр жақтағы орындарына жайғасты. Олар тағы да ұзак отырды. Үй иесі, мал күзетіне кетті. Келіншегі балаларды жатқызып, дастарханды жинады. Олар тысқа шығып кетті. Бұлақ басына келді. Екеуі тілсіз ғашықтардың күйін кешті. Үйге кіргенде ондық шамның пілтесі басылып бөлмеге әлсіз жарық шашыпты. Төрге бір адамға төсек салыныпты. Бәтес ауызғы үйдегі салынған төсекке жатпақ болып:

– Мен кеттім, – деп бұрыла бергенде Айбар құшақтай алды. Есікті сыйбырысyz жапты.

– Қасымда болшы жаным. Таңды бірге қарсы алайық, – деді. Сыпайы ғана қыздың сырт киімдерін шешті. Жігіт ерні ақ тамақтан төмендеп қыздың қос анарына тиді. Піскен алмадай қос анарды құшарлана аймалады. Бәтестің нәзік ыңғырсыған дыбысы да шығып кетті. Қапсыра құшақтаған тегеурінді күшке сәл қарсылық білдіргендей болды. Еркінен тыс сезімі жеңген жігітті қыз тоқтата алмады, ыңғайына көне берді. «Ах» деп барып, бар денесі балқып кетті. Біраз талықсып жатты. Ләzzат сезімінен арылып, көзін ашқанда жігіттің жалаңаш төсіне басын қойып жатыр екен. Қырдың қызыл түлкісін бүре баурына басып, тояттаған бүркіттей үйқыға кеткен жігіт оянар емес. Ғашық болған қызбен жігіт арасындағы көзге көрінбейтін перде еріксіз жыртылып, кетті. Қыз өз басындағы ең қымбат та, табиғат берген асыл қазынасын сүйгеніне сыйлады.

Айбар да оянып:

– Жаным, келші, – деп балбыраған қыз ернін сүйіп, Бәтесті ыстық құшағына қайта алды, бауырына басты.

Таң да атты. Жігіт пен қыз маужырап үйқыға кеткен. Оларды мазалаған да ешкім болмады. Құшақтары ажырамаған қалпы. Біраз жатты, орындарынан тұрып, үйді жиыстырды.

Дастархан жайылып, шай әзірленіпті. Үй иелері көрінбейді. Бәтес шай құйып, екеуі үнсіз ертеңгі астарын ішті.

– Шіркін, осындай отырыс күнде болсаши, – деді Айбар Бәтеске қарап. Ол езу тартты. Мектеп алаңына келгенде тұс те болып қалған-ды. Ешкім көрінбейді. Дүкеннен Қалампир шықты.

– Бәтес, сәлем, қайда жүрсің? Абырой болғанда тәрбиеші кешкісін түгендемеді.

– Жақсы болған екен. Ауылға қашан қайтасың?

– Бімеймін ертең шығар, барғым келмей тұрғаны.

– Аз, қалды ғой шыда айтқандарына «иә»деген жауабынды айта бер. Әйтпесе өзің айтқандай алыш қашып кетер.

– Алдан, келін жасап алмаса болды. Ешқайда шықпаймын, – деді Қалампир.

– Қалампир менің заттарымды алыш шығып бересің бе? Кеше тәрбиешіге үйге кетемін деп айтып едім. Көзіне тұспей – ақ қояиын.

– Қалампир көзінің қылғымен күле қарады да:

– Корықпай-ақ қой. Тәрбиеші тұскі үзіліске кеткен жүр,

– деп Бәтесті қолынан ұстап ертіп алды. Асығыс киімдерін алған Бәтесті Қалампир аялдамаға дейін шығарып салды.

– Айбар, ағатай біреу көріп қалса ұят болады. Әне, автобус та келеді, таныс адамдар бар шығар жұмысынан қалма, – деді.

Айбар да Бәтестің қолын қысып қоштасты. Бәтес те ішке кіріп бос орынға жайғасты.

Бәтесті үй іші қуана қарсы алды.

– Сүйіншінді бер інінді көрсетемін, – деді Бәтесті құшақтаған женгесі.

– Қалағанынызды алыңыз.

– Апам айтады «саған тартқан» деп, бір жыласа қоймайды, – деді женгесі.

Бесікте жатқан нәрестенің көрпесен ашып:

– Ой кішкентай ғана ботақаным, апасының баласы, атасының ат байлары, – деп иіскеді.

Жас нәресте томпиған күйі пысылдалп ұйықтап жатыр. Бірде үй шаруасына араласып, енді бірде жас нәрестені жұбатқан Бәтес тыным таппады.

– Ақылдас, дем алсаншы өзім-ақ бітірем ғой.

– Жоқ жеңеше кеткенше қол ұшын беріп кетейін, біраз тынышып ал, – деді.

Апасы да Бәтестің қимылына риза болып жүр. Келgelі ауыр ойдан арыла алмаған Бәтес бар жұмыстарды атқарып бір сәт болса да өткенді ұмытқандай болады. Еркінен тыс сезімге қалай беріліп кеткенін, жігітке қарсылық көрсете алмауы, бойы балқып, жігітті құшағына алғанын білмей де қалды. Енді қайта қалпына келмейтін нәзік перденің жыртылып, тар сакинаның кеңігені ойына оралғанда, өзін-өзі кінәләп, төменшіктеп қалады. Апасының орнына кешкісін сиырдың алдынан шыққан Бәтес бір сәт оңаша қалды. Жүрек шіркін біреуді аңсайды. Неге келмеді, кешікті ғой әлде мақсатына жеткеннен кейін ұмытып кетті ме? – деп ойлаған Бәтестің алдынан Айбар шықты.

– Айбар! Куанып кетіп, құшақтай алды.

– Сенімен кездесудің ретін таппадым. Сыртынан бақылаумен болдым. Женген де тыска көп шықпады, – деді де Бәтестің ернінен сүйіп, кешке ауылдың шетінде тосам, – деді. Бәтестің ішкі жан дүниесі өзгеріп кетті.

Кешке қандай сылтау айтудың да реті келмеді. Бұл ойын жеңгесіне де айтты. Қараңғы түсө үлкен кісілерге төсек салып берген келіні:

– Су ысытып қойым. Бәтес кірлерді жуа салайық, – деді. Апасының «ертең жусандар да болады ғой,» – дегеніне қарамай екеуі тысқа шығып кетті. Бәтес үй артын айналғанда Айбар да кездесті. Құшақтасқан күйі олар ұзап кетті. Сезіміне бой алдырған жігіт еркін қимылдай бастады.

– Айбар болмайды, жаным шыдашы, қазір болмайды, ауырып жүрмін, – деді Бәтес Айбардың мықынынан төмен түскен екі қолын ұстай алып, аянышты жалбарынды. Айбар да әрең тоқтады. Бәтес өзінің жігіт алдында төменшіктеп қалғанын сондағана білді.

– Көрсө қызар болмашы, тағдырымды сенің қолыңа сеніп тапсырдым ғой. Айтқаныңың бәрін орындаймын, сен келіп қалама деп аланададым, – деп Айбарды құшақтады, ернін ерніне тигізді. Жігіт қызды өзіне тартты.

Бәтесті орталыққа дейін көкесі әкеліп, автобусқа салды. Әнеу күнгі кездесуден кейін Айбар көрінбеді. Сабакта басталып кетті. Күн жылынғалы қыздар да бөлмеде тұрмайтын болды. Қалампырғана Маржан екеуіне ауылышындағы жайды айтып берді.

Құда түскен жігіт екі-үш рет келіпті. Кешкісін киноға шақырғанда бармай, қойған. Тек онымен күндіз кездесіп, енді екі айға дейін «шыда дегенін» айтып күлді. Кешігіп келген қыздарға да тәрбиешілер қырын қарай бастады.

– Тәтей, біз жас емеспіз ғой. Енді бір – екі айда сабағымыз да бітеді. 7-8 айдан бері жамандығымызды естімедіңіз. Енді екі айда не бұлдіреміз, бәріміз жанжаққа кетеміз. Мүмкін күйеуге тиетін шығармыз. Рұхсат бергеніңіз дұрыс шығар, – деді ауылдың дәмін сыйлаған Маржан.

Оның сөзіне қыздар күліп жіберді. Тәрбиеші де езу тартып, «жарайды» деген нышан білдірді. Осыдан кейін қыздарға да көп шүйлікпейтін болды. Жігіттер келсе де бұрынғыдай қабағын түйіп, қаталдық көрсетпеді.

Айбар мен Бәтес енді жиі кездесіп тұрды. Бұрынғыдай сырт көзден де ұялмайды. Оларды тіпті ешкім байқамайтын да сияқты. Дәрігерге барған қыздардың бірі «әйелдердің екі қабат болуынан сақтануы» туралы шағын кітапша алып келіпті. Бәрі оқып шықты.

– Қыздар қалай күтіну керектігін, сақтанудың алғы шартын ұмытпандар. Жігіттеріңе осы бастан ескертіп қойындар, – деді Маржан қыздарға қуле қарап. Бәтес те оқып шығып «Айбарға айтсаң да бәрі-бір дегеніне жеткенше қоймайды. Жалынсан да көнбейді-ау» деп іштей күбірледі.

Соңғы қонырау да жақындағы Қыздар өткен жылдағыдай тауға гүл теруге бармақ болды.

– Қыздар, менде ұсыныс бар. Тауға өзіміз барғанша жігіттерімізді де шақырмаймыз ба? – деді қыздардың бірі.

– Ұят шығар.

– Оның несі ұят, бәріміз шақырайық деді, – Бәтес. Тауға шығатын күн де келді. Жігіттер оларды көл жағасында күтіп алды. Көлді жағалай, тауға бет алды, бәрі көнілді. Қолтықтасқан жұптар, таудағы бұлақ басына келіп аялда-ды.

– Элі ұзақ па? – деді Қайсар.

– Осы тауды асуымыз керек. Қарағайлы сайға барамыз, – деді Маржан.

– Қалампыр гүлі өсе ме? – деді Жұмабек әзілдей.

– Жыл он екі ай солмайтын Қалампыр гүлі қасындағой, – деді Бәтес. Бәрі күлді.

Қарағайлы сайға келіп демалған олар, құшақтарын гүлге толтырды. Гүл бұрым, гүл өрім, гүл десте жасаған

қыздар жігіттердің мойнына гүл дестеден шарф салды. Жұптары жарасқан ғашықтар, қарағайлыш орманды алады. Айбар мен Бәтес екінші белді асып кетті. Табиғат аясында екеуден екеу жан ләззатына бөленді. Олар таудан көңілді оралды.

Алғашқы емтихан да басталып кетті. Айбар қыздармен әзілдесіп, Бәтес екеуі күнде кетіп қалады да, түннің бір уағында келеді. Бәтестің бас^уайланып, лоқситтын болды. Алғашында мән бермеген ол жиілей бастағанда женгесінің естіп ауырғаны есіне түсті, әнеу күнгі қыздардың оқыған кітапшасын қайта оқыды. Соның көріністері өзінен кайталануда. Ертең соңғы емтихан Айбар келуі керек.

Қалампырдың жігіті Жұмабек келді. Қыздар оларды Алматыға шығарып салды.

— Аттестатты кейін алармын. Мынау біздің адресіміз. Қалаға келгенде хабарласындар күтем, — деді қуаныштан жүзі бал — бұл жайнаған Қалампыр.

IV

*Мен сені ұмытқанмын,
Жылатқаның есте жоқ, суытқаның.
Суытқаным,
Жинағам құрып хәлім,
Жығылған отауымның уықтарын.
Содан бері мен сені ұмытқанмын.*

Аттестат тапсыру салтанаты да өтті. Қалампырдың аты – жөні аталғанда ешкім шықпады. «Кейін тапсырылады» – деді мектеп директоры. Олар сыртқа шыққанда Қалампырдың ауылдағы жігіті келіпті.

- Не айтамыз? – деді Бәтес.
- Білмейміз, дейміз.
- Қыздар Қалампырды шақырасындар ма? – деді ол.

– Білмейміз аттестат алуға келмеді ғой. Үйіне кеткен болар, – деді Маржан.

Жігіттің өнді бұзылып кетті. Тәрбиеші де иығын қиқан еткізді. Ол асыға басып, күтіп тұрған машина кабинасына отырды.

Айбар мен Бәтес ұзак сырласты. Бәтесті ырқына көндіріп, жан ләzzатына беленген Айбар шалқасынан қанинен қаперсіз көзі жұмулы жаткан.

– Айбар, – деді Бәтес. Ол үнсіз қалды.

– Айбар, Айбар, – дейім

– Ау, құлағым сенде.

– Айбар мен..., мен... менің аяғым ауыр, – деді кібіртіктей сөйлеп. Айбар үнсіз қалды. Бәтесті қатты құшақтаң қысты. Не айтарын білмеді.

– Сен ауылдан келгеннен кейін ақылдасайық. Әзірге ешкім білмесін, – деді.

Айбардың көңілі алай-тұлей, қандай шара бар. Шындықты айту керек пе? Әлі ерте. Айбар өзінің толқулы жүзін білдірмей, батылдана сөйледі.

– Бәтес көңілің алаң болмасын. Ертең ауылға бар да үш-төрт күннен кейін қайтқын, – деп Бәтесті сүйді. Уәделі күні Бәтес те келді. Алматыға кетуге біржолата дайындық жасапты. Айбармен жолықса болғаны. Бастау басында өзінен басқа ешкім жоқ. Ат үстіндегі Айбар да көрінді. Аттан теңселе тұсті.

– Айбар!

– Э, Бәтесжан, көңілің орнында ма?

– Айбар мұның не, қызуусың ба?

– Иә, бүгін менің қуанышты қунім. Саған айтқаным жоқ. Жасырғаным кешірім сұраймын. Міне, қаладан телеграмма келді. Эйелім ұл тауыпты. Екеуінді бағуға күшім жетеді, – деді қалтасындағы телеграмманы Бәтеске көрсетіп.

Бәтестің есі ауып, не істерін білмей тұрып қалды. Жыларын да, құлерін де білмеді. Кенет қаны басына теуіп:

– Кет, оңбаған, екі жүзді, – деді.

– Олай деме мен сені сүйемін, некеде жоқ әйелімсін. Некеге отырамыз. Оған көнбесен қалалық аурухана бар. Бойындағы баланы оп оңай-ак алып тастайды. Менің айтарым осы, – деді.

Бәтес шыңылдаған құлағын қос қолымен басып отыра кетті. Өз-өзіне келер емес.

– Сүйген жүректі жылат па? Екеуміз шын бақытты боламыз, – деді ол теңселген қалпы.

– Көзіңді жоғалт, қаранды өшір, көрмегенім сен болсын, – деп көз жасына ерік берді. Қол сумкасынан орамалын алып, өксіген қалпы, бетін басты.

Айбар атына теңселе әрен мінді.

– Алматыда сені өзім тауып алам, – деп атын тебініп, жүріп кетті.

Солқылдан жылаған Бәтес қайда баарын білмей, өзен жағасына келді. Іші удай ашып, жүрегі күйіп тұр. Мұнын кімге шағарын білмеді. Көйлегін жоғары түріп, өзеннен өтті де көлге қарай бет алды. Екі-үш рет көлді айналып шықты. Құн де кешкіріп қараңғы тұсті. Ауыр ойдан арылар емес. Тұнгі салқыннан денесі тоқази бастады. Сумкасынан жеңгесі бергек қалың тоқыма жемпірді киді, бойына жылу құйылғандай болды. Өзін-өзі жек көріп кетті. Екеуінің махаббаты күлге айналды. «Жаңа бүршік атқан гүлдің сабағынан сынғандай болғаны ма? Бәрі де алдамшы. Махаббаттың басталуы уыздай тәтті, ал яқталуы ше? Махаббаты тағдырының тәлкегі болғаны ма?» Ойын ой қозғап, таңның атқанын да білмей қалды.

Айнадай жарқыраған көлден өз бейнесін көрді. Шашы ретке келмей қобырап кетіпті. Көзінің алды жылағаннан томпиып ісіңкі, өңі сынық. Ол су бетіндегі бейнесіне ұзак қарады. Кенет майда толқындар пайда болды. Су бетіндегі бейнесі толқынмен толқи жоғалып кетті. Ақырын басын көтерді. Қос акқу. Орталарында сары уыз балапан

Бәтеске мойындарын соза қарап қалыпты. Ол жалма-жан сумкасындағы наннан үзіп алды да суға тастады. Аққу мойнын созып, нанды тұмсығымен іліп алды да балапандарына берді. Сып-сып еткен тұмсықтарымен судың бетінен тамақ іздеген олар Бәтеске жақындай тұсті. Бір үзім наңды алақанымен ұсынды. Аққу оны да тұмсығымен алып балапандарына берді. Екі акқуға кезек-кезек алақанынан наң беріп отырған Бәтес:

— Бақытты құс сендер шығарсындар. Сендердің махаббатарынды құдай бізге сыйламапты, — деді.

Екі балапан Бәтестің қасына тым жақын келді. Екі қолымен екеуіне наң ұсынды. Балапандар тағы барма? дегендей Бәтеске қайта қарады. Екі-үш рет Бәтестің алақанынан тамақ жеген оларды қолына ұстағысы келіп кетті. Бар наңды акқуларға берді. Жан дүниесіне ыстық сезім құйылғандай болды. Олақырын құрсағындағы сәбиін аялы алақанымен сипады. Сәбиіне деген сүйіспеншілігі оянып, «жаным менің, сені үлкен азамат етіп өсіремін» деп күбірледі. Беті қолын жуып, шашын асықпай тарады, үстін ретке келтірді. Аққуларға қарады. Балапандарымен көл ортасында жүзіп барады.

Ол аялдамаға келгенде ешкім жок еді. Интернатқа қалдырып кеткен киімдерін алды. Артында аялдайтын ештеңе қалмаған сияқты. Кішкене қорапты автобус та келді. Ішке кіріп ортасына таман жайғасты. Автобус терезінен көлге қарады. Аққулар алыстан ағарып көрінеді. Сүйкімді балапандары көз алдына келді. Көнілі көтерілгендей болды. Алақанымен құрсағын сипап «құлыншағым менің» — деп күбір етті.

Автобус орнынан қозғалып, Кеген өзеніне салынған ағаш көпірден өтті. Бәтес соңғы рет алғашқы махаббатының куәсі болған айдын көлге қарады. Қимас заты көл жағасында қалғандай болды. Аққулар көрінбейді. Қайқы асуынан асқанда Кеген де көзден таса болды. Бәтес

алыс сапарға жол тартқанын, туып өскен ауылымен қош айттықсанын енді ғана сезгендей болды. Бір түрлі бойын көңілсіздік сезімі биледі.

Айбар қызыны тарқағанда ғана Бәтеске айтқан сөздерін әрең есіне түсіріп, қатты қиналды. Қалай ғана батылы барып айтқанын, телеграмманы көрсеткеніне өзі де түсінбеді. Көңілі орталанып Бәтесті ойлады. Қазір қайда екен? Ойлағаны не? Менің қатыгездігім, намысын жер «қылғанымды ешқашан кешірмес» деген ойлар мазасын ала берді. Ары-бері біраз дөңбекшіп жатты. «Алматыға бару керек, сол жақтан іздеймен» деген тоқтамға келді. «Нәрестесі менің нәрестем әкесін көрмей өседі-ау». «Не деген сормаңдаймын, өз тағдырым қалай болып еді» – деп тағы да ойға кетті.

Соғыс аяқталғанына көп бола қойған жоқ. Анасы Айбарға:

– Папаң соғыста қаза тапты. Ол енді келмейді балам. Саған папа болатын кісі таптым, – деп орта жастағы үлкен кісіні ертіп келгені әлі көз алдында. Ол сұық жымын «әйбат бала екен» деп қалтасынан конфет алып қолына ұстадты. Ішінен жақтырмады. Сол күннен бастап бірге тұрды. Ол үйге келгенде сыртқа шығып кетеді. Өз үйінде жүргендей маңғаздана, төргі үйге барып демалады, газет оқиды. Анасы болса асты-ұстіне түсіп бәйек. Екінші класқа көшкенде Айбарды мектеп-интернатқа берді.

– Қалада оқығаны дұрыс, интернатта барлық жағдай жасалған, алыс емес. Келіп тұрады, – деді өгей әкесі шешесіне.

Анасы ешнәрсе айта алмады. Қаладағы мектеп-интернатқа әкелді. Анасы бетінен сүйіп, жиі-жіі келіп

тұратынын айтты. Үйге қарағанда интернат Айбарға жайлы болды. Мектеп формасын, кітап, тетрадь тегін берілді. Осылай интернаттағы Айбардың балалық балдәурен өмірі өтті. Сабағын да жақсы оқыды. Алғашында анасы жиі келіп тұрды. Анасының аяғы ауыр, қиналып жүргенін көрген Айбар:

– Мама, әуре болмай-ақ қойыныз. Менің сабағым жақсы. Өзім-ақ барамын үйге, – деді.

Баласының бұл сөзіне анасы да риза болып, көзіне жас алды. «Сұм соғыс тағдырымызды тәлкек етті ғой. Әкең тірі болса, осы күнді басымыздан кешпес едік», – деп анасы Айбардың бетінен сүйді.

Осы кездесуден кейін Айбарға ешкім келмеді. Балалар каникулға шыққанда бөлмеде жалғыз қалды. Үйіне қалай баарын да білмеді, тәрбиеші апайы:

– Ертең жоғарғы класс оқушылары сол жаққа барады. Қосып жіберейін, – деді басынан сипап. Апайы киімдерін реттеп, үйінің адресі жазылған қағазды ересек балалардың біріне ұстадты. Олар Айбарды үйіне дейін әкеліп салды. Қашадан кірген Айбарды көрген анасы құшақтап сүйді, көзінің жасына ерік берді.

– Айбар інілі болдың. Саған бара алмағаным, кішкентайдан шыға алмадым, – деді.

Сұп-сүйкімді томпиып жатқан сәбиді қызықтай қарады. Өгей әке ол күні келмеді. Анасынан сұраған да жоқ. Сөзіне қарағанда алысқа іс сапарға кетіпті. Кешке қарай түсі суық адамды анасы жаны қалмай қарсы алды.

– Мен жоқта үйге біреу келген бе?, – деп оқты көзімен анасына қарады.

– Кім келуші еді, Айбар оқуын бітіріп, жазғы демалысқа келді, – деді анасы төменшіктей.

Ол Айбарға қарады. «Сәлеметсіз бе?» деген сәлемін де алмай төргі үйге өтіп кетті. Жаз бойы көргені, өгей әкесінің шешесінің басына әңгір таяқ ойнататыны. Анасы да көніп

кеткен бе бірауыз сөз айтпайды. Айбардың намысы қозып, ызадан бұлығып жүрді. Істерге амалы жоқ. Бесінші класқа көшкенде анасы екінші сәбиін өмірге, әкеліп еді. Бірде төрт жасар кішкентайы, ойнап жүріп, сүріне құлап, шыр ете қалды. Айбар жүгіріп барып тұрғызығаны сол еді.

— Жөндеп ойнатпайсың ба? Баланың басын жардың ғой,
— деген өгей әкесі Айбардың бетінен шапалақпен тартып жіберді. Бетіне шапалақ тиген баласына анасы араша түседі. Ал өгей әкесіне оқты көзімен қарады да сыртқа шығып кетті жыламады, бейшара анасын аяды.

Әр каникулда үйге келген сайын, осы көріністер қайталанды. Әкесі салған үйге өзі бөтен болып, анасы таяқтан көз ашпады. Айбар балалармен футбол ойнап үйге келсе бөлменің бәрі шашылған, анасы бұрышта жылап отыр, өгей әкесі төргі үйден қарап «кет» деді. Айбар сөзге келмей сыртқа шығып кетті. Үй артында жатқан күректің сабын қолына алды. Ыздан өзін-өзі тоқтатар емес.

Анасының шашынан ұстап жоғары көтере берген өгей әкесінің жауырынын таяқпен періп жіберді. Ауыр соққыны күтпеген ол балаға қол көтергенше екінші таяқ мандайына сарт ете түсті. Ол шалқалақтап екі қолымен басын ұстаған қалпы еденге құлап түсті. Жіп әкеліп, аяқ-қолын қайырып байлап тастады. Есін жиған өгей әкесі:

— Өкеңе таяқ жұмсаған екенсің, сен әлі кісі өлтіресің, шеш қолымды, — деді. Манағы қаһарлы даусы бәсексіп. Анасы өгей әкесінің мандайынан шыққан қанды сұртіп, жіпті шешпек болды.

— Бұл үй сенің емес, әкемнің үйі. Менің анама екінші рет қол жұмсасаң өлтіремін, — деп қолындағы таяқты көтергенде ұрады екен деп қалған өгей әкесі:

— Не қарап тұрсың, өлтіретін болды ғой, — деп анасына мұләйімсіи қарады. Айбар қолындағы таяқты бұрышқа лақтырып жіберді де үйден шығып кетті. Сол күні сыртта түнеді. Ертеңгісін келсе оны анасы құшақтап алып,

көз жасын көл жасады. Айбар бұрынғыдай емес үйіне сирек келетін болды. Жеті жылдықты бітірген ол ауыл шаруашылығы техникумына оқуға түсіп кетті.

– Мұнда да соғыста қаза тапқан жауынгерлердің бала-ларына женілдіктер жасалды. Анасына барып тұрды, өгей әкесін көргісі келмейді. Анасының сырқаттанып жүргенін көрген Айбар дәрігерге көріну керектігін айтты. Бірақ анасы ауруына мән бермеді, тағы бір келгенінде бұк түсіп төсекте жатқанын көрді. Еш нәрсеге қарамай ауруханаға жатқызды. Керекті дәрілерін сатып әперді. Асханадан дәмді тамақ апарып тұрды. Анасы тәуір бола бастағанда бой бермей үйге шықты. Үйін реттеп екі баласын бауырына алды. Күйеуі екі-үш күнде бір келеді. Анасы аурухана да жатқанда үйді өзінің басына аударып алғанын Айбар мен анасы білмеді.

Көп ұзамай қайта ауруханаға түсті. Мендерен аурудан жазыла алмады. Ауруханада жатып қайтыс болды. Анасын жерлегеннің ертесі өгей әкесі үйдегі керекті заттарды жиыстырып, ыңғайластыра бастады. Айбар жалғыз қалып, анасының қазасына қатты қайғырды. Бір жетіден кейін үйіне келсе басқа біреулер тұрып жатыр екен. Ол түсінбей жаңа көшіп келген үй иесінен мән-жайды сұрап білсе, үйді сатып жіберіпті. Анасының беті бері қарамайтынын білген өгей әкесі көзі тірісінде-ак үйді сатқан екен. Қайда кеткенін де білмейді. Күнде кешкісін вокзалда не болмаса базарға барып жүк түсіріп, ақша жинады. Күзде анасының басына белгі тұрғызды. Өгей әкесі сол кеткеннен хабарсыз. Қайда екені де белгісіз.

Ушінші курста оқып жүргенде Дәмеш атты қызben танысты. Бір кездесуде ол қасына құрбысын ертіп келіпті. Танысты Сәния есімді қыз екен. Айбардың қасына отырды. Сол кеште екеуі ұзак биледі. Алғашқы таныстықтан кейін үйіне шақырды. Дәмеш екеуі үйіне барды. Дастан-хан басындағы көңілді отырыс биге ұласты.

– Айбар, Дәмешті шығарып салмаймыз ба? – деді де Дәмешке қарады. Сәл езу тартқан ол:

– Әуре болмай-ақ қой, жатақханаға өзім де барамын. Қыздардың ұсыныстарына Айбар не айтарын білмеді де:

– Бәріміз сыртқа шығайық, – деді

Олар көшे бойлап біраз жүрді. Жатақхана да алыс емес.

– Міне, жатақханаға да келдік. Жеткізіп салғандарына рахмет, – деді ол Айбарға.

– Айбар, жалғыз өзім қорқам. Мені үйге апарасың ғой, – деді. Сәния еркелей. – Расында қорқады ғой шығарып салсаңшы, – деді Дәмеш. Қолтықтасқан екеуі көшеде ұзак жүрді.

– Қайтпасам болмас сағат он бірден кейін кіргізбейді. Оның үстіне бүгін қабағы ашылмайтын апайдың кезегі, – деді тағатсыздана Айбар.

– Жарайды, жиі кездесіп тұрайықшы, тек екеуіміз ғана, – деді Сәния. Айбар үндемеді. Осыдан кейін ол Айбарға жиі келгіштеп кетті. Киноға билет алады. Алматыға театрға баруға шақырады. Дәмеш Айбарға ешнэрсе айтпады. Құрбысының бұл қылышы өзіне ұнамайтынын да білді.

Күн сенбі болатын. Спорт алаңында жүрген Айбарды Сәния шақырды.

– Айбар тез жинал, Алматыдағы дос қызыымның туған күні еді. Сені де шақырыпты. Бүгін кешкі бесте. Саяжайда болады, – деді. Айбардың барғысы келмесе де сүйрелеп «ұят болады, бармасақ» деп қоярда – қоймай ертіп кетті.

– Қаланың шетіндегі саяжайға шақырылған жастар толық жиналыпты, таныстықтан кейін столға отырды. Әдемі сөздер айтылып, тост көтерілді. Би биленіп, жігіттер қыза бастады. Айбар да шараптан екі-үш стакан ішкен-ді. Көнілді топтың ортасына кіріп кетті.

– Жарайсың Айбар, приз, – деді қыздардың бірі. Сол-

сол екен қырлы стакан толы арақты жаңағы қыз Айбардың қолына ұстартты. Стакандағы арақты ойланбастан бір-ақ сілтеді. Көнілді топ қошеметтеп кетті. Біраздан кейін басы айналып, көзінің алды бұлдырай бастады. Қасындағы Сәнияны құшағына алып, сүйе бастады.

– Қойшы Айбар, сыртқа шығайық, – деп Сәния оны қолтығынан алып.

Екеуі көрші бөлмеге кірді. Құшақтаса төсекке құлады. Одан арғысын білмейді. Қыз құшағында жатқанын бір-ақ білді. Бөлмеде екеуі ғана. Киімдері әр жерде шашылып жатыр. Қыз сыңсып жылай бастады. Төсектің ұстінде бетін басып отырған Сәнияның қасына келді. Қалай құшақтай алғанын өзі де білмей қалды.

– Айбар, – деп ол да мойнына асыла кетті. Енді не істейміз. Кішкене шыдасаң болар еді ғой. Саған шамам жетпеді, – деп тағы да жылады. Айбар қызды, құшақтаған қалпы, жұбатпақ болып бетінен сүйді. Ернін ерніне тигізді. Екеуінің құштарлық сезімі қайта оянды. Сол күні олар саяжайда күн ұзақ бірге болды. Бір аптадан кейін Айбарды үйіне шақырған Сәния әке-шешесімен таныстырыды. Осыдан былай жұптары жазылмай бірге жүрді. Дәмешті кездестірген сайын алдында кінәлі адамдай төменшіктей береді. Ол тұра қараса басқа жаққа жалтарып кетеді. Сонда да Дәмеш ойынан кетпеді. Көп ұзамай екеуі үйленіп, тұрмыс құрды. Ата-анасы қызына той жасады. Тойға Дәмеш шақырылмады. Көшеде жолығып қалған Дәмеш:

– Айбар құсың құтты болсын, бақытты болындар, – деді сыпайылғана үн қатып. Қыздың үні құлағына сіңіп қалды ма екі-үш күнге дейін кетпеді. Кішкентайлы болды. Өмірге қыз бала келді. Ата-анасы үйге келгендерге қызын мақтап, Айбарға мұлде көніл аудармады. Оқу бітіріп, қолына диплом алған Айбар алыс ауданға сұранды. Сәнияның да, ата – анасының да сөзін тыңдамады.

– Баратын болсаң менімен жүресің, – деп бір-ақ кес-

іп айтты. Кішкентайын көтеріп ауданға келгеніне де міне, бір жылдай уақыт болыпты. Сәния ауылға келгісі келмеді. Бір жыл әрең шыдады, аяғының ауырлығын сұлтауратып, 8-март мерекесі қарсыында қалаға кетті. Содан ауылға келмеді. Айбар да жиі хат жазып тұрды. Сәния әр нәрсені сұлтауратып, қалаға қайтуды өтінді.

– Бәтеске кездескелі Сәнияны ұмытып та кетті. Сәнияға деген көңілі де сүйп қалған сияқты. Бәтестің аяғы ауыр екенін естігенде төбесінен жай түскендей болды. Оны құшақтаған күйі үнсіз қалды. Жұмысқа келгенде де ойы он саққа кетті. От басқанын, Бәтестің алдында ақтала алмайтынын білді. Ертеңгісін хат тасуушы Абай ата қолына телеграмма ұстатты. Сәния аман-есен босанып, ұлды болғаны жайлы телеграмма салыпты. Жігіттер кезек-кезек құттықтады. Бір-екі шөлмек арақ та алдырыды. Қоярдақоймай жолдастары ішкізіп жіберді. Соның қызыумен Кегенге келді. Бәтеске жолықты.

Ауылдағы жігіттер тағы да арақпен сыйлады. Ертесі Сәнияға телеграмма берді. Келген хатында Айбардың құжаттарын иниститутқа тапсырғанын жазыпты. Асыға құтетінін, жұмысын өткізіп қайтуын өтініпті. Айбар жігіттерді көкке шақырып сыйлады. Жас сәбиге деген жақсы-жақсы сөздер айтЫЛДЫ. Арақ-шарап та мол. Қанша көңілін көтерейін десе де кешкісін есіне Бәтес түсе берді. Арақтан аузы құрғамайтын болды. Кездескен жігіттермен жүз граммды тастап жіберу әдетке айналды.

Күз де келді. Сырттай окуға түскені туралы, қағаз да алды. Ойы қалаға барып Бәтесті іздеу. Жоғары жақтан қайын атасы да телефон шалып, шаруашылық директорымен келісіпті. Қазан айының ортасында Айбар шаруашылықпен толық есептесіп, қалаға келді. Өзін-өзі ұстап, арақ та ішпеді. Бір қойдың етін ала келген Айбарды қайын жұрты салқын қарсы алды. Сәния да қыр көрсетіп, өкпесін айтты. Айбар екі-үш күн үйден сыртқа шықпады. Сәнияныңда да көңілін тапты.

Қалағажақын бірауданың ауыл шаруашылығы бөліміне барды. Құжаттарын өткізіп, кадр бөлімінің менгерушісі дүйсенбі күні жұмысы шешілетінін ескертті. Бәтесті іздеді. Көшеде кездескендерге де зер салып қарайды. Институттарда сабак басталып кеткен. Қайсысына баарын білмеді. Автовокзал жанындағы сырханадан екі саптаяқ сыра ішті. Қаланы кезіп, паркке барды. Тіпті өзінің жора – жолдастарымен де кездеспеді. Мектеп, интернат жанынан өткенде, басын сұғып, кіре кетті. Таныс мұғалімдер шүркірай қарсы алды. Жол жөнекей тағы да сырханаға кіріп, сыра ішті. Кеш бата қайын атасының үйіне келді. Сәния Айбар үйге кіре тиісті.

– Қайда жұрсің, алыс ауданда екі жыл қаңғырғаның аз ба? Әлде тауып алған біреуің бар ма? – деп әбден мазасын алды. Сәнияның аласы да қызын жақтап сөйлемді. Айбар кешкі шайға да келмеді. Шай ішуге оны шақырмады да. Ертеңгісін келіншегі әзірлеген шайдан бір-екі шыны ішті де:

– Мен жұмыс іздеймін. Екеуміз бөлек тұрамыз. Үй қарастырамын, – деді.

Мұндайды күтпеген Сәния не айтарын білмей қалды. Қүйеуінің сөзін аласына жеткізді. Айбар киініп сыртқа шығарда алдынан енесі шықты:

– Бөлек шығамын дейсің бе? Бала-шағанды қайтіп бағасың? Далада қалып жүр ме? – деді.

– Оған, қамықпаңыз. Екі жыл шет ауданда жүрдік қой. Тіршілік жасауды үйрендік. Тіпті болмаса басқа ауданға кетеміз, – деді.

– Ол күні үйге кеш келді. Ұзакты күн әр институттың алдына барып, Бәтесті іздеп, кездестірмеді. Сәния саса бастады. Экесі мен шешесі ешнэрсе айта алмады. Экесі «қырсығын» деді де қойды. Дүйсенбі күні кадр бөлімінің менгерушісі аудан орталығынан қашықтау бір шаруашылықтың фермасында малдәрігерлік мамандығы

бойынша бос орын бар екенін айтты. Айбар ойланбастаң келісті. Жолдамасын алып шаруашылық басшысына барды. Тұс ауа фермаға мал маманы болғаны жайлы бұйрығын қолына алып, жұмысын да қабылдады. Үй мәселесін де шешті.

Қараңғы түсे үйге келген Айбар қолынадағы бұйрықты көрсетті. Екі-үш күнде көшетіндерін де айтты. Сәния мен аның аң-таң болды. Көнбеске шарасы қалмаған Сәния ферма орталығына көшіп барды. Айбардың есіл-дерпті қалай да Бәтесті іздел, табу. Жұмысты сылтауратып, қалаға барып тұруға да мүмкіндік табылды. Қайда жүрсе де Бәтес ойынан шықпады.

Бәтес қалаға келісімен бірден Сергейдің үйіне барды. Наташа оны қуана қарсы алды. Ұлken кісілердің, ағасы мен жеңгесінің хал-жағдайларын сұрады. Қыздар педагогикалық институтның тарих факультетіне құжаттарын тапсырды. Институтқа түскенше Сергейдің үйінде тұратын болды. Бәтес кітапханадан аяғы ауыр аналардың гигиенасы туралы шағын кітапшаны тағы бір оқып шықты. Жеңгесі қаралған таныс дәрігерге барып мән-жайды түсіндірді.

Емтиханға әзірлене жүріп, ара-арасында дәрігер берген кітапты да оқып, өзіне күтім жасады. Бәтес жоғары балмен институтқа бірден қабылданды. Жатақханадан орын да берді. Наташа үйде жүріп ақылын бірнеше рет айтты, Бәтес көнбеді. Қыздардың арасында болуды жөн көрді. Денесі тола құрсағындағы нәресте де қозғалып, белгі бере бастады. Ол таныс дәрігерге жиі көрініп жүрді. Көпті көрген, мол тәжірибесі бар дәрігер – ана да Бәтеске көмегін аямады. Оның бір шешімге келіп, нәрестені дүниеге әкелу туралы айтқанына дәрігер риза болды.

– Бір шешімге келіп, нәрестені дүниеге әкелем дегеніңе қуанып отырмын. Әлі-ақ кішкенайың өсіп, азамат болады.

Қалаға келген ауылдың қыздарын алдаң кететін алаяқтар көп. Өзінді-өзің ұста, окуынды оқы, қарағым, – деді көпті көрген дәрігер оған.

Аяғы ауыр екенін курсас қыздар да біліп, қамқорлықтарына алды. Ауылға женгесіне болған жайды көкесіне айтпауын өтініп хат жазды. Наташа да сезіп, онымен оңаша сөйлесті. Мұны естіген Сергей қатты ыза болды.

– Жауынгердің қызын қорлаған адамды аямау керек. Ауылдағы кім деген жігіт деп, – Наташадан бірнеше рет сұрады. Женгесі Жәмила да кішкентайы мен келіп біраз уақыт жатып кетті. Наташа екеуі Бәтеспен тағы ақылдасты. Айбардың әйелі бар екенін кейін білгеніне өкініш білдірді. Ерте ме, кеш пе көкесінің еститінін айтып ақылдасты. Ақыры, айтуға келісті.

Қысқы сессия да бітті. Бәтестің де айы-күні жақындағы. Таныс дәрігер әйелдер босанатын үйге жатқызды. Наташа күн күрғатпай келіп тұрды. Аман-есен босанып, өмірге ұл әкелді. Атын Арман қойды. Наташаның үйінде бір айдан аса уақыт болды. Қыздар да жиі келіп, кішкентайға керекті затты үйіп тастады. Олардың жазған конспектілерін, түнімен отырып, көшіріп шықты. Көрші орыс кемпір Арманды қарауға келісімін береді. Бір ай кешігіп сабакқа барды. Оқуын жалғастырды. Көктем де келді. Алматының күні ерте жылдынып, көк қылтиып шыға бастады. Екі айдан асқан Арманды бір уақ даға қыдыртатын болды.

Бірде институттың алдынан Айбарды көріп қалды. Жүрегі жиі соғып, «негып жүр?» деген ой келді. Сыртынан біраз бақылады. Ол әр қызды тоқтатып, біреуді сұрап жүргенін анық байқады. Өзін тапқанын да сезді. Енді қалай құтылудың жолын іздестіре бастады. Бөлмеге келген қыздарға ойын айтты. Оны кіргізбеуін өтінді. Адресін айтпау керектігін де ескертті. Қыздар Айбарға Бәтес ту-

ралы тіс жармады. Ол бөлек үй жалдап тұратынын, білмейтіндерін Айбарға жеткізді.

Бәтес асығыс институт ғимаратына кіргенде тұра алдынан оны Айбар күтіп алды. Қолын қағып жіберді де, танымағансып өте шықты. Түстен кейін де Айбар оны күтіп тұр екен. Оған қарамастан қыздармен бөлмеге келді. Бәтес жатақхананы айнала тоқтаған автобустің біріне отырып кетті. Сонан кейін біршама уақыт Айбар көрінбей кетті.

Айбар институт алдында Бәтеспен екінші рет кездесті:

– Бәтес, сөйлесейік, мені тында, – деді.

– Тыңдайтын еш нәрсе қалған жоқ, – деп артына қайырылмай жүріп кетті.

Ол соңынан еріп жатаханаға келді. Есік алдында теңселіп ары-бері жүрді де қойды. Бәтес сыртқа шығудың амалын таппады. Айбар бұрылып кеткенде асығыс тысқа шықты. Байқамай қалды. Айбар жиі келгіштей берді. Жол айырықта Бәтесті білегінен ұстай алған Айбар екеуі ағаштың көлеңкесіне барды.

– Айтарыңды айттың, бала-шағаңның мазасын алмаймын. Саған менен не керек?, – деді Бәтес ашулы жүзбен қарап. Айбардың қызу екенін енді байқады.

– Сен мені дұрыс түсін. Сені сүйемін. Сенен басқа ешкімім жоқ. Эйеліммен сүйіп қосылған емеспін. Мені алдал қолына түсірді, – деп тағы да біраз әңгіме айтты. Айбардың алдынан әрең босады.

– Баламды көрсетші. Сағындым, – деп көзіне жас алды. Соңынан андып жүріп Бәтестің қайда тұратынын да біліп алды. Ол жоқта орыс кемпірге сыйлықтар әкеліп, баланың әкесі екенін де айтты. Талпынған баланы қолына алып, көтерді, кейде ойнатып та жүрді. Осы жайларды орыс кемпір бір күні Бәтеске айтты. Бәтес ойланып қалды. «Баланы ұрлап кетсе қайтем» деген ой мазалай бастады. Орыс кемпіріне осы ойын да білдірді. Оның есі шығып кетті. Мұнан кейін Айбарды жолатпайтын болды.

— Айбар өзінің сырттай оқып жүргенін Бәтеске айтып, аралары суып кеткен мөлдір махаббаттарын қайта жалғастыруды, өзіне тұрмысқа шығуды өтінді. Бәтес оның сөзін тындағысы да келмеді. Ол жиі арақ ішіп келетіндішігарды. Тіпті Бәтеске жатақхана алдында дауыс көтеріп, қолынан көше жаққа қарай сүйрекені сол еді «көмектесіндер» деген Бәтестің даусын естіген екінші жігіт жүгіріп келіп, ажыратып алды. Қызу жігіт олармен байланыса кетті. Бәтес енді солардың арасына тұсті. Айбардың қолы біреуінің жағына тиді. Сол-сол-ақ екен екі жігіт оны ұршықша үйіріп соққының астына алды. Әрен ажыратқан Бәтес оларды жөніне жіберді. Бет-аузы қанап, таяқ жеген Айбар Бәтеске тиісті.

— Жігіттеріңе мені ұрғыздың ғой ә, олар кімдер? Әлі-ақ көрсетемін, — деп қызуы басылмаған ол біраз көтеріліп, сабасына тұсті.

— Осы алған сыбағаңмен қайт, екінші келуші болма, — деген Бәтес артына қайрылмастан жатақханаға кіріп кетті. Бетінің қанын сұртіп, өз-өзіне келген Айбар көпке дейін көрінбей кетті.

Арман да өсіп, екі жасқа келді. Қаладағы яслиге бергелі Бәтестің де көңілі орнына тұсті. Күнделікті барып, ойнатып, қыдыртады. Қантар айында Айбар тағы да келді. Бұл жолы да қызу екен.

— Мені сағындың ба? Әлде біреуді тауып алдың ба? Сендерден бәрін күтуге болады. Балам қайда? Менің Арманым. Сағындым? — деді.

Бәтес не деп жауап берерін білмеді де:

— Бала саған не керек. Балаларың бар, өзің емес пе едің перзентханаға барып алдырып таста деген, Арман ауылда, — деді Айбардың жүзіне тұра қарап.

— Бүгін менімен жүресің, бір жерге барамыз. Карсылаушы болма? Қане айғайламай жүр, — деп Бәтестің қолтығынан алды. Осы сэтте сыртқа шыққан бөлмедегі қыздар Айбарды қоршап тұра қалды да:

- Бәтесті жіберіңіз, жігіттерді көмекке шақырамыз,
- деді.

Айбарды итере Бәтес жатақханаға кіріп кетті. Сессиясы басталғалы Айбар да жиі келетін болды. Бұрынғыдай емес арақты да көп ішетін сияқты.

Институтқа түскелі өмірінің арпалысқа түскен төрт жылды да өте шықты. Арманға да үш жас алты ай толды. Тілі де анық шықты. Екі үш рет қызу келген Айбардан қашып, анасының құшағына тығылды. Айбар қызу келген сайын екеуі әрең құтылады. Сенбі, жексенбі күндері Арманды жатақханаға әкеледі. Қасындағы қыздар оның тіліне мәз болып, кезек-кезек ойнатады. Окуларын аяқтаған қыздар мемлекеттік емтиханды да жақсы тапсырды. Институтта диплом тапсыру салтанатынан шыққан Бәтесті Айбар қолында гүлі бар күтіп алды. Бәтес шегіншектеп, барып тұрып қалды.

– Диплом алуынмен құттықтаймын, – деп қолындағы гүлін ұсынды.

Бәтес гүлді аларын не алмасын білмей қалды.

– Сен жақсы көретін гүл, алсаншы, – деп Бәтеске ұсынды да сөзін жалғастырып:

– Яслиге бардым Арманды көрдім. Менен қашады. Экесін танымайды, – деді.

Мына сөзді естіген Бәтес тағат таппады. Баласына баруға асықты. Жүрегі аузына тығылды. Тезірек Айбардан құтылуға тырысты. Институтқа кірді Айбар ұсынған гүлді бұрышта тұрған қалдық тастайтын жәшікке лақтыра салды. Жан-жағына қарады. Курстас қыздардың қасына келді. Оларға жағдайын түсіндірді. Бәрі сыртқа шықты. Айбар ағаштың көлеңкесінде тұр. Қыздар солай қарай жүрді. Айбар өзіне келе жатқан топ қыздарды көріп:

– Дипломдарың құтты болсын, қыздар! Бәтес қайда?

– Оны, қайтесіз институтта, қазір шықпайды. Айтатыныңыз болса біз-ақ жеткіземіз, – деді олардың

бірі. Айбар сөзге айналып тұрганда Бәтес аялдамадан автобусқа отырып, Арманға келді. Тәрбиешісіне жолығып, ауылға кететіндері жайлы айтты. Арызын жазып, Арманды өзімен бірге алыш кетті.

Ауылында төрт-бес күн болып, қайтты. Институтқа келіп, жолдамасын алды. Бір-екі күн тұра тұруға жатақханаға орналысты. Бәтестен көз жазып қалған, Айбар Арманды алыш ауылға кеткенін естіді. Кафедрадан Бәтестің Талдықорған қаласына жолдама алғанын білді. Жатақханаға іздең келді. Айбардың қызу екенін көрген Бәтес:

– Қазір көкем келеді бізді ауылға алыш кетеді. Көзіне түсуші болма, – деді қатулы қалпы.

– О, несі бар, жақсы болды, сөйлесеміз. Жолдаманды Талдықорғанға алышсын. Екеуміз бірге кетеміз, төрт жылдан бері әбден шаршадым. Енді олай болмайды, – деді.

– Айтарыңды маған айттың, енді қайтуыңа болады. Келген соң бір жауабын беремін. Әзірге жақсы, – деп жатақханаға кірді де терезеден қарап тұрды. Бәтестің сөзіне иланды ма Айбар ары-бері жүрді де таксиге отырып кетті. Бәтес асығыс киініп, Арманды көтерген қалпы деканатқа келді.

Кафедрада егде тартқан әйелден басқа ешкім жоқ екен. Өзін-өзі әрең тоқтатқан Бәтес жалынышты үнмен:

– Маған, жаныңыз ашысыншы, басқа жаққа жолдама берсеңіз.

Талдықорғанға бармайтын болдым, – деді. Егде әйел Бәтестің жүзіне қарап отырды да:

– Қарағым, Оралға ғана бір жолдама бар, – деді.
– Бәтес келісе кетті. Қабылдау бөлмесіне кіріп, қол қойдырып шықты.

– Рахмет сізге, бір жігіт келіп менің атымды атап сұраса, жолдаманы ауыстарғанымды айта көрменізші. Қыр сонынан қалмай қойды, – деді.

Ол баласы екеуінің киімі салынған чемоданды алып, вокзалға келді. Орал қаласына ертеңге билет алды. Аналар мен балалар бөлмесіне орналасты. Көнілі тынышталғандай. Женгесіне хат жазды, бар жайды баяндауды.

— Жолаушы азаматтар! Алматы — Орал қаласына жүретін поезға отыру басталды, — деген хабарды ести сала купеге келіп, орнына жайғасты. Қасына егде тартқан татар әйел жол серігі болды. Әңгімесі де жарасым тапты. Кішкентай Арманды қасынан шығармай ол қайда барса соңынан қалмаған Бәтес поезд орнынан жылжығанда Арманды көтеріп, сыртқа қарады. Қаптаған жолаушылар мен шығарып салушылар.

— Алматының қимай кетіп барады. Алатаудың биік шыңдары қол бұлғағандай. Бәтес терезе алдында ұзак тұрды. Алатау мұнарланып, көрінбей кеткенше қарады. «Қош, қош Алматы» деп күбірледі, көзіне ыстық жас келді. Арманға байқатпай жасын сұртті. Поезда үш күн жүріп Орал қаласына да жетті-ау. Заттарын жүк сақтайтын жерге еткізген Бәтес қалалық оқу бөліміне келді.

— Ерте келіпсіз, жарайды. Қаладағы №2 мектеп-интернатқа барасыз, — деді де оқу бөлімінің менгерушісі телефон шалып.

Мектеп-интернаттан баласы екеуіне бір бөлме алды, оқу басталғанша осында тұратын болды. Интернат өмірі өзіне таныс. Жұмысына да кіріспей кетті. Арманды балалар бақшасына орналыстыруды. Алаңсыз, тыныш өмір басталды. Оқу бағдарламасы қазақша жүргізілуі себепті Бәтес тарихтан қазақ кластарына сабак берді, әрі тәрбиешілікті де қоса атқарды.

Жазғы демалысында Арманды ауылына апарды. Апасы мен атасының, туған анасының басына барып, құран оқытты, топырақ алды. Бәтес ұзак жылады Женгесінің тоқтау айтып жұбатқанына да тыңдамады. Көп жылағаннан

ба екі көзінің алды ісіп кетті. Іш-құса болып шерін сыртқа шығарғаннан бойы женілдеп қалды. Бәтесті құшақтаған Жәмила да көзіне жас алды. Бетінен сүйді.

Қарындасы мен жиенін көкесі Алматыға әкеліп, Оралға шығарып салды. Аз ғана уақытта интернат менгерушісі, мектеп директоры қызметіне көтерілді. Арман да мектепте озаттар қатарынан көрінді. Зерделі бала қала, облыста өткен байқауларға қатысып, жеңімпаз атанды. Мектептің үлгі тұтар оқушысы болды. Бар ынта – жігерін жұмысқа арнаған Бәтес ұлы Арманның білімді азамат болып өсуіне көп еңбектенді. Қалалық оку бөлімін басқарып тұрған жылдары мектептердегі үздік оқушыларды Москва, Санкт-Петербург қалаларына окуға жіберді.

Арман да Москвадағы дарынды балаларды оқытатын мектепке қабылданды. Институтты да Москвада бітірді. Инженер-құрлысшы болған ол біраз жыл Москвада ірі құрылыштарда еңбек етті. Өткен ғасырдығы 80-ші жылдардың ортасында Арман Алматыға қызмет бабымен ауысты. Ұзақ жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан Бәтес те Алматыға қоныс аударды. Немерелеріне қарады. Сәбилік шағында әкесінің бейнесі көңілінде қалған Арман Айбарды іздестірді. Осы ойын анасына білдіргенде, көңілсіз жауап беріп елеусіз қалдырды.

Ойламаған жерден енді міне, вогзалда Айбарға кездесіп қалды. Одан бері де жарты ғасыр, елу жылдай уақыт өтіпті. Қалған өмірі тағы да арпалысқа түспек пе?

Айбар Бәтеске кездескен күні Сәниямен ажырасуға сотқа арыз беріп келген-ді. Ойы Бәтеспен жанұя құру. Ол ойы орындалмады. Бәтестен бір тұнде көз жазып, Талдықорған қаласы, аудан, ауылдан ізdep баспаған, бармаған жері қалмады. Бәтесті таппады. Ауылға барды, Бәтестің жеңгесімен кездесті. Сөйлескісі келмеді. Бәтес

туралы мандытып еш нәрсе айтпады да. Әйелімен ажырасты, қайын атасының ықпалымен жұмысынан түрлі сылтаулар айтылып, шаруашылықтың бас мал дәрігері қызметінен босатылды. Басқа ауданға ауысып, мал дәрігері болды. Сәния мен төрт баласына да көмектесті.

Әйелі қайда барса да қыр соңынан қалмады. Сәния жан-жал шығарғанда ыздан Айбар Бәтес есімді қызға үйленетіні айтып салған-ды. Осыдан кейін Сәния қала кезіп Бәтесті іздеді. Мекен-жайын алды, сонда барды. Бұл кезде Бәтес Орал қаласына жолдамамен кеткен-ді. Қайда кеткенін таба алмаған әйелі бар ашу ызасы мен өшін Айбардан алды. Балаларын да қарсы қойды. Қала маңынан алған жерін сатты. Бұрын салынған үйін үлкен баласына берді. Қала орталығынан бір бөлмелі пәтер алды. Сонда да Сәниядан құтыла алмады. Үлкен баласы мен қызы үйленгенде тойына шақырылған жоқ. Той болардың алдында үйіне баласы мен қызы келіп, ертіп бармақ болды. Өзі көнбеді. Ойы «тойларының шырқы бұзылмай, тыныш өтуін тіледі». Олар кеткенде қарсы көшедегі кафеге барды. Баласының бақыты үшін ішімдік алды. Кафеде ұзак отырды. Балаларының қылышы ойына түсті. Көзіне жас алды. Ал кенже ұлы мен қызының тойы өткенін де білмей қалды. Үлкен баласы ғана келінімен келіп-кетіп тұрады.

Зейнеткерлікке шыққалы шетелдік жеңіл машинасымен адамдар тасып ақша табады. Артық ақшасын әйелі Сәния да қоймайды. Соңғы бір-екі жылдан бері үйінен күш шыққаннан кейін ғана Сәния келмейтін болды. Сырттай тор құруын да қоймай келеді. Үйіне кенже ұлын тұрғызуын талап етіп, балаларын ортаға салып жүргені. Қанша айтса да жауапсыз қалдырады. Айдар үйін үлкен ұлынан туган немересіне сыйлауын ойластырып қойғанды.

Күндегі әдетінше темір жол вокзалына келген Айбар жолаушылар «такси сұрай ма?» – деп жан-жағына

қарап тұрғанда қасынан асығыс өте шыққан баланың қағаздарының арасынан құжаттары сусып түсіп қалды. Айбар жерден көтеріп алды.

– Балақай қағаздарын түсіп қалды, – деп дауыстады.

Артына жалт қараған бала қасына жүгіріп келді. Айбар куәліктегі әйел адамның аты-жөнін оқып, төбесінен жай түскендей болды.

– Эжең бе?

– Иә, рахмет сізге, деген бала жолаушылар отыратын залға қарай кетті. Артынан Айбар да ілесті. Әдеміше келген әйелді жаңағы бала асықтыра бастады. Айбар қарт әйелге зер сала қарады. «Бәтес, Бәтес өнін бере қоймапты» деп күбірледі. Қасына баруға жүрегі дауламады. Екеуінің соңынан жүріп отырды. Перонға шыққанда ғана:

– Бәтес, – деді.

Ол артына жайлап бұрылды. Айбарды жете танымады, тағы да:

– Бәтес, – деді. Ол енді зер сала қадала қарап қалды да. Жүзін тез бұрып әкетті.

Вагон терезесінен Бәтестің өзіне тесіле қарап тұрғанын көрді.

Сол күннен бастап Оралдан келетін поездің жолын тосты, өзіне таныс бейнені іздейді. Орал қаласындағы арнаулы анықтама бюросымен де хабарласты. Ондай адамның тұрмайтындығы жайлы жауап алды. Күнде вокзал төңірегінен айналышқтап шықпайды. Келетін поездің уақытын да жаттап алды.

Айбар жолаушысын межелі жерге жеткізіп, вокзалға асығыс қайтты. Қырсыққанда жолдың екінші жағын ол қайтқанша жауып, автомашиналарды екінші көшеге жіберіпті. Автомашиналар легі іркес-тіркес. Айбардың шыдамы таусылды. Келетін поезға үлгере алмайтын болды. Не істерін білмеді. Кешігіп келгенде Орал қаласынан келген жолаушы адамдар қаланың миллиондаған тұрғындары

арасына араласып кеткен-ді. Ол вокзалды аралап, таныс бейнені іздеді, кездеспеді. Жүрегі әлденені сезгендей. Салы суға кетіп, бойы дел-сал. Мына қайнаған өмірде Бәтесті біржолата жоғалтқан сияқты. Жүрегі шымырлап кетті. Елу жылдай уақыт жалғыздықтың не екенін билетін Айбардың жаны күйзелді.

Не істеу керек? Қайда бармақ? Өмірден көрген қасіретін кім тыңдамақ? Теледидар арқылы «Бармысың бауырым» бағдарламасына баруға ойын түйген ол Желтоқсан көшесіндегі қазақ телевизиясына келді.

V

*O, Махаббат!
Сен әлі тірі ме едің?!
Тірі ме едің...
Мен де енді тірілемін!
Ақ періште, алдыңа жұғінемін,
... Қолдай гөр гашықтардың пірі мені?!*

Бәтес Орал қаласына келгелі Айбар ойына түсе берді. Бұрын өзі қызметтес болған, жолдастарымен кездесті. Көптен көріспегеннен бе шүйіркелесе қауышып қалды. Отken кеткендерді айтып, жарық дүниеден озғандарды естеріне алды. Қаланы аралады. Өзі директор болған мектеп-интернатқа барды. Қалалық оқу бөлімі залдан арнайы орын бөліп, кезінде білім бөлімін басқарған ардагерлердің суретін іліп, өмірбаяндарын жазыпты. Өзінің суреті үлкейтіліп, ортаға ілініпті. Оқу бөлімінің менгерушісі мен қызметкерлеріне шын жүректен алғыс айтып, олармен ескерткіш суретке түсті.

Түс ауа шаршаңқырап қалған ба, кішкене жатып мызғып алмақшы болды. Көзінің ілінгені сол еді түсіне Айбар кірді. Құшағы толы гүлді, Бәтеске ұсынды, өзіне сөйлеп жатыр, кенет Бәтестің қолындағы гүлдер қурап, сарғайып

кетті де, жерге шашылып қалды. Айбар алыстап барады, өңі суық, басын шайқап қояды. Артынан жүгірмек болды, тегеурінді күш жібермейді, «Айбар» деп айғайлайды, даусы шықпайды. Енді өңі солғын, жұпның киінген Айбар вокзалда тұр. Бәтеске қолын бұлғап, бірдеме айтады. Бәтес естімейді. Булығып жатып оянып кетті. Қара терге түсіпті. Орнынан тұрмай біраз жатты. Өзінен келгенде, ваннаға барып жуынды. Жаңа ғана көрген түсі көз алдында. Жүрегінің дүрсілі де басылар емес. Терезеден сыртқа қарады. Немересі ойынның қызығына беріліпті.

Ол киініп, тысқа шықты, ағаш арасындағы орындыққа барып отырды. Институтта жүргенде бір жігіттің өзінен ғашық болғаны ойына тұсті. Айбарлар қатарлы, өзінен екі курс жоғары оқыды. КазГУ-дің студенті. Киноға барғанда бірге отырып қалды. Содан қыздарды жатақханаға шығарып салды. Сол күннен бастап ол жиі келіп тұрды. Өзінде ойы бар екенін де сезді. Бірнеше рет киноға шақырды, ондайда жұптары жазылмаған қыздар бірге барды. Бірде өзін ресторанға шақырды. Бәтес раҳметін айттып, бара алмайтынын білдірді. Ол паркке баруға, оңаша отырып, сырласуды ұсынды. Бәтес ойланып тұрды да:

— Мен махаббат сезіміне беріліп, ғашық болуды басымнан өткізген жанмын. Мені қызықтырмайды да. Жалған махаббаттың отына оранып, аяғымды шалыс бастым. Менің екі жасар сәбиім бар. Қалада қыздар көп, өз бақытынды басқадан іздесең, көптен бері айта алмай жүр едім. Сені от сезімге шарпығым келмейді. Бақытты бол, — деп артына қайрылмай жүріп кетіп еді.

Сол жігіт көрген жерде жаны қалмай сәлемдесіп, қалжағдайын сұрап тұрды. Айбар мас болып келіп, қолынан шетке сүйрекендеге араша да тұсті. Ақыры байланысып тынды. Институтта қаншама жақсы жігіттер кездесті. Бірақ оларға деген жүрек жылуы болмады. Орал каласында да мәдениетті бір жігіт өзіне келіп журді. Тіпті Арманды

өзіне тартып, келген сайын әр түрлі ойыншықтар әкеледі. Оның келгіштеп жүргенін көреген мектеп директоры Бәтесті шақырып алды да:

– Күйеуің жоқ, мұнда жеңіл жүріспен өмір сүргің келе ме? – деді.

Бәтестің есі шығып кетті:

– Жо... Жоқ.... Олай емес.

– Саған келіп жүрген жігіт, сондай адам. Қасыңа жақыннатушы болма, тұрағы жоқ оңбаған. Екі әйел шығарды, – деді.

Ізаға булыққан Бәтес Арманға әкелген ойыншығын қолынан жұлып алыш, лақтырып жіберді. Істеген қылыштарын бетіне басты. Содан былай көрінбей кетті. Қалалық оқу бөлімінің менгерушісі болған алғашқы жылдары. Бір азаматты мектеп директорына тағайындау жөнінде іскер адамдардың құжаттары жинақталды. Екі адамның құжаты келді. Олармен шақырып әңгіме өткізбек оймен, комиссияны жинады. Бәтес өз көзіне өзі сенбей қалды. Мұнтаздай тап-таза киінген, жымып кірген жігіт оны көрісімен сасып қалды.

– Отырыңыз, – деді.

Құжаттарын мұқият қарап шықты. Еңбек кітапшасынан біраз мектептің есігін ашқанын көрді. Екінші жігіт 4–5 жылдан бері мектеп директорының орынбасары қызметін атқарыпты. Комиссия мүшелері де көрді. Олар өз пікірлерін білдірді. Екі жаққа да тең пікір айттылды. Бәтес ойланып отырды да түсін суытып,

– Бізге білікті, іскер кадр керек, – деп алғашқы жігітке тіке қарғанда басы төмен салбырап кетті. Қолымен астындағы орындықты шұқылай берді. Комиссия мүшелері Бәтесті қолдады. Екінші жігіт мектеп директорлығына қабылданды. Ал, ана жігіт басын төмен салған күйі есіктен шығып кетті.

Осы секілді бірнеше жігіттер Бәтестің де алдынан шықты, ойларын білдірді, қабылдамады. Алдына қойған мақсаты – Арманың адам қатарына қосу болғандықтан жалған сезімге берілуіне жол бермеді. Енді міне елу жылдан кейін жүрегінен ұмытылмастай орын алған, ғашықтық гүлін алғаш сыйлаған Айбар алдынан шықты.

Қайтатын уақыт та болып, құдалары поезға шығарып салды, қош айттысты. Поезға мінгелі бері жүргегі алабұрттып көңілі тынышталмады. Алматыда оны біреу күтіп тұрған сияқты болады да тұрады. Қалаға жақындаған сайын мазасы да кетті. Немересі сезіп қояма деген күдігі бар. Поезд терезісінен қарауға да жүрексінді. Ар жакта біреу тұрғандай.

– Апа, түсеміз, жүр, – деген немересі оны асықтыра бастады.

Жүрексіне, сыртқа шықты. Жан-жағына бұрылып қарамады да. Арманды құшақтап бетінен сүйді. Баласы қолындағы жол сумкасын алды. Ұрлана айналасына көз жүгіртіп, біреуді іздегендей болы. Машинаға да асығыс отырды. Айбар қолынан шап беріп ұстап алатындаі сезінді. Терезеден байыптап сыртқа қарады. Асығыс жүрген жолаушылар. Адамдардың арасын тінте таныс бейнені іздеді, көрінбеді. «Қайда кетті екен? Перон жакта қалды ма? Ол күту керек еді ғой?» деген сұрақтар ойына оралды. Таныс бейне кездеспеді. Бір тұрлі көңілі орта түсін, жабырқап қалды. Арманның сұрақтарына қысқа-қысқа жауап берді.

– Былдырлаған шөберелері алдынан шығып, аяғына оралды. Оларды көтеріп мәңдайларынан сүйді. Арман анасын ауырып қалғанға жорып, демалып алуын өтінді. Немересі келіп музыка қосып, үйді көнілді әуенге бөледі. Бәтес төргі үйдегі жұмсақ диванға қисайды. Құлағына бұрын естімеген ән келді.

*Енисей мен Еділді,
Шатыстырып картадан.
Ең алғашқы маҳаббат,
Басталады партадан.*

*Күндей таза көңілден,
Қардай аппақ нарақтай.
Ең алғашқы маҳаббат,
Басталады сабактан.*

Сағынышқа айналған балдәурен балалық шағы ойына оралды. Алаңсыз өмір, жастардың сүттен таза ақ маҳаббаттары. Мұғалімдердің ғашықтар жайлышты оқыған кітаптарын тартып алған, «Сендерге әлі ерте, оқуға болмайды» деп ұрысқаны әлі есінде. Маржан, Қалампыр сүйген жігіттеріне қосылып, бақыттарын тапты. Сүйген жігітімен қол ұстасып кеткен Қалампыр Бәтесті іздең келді. Екеуінің құшақтары айқасып, ұзак сырласты. Қалампыр оқуға сырттай түсті. Маржан да педагогикалық институттың филология факультетіне оқуға қабылда^{чылы}жыл^{жыныс}. Оны Қалампырдан естіді. Институт бітіргенше үшеуінің жұбы жазылмады. Эсіресе сессия кезінде жиі кездесетін болды. Маржанның сол баяғы ақ жарқын мінезі.

– Білмеймін, апама келінмін бе? Қызымын ба? Құда түсіп алған келді.

Қараймын өз үйімдей еркін сезінем. Бір жерге бармақ болса, мені ертіп алады. Апамды колтықтап көшеде жүре берем. Үйге көршілер бірнәрсе сұрай келсе «Келінге айтшы, келіннен сұрашы» деп отырғаны. Бірде қызық болды. Жинаған ақшасының есебіне жете алмай отыр. Қасына барып санап, бердім. Орамалға орап, белінен байланған ақшаны маған ұсынып, «Осыны сен ұсташы, жұмсауды да білмеймін, тағы бір жерлерге ақша қойып едім ұмытып қалыптын» деді. Эй осыдан кейін апама білдіртпей үй

жинағансып қарадым. Саған өтірік, маған шын төсектің басы, көрпенің арасы, ескі киімдерінің ішкі қалтасы ақша, тапқанымды апамның алақанына әкеліп сала бердім. «Мұны қайдан таптың» деп әр әкелген ақшамды сұрайды. Қойши сонымен әлем ақша жинап алдық.

Қайсар еңбек ақысын әкелгенде түгел қолына салдым. «Балаңыздың табысы» дедім. Куанғанын көрсөн. Қалтасына салып қойды да біраз уақыттан кейін ақырын ымдаң мені шақырды. Қасына бардым. Қалтасындағы ақшаны алды да маған беріп. «Өзіңе керектінді ала ғой» дейді. Содан бастап бар табысымызды апама береміз ол кісі мәз болып қалады да біраз уақыттан кейін түгел өзіме қайтарады, – деген Маржанның сөзі есіне түскенде Бәтес өзінің апасы ойына оралды. «Әруағындан айналайын» деп күбірледі.

Қалампыр да ұзак жыл мектепте еңбек етіп, озат мұғалім атанды, зейнеткерлікке шықты. Төрт бала тәрбиелеп өсірді. Жолдасының өмірі қысқа болды. Қырық тоғыз жасқа қараған шағында өмірден озды. Бәтес арнайы іздең барып көңіл айтты. Сондағы Қалампырдың жылағаны-ай. Қай жерінен шығып жатқанын кім білсін, не бір сөздерді тауып айтады, адам жанын ауыртып, көзіңе еріксіз жас алдыратын жоқтауларды жанынан шығарады. Жан-жағынан жұрт қаумалап әрең тоқтатты.

– Қайтейін, Бәтесті көргенде өзімді өзім тоқтата алмадым. Енді міне, жас ортасынан асқанда жалғыз қалып, сүйенерім де, ақыл берер ақылшым да, от басымнаң берекесі болған Жұмабектен айырылып отырғаным, – деп іштегі шерін тарқатқаны Бәтестің көз алдында.

Ой құшағында жатқан ол мектеп, институтта өткен жастық өмірі туралы бірге оқыған құрбы-құрдастары жайлы ойлады. Олар қайда екен қазір. Өмірден өткен досжарандарын осыдан 5–6 жыл бұрын Маржан айтқан-ды. Содан бері де біраз уақыт өтіпті-ау. Құлағына жағымды ән тағы естілді.

*Кештегендер басынан,
Сенбе мейлің, сен мейлің.
Ең алгашиқы маҳаббат,
Бірін-бірі көрмейді.
Айта алмас ем ерте деп,
Айта алмас ем кеш деп, мен.
Ең алгашиқы маҳаббат,
Басталады мектептен.*

Айбар көз алдына елестеді. Көл жағасы. Құшақтары толы гүл. Айдын көлде қалқып жүзген ақкулар. Пәк сезімдер. Құндей құлімсіреген құрбылары бәрі-бәрі көз алдында. Араға елу жыл салып өтсе де күні кешегідей. Сол бір жүргегіне мәңгілік маҳаббат шоғын үрлеп, ғашық отына күйдірген шақ. Бәтес үшін өміріндегі ең бақытты сәті екенін енді ғана білді. Айбардан кейін ешкімді дәл осындай беріле сүймепті. Тіпті маҳаббаттың не екенін ұмытып та қалғандай. Кездесken талай мықтымын деген жігіттер Бәтестің алдынан тауы шағылып, қайтатын. Бар өмірін баласы Арманға білім беру, тәрбиелеу, ары таза азамат қатарына қосуға арнапты. Қызмет бабында да, мектеп адамдарымен тіл табыса жұмыс істеу, қамқорлық жасау олардың жағдайына көмектесу, әсте ойынан шыққан емес. Ой елегінен өткізе алдынан талай жастар өмірге қанат қағыпты. Тіпті Алматыға көшіп келгеніне 20-жылдан асса да, олар телефон арқылы сөйлесіп тұрады. Осы Алматы қаласының мектептерінде де енбек етіп жүрген шәкірттері баршылық.

Жанұясымен ренжісіп, бір-біріне салқын тартқан жастарға да жылы сөзін айтып, олардың отбасы татулығын қалыптастыруға да көмектесті. Осыншама адамдарға шуақ нұрын шашып, көмегін аямаған Бәтес өзі туралы, қандай жанұя құрғанын ойламағанына таң қалды. Институттағы өмірі, шыбын жанын шуберекке түйіп Айбарға баласын бермей құшақтап алып, пәтерден пәтерге көшкені. Оған Арманды көрсетпеу үшін тіпті екі-үш ясли де айырбаста-

ды. Сонда не үшін қашты? Өзі де білмейді. Тіпті Оралға да кетуге себепші болған Айбардың келгіштей беруі емес пе? Таразылап қараса Айбар жаман сөз, не болмаса ашулы дауыс көтермепті. Қызу келіп білегінен «сөйлесейікші» деп тартқаны. Соның кесірінен оңбай таяқ жеді. Оны жігіттердің соққыға жығуына да өзі кінәлі сияқты.

Айбардың әйелі мен балаларын да көрген емес. Оларға барып, айқай шу да шығарған жоқ. Айбардың айтуынша әйелінің әкесі облыста белді қызмет істейтін біреу болуы керек. Жанұясы туралы жаман сөз де айтпады. Енді өзін ойласа қандай жанұя құрды. Өзі де білмейді. Жанұялы болып, шүйіркелесе дастархан басында отырып көрмепті. Арман екеуі түсте асханадан, кешкісін, ертеңгісін үйден апыл-ғұпты шай ішкендері болмаса, үйлеріне қонақ та жи келмеді. Ауылдан қөкесі мен женгесі, кейін бауырлары жиі келіп тұрды. Ондайда көбіне Жайық өзенінің жағасына барып демалатын. Сырттай жанұялы. Шын мәнінде құжаттарда «мать одиночка», «жалғыз басты әйел» деп тіркелді. Занды некеге тұрған жоқ. Кейін Арман жанұялы болғанда ғана құжаттарындағы «жалғыз басты әйел» деген сөз алынып тасталды. Қазір Арманның жанұясында. Күні бүгінге дейін жете мән бермегеніне таңқалды. Бар саналы ғұмыры «жалғыз басты әйел» деген тіркеме сөзбен өтіпті.

Музыка тағы ойнай бастады. Немересі жаңағы әнді қайталап қойды. Әнімен сөзін сүйсіне тындалды.

*Бәйшешектей бүр жарып,
Бұзып-жарып, сен тоңды.
Ең алгашқы махабbat,
Болу керек ең соңғы.
Болар бәлкім қамалы,
Болар бәлкім қақпасы,
Ең алгашқы махабbat,
Махабbatтың патшасы.*

– Бойын бір жылдылық сезім шарпып өтті. Алғашқы махаббаты, Айбарға деген жүргегіндегі шер болып қатқан тоң жібіп, көз алдына құлімсірей өзіне қарап тұрган Айбар елестеді. Қымсына келіп құшағы толы гүлден жалғыз тал гүлді суырып алғанда, жүрегі бірге суырылып кеткендей болған сәтті қалай ұмытсын. «Мөлдір махаббат» кітабы, әр кездесken сайын гүл сыйлаған Айбарға жүрегі елжіrep кетті. Қолымен ауаны қарман қалғанын білмей қалды. Бәрі де кеш, елу жыл өтіп кетіпті. Жүректегі ғашық отын сөндіріп, өмірде адам болғаны мен жүрегін қара тасқа айналдырғанын енді ғана білді, тым кеш түсінгені-ай.

«Күдай-ау өзімді өзім жазалағаным қалай? деп күніренген Бәтес: «Сені, Айбар, сені тас мұсінге айналдырыптым-ау. Мен үшін солай көрінгеніңмен сен мына өмірдегі махаббатыңа берік, өміріңе балта шабылса да мойымаған жансың. Сен жанұя құрдың. Балаларыңа қамқор болдың. Мені сүйдің, менен бақыт іздедің. Мен ше? Жанұя құрмаған оның ыстық-суығына күймеген , өз бақытын аяғына таптаған, оны қүресінге лақтырып тастаған жан болым. Алғашқы махаббатым ұшқын шашып, лаулаған алауды өз қолыммен сөндіріптім. Қайтіп тұтанbastай бір жола сөндіргенім-ай. Сөнген махаббатымды енді тұтандыру да мүмкін емес. Ерте сөнген махаббат елу жылдан кейін лаулап жанбайды-ау, жанбайды. Тағдыр мені аямаған екен. Бәріне өзім, өзім кінәлімін. Кешір, кешіре алсаң, кешірші мені Айбар! Өмір бойы сенің бар өмірінді өксіттім, өкінішке толы жылдарыңды ұмытып, мені ғана іздедің.»

«Қалай ғана түсінбедім, сөйлесейік, бар шындықты айтам түсінші мені» деген сөздеріңе құлақ аспадым. Қоңілімде, жүрегімде өр көкіректік пе? білмеймін басым болды. Апам мен атам, көкем мені олай тәрбиелеген жоқ сияқты еді ғой. Бұл қасиет маған қайдан пайда болды. Кімге мұнымды айтам. Уақыт атты көзге көрінбес тыл-

сым күш бар өмірімді ұрлап алды. Енді менің қателігімді бетіме басуда. Уақыт кінәлі ме? Әлде уақыт емші ме? Тұсінбедім-ау, тұсінбедім. Өзімді де аяматтым»

Көз алдына Айбар тағы келді. Жүрегі бұлқынып кетті. Алғашқы тұн. Екеуінің жарық дүниені ұмытып, ғашықтық құшақтардың айқасқаны. Махаббаттың бал шырынына балқып, сезім мен сенім бір арнаға тоғысқан сәттердегі денелері от жалынға оранған ыстық құшақ. Бәрі-бәрін бір сәтке қайтып ұмытсын. Осыдан былай бір-бірін көре алмайтын күйге жетті. Екеу ара тыныштықты қалады, онда сырласты. Махаббаттың бал шырынына мас болды. Бір сәт өзі де елу жыл бұрынғы махаббат сезіміне берілгенін білмей де қалды.

Енді көз алдына вокзалда жұпның киінген, өзіне қол бұлғап тұрған Айбар елестеді. Жаңағы тәтті қиялдың бәрі ұшып кетті. «Кешір, кешір жаным мен бейбақ қайталанбас қателік жіберіптім» деп күбірлеп кетті. «Сені осы күйге тұсірген мен болым ғой. Сенің «Тұсінші мені ол қызбен сүйіп қосылғам жоқ, алда торға тұсірді» деген сөзінде де сенбедім. Енді міне өмір көзімді шындыққа жеткізді. Екеуіміздің махаббатымыз үшін сені кінәлай алмаймын. Сен басындағы киындықтарға қарамай, жүрегінің әмірімен мені шын сүйдің. Оған сені қайтып кінәлайын. Мен де жаңа бүр жарған жалғыз тал гүл едім. Сен сол гүлді аялы алақаныңа салғың келді. Сол үшін күрестің де. Асай жүрек қанша туласа да ол мақсатына жете алмады. Оның басты себебі мен екенмін. Кеш тұсіндім, тым кеш. Сенің жан сырыңа үңіле алмадым. Қайдағы бір жүрегімде кекшілдік пайда болды. Саған ерегісе жүріп Арманды өсірдім. Өкініштің сол саған көрсетпей әкесіз өсірдім. Тіпті оның да сөзін тындармадым. Сені балаң іздеді де, алдынан көлденең шықтым. Менің көнілімді қимады. Арманның алдында да кінәлі екенімді енді білдім. Оның тегі мен әкесін дұрыс жаздырғаным үшін құдайға мың рахмет»

Арманға Туу туралы куәлік аларда Бәтес көп ойланды. Айбардың атына баланы жаздырғысы келмеді. «Жомартов Арман Айбарұлы» деп куәлік алды. Ондағы ойы өзінің әкесінің есімі аталып жүрсін, екінші Арманның Айбарға тартпай өскенін көрсін дегені еді. Сол ойы орындалды. Арман бүгін де Республикаға танымал құрлысшылардың бірі, Алматы, Астана қалаларында салынып жатқан ірі құрлыс компаниясын басқарды.

«Енді қайтіп Айбарды көремін бе?», – деген ой да ма-залады. Өмірінің бел-белестері артта қалды. Кәріліктің де ауылы есігін қағып тұр. Қанша өмірі қалғанын бір құдайдың өзі білер. Жетпіс жас та оңай емес. Еншісінде санаулы жылдар ғана қалған сияқты. Өмір өтті, кетті. Немере, шөберелері жасы елуге келген баласы Арман мен келіні атасы Айбарды көрсе мына жарық дүниедегі парызы өтелетіндей көрінді.

Ертеңгісін анасының қабағы түсінкі көнілі орнында емес екенін байқаған Арман мен келіні асты – үстіне түсіп бәйек болып қалды.

– Бір жеріңіз ауырды ма? Дәрігер шақыртайын, – деген екеуін де тоқтатты. Түнде мазасы болмай, жайсыз үйіқтағанын айтып, оларды жұмыстарына жіберді. Кетерінде екеуі кенже немересі Куанышқа әжесінің ауырып қалғанын, көзден таса жасамай көнілін аулауды тапсырды. Куаныш та әжесінің аяқ асты ауырғаны жанына батып кетті. Қасына келіп:

– Эже ауырмашы, поезда терлеп едіңіз, сұық ұстап қалды ма? Сіз вокзалда біреуді ізделіп жан-жағыңызға қарай бердіңіз ғой, – деді.

– Ой айналайын-ай, папанды қарадым, жүргіншілер көбейіп кетті ғой.

– Айтпақшы апа біз Оралға кетерде мен асығып жүріп билетпен бірге құжаттарды түсіріп алғам. Артымнан бір

үлкен кісі айғайлап, тоқтатты да қолыма ұстатты. Сол кісі бізден 4—5 қадамдай жерде тұрып сіздің есіміңізді атады. Сіз қарадыңыз да танымадыңыз. Поезд жүргенде де вагонның қасында тұрды, — деді.

— Ауылдан келген таныстардың бірі шыгар. Жете танымадым, — деді.

«Куаныш Айбарды танып қалыпты, — деп ойлады. Кеше вокзалда ол кездессе Куаныш бірден барып аманасар еді. Кездеспегені де дұрыс сияқты. Ол неде болса Алматыда, міндепті тұрде мені іздейді. Іздеп те жүрген болар. Баласы Азаматтың қайда істейтінін білмейді-ау. Әлде білсе де жолығудың ретін таппай жүр ме? Оған сірә да алдымен мен керек шыгармын, — деп тағы да ойға кетті.

Ертеңгісіндей емес, көңілі де орнына тұсті. Шөберелерінің былдырлап сөйлегенін қызықтап күлді. Манағы ауыр ойдан арылып, сыртқа шықты. Немерещөберелерімен серуендеді. Әлсін-әлі телефон шалған Арман, мен келініне де көңіл-күйінің жақсы екенін айтЫП, алаң болмай-ак жұмыстарын істей беруді өтінді.

Анасының көңіл күйінің жақсарғанын көрген келінбаласы да мәз болып қалды. Бәрі кешкі шайға отырды. Немересі көгілдір экранды қосты. «Бармысың бауырым» бағдарламасы жүріп жатыр екен. Жүргізуі ұзак жыл сүйген жары мен баласынан көз жазып қалған азаматты отырғандар арасынан теледидар алдына шақырды. «Айбар, Айбар!» Бәтес не аитарын білмей жанары теледидарға қадалған күйі тілсіз қалды. Ол өзінің аты-жөнімен таныстыруды.

— Ашық күнде адасқан азаматтың бірімін. Бәтес атты сүйген жарым мен ұлым Арманнан көз жазып қалғаныма да елу жылдай уақыт өтті. Сол жылдардан бері іздеумен келем. Кездесіп қалар деген үмітімді үзбедім. Сүйген жарымнан қалған бар естелігім, баға жетпес байлығым,

мына кестелі орамал мен тұған күніме сыйлаған ақ боз арғымақтың мұсіні. Елу жыл осы естеліктерді жаңыма демеу етіп келемін.

– Бәтес! Бағдарламаны көріп отырсаң тіл қатшы, сенен жалына сұраймын. Бармысың бауырымға тұратын мекенжайыңды берсең болды, – деді. Қолындағы кестелі орамал мен арғымақтың мұсінің жоғары көтерген ол. Бәтес сүлей-сапа болған күйі отырған орындығынан қозғалар емес.

– Папа, бұл атаны танимын, вокзалда билетімді түсіріп алғанда әкеп берген. Әжемнің атын атады, бірақ әжем танымады, – деді Қуаныш. Арман да ой үстінде. Анасына карады. Алыс нұктеге көзін қадаған күйі, кірпігін қағар емес. Баласы мен екеуінің көзі түйісіп қалды.

– Мама, қалаға көшіп келісімен іздейік деп едім ғой. Көнбедің.

Ақыры өзі тапты.

– Кездесуге баrasыз ба?

– Жоқ, сенің барғаның жөн болар...

Үй ішін үнсіздік жайлады. Әркім өз ойымен.

– Апа, бәріміз барамыз, – деді келіні, – балалар, келіндер, немерелеріңіз бен шөберелеріңіз де. Атамыз көрсін. Елу жыл сізді сабылып іздепті ғой. Атамыз нағыз азамат, махаббатына берік жан екен.

Бұл ұсыныска Арман мен немерелері де косыла кетті.

– Атамызды көреміз бе? Қызық болатын шығар. Әжем екеуі құшақтасатын болар? – деген немерелеріңің бірбіrine айтқан сөздері де естіліп қалды.

Бәтес тіс жарып еш нәрсе айтпады. Көзін төмен салған қалпы, жанарынан шыққан екі тал тамшы «тырс» етіп еденге тамды.

Ол ауыр күрсінді...

Жесір (повесть)

Көктемнің соңғы мамыр айының аяғы. Жер ана кілемдегі құлпырып, түрленіп кетті. Жасыл шалғынға тігілген ақ шаңқан киіз үйлер, көз тартарлық. Ауыл-ауыл бір-бірінен алысқа ұзамай жақын қоныстаныпты, аттылы-жаяу жүргіншілер де екі аралықты жол жасап жіберді. Бие байланып, кезек-кезек қымызмұрындық берген адамдардың көңілдері шат. Қыстың қатал қыспағы мен бет қаратпас аязды үскірігі арқаларынан күн өтіп жылынғалы ауыл тұрғындарының ойынан, ұмыт та болды. Үлкені де, кішісі де мәз-мәйрам.

Қашықтау жерге кедей – кепшіктердің тігілген қырық жамау үйлері мен күркелері ғана оғаш көрінеді. Олардың отбасы қыстап қысылыш шыққаны, аз ғана малдары көкке енді тойына бастағаны байқалып-ақ тұр. Үлкендері шаруамен, балалар болса әр үйдегі бес-алты ірілі-ұсақты малдарды қарайлап жүргені. Әр ауылда өткен той – томалақтан олар да құр қалмайды. Өсіресе, тұсау кесер, бесікке салу, қызы ұзату, келін тұсіру, сұндет тойдан шет қалған емес.

«Той десе қу бас домалайды» демекші ауылдың еңкейген қарты мен емшектегі сәбилері де қайсы үйде той болса, сол үйге жиналатын әдеті. Сарқырап ақкан тентек тау өзенінің иінді жеріндегі көк жазыққа тігілген бірнеше ақ шаңқан киіз үйдегі тойға әзірліктің басталғанына да үш-төрт күн болды. Ертеңгісін көрші ауылдан келген қонақтар да абыр – сабырды көбейтіп жіберді. Құдалыққа кеткендер, бүгін келінді алып қайтпақ. Тұске қарай көз ұшындағы биік қырдан аттылы адамдар да көрінді.

– Құдалыққа кеткендер келеді, – деген әйел даусынан жиналғандар солай қарай қарады.

– Келіннің жасау-жабдықтары да бір көшке тұрарлық, – деді әйелдердің арасында тұрған келіншектің бірі.

Ойын қызығына берілген балалар да келін түсетін жана отаудың қасына топтала, құдалықтан келе жатқандарды қызықтауда.

– Шашу, шашуды әкеліндер, – деген қарт ананың даусын ести сала екі келіншек өрнектелген әдемі, сырлы табаққа толы шашуларын үйден алып шықты. Балалар да шашу шашылатын сәтті асыға күтіп, екі келіншектен алышқа ұзамай, төнеректеп жүргені. Ерсілі-қарсы жүрген боз балалар мен бойжеткен қыздар да құдалықтан қайтқандар, ауылға жақындаған кезде шыдамдары жетпей жас, келіннің алдынан шықты.

Жаңа түскен келінгे шашу шашылып, үлкен-кіші таласа-тармаса, ауыз тиуде. Жастар жағы жас келінді орталарына алыш, жиналған тойшыл қауымның алдына әкелді. Орта бойлы, жұқалау өнді, даусы құлаққа жағымды жігіт қолындағы үкілі домбырасының ішегін қағып-қағып жіберді де беташарды бастап кетті. Келіннің бетін ауылдағы жолы үлкен ару ана:

– Біссіміллә, – деп үкілі домбыра мен ақ жібек орамалды ашып, бетінен сүйді. Басына ақ орамал салды. Жас келін иіліп көвшілікке сәлем берген де:

– Көп жаса айналайын, қадамыңа нұр жаусын. Ақ босағаны оң аяғыңмен атта, – деген ана келіннің қолтығынан алды. Жаңа түскен келінгे көвшілік те риза болып, тілектерін айтып жатыр.

Үлкендер жағы той дастарханына шақырылып, орын алса, жастар әуелете ән шырқап, алтыбақан тепті, түрлі ойындар ұйымдастырып, тойды қыздырып жіберді. Құдалар асқан қырдан аттылы үшеу тойдың қызған шағында келді. Өздерін «алыс жолдан келе жатқан жолаушылармыз» деп таныстырды. Олардың арам ниетпен келген жансыздар екенін той қонақтары, көвшілік қауым қайдан білсін.

– Құтты қонақ болдыңыздар, ниеттеріңіз ақ екен,

тойдың үстінен тұстіңіздер, дастарханға келіңіздер, – де-ген қуанышты қария шын пейілі мен ықыласын білдіріп, оларға бәйек болуда.

– Бір-екі күн тойды қызықтаңыздар, қарақтарым, – де-ген ана сөзіне олар бастарын изесті.

Тұн қатып, елсіз жермен 4—5 күн жүрген қарақшыбарымташылардың жіберген жансыздары той қызығына араласып, өнерлерін де сынап көрді. Ауылдың жігіттері қойсын ба, бірінен-бірі асып түседі. Жігіттердің қайраты мен шеберліктерін байқаған жансыздар тойдың екінші күні ақырын сыйылып шықты. Атқа қонған үшеуі межелі жерге қарай бет алды. Олардың қай жаққа, қайда кеткенін той қызығына берілген ауыл тұрғындары байқамады да.

Жансыздарын еki күн тағатсыздана күткен қарақшылардың басшысы Шойқара (лақап аты) қарап жатпады. Ауылдың малдарын сырттай шолып, ойына алған жоспарын пысықтап қойды. Жансыздарын көргенде оларға дұрсे қоя берді.

– Қайда, жүрсіндер, иттер? Тойған жерлерінде қала бермедіңдер ме? Айтыңдар, не бітіріп қайттыңдар?

Үшеуі Шойқараның алдында бұкшендей, бұқпантайлап қалды. Бастарын төмен салған қалпы орталарындағы жансыздың бірі:

– Біз барған ауылда келін түсіріп, той жасап жатыр екен. Соған..., соған қарайлап, жігіттердің шеберлігі мен мықтылығын байқадық. Әрі бізден сезік болмасын деп, күш те сынастық, – деді. Мына сөзді естіген Шойқара елең ете қалды.

– Той..., той..., келін..., Сонда не? Той болып жатыр ма?

– Иә.

– Біз еріксіз аялдадық. Жан-жақты түгел барладық. Ауылдың бас көтерер жігіттері, бәрі сол жерде. Той әлі

1–2 күнге созылатын сияқты. Осы жайды сізге жеткізейік, – деп келгеніміз осы.

– Ім, ... м...м...м.... Тұсінікті. Бұгін түнде малдарды айдаймыз. Олар той-тойлап жатқанда қарамызды батыруымыз керек. Ауыл малы үш табынға бөлініп, бағылуда. Біз де үшке бөлінеміз. Әр табында екі жұз-үш жұз қаралы жылқы. Жеті-сегіз адам қарауылда, қарайды. Қос басында тағы екі адамы бар. Сен үшеуің қостағы адамдардың аяқ – қолын байлап тастайсындар. Ал, қалған жігіттер жылқы табынына үш жақтан килігеміз. Жылқышыларды сол жерде атынан аударып, аяқ-қолын байлайсындар. Қарсыласқанын соққыға жығамыз. Тұсінікті ме?

Шойқара өзін қоршап тұрған адамдарына өңін сұыта, сұсты қарады. Олар сөзге келмей бастарын изесті.

– Ә, айтпақшы, сен үшеуің соңымыздан жүресіндер. Құғыншылар көздеріне тұсісімен хабар жеткізесіндер. Енді бара беріндер, – деді Шойқара сөзін нығыздай.

Көз байланған, қараңғы тұскен кезде атқа қонған барымташы-қарақшылар мал шетінде жүрген жылқышыларға қарай үш жақтан қиқулата атой салды. Алғашқы кезде не болғанын білмей, сасып қалған жылқышылар олармен бір-екі рет ат үстінде сойылдасып, қару сілтегенімен қарақшыларға қарсы қайрат көрсете алмады. Бірінен кейін бірі денелеріне тиген ауыр соққыдан ат жалын құша жерге құлады. Әп-сэтте жылқышылардың аяқ-қолын байлаған қарақшылар, бар жылқыны алдарына салып, қуа жөнелді. Қостағы екі жігіт те жылқышылардың кебін құшты. Ұйықтап жатқан жерлерінен оларды тырп еткізбей, қарсылықсыз-ақ екеуінің аяқ-қолын байлаған қарақшылар барымташылардың соңынан ерді.

Тиген соққыдан естерін жиған жылқышылар аяқ-қолдары байланған қалпы не істерлерін білмеді. Бір-бірінің аттарын атап көмекке шақырысты. Әр қайсысы әр жақта соққы тиген жерде қалған-ды. Қарақшыларға қарсылық

көрсетіп, беріспей қаша соғысқан араларындағы жігіттің бірі ауыр соққыдан есінен тана құлағанымен, аяқ-қолы байланбапты. Басын ұстаған қалпы серігінің байлаулы қолын әрең шешті. Олар бір-біріне сүйене, сүйретіліп, қосқа жаяу келгенде, қосақтала байланған екеуін босатты. Абырой болғанда жігіттердің аттарын ұмыт қалдырыпты. Атқа отырған жігіттің бірі, ауылға хабарға шапты.

Той қызығын тамашалаған ауылдың үлкен-кішісі кеш жатқан-ды. Жаздың қысқа түні де түрліді. Айналаға жарқырай шапағын молынан шашып, ұясынан күн де көтерілді. Той иесі Амандық қария отты жайылымда түнімен жайылған қонақтардың атын, баласы Сүйіндіктің жүйрігі Жұлдызкөкті әкеліп, байлад, үйге беттегені сол еді. Жылқы жайылымы жақтағы қостан атының болдырғанына қарамастан, тебіне қамшылап келе жатқан хабаршыға көзі түсті. Ауылға кіргенше көз алмай қарап тұрған қарияның жүрегі де бір жайсыз хабарды сезгендей. Қонақтар да таза ауаға шығып, тыста бой сергітті. Ертеңгі дастархан басына отырғандары сол еді. Екпіндете шауып келген хабаршы атынан түспеген қалпы киіз үйдің сыртынан:

- Барымташы-қарақшылар бар малды айдал әкетті,
- деген дауыс оларды дүрліктіріп жіберді.
- Қалай болды, кімдер? Бізді басынған кім? – деген сөздер айтылып, қонақтар сыртқа шықты.
- Сабыр сақтайық. Қарағым мына жүртқа түсіндіріп айтшы, – деді Амандық қария.
- Тұнде жиырмадан көп адамы бар, бәрі мұздай қаруланған барымташы-қарақшылар жігіттерді соққыға жығып, аяқ-қолдарын байлад тастапты. Бар жылқыны алдарына салып қуып кетіпті.

Болған жайдың анық-қанығын білген Сүйіндік, жас отауға кіріп, басын ақ орамалмен шарт байлады. Үй ке-

регесінде сүйеулі тұрған жуан сойылды қолына ала Жұлдызкөктің үстіне секіріп мінді.

– Қай жаққа кетті?, – деген сөзіне хабаршы жігіт қолымен қарақшылардың бет алған жағын мензеді. Бұл кезде ауыл-ауылдан отыздай адам атқа қонған-ды.

– Балам, адамдардың жиналғанын күтсөнші, – деген әке сөзіне де қарамай Жұлдызкөкке қамшы басты. Жігіт сонынан сойыл, шоқпар, басқа да қарумен қаруланған аттылы адамдар да ілесті.

Тойдың сәні кетіп, тарай бастады. Келген қонақтар да жайсыз хабардан кейін ауылдарына қайтты. Той болған үйде жас келінді қоршай отырған қыз-келіншектер, қариялар мен ақ жаулықты аналар қалды. Ер адамдардың барлығы дерлік атқа қонған. Бәрі үрейлі жүзбен бір-біріне қарап, сыбырлап қана сөйлеседі.

– Малымыз жанымыздан садаға. Кеткен ер-азаматтарымыз аман болса игі еді, – деді отырған ананың бірі ауыр күрсініп.

– Сары уайымға салына бермейік, үйіміздегі шаруаны реттейік, – деген әйел кетуге ыңғайланды. Оның сонынан 4–5 келіншек ілесті. Ақырын сыйдырсыз үйден тысқа шыққан әйелдер үйді-үйіне тарапты.

Амандық қария кемпірі екеуі, көзі жәутендей атасы мен енесіне алма кезек қараған өрімдей келіні қалды. Көңілді отырыс пен күлкі ұмыт болып, жайылған дастархан үн-түнсіз жиналды. Ауыр күрсінген қария тысқа шықты.

Қос басында соққыға жығылып, аттарынан айырылған жылқышы жігіттердің қасына келе Сүйіндік атының базын тартты.

– Айналайын, Сүйіндік! Қарақшыларға төтеп бере алмадық. Көп екен. Олар әккі қарақшылар, қарулары мұздай. Топталып бармасақ біреумізді жазым етеді, – деді,

мандайынан аққан қаны ақ шүберектің сыртына шығып кеткен жігіт.

— Ой, аға өздеріңіз аман болсаңыздар болды. Ол иттердің сазайын береміз. Тұнде жорытқан қорқаулардың ісі ғой, — деді Сүйіндік олардың бойына қуат бере сөйлеп. Соңындағы атты жігіттер де келді.

— Атаңның аузы..., — деп не бір былапыт сөздерді жіберген байдың кенже баласы Әлжанға жаңағы жігіт не айтартын білмей сасып қалып, Бексейітке қарады.

— Онсыз да жігіттерді қаракшылар ондырмағанын көрмейсің бе?, — деді қапсағай денелі жігіт ағасы Бексейіт оған жақтырмай қарады да:

— Бәрің амансыңдар ма? Олар үнсіз бастарын изеді.

— Өзі болса бар малды қорғап қалар ма еді. Иттің баласын көрер едім, мандайына сойыл тигенін, — деді ортадағы қолын таңып, иығына асып алған жігіт. Бексейіт жиналғандарды тыныштандырды.

— Олар малды мына қырмен айдады. Осыдан тоқтамай сүйт жүріспен ендігі Шилі бастауға жетіп қалған болар. Сол жерде біраз аялдайды, — деді жаңағы жігіт қайта сөзге араласып. Бексейіттің қасына жиналған жігіттер өзара ақылдасқаннан кейін:

— Сіздер сонымыздан келерсіздер. Біз жүре берейік, — деді бір орында тұрмай, ойнақшып тұрған атының тізгінін тартқан Сүйіндік. Қасындағы серіктегі мен жігіттердің келіске сыңайын байқаған төрт-бес жігіт Шилі бастауды бетке алды. Көп жылқының тұяғы жасыл шалғынды жапыра, топырағын шығарып кеткен жерді жігіттер қуалай жүрді. Аттарын онша қинамай сары желіске салған қуғыншылар, көз байланы барымташы-қаракшыларға да жақындал қалған-ды.

Таң қылаң бере, олар тағы да сүйт жүріске салды. Алансыз жан-жағын шолуға шыққан қаракшылардың жансыздары да алыстан қарауытып көрінген топ атты-

лы қуғыншылар екенін бірден байқады. Жансыздың бірі хабарға шапты. Екеуі олардан тасалана, алыстан орағытып, көздеріне түспей іlestі. Сонынан қуғын түсіп, жақындаپ қалғанын естіген Шойқара да қарақшыларын жинап, ақылдасты.

– Артымыздан шамамен 20–25-тей қуғыншы келеді. Үш адам жылқыларды алға қарай алдарына сап айдай береді. Қалғанымыз сайдың аузындағы жар өзектен оларды тосамыз. Бізге қорғанысқа да әрі олармен шайқасуға қолайлы жер, – деді қарақшы бастығы.

Осылай жоспар құрып, жатқан кезде жігіттерді бастап келе жатқан ауыл ағасы Бексейіт:

– Қарақшылардың сонынан ілесе қуа бергеніміз болмас. Олардың жансыздары да бізді алыстан байқап жүрген болар. Айла-тәсілге көшуіміз керек. Екіге бөлінеміз де, қарақшылардың алдын орап, айдаудағы жылқылардың бүйірінен шығамыз. Сонда олардың топтасып шабуыл жасауына мүмкіндік бермейміз, – деді.

Бексейіттің бұл ұсынысын бәрі қолдады. Тек бай баласы Элжан:

– Олай етпей-ақ, осы қалың қолымызбен барып килік-пейміз бе? Жандарын жаһанға жіберіп, барымталаған бар малымызды қайтарып алмаймыз ба? – деді.

– Олай істеуге болмайды Элжан. Әккі қарақшылар неше түрлі айла-шарғысын ендігі жасап та қойған шығар. Сақтық керек, – деді Бексейіт.

– Сіздікі жөн. Бастаныз, – деді жігіттер.

Бірінші топты өзі, екінші топты Сүйіндік басқарды. Қуғыншылар екіге бөлініп, жүрістерін ширата түсті. Екі жансыз аттарын сұтып тұрған сияқты көрініп, қуғыншылардың екіге бөлінгеніне күдіктене, хабарға шапты. Мұндай тәсілді күтпеген қарақшы басшысы алдын ала жасаған жоспарының іске аспай қалғанына қатты ыза болды.

– Осыдан бәлем, төрт-бесеуінді жер жастандырма-

сам.... Ашуыма тигенін қараши. Әкеңнің..., – деп сөзінің аяғын былапыттаң бітірген Шойқара:

– Уш топқа бөлінеміз. Бірінші және екінші топ жылқының оң және сол жақ қанатында қанталдай жүреді. Үшінші соңымызда болады. Құғыншылар қай бүйірден киліксе, бірден солай қарай көмекке барады. Сөйтіп, олардың шабуылын тойтарып, десін қайтарамыз, – деді.

Биік белді асып кеткен құғыншылардың қай бүйірден килігетінін білмеген қарақшылар жылқыларды қуа, екі сайдың ортасындағы қыспаққа келді. Осы кезде құғыншылар да екі бүйірден тап берді. Мұндай сәтті күтпеген Шойқара да жігіттерін бастап, оларға қарсы шықты. Астындағы аты жұлдыздай аққан жас жігіт қарақшылар арасын жапыра кіріп кетті. Қолындағы сойылын онды-солды сілтеген ол бір-екі қарақшыны атынан аударып таstadtы. Басқа жігіттер де жетіп, екі жақ қызу айқасқа кірісті. Тегеурінді күшке төтеп бере алмаған қарақшылар шегіне ұрыс салды.

Ауыздығын қашырлата шайнап, езуінен ақ көбігі жан-жаққа шашыраған Жұлдызкөкті тебіне шоғырлана ұрыс салған қарақшылардың шебін бұза тағы да ішке кірген Сүйіндік өзіне сілтеген қаруды қағып ұлгерді. Айнала қоршауда қалса да, олардың бір-екеуін ат ұстінен сойылымен ұрып түсірді. Кенет ту сыртынан шүйкесіне тиген қатты соққыдан шалқалай барып, атынан жерге құлады. Қолындағы сойылы да ұшып кетті.

Жас жігіттің басына тиген соққыдан құлағанын көрген Шойқараның құлы ес-түссіз жығылған жігіттің басын сүйей берді.

– Қайтпас қайсар ерім-ай, қарақшының қолынан қапыда жазым болдың-ау, – деп ыңырсып жатқан жас жігіттің басына шоқпыт-шоқпыт шапанын жастады.

Көз шарасының ағы көбейіп, жанталасқан жігітке қолынан келер көмегі жоқ құлдықта жүрген жігіт:

– Қарағым-ай, сәл шыда, шыда жаным, – деп басын сүйеген қалпы, құшақтап отырып қалды.

– Аға, ағ...а,...а,... ағ...а..., – деп сәл езу тартқан жас жігіт ышқына дыбыс шығарды да көзі алара қыбырсыз қалды.

Ашық қалған көзін үқалап жапты. Аққан қанды сұртті де ауыр сокқы тиғен шүйдесін жейдесімен айналдыра таңып тастады. Денесін түзулеп жатқызып, бетін жапты. Күа соғысқан екі жақ та алыстап кеткен-ді.

Барымташылардан малдың біразын қайтарған жігіттер де келді. Атынан секіріп түскен Бексейіт қыбырсыз жатқан Сүйіндіктің басын сипады да:

– Ой, бауырым-ай, қапыда кеткен арысым-ай, жағадағы құрағым, арманда кеткен боздағым-ай, – деп айналаны жаңғырта дауыс салып, көзінің жасына ерік берді.

Сүйіндіктің денесін айнала қоршап тұрган жігіттердің де «бауырымдаған» дауыстары ен даланы жаңғыртып жіберді.

Жігіттер ұзын екі шанжаны қатар қойып, ортасын арқанмен шандыды. Үстіне мол етіп көк құрак төседі. Сүйіндіктің денесін жатқызып, екі аттың ортасына тартып байлады. Ауылға қайғылы қазаны естіртуді жөн көрмеді. Хабаршы да жібермеді. Елді дүрліктірмей, бар жайды бара айтуға жігіттер келісті.

– Атана нәлет, Шойқара, ендігі ісім сенімен болсын. Боздақтың қаны мойнында. Қос қарияның зар-мұны мойнында. Кеше ғана түскен жас келіннің көл болған көз жасы мойнында. Кегімді алмай қоймаспын, Шойқара!, – деген Бексейіт Жұлдызкөкті жетегіне алды. Қаралы топты бастап, ауылға бет алды. Шойқараның құлдықта ұстаған жігітін де өздерімен ала кетті.

Ауыл тұрғындары да аландаулы. Атқа қонған жігіттерінен бүгін төртінші күн хабар күткелі. Көз жетер жерден қаралы топты байқаған үлкен – кішілер оларға үрейлі жүзбен қарап, көз алар емес. Қаралы топ күні кеше ғана той – думандатып, келін түсірген үйге қарай бет алды. Ауылға жақындағанда Бексейіттің жетегіндегі Жұлдызкек қатты кісінеп, басын шұлғи, тізгінін үзіп кетті. Азынаған күйі үйірлі жылқыға қарай шаба жөнелді. Ауыр қайғыдан арылмаған Бексейіт те өзін – өзі тоқтата алмай:

– Ой, бауыр-ем, бауыр-ем, арман да кеткен бозда... ге...ем, – деп дауыс сала келіп, қарияны құшақтады. Не болғанын білмеген қарияның тізесі бүгіліп, көзі жұмыла берді.

– Ой..., бай..., -ау не болды? Не болды? Жалғызыым аман ба? Құдай, шынымен сорлатқаның ба?, – деп сыртқа дауыс сала жүгіріп шыққан ару ана шалының қасына жығылды.

– Ағатайлар-ай, ағатайлар-ай. Өнім бе? Тұсім бе? Сүйіндік қайдасың? Сүйіндік..., Сүй...ін...дік..., – деп өнді бозара, ерні көгеріп кеткен жаңа түскен келіннің қолаң шашы жайыла ата – енесін құшақтай құлады.

– Не қарап тұрсындар, басын сүйендер, – деген егде әйел келіннің бетіне су бүрікті.

Жан-жақтан «бауырымдаған» ер азаматтар, дауыс салған әйелдер, айналаны күнірентіп жіберді. Жігіттер Сүйіндіктің денесін үйге кіргізді. Екі бүйірлерін таянып жылаған әйелдер алма-кезек жарық дүниеден ерте кеткен жас жігіттің бала кездеріндегі қылықтары мен кеше ғана өткен тойларын жоқтауға косып, көз жастарын көл етті. Арманда кеткен боздақ жайлы айтқан жоқтаулары адамдардың жүрегін ауыртып, сай – сүйектерін сырқыратты.

Есін жиған қария жан-жағына үрейлі жүзбен қарап:

– Ба...лам...ау..., Ба..., лам..., м..., Қайда кеттің? Қай...

да...а...., Бізді..., бізді.... Кімге таstadtың....ң...ң.... н... Ах!
Жүрегім мен жұлыным, шынымен үзілгені ме...е....е....е?

– Сабыр сакта, «Сабыр тұбі – сары алтын». Есінді жи.
Кудайдың ісіне не шара? – деген ауылдың үлкен қариясы
Амандық қарияның басын кеудесіне қыса құшақтады.

– Құлыным, құлын...ым...м.....м... Жеткіншегім, анаң
қалды – ау аныр...ап...п...п...,

Жарық күнім тұн болды – ау..., у...у....у..., – деген ана
тағы талықсып кетті.

– Айтындаршы, айтындаршы...ы....ы... Сүйіндік тірі
деп, ол тірі ғой, тірі...тірі... О, құдай, мына көргенім түсім
бала гөр. Он екіде бір гүлім ашылмай, шынымен солғаным
ба...а....а... Апа...а....а.., апа...а....а.... Қайдасың, қайдасың?
Сүйіндік...Сүй...ін...ді...,к.. – деп екі қолын көкке созып,
зарлаған дауыс бір сәт үзіліп, ұнсіз қалды да, қайғы-
жұтқан жас жүректің зарлы-мұны қайта шықты.

Қара жамылған адамдар Сүйіндікті ауылдан алыстау жердегі, ата-бабасы жатқан зиратқа жерледі. Сыртта
аңыраған қария, үйде ауыр қайғыдан күніренген ару ана,
отау үйде ботадай боздаған жас жесір қалды. Қайғыларын
іштей бөлісіп, парлап аққан жастарын тыя алмай, ауыр
қасіреттен жүректері қарс айрылды. Сүйіндіктің жетісі
өткен күннің ертесі есік алдына ат ойнатып төрт-бес жігіт
келді. Ат үстінде тұрған жігіт қамшысын үйріп:

– Шойқараның құлы қайда? Байекен алып келсін, – деді.
Босағада сүйеніп отырған жігіт орнынан ауыр көтеріліп:

– Байекен менен не сұрамақ? Бар жайды ел алдында
түгел айтып едім ғой, – деді. Шойқарадан Сүйіндіктің ке-
гін, барымталаған малды қайтарамыз десе мен өзірмін,
– деді.

– Ой, найсан, қарақшының құлының тілі шыға бас-
тапты. Сені көзіміздің алдында шолжандатып қояды
дайсің бе? Бауырмызың кегін сенсіз де өзіміз аламыз.
Қарақшының құлы да жау бізге, – деді де қасындағыларға
қарап:

– Қане, жігіттер, байландар, – деді.

Аттан секіріп тұсken олар жігіттің қолын байлап, дедектете алдарына салып, айдал кетті.

– Тоқта, тоқтандар, бұларың не? – деген қараяның сөзін құлақтарына да ілмеді.

Қария да апыл-ғұпыл атына мінді. Үйден шыққан аруана келінін құшақтаған қалпы не болғанын түсінбей, соңдарынан қарап қалды.

– Қарағым, аналар бір жамандықты бастады. Жүр жаңым, сол жаққа барайық. Түрлері жаман, – деген енесінің соңынан келіні де ілесті.

Ауыл шетіндегі кішкене тәбешікке бар адамдар жинаялыпты. Бірін-бірі тыңдар емес. Сөзге тоқтау жок. Даурыққан адамдар, атқа мінген жігіттер.

– Шойқараның құлын, содан кейін өзін өлтіріп, кегімізді алмай тынбаймыз, – деді байдың кенже баласы көпшілікке дауыстай сөйлеп.

– Аттың бауырына алып, сүйрейміз бе? Әлде коснардың ортасына салып кереміз бе?

– Аттың бауырына салып, жанын жаһанға жіберейік.

– Онда солай істендер!

Бай баласының аузынан шыққан сөзді естісімен жігіттің екі қолын қыл арқанмен мықтап байлады. Арқаның бір ұшы ат үстіндегі жігіттің қолына тиісімен:

– Тартындар! – деген бай баласының даусы естілді.

Осы сэтте:

– Тоқтандар, Тоқтандар!, – деген қарияның даусы саңқылдан шықты. Жиналғандар сілтідей тынды. Атынан тұсken қария пышағымен қыл арқанды қиып жіберіп, жerde жатқан жігітті тұрғызды.

– Мұндай бассыздыққа жол беріп, қалың елдің алдында масқара болар жайым жок, – деген қария жігіттің қолынан ұстап, бай балалары тұрган топқа келді.

– Уа, халайық! Өлсе менің балам өлді. Баламның кегін шамам жетсе алатын да мен. Мына жігіттің еш жазығы

жоқ. Бұл да біз сияқты барымташы – қарақышылардан ма-лын қорғаймын деп солардың қолына түскен жан. Олар мұны да аямады. Құл жасады, көрсетпегенді көрсетті. Шойқарадан алатын кегі де біздің кегімізден кем емес. Баламның басын сүйеп, соңғы демі біткенше қасында болды. Бізбен бірге еніреп, қайғымызға ортақтасты. Баламның қанын жазықсыз жанның мойнына қоймаймын. Құдайдан корықсандар болар еді, – деген қария жігітті ертіп үйіне бет алды.

Алқына жеткен ару ана жігіттің шаң-топырақ болған үстін көріп, шошып кетті. Бетін сұртіп, мандаіынан сүйді.

– Қарағым-ай, бұлардың саған жасаған қай бассыздығы,
– деп жылап жіберді.

Үйге келгенде қария сабасына түсіп:

– Кемпір қазан көтер, мол етіп ет сал, – деді де мал жаққа кетті. Жігіт те есін жиып өз-өзіне келді. Кеш бата Жұлдызкөк пен тағы бір сәйгүлікті жетегіне алған қария да үйден қашықтау жерге аттарды қаңтарып, байлады. Манағы шалының ымдағанын айтқызбай түсінген кемпірі де жол азығын әзірлеп қойған-ды.

Дастархан жайылып, ортаға табақ толы ет келді.

– Қарағым көп ойланып, бір тоқтамға келдім. Біз сияқты кәрі ата-анаң бар. Сенен бір хабар болар деген үмітпен олар да іш – құса болып, жолыңа қарап отыр. Оның үстіне келіншегінің де аяғы ауыр, ендігі өмірге кішкентайың да келген шығар. Мына байдың балалары жүгендіз кетті. Жаман әдетті бастап та жіберді. Олардан бәрін күтүге болатынын бүгінгі адам кешіргісіз жауыздықтары көрсетті. Еліңе қайтқаның жөн болар. Біз, күнімізді көрерміз. Құдайға шүкір ел ішінде отырмыз. Сүйіндік құлын кезінен баққан Жұлдызкөк құнаннан дөнен шығар жаста. Сәйгүлік қолымда болса бәрібір бай балалары тыныштық бермейді қарағым, – деген қария сәл ойланып отырды да:

— Ай таң жолға шығасың. Ел-жұрттың да сені сағына бір хабарыңды күтуде. Екі аттың бірін жетегіне ал. Кемпір де жол азығын мол салыпты, жетіп қалар. Тек түнде айдың жарығымен жүр. Жолдан жырақ, тау сағала, әйтпесе жалғыз аттылыға қауіп те, қатер де көп. Қане, тұрайық, — деп қария дастарханға бата жасап, орнынан көтерілді.

— Ата, сізге мың рахмет. Жаным тірі болса, сіздің алдыңызда парызымды қалай да өтеймін. Балаңыз Сүйіндіктің кегін Шойқарадан қайтсем де қайтарамын,

— деп екі қарияны алма кезек құшақтап, көзіне жас алды.

— Жолың болсын қарағым, ел-жұрттыңа сәлем айт, — деген қарияның иегі кемсендеп, сақалы дірілден кетті. Жұлдызкөкке мінген жігіт тұн қараңғысына сіңіп, көрінбей кеткенше көзімен ұзатып салды.

Бай баласының ауылды дүрліктіріп, жазықсыз жанның қанын суша шашпақ болғанынан қатты секем алғып қалды. Эрі Жұлдызкөкті Әлжанның төнеректеп, жүргені де өзіне мәлім. Жұлдызкөкті қалай алудың ретін келтіре алмай жүргенін де біледі. Осы жайларды ой елегінен өткізген қария сәйгүлікті Шойқараның құлы атанған жігітке мінгізіп жіберуге ойын түйген – ді. Осы шешімі дұрыс екеніне өзі де сенімді. Солай істеді де.

Жұлдызкөк тақымына тиісімен Шойқараның құлы атанған Бейсенбек таң ағарғанға дейін біршама жерді артқа таstadtы. Тау сағалай жүріп, мөлдір бұлақтың басына тоқтады. Осы жерге аялдал, қос атты шідерлеп, отқа қойды. Сәл тыныс алған, құс ұйқылы жігіт бойын сергітті. Ол шөп сылдырынан секем ала жан-жағына алма кезек қарады да бауырлап барып, бұлақ жакқа көз салды. Өзінен не бәрі он бес-жиырма қадам жерде қос лағын ерткен елік су ішіп тұр. Бейсенбек қыбырсыз көз алмай сүйсіне қарады. Қос лағын ерткен елік қаннан – қаперсіз қалың жынысты, қарағайлы орманға бет алды.

— Көздері қандай қап-қара, тау еркесі неткен сүйкімді еді. Күштілердің қорлығы өтіп, көз жасын көл жасаған жазықсыз жандар сияқты, мына тау еркесіне адамның жауыздары кездеспесе еken. Құдайым, қара ниеттілерден абай болғай, — деп өзімен-өзі күбірлескен Бейсенбек шідерлеулі аттарының қасына келді. Биіктеу жерге шығып, айналасын шолды. Жан-жағына барлай қарады. Ұзакты күн тыныққан Бейсенбек кеш бата ауылын бетке алып, жүріп кетті.

— Тұнімен жүрсем, ел шетіне ілінермін, — деп сөйлеп те қояды. Ол таң қылаң бере аялдап, біраз көз шырымын алды. Қауіп-қатер де артта қалды. Орнынан сергек көтерілген Бейсенбек енді астындағы атын тебіне, жүрісін жылдамдатты. Құдай қаласа, тұс аya ауылына да жетіп қалар.

Ауыл шетіне тігілген киіз үйден тысқа шыққан келіншегі келе жаткан жүргіншіні бірден байқады. Жетегінде аты бар адамды не де болса алыстан келе жатқан жолаушының бірі болар деп мән бермеді. Жақындағанда ғана:

— Бейсенбек! — деп айғайлап жіберді. Алдынан жүгіріп шыққан келіншек еңіреп келіп, жігітті бас салды. Атынан түсіп ұлгерген Бейсенбек те келіншегін құшақтай алды. Келіні баласының атын атаған даусын естіген қарт ана таяғына сүйеніп, қолынан ұстаған 7 жасар немересін жетектей сыртқа шықты. Қарт ана қолын маңдайына көлегейлеп:

— Қайдасың, құлыным, Бейсенбегім, даусыңа зар болып қалдым, — деген анасының әлсіз даусы жігіттің өн бойын босатып жіберді.

— Апа! — деген ол анасын құшақтай алды. Қарт ана балаын қеудесіне қысқан қалпы, иегі кемсендеп, көз жасына ерік берді. Үй іші, балаларымен қауышып, мауқын басқан Бейсенбек өзі жокта өмірге келген кішкентай сәбиінің бетінен сүйді.

Бейсенбектің аман-есен оралғанын естіген ағайынтыстар келіп, ризашылықтарын білдірді. Әкесінің өмірден озғанын естіртіп, көңіл айтты, қайғысына ортақасты. Екі-үш күн келімді-кетімді кісілерден кейін өзі жоқта қыры кеткен шаруасын қолға алды.

Өнді мен тұстерін ажырата алмай, айналасы жеті-сегіз күнде ауыр қайғыны бастарынан өткізген қаралы үйдің адамдары үшін ұзақ мерзім өткендей көрінді. Өз-өздеріне енді келе бастаған үй иелері болған жайларды ой електерінен өткізіп, мұнға батты. Абыр-сабыр, ары-бері жүріс те азайып, арнайы келген адамдар болмаса, келушілер де қара жамылған жандардың мазасын алмады. Бастарына түскен қайғы-қасіреттен еңселерін көтере алмай, үй иелері сары уайымға берілді. Тамақ та, үнсіз ішіліп, ыдысаяқтың да сылдыры естілмейтін болды. Оларға Сүйіндік есіктен кіріп келе жатқандай көрінеді де тұрады. Сырттағы бораннан киіз үйдің есігі сықырлай ашылып кеткенде:

– Сүйіндік! – деп орнынан атып тұрған келіні есік алдына жүгіріп шықты. Ешкім көрінбеді. Келіні қатты шыңғырып жіберді.

– А...а....а....а, Сүйіндік....Сүйіндік... Қайдасың?

– Сүйіндік, Сүйіндік дей ме, – деген екі қария да елеңдеп қалды. Алысқа тесіле қараған келіні еңіреп жылап жіберді. Үшеуі бір-бірін құшақтап, көз жастарына ерік берді. Еңселерін басқан қайғылы күндер өтер емес. Түн үйқысын төрт бөлгөн, ауыр қайғыдан арыла алмаған екі қариядан үйқы қашып, көз ілмейтін болды. Отау үйде жатқан келін де дөнбекшіп, атар таңға кірпігі кірпігіне айқаспайды. Ұйықтамаған қалпы тәсегінде сыңсып жылап, келер күнді көз жасымен қарсы алады. Таң ертең сыртқа шығып, Сүйіндік жерленген қорым бейітке қарап, тіл қатпай ұзақ тұрады.

Осындай қайғы жүтқан күндердің бірінде байдың кенже баласы Әлжан ат басын есік алдында тұрған қарияға бұрды.

– Ассаумағалейкүм, қария, хал-ахуалдарының қалай?

– Шүкір қарағым. Жайшылық па?

– Сізге келдім. Көрші ауылда той бар екен. Сүйіндіктің Жұлдызкөгін бере тұрсаңыз? Мініп барсам деп едім. Жылқылардың арасынан байқамадым, – деді.

– Ә, солай...й....й...де. Жұлдызкөкті әнеуқүнгі жігіт мініп кетті. Бір шаруа тапсырып едім, ертең-бұрсұтіні келіп қалар.

– Ой, қария. Қалай ғана қарақшының құлына сеніп отырсыз. Ендігі ол тақымына тиғен сәйгүлікпен ауылдан бір-ақ шыққан шығар.

– Қашса, қашар. Қашпаса келер қарағым. Ол да біреудің Сүйіндік сияқты жалғызы. Мен сияқты жасына жетіп отырған әке-шешесі, аяғы ауыр келіншегі бар. Ауылдан тартса, ендігі жеткен болар.

– Сонда қалай? Қарақшының құлын ажалдан арашалап алдыңыз. Енді бауырымыздың жұлдыздай аққан тұлпарын мінгізіп, сапарға жіберіпсіз. Сүйіндіктің кегін кім алмақ?

– Оның да бір жөні болар. Жазықсыз жанға қиянат жасағандар екі дүниеде, онбайды қарағым.

Сыртта дабырласа сөйлегендердің даусын естіген қарияның кемпіріне ілесе келіні де тысқа шықты.

– Не болды, жайшылық па? – деді кемпірі бай баласына үрейлі жүзбен қарап.

Енесінің қасында тұрған келінінен көз алмай қарап қалған бай баласы өзінше қамқоршы сөйлеп:

– Сүйіндік бауырымыздың қазасы қабырғамызды қайыстырып кетті. Оның кегін қалай аларымызды білмей жүргенде үлкен кісі қарақшының құлына Жұлдызкөкті мінгізіп жіберіпті, – деді. Басына жазылmas қайғы түскен жас келіншектен көзін алмай.

— Е....е.....е..., қарағым. Ол да біреудің жалғызы ғой. Келіп қалар. Иман жүзді жан ғой, — деді қарияның кемпірі. Бай баласы Әлжан қарияның келініне көзін қадаған қалпы:

— Жұлдызкөкті беруі ақылға сыймайды. Қара құл баланыздың кегін алып берсе көрерміз, — деген ол үшеуіне қыр көрсете атын тебініп, жүріп кетті. Жай кетпеді. Көніліне сасық ойын түйіп кетті. Ұзай бере жас келінге бұрыла қарады да:

— Бұйырса маған тоқал боласың, — деп күбір етті. Астындағы атын тебіне көнілі масайрап жүріп кетті.

Ару ана бай баласының арам ойын сезіп, іш жиып қалды. Ойы астан-кестең болған ана ұзап бара жатқан аттылыға бір, келініне бір қарап, бай баласының бір бәлені бастауы анық екенін көніліне түйді. Келіні болса еш нәрседен хабары жоқ, алыстағы қорым зиратқа қарап, біреуді күткендей қыбырсыз қалған. Ойына түйгенін шалына білдіруге батпады, батылды бармады. Тәуекелге бел буып, не болса да соын күтті. Бай баласы Әлжанның келініне сұқтана қарауы, жүргегіне тікендей қадалды.

Кәрі жүрек алда тағы бір жанұя мүшелеріне түсетін ауыр қайғыны көтере алмай үзіліп кетпесе болды. Оған дейін де бір себеп болар деген оймен ару ана терең тыныс алып, ауыр күрсінді. Ана жүргегі бай баласынан тағы бір қатыгездікті сезсе де келінінен үмітін үзбеді. Әлжан кеткен жаққа жүрексіне қарады.

Бай баласы қарияның келіні Айұмітті әменгерлікке алуға шындалп кірісті. Қайғыдан еңсесін көтере алмай жүрген Айұмітті сырттай бақылап, Жұлдызкөк жүрген жылқы табынын да көріп қояды. Көзінің жауын алған Жұлдызкөкті қалай қолға түсіруді де ойлад жүрген. Оның бір ғана жолы, қарияның келініне әменгерлік жолмен үйлену. Әлжан осы ойын әкесіне білдіргенді. Сүйіндіктің қырқы өткеннен кейін, қариямен құдаласу мәселесі де шешіліп қойылды.

Айұміттің бойынан әлде бір белгі, не болмаса сырттай бір өзгерісті байқағысы келген ана, келінінің қас-қабағын бақты. Айұміт болса баяғы қалпы, күніне үш-төрт рет көз жасын төгіп алып, үй шаруасын реттеп жүргені. Сүйіндіктің қырқы да өтті. Жиналғандар Сүйіндіктің жары Айұміттің айтқан жоқтауын естіп, іштей егілді. Қолдарынан келер шара жоқ. Жан-жақтан қаумалап басу айтты.

Сүйіндіктің қырқынан кейін де көпті көрген ана келінінен үмітін үзбеді. Айұміт болса құндейгі атқарған жұмыстарын істеп, қорым-бейіт жакқа барады, су жағалап үйге келеді. Жылағаннан көзінің алды қызырып, ісінкі жүргені. Енесі де «Қайда бардың?» деп сұрамайды. Екі жан бірін-бірі іштей ұғынып отырғаны. Келіні болса енесін құшақтап, басын төсіне қойып, өксіп жылайды, көзінің жасын бұлайды. Ару ана да құшақтап отырып, келінің жас баладай жұбата бастайды. Көзінен аққан жасты Айұмітке білдіртпей саусағының қырымен сұртіп қояды. Іші күйіктен удай ашиды.

Келінінің қас-қабағынан, бойынан әлде бір өзгерісті байқамаған ана қатты қамықты. Иштей үміттенген сенімінен еш нәтиже шықпады. Көкірегі қарс айырылған ана:

– Құдайым-ай, ең болмаса келінімнің құрсағына бір жапырақ шикі еттің байланбағаны ма? – деп құніреніп кетті. Ауыр ойға беріліп, қамыққан кемпірінің қасына келген қария оған зер сала қарады.

– Несіне қарайсың? Соңғы үмітім де ақталмады. Келінімнің аяғы ауыр ма деген ойым бекер екен. Екеуміздің қу бас болғанымыз, болған. Энеу күні байдың кіші баласы келінге сұқтана қарап кетті. Сол бір бәлені бастамаса болды, – деп сора-сора болып аққан жасын көйлегінің етегімен сұртті.

– Е....е....е.... Құдайдың салған ісін көрерміз. Уайымға беріліп, жаси берме, – деп шалы да теріс қарап көзіне жас

алды. Қолын артына айқастырып, малына қарай кетті. Уайым-қайғы қөкірегін керіп барады.

Көп кешікпей-ақ кемпірінің айтқаны айдай келді. Хабаршы жіберген бай Амандық қария мен әңгімесі бар екенін айтып, шақыртыпты. Кемпірі екеуі көп ойланып, ұзақ толғанды. Келінің кенже баласына әменгерлік жолмен әпермек екенін екеуі де білді. Не істеу керек? Қандай шара бар? Келіні не дейді? Екеуінің анырап екі жерде отырып қалғаны ма? Осы сияқты ауыр ойдан арыла алмады.

– Бұл да біздің басымызға салған құдайдың бір ісі болды. Бара көрерміз. Келінге әзірге тіс жарушы болма, – деген қария атына мініп, байдың ауылышына бет алды. Ойын қанша жинактаса да бір арнаға түспеді.

Аттылы адамды таныған бай алдынан өзі шықты. Қарияны қолтығынан демеп, атынан түсірді. Жылы шырай таныта сөйлеген бай, алыстан орағытып, жақын туыстықтары жайлы да сөз етті. Мол дастархан жайылып, ас атасы ет келді. Әшейінде қарияға басқа бата жасатпайтын бай ыңғайына қарай жығылып:

– Асқа бата беріңіз. Әuletіміздегі жолыңыз үлкен сіз ғой,
– деді. Бұл сөзді бай мен қарияны қоршай отырғандар да қоштап кетті. Бата беріліп, тамақ ішілді. Әртүрлі әңгімелер айтылып, дастархан жиналды. Әңгіменің төркінін қалай бастарларын алдын – ала ойластырған байдың ақыл қосар кенесшілері де алдарына жан салмайтын шешен болып алған. Қарияның көңілін аулап, қас-қабағын баққан олар кезек-кезек сөз суыртпақтап, әңгіменің тігісін жатқыза келе айтылатын негізгі мәселеге қошті.

– Сүйіндіктің қарақшы қолынан мерт болуы бәрімізге ауыр тиді. Боздақтың кегін алу, айдал кеткен малды қайтарудың да жолдары қарастырылуда. Сол оқиғадан бері екі айдан аса уақыттың өткенін де байқамай қалдық. «Өлмектің артынан, өлмек жок» демекші тірі адам тіршілігін жасау әр адамның пешенесіне жазылған. Келін де

жас. Он екі де бір гүлі ашылмаған жанды үйде ұстап отыра алмайсың. Тенін тауып қосайық, бағын байламайық, – деді байдың оң жағында отырған қария.

Рас,...Рас...., – деп басқалары да бастарын изесті.

Қария болса үнсіз тыңдалап отыр.

– Ауыл-аймақ, үлкендер болып, ақылдаса келе, байекенің кенже ұлы Әлжанға келініңізді әменгерлік жолмен қоссак деген бір тоқтамға келдік, – деді екінші қария

Бәрінің аузына бай түкіріп қойғандай, сөз соңы айналып келе, байдың ұлына келінін тоқалдыққа беру болды. Бір сәт тыныштық орнады. Қария тіс жарып еш нәрсе айтпады. Ойы алыста, көнілі алай-түлей, іштегі бұырқасын, қеудені теуіп бұзып шығардай. Біраз отырып:

– Ойларыңды айттыңдар. Қазір сіздерге еш нәрсе айта алмаймын. Біз де бір үйлі жанбыз. Қара жамылып, қайғымыз тарқамай, отырғанда тағы бір қисыны келмейтін істің ұшын шығардыңыздар. Үйге барып ақылдасайын, сонан кейін жауабын айтартмын, – деді қария.

– Баяғыдан келе жатқан ата салтымыз. Жақсыны жатжұртқа бермейік. Әлі-ақ үй болып, кетеді. Жесірімізді көлденең келген көк аттыға өңгертіп жіберсек, кім болғанымыз. Жаман жер емес, байекенмен құда-жекжат болып отырсыз, – деді қайыстай созылған қара кемпір.

– Сізді сыртқа теппейміз. Ауылдың қақ ортасына көшіріп әкелеміз. Малыңыз бағулы, шаруаңыз реттеулі. Не айтсаныз да сіздікі жөн болады, – деп манадан бері сөз төркінін бағып отырған бай да әңгімеге араласты.

Орнынан баяу көтеріліп, тыска беттеген қарияны екі жағынан екі адам қолтықтай алып шықты. Үнсіз атына мінді де бас изесіп, қошасты.

Кемпірі де қарияны алаңдай күтті. Екі иығы тәмен тартып, басы салбырап кеткен шалын аттан сүйемелдей түсірді. Не болғанын айтпай білген кемпірі де еш нәрсе

сұрамады. Үйге кірді де бетін бұрышқа беріп жатып қалды. Атасының жай-күйін байқаған Айұміт енесіне қарап:

— Атам ауырып қалған ба?, — деді. Жүзін мұң басып, істерге айла-шарғысы жоқ апасы:

— Иә, қарағым. Аздап сырқаттанып қалыпты. Мал да жүріп, бойына сұық тиіп қалған сияқты, — деді. Келіні дастархан жайып, ас өзірледі, үшеуі үнсіз кешкі астарын ішті. Қария киініп тысқа шығып кетті. Кемпірінің «қараңғы тұнде қайда баrasын?» дегеніне, мал жақты көріп қайтатынын білдірді. Сыртта ұзак болған қария үйге кірді. Кемпірі екеуі күбірлесіп, ұзак сөйлесті.

— Келінге ертең ертеңгісін айтпасақ болмас, біз жасырганымызben ана сотқар баласы тағы бірдеме бұлдіріп жүре ме, оның сыртында ауылдың пыш-пыш әңгімесі де бар, — деді қария.

— Айттың не, айтпадың не? Болар іс болды. Келіннің еркі өз қолында. Көнбеймін, бармаймын десе, өзі білсін. Біз қанша қызығыштай қорғағанымызben, түбі бір кетеді. Тенін тапса, ақ батамызды береміз, — деді кемпірі.

Ертеңгі шай үнсіз ішіліп, дастархан басында отырған үшеуі өз ойларымен өздері. Тыныштықты қария бұзды:

— Қарағым, ұлымыз Сүйіндіктің өмірден озғанына да екі айдан аса уақыт өтті. Көз жасымызды көл жасадық. Ауыр қайғы иығымызды басып, еңсемізді көтертпей қойды. Алланың жазуы солай болса, не шара. Сенің де бағынды екеуміз байлай алмаймыз. Тағдырдың жазуына көнеміз де. Кеше ауылдың байы мені қонаққа шақырды. Ондағы ойы сені әменгерлікпен кенже ұлы Әлжанға әпермек, — деп көмейіне тығылған сөздерін айта алмай, көзінен жасы ыршып кетті. Келіннің өні қу ағаштай қуарып, сұрлана берді. Сөл үнсіз отырып, көзінің жасын тиган қария сөзін сабактады.

— Еш жауап қатпадым, қарағым. Өз еркің өзінде, сен қалай үйғарсаң да билік сен жақта. Тенінді тауып кетсен, қариялық ақ батамды беремін, — деді.

Келіні айғайлап жіберіп, енесін құшактай алды.
Солқылдаған жылаған ол:

— Апатай мен ешқайда бармаймын. Сіздерді тастап кетпеймін. Бар өмірім осы босағада өтеді. Апатай, мына пәледен құтқара гөр. Не деген бағым ашылмаған сор мандаймын. Құдайдан осыны тілеп пе едім, — деп зар жылаған келініне қосылып кемпірі де жылады. Қария да үндемеді. Ұзакты күн бір-біріне тіл қатпады. Кешкі аста келіні:

— Ата, уәделі күні үшеуміз барамыз деп, байға сәлем айтыңыз. Жауабымды сол жерде берейін, — деді.

Ертесі үшеуі тағы ойланып, толғанды. Келінін басқаға қияр емес. Қария мен ару ана құдайдан тілек тілеп, жалбарынумен болды. Келіні де кеп ойланып, бір тоқтамға келген сияқты. Неде болса бара көреді. Шынымен келіні байдың бас бұзарына ұзатылып кетсе не болмақ? Жүргегін біреу тырнап алғандай селк етіп, жүргегінің тұсын алақанымен басқан қария кемпіріне сезіктене қарады. Кемпірі қолын тізесіне қойып басын шайқап, ишарат білдірді. Сәл ойланып отырды да:

— Өзің-өзің мықты бол. Осалдық таныт па? Келін бай баласына келісімін бермейтін сияқты. Ел-жұртыңды өзіңе қаратуға тырыс. Келін не айтса, соны қолда. Тас түйін болып алыпты. Құдай ісін онға бастырысын. Айналайын, бір шешімге бел байлаған сыңайы бар. Қолымыздан жылатып, ана сотқарға беріп жүрмейік, — деді.

Ауыр ойдан әбден қажыған қариялар түнімен дөңбекшіді. Екеуара әңгімелесіп, келінін мына бай баласының тырнағынан қалай құтқараптарын білмеді.

— Келін көнбесе болды. Соны жақтап сөйлейміз. Байға аитар сөзінді осы бастан пысықтап ал. Келініміздің көзін жәудіретіп, біреудің босағасында жылатып қоймайық. Жүрт не десе, о десін. Келінімді байдың баласына бермеймін деп кесіп айтам. Сен де солай де — деп кемпірі шалының құлағына біраз нәрселерді құйды.

Сүйіндік қайтыс болғаннан кейін той киімдерін бірінші рет үстеріне ілген олар дәuletі шалқыған байдың үйіне уақытында келді. Олар жақындағанда алдарынан бір топ адамдар қарсы алды. Үлкен-кішісі бәрі жаңа тігілген боз үйдің алдына жиналыпты. Үлкендер қарияның қолын алып, құрмет көрсетуде. Бір топ жігіттер де қарап тұрмай, көпшілікпен араласып, жас жесірді төніректей бастады. Байдың кенже баласы да көрінді, қасына ерткен төртбес жігіт оған әлдене айтып, бәрі даурыға құлісіп келеді. Қарияның келіні оны бірден таныды.

- Оу, халайық, бүгін құдайдың бір сәтті күні болды. Өшкеніміз жанды, Жанымыздан жамандықты аластатып, қайғы-қасіретті ұмытатын күн келді. Байекенің кенже ұлы Әлжан күні кешеғана көз жұмған Сүйіндіктің жесіріне әменгерлік жолмен үйленбек. Бұған қалай қарайсындар?
 - деді ортаға шығып сөйлеген ауыл ақсақалдарының бірі.
 - Жөн..., Жөн..., Дұрыс..., Дұрыс... Бактары ашылсын,
 - деген сөздер естілді.
- Олай болса, неке суын ішкізейік, екеуінің некесін қияық, – деді.

Шапанының етегі жер сызған молда да дұғасын оқып, әшекейлі ағаш тостағанға құйылған суды екі қолымен жоғары көтеріп, жиналғандарға көрсетті. Молда екі-үш қадам алға аттап, неке суын ішкізуге бай баласы Әлжан мен қарияның келіні Айұмітті шақырды.

Екі қыз қарияның келіні Айұміттің қолтығынан демемек болғанда, екеуінің де қолдарын қағып жіберді де:

- Өзім-ақ барамын, әуіре болмаңдар, – деді.
- Мына келіннің қайсарлығын карай гөр. Нокта көрмеген қысырақ байталдай шабынан тулауын қараши.
- Байдың баласы Әлжаннан артық қандай бай керек екен. Шалқып тұрған дәүлеттің ортасына шолп ете тұскен ақ сазан балықтай болып отырғанды місе тұтқысы келмейді ме? Тенін таппай шалға әменгерлікке барса қайтер еді?

– Элі-ақ сабасына түседі. Салпы етек, салақ қатын болғанын көрерміз, – деген кекесінді сөздер айтқан келіншектер оған жақтырмай қарады.

Қасындағы нөкерлерін кейін тастап, орталарынан суырылып шыққан бай баласы алшандап басып, ортаға жақынады. Қарияның келінін тоқалдыққа алса, көз жауын алған, қылаң жүйрік Жұлдызкөк те тақымында ойнайтыны есіне түскен бай баласы екінші арам ойын да жүзеге асырмақ ниетте. Айұміт жігітке екі қадам жетпей тоқтады. Бай баласына тесіле қарады. Кенет көз леспес шапшандықпен жігіттің беліндегі қынынан кездігін суырып алды. Жиналғандар бір сәт абдырап қалды. Кездіктің сабын жігіттің бетіне тақап, ұшын өзіне қаратқан Айұміт:

– Мына кездігіңмен ана тұрған ата-енемді өз қолыңмен өлтір. Сонда ғана мен сенің әменгерің емес, өмірлік күнің боламын, – деді.

Даусы қара жамылған әйелдің емес біреуден өшін алатын жанның сөзіндей салмақты да өктем шықты. Бай баласының көзі шарасынан шығып кете жаздады. Сасқанынан не істерін білмеген ол артқа қарай шегіншектей берді. Неке суын ұстаган молданың қолдары дірілдеп кетті. Тостағандағы су шайқалып, жан-жаққа шашырады, жерге төгілді. Кездікті жігіттің аяғының астына лақтырып тастаған жас жесір атанған Айұміт кілт бұрылды да екпіндей басып ата-енесін құшақтады. Екеуін қолтығынан алып, қалың көпшіліктің ортасын қақ жара үйлеріне бет алды. Жиналған көпшілік «ләм» деп ештеңе айта алмады, үйлеріне тарасты. Қайсар келіннің батылдығына бірі таң қалды, енді бірі сүйсінді. Ел-жұртты алдында бай жер шұқып қалды. Баласы жетесіздігін көпшілікке көрсетті.

Келінінен мұндайды күтпеген көне көз қария мен ару ана Айұміттің бетінен сүйіп, үйіне келді. Қария да көпшілік алдында абырой-беделінің артқанын байқады.

– Сіздер біраз демалыңыздар. Кешелі бері әртүрлі ой да

маза бермеді. Сыртқа шығып, қазанның астына от жағып, шай әзірлейін, – деген келіні ешиәрсө болмағандай үй шаруасына араласты. Қос қарияның да көңілдері орнына түсіп, еңселері көтеріліп қалды. Екі айдан бергі қайғы-қасіреттің бұлты сейілгендей болды. Ұшеуі отырып шаруа жайын әңгімеледі, кешкі астарын ішті.

Сүйіндіктің бейнесі ұшеуінің де көз алдарынан кетер емес. Шаруаларымен айналысып, бір сэт көңілдері жұмысқа ауса да ойларынан бір шықпайды. Қария мал соңында жүріп, күніренеді. Кейде өзімен-өзі дауыстап сөйлегенін білмей де қалады. Сыртынан көрген ауылдың адамдары алғаш жанашыр көзбен қарағанымен келе-келе «Амандық қарияның есі ауысайын деген бе, өрісте жүріп біреумен сөйлеседі. Жападан жалғыз ұзап кетіп, алдында айдаған малы жоқ, қамшысын сілтеп, мал қайтарып жүргені, кейде жоқтауға ұқсас бірденцелерді айтады», – деген сөздер де естіледі бастады.

Жапан далада, кеудесінің күйігін басып, ұлын жоқтаған қария:

*Топтан озған құлышынм,
Маңдайга біткен жұлдызынм.
Колымнан баптап ұшырған,
Балапан қыран, түйгүшінм.
Тәңір таудай еңселі,
Хантәңіріндей айбаттым.
Қапыда қалдым, қайтейін,
Айырылдым сенен, айырылдым.
Жұлышынм менің үзілді.
Топырақ жапты жүзіңді,
Көрген түстей елес бол.
Сагымға балам, айналдың,
Дидар гайып сен болдың, –*

— деп көз жасы сақалын жуған қария, іштегі шерін ен дала да шығарып, зар мұнын шағады.

Ана жүрегі де сыздағанын қоймады. Өзен жағалай жүріп, баласының қылыштары есіне түсіп, Сүйіндіктің балдай тілін қызықтағаны ойына оралады. «Апа, ай-апа, ана биік таудың аржағында не бар, — деген Сүйіндікке, «Ой, айналайын, ол Тәнір тауы, ортасындағы биік шың Хантәңірі. Сен де сондай биік боласың құлымның» — деп, ауаны қармап, құшақтағанын көрген жүргіншілер де ару ана жайлы көрген білгендерін, айтып жағаларын ұстады. Ешкіммен шаруасы жоқ ана, ауа қармаған қолымен қос анарын қыса, өзегін өртеген өксігін сыртқа шығарады:

*Жағада өскен құрақтай,
Жалғызым менің қайдасың?
Жапырақ сыйбыр жас талдай,
Күлкіңді, жсаным, сагындым.
Кеудеме қойып басыңды,
Иісіңді сенің, аңсадым.
Атаң жсүр әне, тау жақта,
Сагымнан сені іздейді.
Зиратыңың басында,
Көзіңің жасын көл қылып.
Өлдіге сені қия алмай,
Жан-жарың отыр, зар илең.*

Үйден үн-тұнсіз шығып кететін Айұміт шашын жайып жіберіп, зар-мұнын шағып тағдырына налиды. Қырқабеттерден, асыл жарын іздейді. «Кездесіп қала ма?» деген үмітін бір үзбейді. Қорым бейіт басына келіп, жарының зиратына айнала сөйлеп, мұндасады. «....Сүйіндік, қас қағым сэтте шынымен ғайып болғаның ба? Сен кеткелі берекеміз кетті. Бай баласы әменгерлікке алмақ болды мені, енді алда не күтіп тұрганын атам мен апам да біл-

мейді. Тіл қатсаңы, Сүйіндік! Сүй...ін...ді...і...і...к» - деп көз жасына ерік береді.

*Күдайға жаным, не жаздық,
Ұзіліп кетті арманым.
Бақ құсым үшін, басынан,
Айналам кетті түнек бол.
Кабірің үнсіз сұық-ты.
Тіл қатшаңы, жаным тіл қатшаң?
Сұмажат салған қайғыдан.
Іш-қуса болып арыдым,
Топырақ жеңіл болын деп.
Күн ара келем басыңа.
Тіл қатшаңы жаным, тіл қатшаң ныңы?*

Деген жас келіннің зары мен мұнын естігендер де отка май тамызын, осекті оршітіп жіберді. «Оңеуқүн, байдын кенже баласына әмештер болып тиіп алса, бейт басында зарламас еді. Бейтке жі баруына қаратанды жас жесір шалды-күйні болып қалған сиякты. Үшсөү үш жакта анырап, күдайдын зарын жасайды-ау», десе, енді бірі «Енді қайтсін, ондай жерлерге перілер үйр болады» - деуші еді. Нерілремен сойлесстін шығар» деген қанку сөздер де бел алды. «Ойбай, Амандақ шалдан үйн перілер жайлаган сиякты, касынан отіп бара жатсам, шуылдағандарын байқадым, күлгөн, жылаган баланың даусы естіліп жатыр. «Біссімілла, біссімілла», деп әрени отіп кеттім», деген бір тұрғынның айтқан сөзине кейін-ак ауыл адамдары карияның үйіне катынауды койды. Үйді айналып алыштан откенде «біссімілләларын» айттып, үй жакка көздерінің киыны да салмайды. Нерілер одлерін үстап алатынлай сезінеді.

Былдың жылдың жазы да жауынды болды. Күн ара ауа-райы бұзылып, иосерлі жауын тоги-тоги отеді. Карияның

жануясымен қайғыны бөліскендей. Суық күз келіп, жаздай құлпырып өсken, жасыл кілемдей түрленген айнала сары түске боялды. Қыстың қыр астында екенін де байқатқан. Ауаны үйірген тентек құйын жаз бойы жайнап өсken қызылды-жасылды гүлдерін тозандары мен ұрықтарын үйіріп әкеліп, жас кабірдің үстіне сеуіп кетті.

Қыс айларында қарияның үйіне ағайын туыстар, ауыл тұрғындары ат ізін салмады. Үшеуден үшеу, қысқы тіршіліктерін істеп, бір-біріне демеу болып жүргені. Бай баласы өткен жаздағы оқиғадан кейін бұл жақта аттап баспады. Байдың да десі қайтып қалған-ды. Бірақ есесін жібермеді.

Шойқара айдал кеткен малдардан өз малын толық қайтарып алды. Ал, кедей-кешіктердің бар малдары қарақшылардың қолында қалып қойды. Араға сөз салып жүріп, Шойқара қарақшыны жалдаған байдан Сүйіндіктің өлімі үшін құн даулады. Бұл ісі де онға басты. Шойқарамен балалары ауыз жаласып, Сүйіндіктің құнына жылқы алатын болып келісті. Екі жақ та құн дауын ешкімге сездірмеге сөз байласты. Екі байдың да беделіне көленке түспес үшін осылай келісті. Ешкімге сездірмей Сүйіндік үшін құнға алған малдарды да өз малына қосып жіберді. Ал, ауыл тұрғындары бұдан бейхабар-ды. Байдың ішкі есебі ішінде. Түк болмағандай, қайтқан малдарын аралап көріп, көнілі орнына түсті. Осы өңірде байлығы өзінен асатын бай жоқ екеніне масаттанды.

Тек Бексейіт бастаған оншақты жігіт Сүйіндіктің кегін алуға әзірленіп, алдағы көктемде кедей-кешіктің бар малын қайтарып алуға тәуекел жасап, отырғандарынан ғана ел-жүрт хабардар.

Қыраулы қыста артта қалып, тіршіліктің хабаршысы көктем келді. Жер ана ақ көрпесін айқара түріп, сай – сала қар суына толды. Сарқырай аққан су, таудың тентек өзеніне қосылып, арнасынан асырып жіберді. Қыстан

қысыла, қымтырыла шыққан ауыл тұрғындары да арқаны кеңге салып, тіршіліктеріне кірісті.

Қырат, белдерде бәйшешектер гүлдеп, көк те қылтиып шыға бастады. Ел-жұрттың бір малы екеу болып, жас төлге толды. Ауылдан аулақ отырған жалғыз үй ғана қайғының қара бұлты бастанынан сейілмей, ондаша тіршілік кешуде.

Сүйіндік қайтқалы малының басы азайып, біразы ұрықарының қолында кетсе де қария оған бола ренжімеді. Қалған малдарын аман-есен төлдетіп, шаруасын жөнге келтіре бастады. Ауыр бейнеттен қолдары босай бастаған тұрғындар арасында ұмыт болған өсек-аяң қайта жанданды. Біреулер бықсытып шок үрлесе, біреулері май тамызып, қарияның үйін жайлаған перілер жайлыша ербітті.

Айұміт болса сол баяғы, екі-үш күнде Сүйіндіктің басына бір барып, құдайдан рахым сұрап, жігітінің пейіштен орын алуына жалбарынады. Откен жылғы тентек құйын даланың қызылды-жасылды гүлдерінің тозандарын қабір басына сеуіп кеткеннен бе, әлде сұық күздегі апталап жауған жауын мен қалың қардың ылғалынан ба, бейіт басына шөп ұйыса қалың шығыпты.

Көктем келgelі бойында әлде бір сезім пайда болып, өзін қоярға жер таптай, мазасы кетіп жүрген Айұміттің өзінде де өзгерістер бола бастады. Сарғая, алыс бір нұктеге қадала қарап қалады. Тылсым сезім бойын билеп, өзіне ырық бермейді. Осындай сәттердің бірінде Сүйіндіктің зиратына келе состиып тұрып қалды. Қабір басы ал-қызыл гүл. Біреу әдейі гүл еккендей шығыпты.

— Сүйіндік, Сүйіндік, Қабірің гүл сыйлағанша сені маған неге сыйламайды. Жыл болды сарыла күткеніме, осындай да қатыгез бе едің, — деп еніреп жылап, бейітті құшактай құлады.

Гүліңді қайтем, гүліңді?...

Жаным –ау, сені, жсаным – ау сені сағындым,

*Қайғылы жүрек, тұншыққан сезім.
Іздейді, сені, іздейді!
Өмірім өксіп, жанарым жас бол,
Аңсаймын, жаным, аңсаймын сені.
...Гуліңді қайтем, гуліңді...и...и...и...???*

Зират жанынан өтіп бара жатқан адамдар қабірді құшақтап, жатқан жас жесірдің зарын анық естіді. Қасына барудан жүрексінген олар асығыс ауылға бет алды. Осы жәй басқаша айтылып, өсек-аянды одан әрі өршітіп жіберді.

Шашының дода-додасы шығып, орамалын сүйреткен, көзінің жасын көл жасаған келінін ару ана құшақтай алып, аймалап, сүйе бастады.

– Апа, Апа....а....а....а..., Сүйіндіктің зиратына барсам, қызылды-жасылды гүл өсіпті. Қабірі маған гүл сыйлағаны қалай? Неге ғана өзін сыйламайды, апа..., а....а....а..., деп аңырап жылаған келініне қосыла ару ана да етегін жасқа толтырды.

Байдан қайыр болмағаннан қейін Бексейіт оншақты жігіттердің басын қосып, Шойқара айдал кеткен малдарды қайтару жайлы кеңесті. Осы сапарда қарақшыны қалай да өлтіріп, кегін алатынын білдірді. Бар малынан айырылған кедей жігіттер Бексейіттің ұсынысын қоштады.

– Айтарым, бай балалары білмейтін болсын. Кім білсін, ұзынқұлақтан естуімше қарақшылармен бір бітімге келіп, малдарын қайтарып алған сияқты. Эйтпесе осыншама көп жылқы оған қайдан келді, – деді Бексейіт оларға.

– Расында мұншама мал бес-алты айда қалай жинала қалды. Сүйіндіктің өліміне құн даулап, оны да алған шығар, байдың бір құпиясы бар, – деді олардың бірі.

Келісім бойынша қараңғы тұнде уәделескен жерлерінде кездескен олар, Шойқараның ізіне тұсті.

Шойқарада құлдықта болған жігіт Бейсенбек те қарақшының серіктегі кім екенін ауыл-ауылдан сұрастыра жүріп біліп алды. Эрқайсысы әр жақтан жиналған, басбұзар бұзақылар болып шықты. Жок іздегенсіп, Шойқараның мекен-жайын, қай жерде жүргенінен де хабардар болды. Амал не, қол қысқа, күш тен өмес. Сүйіндік ауылындағы Бексейіт батырмен хабарласып, соларға қосылу керектігін де ойластырды. Ақыры осы ойына тоқтап, Сүйіндіктің ауылына жол тартты. Араға бір қонып, аршалы сайдан шыға келгенінде, алыстан он-он бес шақты аттылыны байқап қалды.

Алғаш ойын үрей билеген Бейсенбек оларға көрінбей ағаш-ағашты тасалай алыстан бақылады. Жүрістері сүйт. «Қарақшылар болса елге хабар беру керек» деген ой оралды. Кеш бата аттылы адамдар терең сайға келіп тоқтады. Алға жылжыса олардың сезіп қалуы да мүмкін. Ол асығыс терең сайды айнала, жақын мандағы ауылдың біріне келді. Жарым тұнде келген жүргіншіні қарсы алған ауыл шетіндегі үй иесі:

— Тұн жарымда қайдан келген жансың, — деді секем алып.

— Аға, менен күдіктенбеңіз. Кеше, алыстағы бір ауылға шаруамен шығып едім. Оншақты аттылы адамдарды көрдім. Жүрістері сүйт. Барымташы ма, басқа ма көзім жетпеді. Содан қайта кері қайтып, сіздерге ескертуді жөн көрдім.

— Қап, бәлем, Шойқараның жігіттері болса сазайын тартқызу керек. Сол итті қолға түсіре алмай-ақ қойдық. Сен осында отыра тұр. Қазір, — деп үй иесі шапанын желбекей жамылып, тысқа шығып кетті.

Біраз уақыттан кейін қасында 5–6 жігіті бар үй иесі де келді. Оларға да болған жайды баяндады.

— Елді дүрліктірмей, таң қылаң берे атқа қонаїық.

Шойқара соңғы деректерге қарағанда Мұстауды бетке алған сыйнайы бар, – деді үй иесі.

Олар жиналып атқа қонғанда шығыстан таң сәулесі де белгі берген-ді. Бұл кезде терең сайға тоқтаған бес қаруы сай он бес шақты жігіттер де жолға әзірлене бастиды. Олар кең жазықты қызып өткенде алдарынан 5–6 аттылы жігіттер шыға келді. Екі жақ та кілт тоқтай қалды. Осы сәтте астындағы Жұлдызкөкті ойнақтатып, алға шыққан Бейсенбек қолындағы қаруын жоғары көтеріп:

– Эй, Шойқара қайдасың, жігіт болсаң жекпе-жекке шық. Мені танымасаң танытайын, алты ай көрсетпегенді көрсетіп, құл жасамақ болдың, біреудің өрімдей жас баласын өлтірдің. Соның кегін алуға келдім. Қане, шық, жекпе-жекке, – деген Бейсенбек ат ойнатып екі топтың арасында тұрды.

Күтпеген оқиғаға тап болған екінші жақтың жігіттері Сүйіндіктің Жұлдызкөгін бірден таныды. Жігіттерге қолын көтеріп, сабырлыққа шақырған Бексейіт атын тебініп алға шықты да:

– Бейсенбек! Мен Бексейітпін, – деп айғай салды да оған қарсы шапты.

– Аға, ағатайым, Сіздерсіздер ме?, – деген Бейсенбек атынан түсе сала құшағын ашып, Бексейітке қарай жүгірді. Екеуінің құшағы айқасып қалды. Екі жақ та түсініскеннен кейін, Шойқара қарақшыны қалай ұстауды ойластырып, ақылдасты.

– Қыстай Шойқара туралы ел-жүрттан сұрастырдым. Жігіттерінің бәрі баскесер бұзақылар. Ешкімді аямайды. Жалғыз өзім не бітіремін, ойланған келе сізге жол тартқанмын. Алыстан бір топ аттылыларды көргенде Шойқараның қарақшылары ма деп түн жарымда мына жігіттерің ауылына бардым. Шойқара бұларды да зар каксатыпты, – деп Бексейітке болған жайды баяндаған Бейсенбек, Сүйіндіктің әке-шешесін, қара жамылған жас келінінің де жағдайларын сұрады.

Шойқараның сонына түскен жігіттер, олардың тұрақтаған жерін білгеннен кейін, қалай да қарақшыны қолға түсіруге сөз байласты. Айла-тәсілдерді пайдаланып, қаша соғысу, оларды бөліп-бөліп, бір-біріне қоспай талқандау керектігін Бексейіт жігіттерге түсіндірді. Жанжағы жақпар тас болып келген аумағы ат шаптырымдай жазықта Шойқараның жігіттері қаннен-каперсіз демалып жатқанын байқаған олар тағы ақылдасты. Жеті-сегіз жігіт қарақшыларға қарсы атойладап шабады. Барымташылар оларға қарсы келгенде қашқансып, кері шегінеді.

Ал, қарақшылар бұларды қалай да өкшелей қуады. Осы тәсілді тиімді пайдаланған жігіттер Шойқараның қарақшыларын екі бөліп жіберді. Жігіттердің сонынан қуған қарақшыларды тасада тұрған аттылы қарсы алды. Мұндайды күтпеген олар қарсылық көрсете алмады. Тегерурінді соққыдан ат жалын құшып, жерге құлады. Алғашқы 7–8 жігіт екінші рет атойладап қарақшыларға қайта шапты. Не болғанын білмеген олар атқа қонды. Оң жақ және сол жақ қанаттан да қарулы аттылылар қарақшылар ортасынан суырылып шыққанын, ат үстінен допша ұшырды. Шойқара бар жігіттерін оларға қарсы қойды да, өзі 3–4 жігітімен шайқас алаңынан сыйылып шыға берді.

— Аға, Шойқара қашты. Шойқара тоқта, — деген Бейсенбек айғай салды.

— Жігіттер мыналардың аяқ-қолын байландар, — деген Бексейіт Шойқараның артынан қуды. Жұлдызкөктің де еті қызып, бас берер емес, Бексейіттің қасынан жұлдыздай ағып өткен Бейсенбек қарақшыларға жетіп те қалды. Шойқара қасына ерген үш жігітті қалдырып, өзі қаша жөнелді. Бейсенбек олармен айқасқа кіргенде сонынан келген Бексейіт те араласып кетті. Үшеуін де ат үстінен шоқпармен қағып түсірген екеуіне:

— Ағатай, ағатай, құлың болайық, өлтіре көмендерші, — деп зар иледі. Олардың сөзін құлақтарына да ілмеген екеу Шойқараның сонына түсті. Желден жүйрік Жұлдызкөк

қарақшыны алысқа ұзатпады. Соңындағыларды көрген Шойқара қиялай шауып, құтылып кетудің амалын жасауда.

– Аға, алдын кесемін, – деп қарсы бетке шапқан Бейсенбек Шойқарадан бұрын асудың жолына шыып, үлгерді. Өзіне қарсы шауып келе жатқан Бейсенбекті көрген ол:

– Атаңа нәлет! Сен құлды өткен жылы қолға түскенде-ақ өлтіріп тастауды керек еді, – деген Шойқара он жақ қапталға қарай атының басын бұрды.

Бексейіт те Шойқараның ойын біле қойып солай қарай шапты. Қос аттылының ортасына түскен Шойқара қүйрығын артына қысып, қашқан қасқырдай екі жағына алақ-жұлақ қарап келеді. Ара қашықтық та жақындай түсті. Қарақшыға жуз қадамдай қалған кезде, Шойқара мінген атының шыңғырған даусы бүкіл тауды жаңғыртып жіберді.

– Құздан ұшты, құздан ұшты, – деген Бейсенбек атының тізгінін тартып, секіріп түсті де солай қарай жүгірді. Соңын ала Бексейіт те келді.

– Ит-ай, ит-ай қолға түспеді Тірідей жон терісін сыпры керек еді, – деген Бейсенбек құздан төмен қарап тұрған қалпы. Бексейіт жақпар тастарға соғылып, құздың етегінде жансыз денелері жатқан Шойқара мен атын көріп:

– Абыройсыз өлім деген осы, елді қан-қақсатып еді. Өлігі қарға-құзғынға жем болды, – деді де:

– Сүйіндік інімнің кегі қайтты. Сүйегі көмусіз қалды. Жүзіқараның. Елдің қарғысы, көз жасы жібермеді. Мұндай адамда іздеуші де, жоқтаушы да болмайды, – деді.

– Аға – ай,...й...й... Сүйіндіктің кегі қайтуы қайтты-ау. Орны ойсырап қалды ғой. Мәңгілік жазылmas жара болып, аңыраған анасы мен көзінің жасы сақалын жуған қарияның қеудесіне шер болып байланды емес пе. Жас жарының тағдыры не болады, аға, не болады..., – деген ол:

– Шойқараның жігіттері мен Сүйіндіктің шайқасқанын қайтып ұмытайын. Жұлдыздай ағып келіп, қалың топтың ішін жарып кірді де екі, үш жігітті атынан аударды. Қайтара шапқанда, басына тиғен ауыр соққыдан еңкейіп барып, қайта шалқайған қалпы жерге құлады. «Өлді-ау, иттер, өлтірді-ау» деп мен де жеттім. Басын көтеріп, кеудеме бастым. «Аға, аға,...а....а....а...» деп езу тартқандай болып, көзі шарасынан шыға қатты ышқынды да жүріп кетті. Ашулы қалған көзін қолыммен уқалап жаптым. Көз жасыма ерік бердім. Боздақтың қапыда қаза тапқанына налыдым. Өзі де сұнғыла бойлы, иықты келген, әдемі жігіт еken, – деп Бейсенбек жылап жіберді.

– Иә, бауырым. Бәрімізге де ауыр қаза болды. Амал не? Қолдан келер шара жоқ. Екі қария мен жас келін мұндарын айтып, құдайдың зарын қылады. Қайғы, мұң басқан бір жануя түгелімен қара жамылып қалды. Барсам, сай-сүйегім сырқырап, Сүйіндік інім көз алдымға келеді. Көнілімде ол әлі тірі сияқты болады да тұрады. Біз де қайбір жетісіп жүр дейсің бауырым. Жұлдызкөкті саған мінгізіп жібергені де дұрыс болды. Эйтпесе, тағы бір даудың басы басталар ма еді. Жұлдызкөк бабында еken, – деді Бексейіт.

– Иә, аға. Байдың содыр балалары мені сүйреп өлтірмек болды. Қария оларды тоқтатып, үйіне алғып келіп, сол тұні астыма Жұлдызкөк пен тағы бір сәйгүлікті жетегіме беріп, еліме шығарып салды. Парзыымды қалай өтерімді білмеймін. Ауылға көшіріп әкелмекші де болым. Ел-жұртын қимайды ғой. Үйде кәрі анам бар, оларды да тастап кете алмаймын, – деді.

– Құдай өмір берсін. Әлі-ақ алдыңа қойған мақсатың орындалады. Құдерінді үзбесен болды. Аурудың да басқа тұскен қайғының да емі уақыт. Олардың да алдында бір жақсылық бар шығар? Кім білсін?. Бір жөні болар қарағым, – деген Бексейіт жігіттердің қасына келді. Аяққолдары байланған барымташыларға қарап тұрды да:

– Мыналарды танисындар ма?, – деді иегімен нұсқап.
– Иә, әр ауылдан жиналған қарақшылар. Шетінен ба-
уесіп ұрылар. Бұларға кешірім жоқ.

– Олай болса, бұлардың жазасын, өз ауылдарының адам-
дары берсін. Әр қайсысын ауылтының аксақалдарының
қолына тапсырындар, – деді.

– Дұрыс, Дұрыс... – деген жігіттер бірауыздан қоштап
кетті.

Бейсенбек Жұлдызкөкті жетектеп Бексейіттің қасына
келді.

– Аға, Жұлдызкөкті қарияның қолына тапсырсаңыз.
Сүйіндіктің қанаты мен көзі ғой, – деді төменшіктей
сөйлеп.

Бексейіт оған тесіле қараган қалпы үндемей қалды.
Ойна бай балаларының еткен жылғы қылышы орал-
ды. Жұлдызкөк барса, олардың басына тағы бір қайғы
үйірілетінін ойлап:

– Жоқ, қарағым. Бір ыңғайы келгенде апарып берерсің.
Карияның қолына Жұлдызкөктің тізгінін ұстасам ренжіп
қалар. Сенің амандығынды, Жұлдызкөкті көргенімді айт-
сам да олар үшін үлкен қуаныш, – деді де:

– Жігіттер, қатығез қарақшылардың қара ордасын
талқандадық. Сендерге раҳмет. Бейсенбектің тағдырына
бәрің қанықсындар. Барынташылардан қайтарған малы-
мыздан әрқайсымыз бір-бір бас жылқы берейік. Көрші
ауылдың жігіттері апарып салсын, – деді.

Бұл ұсынысты бәрі қоштап Бейсенбектің алдына он бес
шақты жылқы салып берді. Бір-бірімен қоштасқан жігіт-
тер малдарын топтап, ауылдарына бет алды.

Әнеукүні Сүйіндіктің басына барып, бейітінде-
гі қызылды-жасылды гүлдерді көргеннен бері түсінде
Сүйіндікті Айұміт жиі көретін болды. Қып-қызыл гүлдің

арасында Сүйіндік тұрады, қасына жақындаса жоқ болып кетеді.

Екеуінің алғашқы тұні түсіне кіріп, Сүйіндікті айқара құшақтаған қалпы оянып кетті. Көрпесін бауырына басқан ол ұзак жылады. Айнала жасыл кілемдей түрленгелі бері бойында бір тылсым құштарлық жиі қайталана береді. Өткен жолы алабұртқан дене қызын, өзенге түсіп бір сәт басқандай еді. Тіпті өзін-өзі тоқтата алмайтын күйге жеткен сияқты. Не істерін білмейді. Біреуді аңсайды, Сүйіндікті аңсайды...

Сондай күйді басынан өткізген сайын, өзін-өзі ұстай алмай, әбігерге түседі. Тағы қайталана бастағанына бүгін үшінші күн. Імыйрт үйіріле даладағы қазан астына ағаш отын тастап, қараңғы түсе кешкі астарын ішуге отырған үшеуі ашық есіктен еңкейе кіріп келген жігітке аңтарыла қарап қалды.

— Ассалаумағалейкум қария. Алыстан жолаушылап келе жатыр едім. Құдайы қонақпрын. Маздаған отты көріп, сіздің үйге ат басын бұрғаным, — деді.

— Ой, айналайын, кел, кел, төрге шық, — деп қария қалбалақтап қалды. Кемпірі көрпе салып, келіні жайылған дастарханды қайта жасап, әбігер болуда.

Сүйіндік қайтқалы бұл үйге алыстан жолаушылап келген қонақтар түспеген-ді. Үшеуі де жақсы ырымға жорып, жандары қалмады. Қонақ жігіт, бәрі дастархан басына қайта отырды. Шай құйып отырған Айұміт жігіттен көз алар емес.

· Элсін-әлсін Сүйіндікке ұқсатқандай болып отырғаны. Дастархан жиналды. Ер адамдар сыртқа шықты. Толған ай тәнір тауынан дөңгелене туып, айналаны жарық жасап жіберіпті. Қария атының қасына қонақтың атын қосақтап, шөбі шүйгін, отты жерге шідерледі.

Айұміт төргі үйге, шымылдығынан алыстау етіп қонақ жігіт үшін астын қалындал, төсек салды. Олар сырттан

үйге кіргенде Айұміт шымылдыққа кіріп, жатып та қалды. Киіз үй шаңырағынан ұрлана түскен ай сәулесі үй ішін ала көлеңкеледі. Қонақ жігіт төрге салынған жұмсақ төсекке қисайды.

Келіншектің бойындағы тылсым күш қайта оянып, сыртқа тепті. Қаны басына көтеріліп, денесі от болып лапылдады. Бұлқына соққан жүрегі қеудесін жарып шығардай. Алма төс көріктей көтеріліп, алқына дем алады. Ішкі сезім төзімділік пен ұстамдылықты жеңіп барады. Дене қызуы тылсым құштарлықты аңсайды. Төсегіне сыймай еріксіз дөңбекшіп, аунаған жас ару шымылдық сыртына шығып кетті. Белгісіз күш аунатқан қалпы жас ару жігіттің құшағына ес-түссіз енді. Екеуі еш қарсылықсыз, тілсіз ұғынды, лапылдаған отты денелер, құшақтаса, бір сәт мына дүниені ұмытып кетті.

Бірін-бірі аймалап, жан рахатынан, тән ләzzатына көшті. Алғашқы тұнгі Сүйіндік екеуінің ләzzатқа балқып, бойына әлде бір бал-шырынның құйылған сәттері қайталанып жатқандай. Әлсіз ыңырсыған ару:

– Сүй... Сүй...ін...ді...і...і...к..., – деп үн қатып барып, талықсып кетті.

Жан-жүректерімен ұғысқан екеуі тұннің бір уағына дейін аймаласты. Бойына бал шырын құйылған сайын жігітті қапсыра құшақтап, талықсиды. Жас ару көптен көрмеген тән ләzzатына бөленді. Төбеге көтерліген толған ай бар сәулесін шаңырактан екеуінің үстіне шашты. Көздің жауын алатын жас арудың аппақ денесі ай сәулесімен нұрланып кеткен. Айқасқан құшақтар ажырар емес. Әлсін, әлі тән рахатына бөленіп, екеуі де бойларынан бөлінген, бал шырынның ләzzатына мас болуда. Таң алдында жас ару, жігіт құшағынан сытылып, аунаған қалпы шымылдығына кірді. Бойындағы бар құмарлық пен құштарлық тарқап, от болып жанған денесінің қызуы да басылды. Алма төсін кере соққан жүрегі де сабасына

түсті. Көптен маза бермеген тылсым күш те саябыр тауып, Айұміт тәтті үйқыға кетті.

Қонақ жігіт те көп жатпады, киініп тысқа шықты. Шідерленген атын әкеліп, ерттеді. Үйден елу-алпыс қадамдай ұзап барып, үзенгіге аяғын салды, атына мінди. Ол күншығысқа қарай бет алды. Қырға көтеріле көз үшінда қалған жалғыз үйге бұрылышп біраз қарап тұрды да жүріп кетті.

Үйқысынан оянған қария орнынан тұрып тысқа шықты. Тұнде өзі шідерлекен қос ат жаққа көз салды, қонақтың аты көзіне түспеді. Жан-жағына қарады, жоқ. «апыр-ай ә, қайда кетті?» деген қарияның ойына құдік орнады. «Қолды болды-ма?» деген ойынан үрейленген қария, ер-тұрманың қарады. Тұндегі қойған орны бос. Ақырын кіріп, кемпірін оятты. «Қонақты байқашы» деді сабырлы кейіппен. Өзі сыртқа шығып, әудем жер жүріп, жылқының жас тезегін көрді. Көзі жеткен жерге дейін шығыс жақты шолып шықты. Көрінбеді. Бұл кезде таңның қызыл шапағы да тәңір таудың биік шынын қып-қызыл бояуға бояп жіберген-ді. Қария жай басып үйінің алдына келгенде кемпірі де сыртқа шығып:

– Қонақ жігіт ертелетіп, кетіп қалыпты. Құдайдың қара басқаны-ай, үйықтап қалғанымды қарашы. Келін де оянар емес, – деген кемпірінің сөзіне ләми демеген қария өзінің де осы тұнде қалай үйықтап қалғанына таңы бар.

Шай демделеп, ертеңгі дастархан жайған ару ана шымылдық шетін түріп, келінің оятуға батпады. Жүзі алабұртып алаңсыз үйықтап жатқан келінің мазасын алғысы келмеді. Шайды шалы екеуі үнсіз сораптап ішті.

– Келін тұрды ма? – деді. Құдікті оймен кемпіріне қарап.

– Үйқысын қимадым, демалып жатыр. Үйықтасын. Оған да ауыр болды. Бағын байламасақ – деді баяу ғана.

Қария тіс жармаған қалпы дастархан басынан тұрып кетті.

Айұміт түске қарай бір-ақ оянды. Кешегі дене қызыу, алабұртып, байыз таппаған ішкі тылсым күш пен бұрқасынның бірі жоқ. Бойы женілдеп қалыпты. Орнынан тұра сала сыртқа шықты. Қонақ жігіт көрінбеді. Атасы мал жақта, енесі өзеннен су әкеле жатыр. Тұндегі жай ойына оралғаны сол еді:

– Ой, айналайын, тұрдың ба, шайың қайнап тұр іше ғой, – деген енесінің сөзі бөліп кетті.

– Апа, қатты ұйықтап қалыптын. Қонақ жігіт кетіп қалған ба?

– Иә, қарағым, құдай атып, таңға жақын көзім ілініп кетіпті. Ертеңгі шай да бере алмадым, – деді

Дастархан басында ойы сан-саққа бөлінген Айұміт қонақ жігіттің қай жаққа кеткенін батып сұрай алмады. Енесінің айтуына қарағанда күншығыс жақты бетке алыпты. «Қонақ жігіт келер» деген үмітін де үзбеді. «Қайырылып осы үйге бір соғар. Кім болды еken?. Ошақтағы оттың жарығынан келбетін көріп Сүйіндікке ұқсаттым. Тамағын қытықтаған мұрты да сонықіне келді. Бұл қандай ұқсастық? Егер ол үйге келе қалғандай болса не істемекпін, қалай ғана оның көзіне түсем? Апама айтсам ба еken? Қалай, қайтіп? Қисыны келмейді-ау, қисыны. Еш нәрсеге зауқым да көнілім де соқпайтыны несі. Осы, осы, мен.. мен.. бойымда... Шынымен солай болса ше? Осы үйден кетсем бе еken, «жүзі қара» аталмай тұрғанымда. Атам мен апамды кімге... кімге таставмын? Тәуекел. Ата-енем үйінен куса да осы босағада солардың күні болып өтейін. Әлде... Әлде апам олай істемей, кімнен десе не деймін? Иә, айтуым, айтуым керек. «Жасырмай бәрін айтуым керек», – деп ойын түйген Айұміт енесі екеуінің әңгімесі жарасқан онтайлы сәтін күтті.

Ой құшағында отырған Айұміттің қасына енесі келіп, тізесін бұкті.

– Айналайын, көп ойлана берме. Біз сенің бағынды байлайық деп отырғамыз жоқ. Бізді бір құдайға тапсы-

рып, баратын жағың болса, ұстамаймыз. Еркің білсін. Шалымыз екеуміз сені де ойлаймыз, келешегі не болады деп. Тенінді тапсан қуана батамызды береміз, – деді енесі келініне өзіне тартып.

– Апа, – деп жылап жіберген Айұміт енесін құшактаған қалпы:

– Апа, мен.. мен.. бір қателік жасаған бейбақ болдым. Сіздің алдыңызда ақтала алмаймын. «Жүзі қара» деп үйден қусаңызда еркініз. Менің, менің аяғым ауыр сияқты.

Енесі келініне жалт қарады. «Шын ба?» деген сұраулы жүзбен көзін алмаған апасы:

– Ойпыр-ай ә, «Қырықтың бірі қызыр» демекші әнеуқұнгі жігіт осы үйге қызыр болып келіпті ғой. Өзін Сүйіндігіме ұқсаттым, – деді.

– Иә, апа, мен де. Көзіме Сүйіндік сияқты елестеп кетті. Екі көзім жігіттің қимылында. Екі-үш рет Сүйіндік деп қалдым. Ол маған күлімдей қарады. Сол жігітті Сүйіндікпен шатыстырдым, апа, не айтсаңыз да еркініз, – деді.

– Айналайын, сенің еш айыбың жоқ. Бұл да құдайдың бізге жіберген бір рақымы шығар. Төменшіктемей өзінді-өзің жоғары ұста. Құдай онынан беріп аяғың ауыр болса? Ол да құдайдың ісі. Жұрт не демейді. Құлағына ілме. Алдыңынан ақ күн туын айналайын, – деп енесі іштей қуанып та қалды

Қонақ жігіт сол кеткеннен жалғыз үйге қайтара соқпады. Шал-кемпір мен Айұмітке есімі мәңгілікке жұмбақ болып қала берді.

Екі-үш күннен кейін тұс мезгілінде үйлеріне Бексейіт келді. Қос қария қалбаландап, атынан түсіріп алды.

– Көп болды ғой, келмегеніңе? – деді қария.

– Шаруа басты болып, әрі Шойқарадан өшімізді алмай тынышталмаймыз деген сертім бар. Ақыры дегенімізге

жеттік. Шойқара құздан ұшып, өлді. Сүйегі сонда қалды. Ит-құсқа жем болды. Бар малды басы аман түтел айдал келдік.

Сіз өлімнен алып қалып, Жұлдызкөкті мінгізіп жіберген жігіт Бейсенбекті кездестірдік. Ол да қанды қарақшылардан өшін алуға шығыпты. Астындағы Жұлдызкөкті бірден таныдым. Екеуміз Шойқараны тірідей ұстамақшы болдық, амал не атымен құздан ұшып кетті, – деп дастархан үстінде ұзак әңгімелесті. Әңгіме арасында елдің айтқан қанқу сөзі туралы, оның өтірік екеніне де тоқталды.

– Айтқан адам айта берсін. Ана жігіттің аман-есен еліне барғаны жақсы болды. Байдың баласы Жұлдызкөкті сұрап мазамды ала бастады. Ол мінгенше баламның басын сүйеп, қайғымызға ортақтасқан сол жігітке мінгізгенім жөн болды, – деді қария иегі кемсендеп. Сәл үнсіздіктен кейін:

– Қайдағы періні айтады. Сол өсек-аянды айтқандардың өздері бәлкім пері болар. Ел-жүртқа айта бар біздің жайымызды көрдің, қаңқу сөз кімге керек, – деді.

Бексейіттің қарияның үйіне келуі, Шойқараның өлімімен барымталаған малдың қайтарылуы ауылдағы өсектің одан әрі өршуіне жол бермеді. Бай балалары да бұл оқиғадан қалыс қалып, өз тіршіліктерін қүйіттеп кетті. Тек ауылдағы сыбыр-құбір әңгіме ғана басылмады. Сүйіндіктің өлімі туралы құн даулауды да бай кейінге қалдырып, тұлқі бұлғаңға салынды.

Айуміт бұрынғыдай бейіт басына жиі баруды да азайты. Сөзі салмақтанып, ойы толысып, сабырлы да ұстамды бола бастады. Ләzzаттың бал шырынын татқан Сүйіндікпен бес құн бірге болғаны және өткендері бейтансыс қонақ жігіттің ыстық құшағын ұмыта алар емес.

Кейде ойға кетіп, «Шынымен сол жігіт Сүйіндік шығар. Шай құйып кесені ұсынғанымда саусағы саусағыма тиіп кеткенде маған қарағаны Сүйіндіктен бір аумайды. Атам мен апама тіл қатуы, жүріс-тұрысы, бәрі-бәрі Сүйіндік сияқты. Әлде менің көзімді диуаналар байлаپ тастады ма? Жок...жоқ...Олай емес. Аты-жөнін атам мен апам, мен де білмейміз. Тіпті, есіміз ауып жүріп қайдан, келгені қай жаққа баратынын сұрамапатық. Мүмкін елес болар, кімнің елесі? Сүйіндіктің бе? Солай болса, солай шығар» деген ойлар мен тәтті қиялға да берілетін кездері жиілеп кетті.

Бір-екі күннен бері басы айналатын болды. Анда-санда лоқсиды. Тамаққа да тәбеті тартпады. Не болғанын өзі де білмеді. Маужырап, жата бергісі келеді. Келінің айналышықтан, тамақ ішпей, көбінде сыртқа кетіп қалатынын байқаған енесі оның қимылына қайта зер сала бастады. Басы айналуы, лоқсуы басылғанымен, денесі то-лып, іші де біліне бастаған сияқты. Келінің аяғы ауыр екеніне анық көзі жеткен ару ана оны күтімге алыш, ауыр жұмыстарды істеттірмеді.

Үйдегі шаруаны өзі бітіретін болды. Шет жағасын шалына да білдіріп қойды. Қария да күндіз үйден гөрі түзде ұзак жүретінді шығарды. Шал-кемпір бірнәрселер жайлышуіркелесіп, Айұміттің қасы-қабағына қарайды. Биылғы қыста да, бұл ауылға ешкім ат ізін салмады. Қараша айының соңында Бексейіт келіп, амандықтарын білді, соғымын сойысты, біраз азықтар тастап кетті. Көктем келіп, күн де жылынып, шаруа адамдарының да қолдары ұзарды.

Қимылды ауырлап, екі бүйірін таянып жүрген Айұміт айы-күні жақындалап қалғанын іштей сезеді. Енесінің құрақ ұшып жүргені. Бел-белестер ақ қардан арылып, айнала жасыл түске ене бастады. Сыртқа шығып, күншуақтан біраз отырған Айұміт Сүйіндік жерленген қорым бейітке қарап:

– Сүйіндік! Биыл да гұл сыйлайсың ба? Сенің бөпен қос бүйірімді тепкілеп, жарық дүниеге асыруда. Нәрестеңе сенің жатқан жерінді көрсетем. Аз шыда. Алыс емес сияқты. Апамның айтуына қарағанда ұл сияқты. Аты Аңсар болады. Апам солай дейді, – деп бейіт жаққа қарап сөйлеп отырған келінің құшақтап, мандайынан сүйген енесі:

– Айналайын, Сүйіндікті көп ойлай берме, жарық дүниеге келетін бөпенді ойла. Ол тентек бүйірінді жиі тепкілейтін болды ғой, Үйге кіре ғой, – деп ару ана Айұмітті қолтығынан демеп, есікке беттеді.

Келіні екеуі әр нәрсені әңгімелеп отырып:

– Армансыз адам болмайды, қалқам. Арманымыз да аңсағанымыз да бір жаман нәресте ғой. Сол шіркінді құдай бізге беріп отыр. Құдай онынан жарылқап, аман-есен босансаң болды. Нәрестен ұл не қыз болсын есімін Аңсар қоямыз жарқыным. Ол біздің аңсап жеткен Аңсарымыз, – деп ағынан жарылған енесі келінің құшақтап.

Биылғы көктем Айұмітке ерекше көрінді. Көңілі де орнына түсіп, іштегі тентегін аман-есен дүниеге әкелсе болды. Көз жетер жердің бәрі жасыл түске еніп, құлпырып кетті. Қария да шаруасын реттеп, малын төңеректеп жүргені. Жас төлдер де енесін айнала ойнақ салғанын қызық көріп, анда-санда үй жаққа көз салып қояды. Күндегідей емес кешке қарай келінің қыңқыл-сыңқылды да көбейіп, ішін басып отырғаны.

– Айналайын, сабыр сақта. Мырза толғақ. Ары-бері ақырын жүре ғой, – деген енесі, төргі үйдің қақ ортасына екі керегенің басына ақ арқанды керіп байладап тастады. Қазан астына отын салып су ысытты. Кешкі ас ішіліп, дастархан жиналды. Айұміт те атасына қанша сездірмейін десе де орнынан ауыр көтеріліп:

– Ой, іш...., іш...ім...м...м... бүріп барады....ы....ы....ы,
– деп жүресінен отыра кетті.

Енесі қолтығынан демеп:

— Сәл шыда, қарағым, ештеме етпейді. Әлі-ақ қындықтың бәрі артта қалады. Міне, міне, осылай дұрыс, — деп келінінің ыңғайына қарай көнуде.

Түн жарымда толғақ та жиілей бастады. Ұйқысыз. Әліптің аяғын күтіп, іштей құдайдан келінінің тілеуін тілеп отырған шалының қасына келген кемпірі:

— Эйел адам босана尔да үйде ер адам болмайды. Жолаушылап кетеді. Не болмаса тыста, үйден алыста шаруамен айналысады, — деді.

Қалбалактап, орнынан көтерілген қария тысқа шығуға асықты. Кемпірі тоқтатып:

— Жаурап қаларсың жылы киін, ана тоныңды иғыңа іле шық.

Шалы тысқа шығысымен ару ана да жұмысына қызу кірісті. Нәрестені орайтын, мата, келінін жатқызатын төсегін бәрін сайлап қойды да:

— Ал айналайын, толғағың женіл болсын, арқанды қолтығының астынан жіберіп, бар салмағыңды сала ғой, — деп қос білегін түріп алған ана, бар білетін ырым-сырымын жасауда.

Жылы киінген қария малына қарап, үйден ұзап кетті. Алыстан құлаған түріп тың тыңдайды. Екі көзі үйде. Құнгірт сәуле шашқан май шам мен ошактағы оттың жарығы ғана үйдегі тіршілікті сездіргендей. Жас кезінде көрген бейнеті мен зорлық-зомбылығы аздай. Жасы алпыстан асқанда жалғызынан айырылып, басына түскен ауыр қайғыдан Амандық қария жүдеп кетті. Сол қайғы — қасіретті ұмыттыратын танды кірпік ілмей қарсы алуша. Ойы сан-саққа кетті. Бәрін жақсылыққа жорып, өмір есігін жаңа ашатын сәбидің тілеуін тілеп:

— О, құдай, соңғы үмітімді үзе көрме, Келінім аманесен босанып, нәрестелі болса екен. О, құдай. Үмітімді ақтай гөр, — деп бір орында байыз таппаған қария алыстан

Үйді айнала жүрді. Үйге жақындағын десе жүрексініп, алға аттаған аяғы кері кетеді.

Шығыстан таң да сызат берді. Таң сәулесі Тәнір таудың биік шындарына түсіп, көзге көріне бастады. Осы сэтте таңғы тыныштықты, өмірге келген жас нәрестенің шырылдаған аңды даусы жаңғыртып жібергендей болды. Қария үйге қарай 7–8 қадам басып, тұрып қалды. Шырылдаған дауыс бәсендең, жас сәбидің іңгәлаған даусына ұласты. Бойына ыстық қан жүгірген қария қуанғанынан көзінен ыстық жас ыршып кетті.

— Шамасы ұл-ау. Даусы зор шығуына қарағанда. Сүйіндігім де таң ата туып еді. Оның да даусын сыртта естіп едім. Мына тентектің де даусы ауаны жаңғыртуын қара, — деп өзімен-өзі сөйлеп тұрған шалын сыртқа шыққан кемпірі шақырды.

Аяғы жерге тимей қасына келген қарияға құндақтаулы баланы ұсынып:

— Атын қой, ұл, — деді.

— О, құдай! Көз жасымызды көргеніңе рахмет! О, Таңың нұры – Куә бол! О, Тәнір тау – Куә бол! О, көкпен таласқан Хантәнірім – Куә бол! Куә бол! Сенің атың Аңсар! Сенің атың Аңсар! Сенің атың Аңсар!, – деп сәбидің құлақ түбіне үш рет айғайлаған қария құндақтаулы баланы кемпіріне берді.

Келінің жуындырып, төсекке жатқызған ана жаңа туған нәрестені қолтығына берді. Айұміт енесінің айтқанын орындалап, іңгәлап жылай бастаған нәрестеге ақ мамасын тосты, емшегінің ұшын тартқылап сора бастағанда, бойын бір түрлі сезім билеп, еміреніп кетті. Енесі болса керегеге тартылған арқанды шешіп, үй ішін ретке келтірді. Келініңе ыстықтай шай берді. Қатты қиналған Айұміттің кірпігі кірпігіне айқасып, үйкіфа кетті. Малына қарап, ішке кірген шалы екеуі асықпай отырып, сораптап шай ішті. Екі жылғы қайғы, қасірет артта қалғандай. Қабактары ашыңды.

— Семіз қойдың бірін сой, келін қалжа жесін, — деген кемпірінің сөзіне басын изеген қария айтқанын орындағы. Іңгәлаған сәби даусынан әлі үйқыдан ояна қоймаған Айұмітті енесі ақырын оятып, кішкентай бөлесін емізу керектігін ескертті. Аузы емшектің ұшына тиісімен тағы да қытығын келтіре сорғанда Айұмітті ерекше сезім билеп кетті. Сәбиіне деген аналық махаббаты ашылып, иіп сала берді.

Үйде жас сәбидің іңгәлаған даусы шығып, жаңа бір тіршіліктің басталғанын сездіргендей. Қария да өзен жағасында өскен талдардың арасынан таңдал жүріп, бесік жасауға лайықты ағаштарды қыш алды. Тал бесікті әдемілеп жасады. Отқа қыздырылған темірмен ыскылап, өңін өзгертуі. Келіннің қалжасына сойылған қойдың қос асығын бесік басына іліп қойды. Үйдегі жандардың бәрінің есіл-дерпті жас нәресте Аңсарда.

— Сүйіндігімнің ізі ғой жаным. Құдайым алдынан жарылқасын, — деп енесі қолына алған сайын, Аңсардың маңдайынан сүйеді.

Қария да айналышықтан қасынан шықпайды.

— Кемпір, а кемпір, Сүйіндіктің кішкентай кезінде кестелеп, киім тігіп беруші едің. Ұмытқансың ба?

— Е, жоға, Міне, келінім екеуміз әдемілеп киім тігіп қойғанбыз, — деді кемпірі де.

Ары-бері өткен жолаушылар кемпірдің ораулы нәресте көтеріп жүргенін, келіннің жас сәбиді емізіп отырғанын, ауыл-тұғындары да көрді.

— Айтпап па едік, пері жайлаған, — деп түнде тұрмак күндіз адам баласы жоламайтын үйдегі келіні баланы күлге аунап тауып па?

— Расын да, періден туғаны ғой?

— Енді кімнен дейсің, бұларды ел шетінен аластап,

басқа жаққа көшіру керек. Кім білсін? Бірде болмаса бірде біреумізге зияны тиіп кете ме?, – деген әйелдердің өсегі тағы өршіді. Бұл сөз еркектердің де құлағына жетті. Тұргындардың теріс ойын білген Бексейіт ел-жүртты жинап:

– Ешқандай пері де, жын-шайтан да жоқ. Қариялар өз тіршіліктерін жасауда. Шойқарадан кегімізді алып, барымтада кеткен малдарынды қайтарғанда ісімізді Сүйіндіктің әруағы қолдаған шығар. Неге сол бір есіл ерді ойламайсыңдар. «Орнында бар оңалар» дейді атамыз қазақ. Қартайған шақтарында нәресте көрген еken ұзағынан сүйіндірсін. Қайта қуанышын бөлісіп, ортақтаспайсыңдар ма? Мен қарияның үйіне бара жатырмын. Барам дегендерің жүріндер, – деді де атының басын солай қарай бұрды. Топ ішінен өткен жылы өзімен бірге болған оншақты жігіт сонынан ілесті. Олар артына қарайлаған да жоқ. Жігіттің бірі:

Бексейіт аға байдың кенже баласы Әлжан бір нәрсені бұлдіріп жүрген сияқты. Сүйіндік туралы сез болса болды: «Жынданған, перілер жайлаған үйде нелерің бар. Іздеуі сұрауы жоқ жандар. Ана жынданған келінін алмағаным жақсы болды. Ақыры періден бала тауып алышты ғой. Елдің бәрін шошытып бітті. Осы жазда басқа жаққа, елжүрт бармайтын ен далага көшіріп тастаймыз. Сөйтіп құтылмасақ, ауылдың үрейін алып бітті, – дейді», – деді.

– Сол Әлжанның өзі пері шығар. Істеген ісінің берекесі жоқ. Сүйіндіктің жары Айұміттің тырнағына да тұрмайды. Сонысына қарамай адамси сөйлеуін. Оның ойы да көкейін тескен де Жұлдызкөк. «Іріген ауыздан, шіріген сез шығады» деген сол. Мен тірі тұрғанда оған Жұлдызкөк бұйырмайды, – деді ашулы Бексейіт.

Сыртта жүрген қария аттылы адамдардың үйіне қарай келе жатқанын көріп, алдарынан шықты. Есік алдында тұрған Айұміт пен енесі де антарылып қалды. Қария

жақындағанда аттарынан секіріп тұскен жігіттер, қол беріп амандасып жатыр.

— Немереніздің бауы берік, үлкен азамат болып өссін қария, — деп Бексейіт қариямен төс қағыстыра амандасты.

Карияны орталарына алған жігіттер дабырлай үй алдында тұрған, ару ананы құшақтап, немересіне ақ тілектерін білдірді. Бесікте пысылдап ұйықтаپ жатқан нәрестенің мұрнын қысып оятқан Бексейіт оның інгәлап жылағанын қызық көріп:

— Қарай гөр, Сүйіндік құсан жылауын. А, женеше, оны талай көтердім ғой, Солай емес пе?

— Иә, қарағым, артынан ілесіп қалмаушы еді ғой. «Үлкейгенде Бексейіт ағам сияқты батыр болам. Ата ағамдікіне барайықшы, — деп мазалаушы еді», — деп қария сөзге араласты.

— Аға атыңа мінгізші деп отырып алатынын қайтесін. Алдымға алып екеуміз малдарды байқап қайтушы едік, — деді Бексейіт сәл ойланып отырды да:

— Ол да бір дәурен екен. Енді міне Сүйіндіктің көзі, басқан ізімен жүретін Аңсар өмірге келді, — деп бесігімен көтеріп, жас сәбидің бетінен иіскеді.

Карияның қуаныштан есі кетіп:

— Мал сояйық, отырындар, — деп жігіттердің біріне ерте туған марқаны алғызды. Қонақтар да көңілді отырып, шаруа жайын әңгімелесті. Эсіресе Шойқараның жігіттерін ес таптырмай, жайратып салғандардын айтып мәз болысты.

— Ой, ата сондағы Жұлдызкөкті көрсөніз, бәріміз риза болдық. Құл деп жүрген жігітіміз нағыз батыр екен. Бексейіт аға екеуі екі жақтан атойлад кіргенде қарақшылардың есі кетті.

Қарақшылар, өздеріне сайлап алған «батыры» Шойқара нағыз қорқақ екен. Жігіттерін тастай қашты. Екі жақтан қыспакқа алғанда қашарға жер таппай қалды.

Еті қызған аты құздан бір-ақ ұшты, – деген әңгіме Сүйіндіктің Жұлдызкөгіне ауысты. Сөз кезегі келгенде:

– Жұлдызкөк Сүйіндігімнің көзі ғой. Сәйгүліктің көз алдында болмағаны да дұрыс шығар. Не ол, не мен жазым болар ма едік. Көз тігуші, арам ниетті адамнан гөрі, жаны таза, өзі алыста жүрген сенімді адамның қолында болғаны жөн сияқты, – деді қария көпшілікке қарап.

Қазан көтеріліп, жас марқаның еті де былқылдан пісті. Дастанхан басында ет желініп, көңілді әңгімелер айтылды. Немересіне құтты болсын айтып келген Бексейіт бастаған ауыл жігіттеріне батасын берген қария рахметін айтты.

– Ал, қария, екі жылғы сарсаң-сергелдең бәрімізді аландағып, қажытқаны да рас. Өздеріңізге керекті ғана шаруа малын алыш қалыңыз. Қалған малды мына жігіттерге табыстаңыз. Көзіңің қарашығындаи сақтайды. Сізден ешқандай өтем ақы алынбайды. Сүйіндік інімнің әруағы да риза болсын. Енді немереніздің жақсылық тойына келейік, – деді Бексейіт.

Жігіттер де қоштап, ертесі қарияның біраз малын алыстағы ауыл тұрғындарының малына апарып қосты. Ел арасындағы өсек-аяң да басылды. Қарияның немересі кімнен екенін де ешкім қазбалап сұрамады. Баяғы тіршілік қайта қалпына келіп, ел – жұрт бұрынғыдай осы үйімен араласа бастады.

Кішкентай Аңсардың қылышын қызықтай мәз болған қария жаз ортасында өздеріне жақын келіп тоқтаған көшті көріп, «кімнің көші» деген сұраулы жүзben кемпіріне қарады. Былдырлаған немересінің тіліне күліп отырған кемпірі де көштен көз алар емес. Ас қамымен жүрген Айұміт те, «бұлар кім болды?» – деген ойдан арыла қоймады. Адамдар көшті қаңтарып, отыз – қырықтай ірілі – ұсақты малдарын өзен жағасына топтады. Жас

балалары бар, ерлі-зайыпты адамдар қарияның үйіне бет алды. Екі жұз-ұш жұз қадамдай қалғанда аттарынан түскен еркек екі баласының қолынан ұстады. Эйелдің де қолында кішкентай нәресте. Олар алға қадам басқанда, ер адам мінген жылқы осқырына кісінеп жіберді де су жағасында шыбындалп тұрған жылқыларға қарай азынап, шаба жөнелді.

Қарияның үні шықпай қалды. «Жұлдызкөк...., Жұлдызкөк...» деп күбірлеген қалпы көзінен тарам-тарам аққан жасы бетін жуып кетті. Ару ана орнынан үш ұмтылып әрен тұрды да, оларға қарсы жүрді. Аңсарды көтерген қалпы Айұміт те енесінің соңынан ерді.

– Апа, есенсіздер ме? Күллі-куаттысыздар ма? – деген жігітпен ару ана көрісе құшақтап, бетінен сүйді. Келіншек те сыпайы ғана ізет білдіріп, ананы құшақтап, бетінен алма кезек сүйді.

– Айұмітсің бе? – деп оның да бетінен сүйіп, Аңсарды жоғары көтеріп:

– Үлкен азамат бол, жарқыным, – деді.

Ер жігіт, отырған қарияны құшақтып:

– Ата, – деп жылап жіберді.

– Қой балам, жылама, сені көргеніме құдайға мың да бір рахмет. Жас сәбиі бар келіншек ізеттілік көрсетіп, қарияға сәлем жасап амандасты.

– Көп жаса, айналайын, үйлерің балаларға толып, күлкісіне бөленіндер деді қария қуанышын жасыра алмай.

Үй алдындағы әбігер басылып, жөн сұрасқан олар біраз әңгімені ағытып тастады.

– Бексейіт аға айткан болар. Қолымдағы ауру анам өткен жылы дүниеден озды. Арулап жер қойнына бердік. Сіздерді есімнен бір шығармай, ойлаумен жүрдім. Келіншегім де осы жаққа көшіп келуімізге себеп болды. Сіздің алдыңызда парызымыды өтейін дедім, – деді Бейсенбек.

— Ой, айналайындар, сонша әуіре болғандарың-ай. Жай-күйіміз жаман емес. Бексейіт ағаң өткен жылы тосын жағдайдан қайтыс болды. Есіл ердің азаматтығын айтып, жеткізу де қиын, — деп қария ауыр күрсініп:

— Сүйіндіктің қасына жерледік. Ауылдағы бас болыш жүрген жігіттен айырылу да оңай емес.

— Бексейіт ағамыздың арты қайырлы болсын. Бір ауылдың ақылшысы да, қорғаушысы еді. Қазасын естігенде еніреп жыладым. Осы жаққа келе жатып Сүйіндіктің басына барып, құран оқыдым. Жаны жаннатта, иманы жолdas болсын. Өзімді-өзім тоқтата алмадым. Көз жасыма ерік бердім ата, — деді Бейсенбек.

Үнсіз әңгімесін тыңдалап, ойланып қалған қария:

— Иә, қарағым өткенді ойлап, біз де қартайдық. Сендерге құдай қуат берсін. Істерің оңға бассын. Біздің тілеуіміз сендердің амандықтарың, — деді.

— Ата, Жұлдызкөкті сіз таныр ма еken деп әдейі тізгінін түріп жібердім. Сіз орныңыдан қозғалмай оған қадала қарағаныңызда оны бірден танығаныңызды білдім. Ана ау он бес шақты жылқы осы Жұлдызкөктің үйірі. Сізге үйірімен тарту етейін деп отырмын ата, — деді.

— Ой, балам-ай, Сүйіндік өмірден озғанына да бесалты жыл өтті. Аз ғана уақытта қаншама өзгерістер болды. Адам баласы қандай қайғы-қасірет көрсе де көтереді еken. Ендігі қалған аз ғана өмірімізде құдай бізді жылатпасын қарағым. Келін екеуің бақытты болындар, ұлқыздарың өсіп, өрісті болындар, — деген қария шынайы ризашылығын білдірді. Көңілі тасып:

— Әй, кемпір, қонақтар алыстан келді. Дастарханыңды жай, — деді.

— Айұміт бәрін әзірлеп қойды. Жүріндер айналайын, үйге кіріндер, — деп кемпірі де қуанышты жүзбен.

Бұрынғыдай емес, ауыл адамдары енді жиі араласып, жаңа көшіп келген Бейсенбектің жанұясымен де ортақ тіл табысып кетті. Алыс жайылымдағы малға Бейсенбектің де малдарын қосты. Кезектесіп дала қосындағы ауыл малдарын бірге қарайлап, бағысады. Жас балаларға да жақсы болды. Аңсарды кезек-кезек ойнатып, бір үйлі жанның балаларындей. Бай балалары да ел-жүрттан жырақтанып, Бейсенбекке батырып ешнэрсе айта алмады. Елден бөлектеніп, бұрынғыдай адамдарға байдың балалары әкірендеуді де қойды. Әр нәрсені сылтаулап, елмен араспайды.

Енді ауылдағы күбір-сыбыр әңгіме байдың арам пиғылына ауысты. Біреулері

«Шойқарамен ауыз жаласып, өзінің бар малын қайтарып алышты» десе енді бірі «Сүйіндіктің өліміне құн даулап барышты. Алған малын ешкімге білдірмей өз малына қостырып жіберіпті», Сондай-ақ қарияларға да жандары ашып, аяушылық білдіргендері бар: «Біреуге мал, біреуге жан қайғы» деген осы да. «Тірідей қан жұтып, өлі мен тірінің арасында жүрген екеуін аяса етті», «Ол, ол ма келінің кенже баласына әменгерлікке алмақ болғанын айтсаншы», «Арам ойын қараши, Жұлдызкөк үшін жазықсыз жанды ажалға байладап бермек болғанын қалай кешіреміз» деген сияқты сөздер айтылып, ауыл адамдары да байдан іргесін аудақ сала бастады.

Осы әңгімелер қарияның құлағына да жетті. Сыбыр сақтаған қария, елді тыныштыққа, ауыз-бірлікке шақырды.

– Жамандық атаулы артта қалды. Ол жайды қозғамай-ақ қояйық. Құдайдың берген ырзығына қанағат етейік. Баламның құнын даулап барған жоқсын. Өз басымызбен өзіміз қайғы болып кеттік. Құнын төлейтін адам да бұл өмір де жоқ. Өлігі ит-құсқа жем болды. Байдың қылышын өзінің ар-үятына қояйық, – деді.

Осы сөзден кейін ауыл-аймақта бұл әңгіме қозғалмады. Аз ғана жылдарда мал жандары көбейіп, үйінен қонақ үзілмеген қария ауылдағы сыйлы да ардақты қария атанды. Бейсенбек те шаруаны үйіріп әкетті. Үйірлі жылқы, табын-ірі қара, отарлы қой-ешкі өз төлінен өсіп, көбейді. Қария әр жылды ауылдағы кедей-кепшіктер мен көп бала-лы аналарға біраз малын таратып береді. Аз ғана жылда ауылдың еңсесі көтеріліп, адамдардың да тұрмыстары жақсады.

Уақыт өте келе Аңсар да сымбатты да келбетті жігіт болып өсті. Қариялардың есіл – дерті Аңсарды үйлендіру. Бұл ойлары да орындалды. Келіні Айұміттің төркінінмен, қайтара екінші рет құдаласып, келін түсірді.

– Аңсар жиендік жасап, қызымызды алса, бұрынғы құдалардың сүйек жаңғыртқаны емес пе? «Құда мың жылдық» деген осы да. Екі жас бақытты болсын, бастарынан бақтары таймасын. Қос қария мен Айұміттің бастарына түскен ауыр қайғылары ұмыт болып, үйлері шүпірлеген балаға толсын, – деп Айұміттің төркіндері ақ батасын берді. Тойы-тойға ұласты. Қариялардың үрейі де бар-ды. Бейсенбекті шақырып алыш:

– Қарағым, Сүйіндік Айұмітке үйленіп, келін жасағанымызда той-томалақ бірнеше күнге созылып еді. Сонда ғой Шойқара қарақшының малымызды шашып, барымталағаны. Тойымыздың берекесі кетіп. Ауылды дүрліктірді. солардың қолынан Сүйіндік қаза болып, басымызды ауыр қайғы түспеді ме. Қасіреттен есімізді жиып, жақсылыққа қолымыз жеткеніне ризамын. Тойымызды алаңсыз, тыныш өтсе болды. Осы жағын ескерсөн. Малға ауылдың білекті, мықты жігіттерінен күзет қойсан. Кәрі жүрек суылдан тұрғаны, – деді.

– Қария бұл жайды жігіттер де ойластырды. Осыдан жиырма жыл бұрын болған Сүйіндіктің қайғылы қазасын ұмыта қоймапты. Өзім бас болып, мал-жанның амандығы үшін, бақылауға алдық, – деді Бейсенбек.

Ауылдың бірнеше жігіттері Аңсардың үйлену тойын өткізуде, жан-жақты ақылдасқан-ды. Білекті мықты жігіттер іріктеліп, алыстағы малдың күзетіне бөлінді. Сондай-ақ көрші ауылдың адамдарына да ескертіліп, олардың да малына сақ болулары керектігі жайлыш хабар жіберді. Жайлаудағы тойға екі жақтан да адамдар көп жиналып, қариялардың қуанышын бөлісті. Жас отау тігіліп, мәресіре болған қос қарияның қуанышында шек жоқ. Айуміт те қарияларды қолтығынан алып, жас отаудың төріне отырғызды. Жаңа тұскен келіні жайған дастарханнан дәм татты. Қариялық батасын берді. Келіннің аяғы құт болып, алғашқы шөбересін көргенде қариялардың жүрегі жарыла қуанды. Осылай айналасы 4— жылда 4 шөбере сүйіп, қуанышқа кенелді.

Қариялардың қуанышына ортақтасып, Аңсардың үлкен азамат болғанына риза болған Бейсенбек көңілінде көптен бері айта алмай жүрген ойын оңаша қалған қарияға білдірген-ді:

— Ержігіттің ата жұртынан артық жері де, елі де жоқ. Сіздерге қоныс аударып келгенімізге жиырма жылдай уақыт өтіпті. Енді міне, елуді еңсерген жігіт ағасы атандық. Аңсар да ауылдағы бетке ұстар жігіттердің бірі, Құдайға шүкір, келін тұсіріп 4—5 немере сүйдіңіз. Ел-жұртыңызды аузыңызға қаратқан, сөзі дуалы қария атандыңыз. Сізден үлкен тәлім-тәрбие алдық, — деп үнсіз отырған Бейсенбек сөзін одан әрі сабактап:

— Ел-жұртыма қайтатын уақыт та болған сияқты. Сізден рұқсат болса, күзге қарай елге қозғалсам ба деген ойым бар, — деді сөзін салмақтай.

Қария жігіт ағасының сөзін зейін қоя тыңдады. Тәнір таудың қарлы шындарынан көзін алмаған қалпы:

— Өз баламдай көрдім, қайғы-жұтып, ашық күнім қаранғы түнекке айналғанда қасымда болдың. Сенің адап қызметіңе шын пейіліммен ризамын. Жасым болса тоқсанға таяп қалды. Көпті көрдім. Сөнген шырағым

қайта жанып, шөберелерімнің қуанышына кенелдім. Елжүртқа, туыс-бауырларыңа, ағайын-жек жаттарыңа рахметтен басқа не айтам, – деп Бейсенбекке қарады да:

– «Ел іші алтын бесік» деген қарагым. Өз ортаңа қосылуыңа мен де тілектеспін. Көптен айта алмай, ойымда жүрген әңгіме еді. Орынды қозғадың, – деп сөзін сабактады.

Қария ел-жүртін жинап, олардың алдында жалғыз ұлы Сүйіндіктен айырылған қаралы жылдары қасында демеу болған Бейсенбектің еңбегін айтып, ризашылығын білдірді. Эрі осы ауылға қызын ұзатты. Құда болды. Бірге тұғандай туыстығы мен құдалығы Жиырма жыл іргесі ажырамай бір үйдің жанындай түрмис-тіршілік жасап, ауылдағы белді азаматтардың бірі екеніне де тоқталды. Еліне қайтуға жиналғанын, көшілікке жеткізіп, ақсақалдық батасын берді.

Бейсенбекті бүкіл ауыл болып, еліне шығарып салды. Үйірлі жылқы, табын ірі қара, қоралы қой, сәнді көшті Бейсенбектің өз ауылы, тұған-туыстары да шын ықыласпен қарсы алды. Оның азаматтық та абырайлы іс атқарғанына ел-жүрті риза болды.

Тоқсанның кең мол ішіне келіп, өмірден озған дана қарт Амандық пен бәйбішесін ауыл тұрғындары баласы Сүйіндіктің қасына жерледі. Жиналған жүрг қарияның елге жасаған жақсылықтарын айтып, құрмет көрсетті.

Атасы мен әжесінің жылын өткізген Аңсар қос қария мен әкесі Сүйіндік пен Бексейіттің басына үлкен кесене тұрғызды. Аңсардың бұл игі ісіне анасы Айұміт риза болып, алғысын білдірді. Жылдар жылжып өте берді. Жас жесір атанып, өмірдің ашы дәмін татқан Айұміт те келін түсіріп, қыз ұзатты. Немере сүйді, шөбере көрді.

Өмір өлшемі уақыт. Ол алға жылжыған сайын ай артынан айлар, жыл соңынан жылдар өтеді. Ата, аға буындардың орнын өмірге келген кейінгі ұрпақтар басты.

Небір қылыш замандар, ауыр кезеңдер артта қалды. Қара шаңырақты ұстап тұrap ұлын ерте жер қойнына берген қариялардың қайғы-қасіреті мен жан-жарынан қас қағым сөтте мәңгілікке айырылған Айұміттің арман-тілектері орындалды.

Үшеуінің ортасында өскен жалғыз ұл Аңсардан тараған ұрпақ, рулы елге айналды.

Шарана (әңгіме)

Жуанның жіңішкегіп, жіңішкенің үзілер шағы – Көктем айының жылымық күндері де келді. Ежелден мерекелеп келе жатқан Наурыз мейрамын тойлаған ауыл тұрғындары қарбалас шақ-мал төлдетуді бастап та кетті.

Бір малы екеу болатын осы бір қарбалас қимыл кезінде үйдегі бас көтерер жанның бәрі науқанды жұмыста жүргені. Ел арасында тарап кеткен жақсы қасиеттің бірі – «Ұзын сары» деген қонақ қәдесі тағы бар. ЖаратылысЫнан қонақжай халық мұндай ырымды жақсылықта жорып, қысқы соғымнан қалған қазы-қарта, жал-жая, сүрленген етін қазанға салып, қонағын құдайдай күтеді, сый-сияпат көрсетеді.

Осы бір көктем айында жылына бір келетін қарбалас сәтті аяқтағанша ауыл адамдары да жолаушылап, не болмаса басқа бір жұмыстармен алысқа кетпейді. Барлығын кейінге ысырып, мал-жанының қасында жүреді. Әр үйдің маңы маңыраған жас төлдердің үніне бөленип, аяқтарын жаңа басқан сәби мен жас балалар қозы-лақпен бірге аласып, азан-қазан күй кешеді. Ертеңді-кеш жаңа туған төлін іскелеп іздеген аналық малдар мен әр қойдың бауырын тұртқілеп, енесін таба алмай жүрген жас төлдердің шуылы ауылдағы қарбалас сәтті паш еткендей. Малшы қауымның да жарғақ құлақтары жастыққа тимей, мал төлдетуде жандары бір тыным таппайды.

– Аға, алғашқы тумасы болғаннан ба? Бозінген ана төбенің астында қиналып жатыр, – деді түйеші үй иесіне. Үш-төрт жігітті солай қарай бастап кеткен Асылбек тұа алмай, қиналып жатқан інгенді көріп:

– Әттеген-ай, ботасы теріс келіпті. Осыдан екі күн бұрын әрең тауып келіп едім, – деді

Тостағандай мөлдір көзі шарасынан шыға, адамдардан

әлде бір көмек күткендей, әлсіз ыңыранып жатқан бозінгенді көріп, жігіттер де не істерін білмеді. Інгеннің тынысы тарылып, артқы аяғын әлсіз серпиді.

– Ботасын аман алып қалайық?

Қынынан кездігін алған жігіт:

– Амал не, солай істемесек басқа шара жоқ, – деп түйенің қарнын жарып, ботасын суырып алды.

– Енді аз болмағанда ботасы да тұншығып өлгендей екен, – деді Асылбек. Жігіттердің бірі ботаның басын шаранадан тазалап жіберіп, аузын үрлеп жатыр. Екі бүйірін соғып жатқан ботаға көз қиығымен қараған жігіт ағасы:

– Мал болып кетсе игі еді, – деді.

Шаранасы кеппеген, жас ботаны сырт киімініе орап, атының алдына алған жігіт үйіне келіп, әйелін дауыстап шақырды.

Тысқа шыққан әйелге сырт киімге ораулы жас ботаны беріп:

– Жылды жерге жатқызып, қымтап қой, – деді.

Екі бүйірін әлсіз соққан, жана туған ботаны ошақтың қасына жатқызды.

– Женеше, а, женеше, – деген талшыбықтай иілген, талдырмаш келген, әдемі өнді бойжеткен қыз үйге асығыс кірді. Тамағының оң жағындағы дөп – дөңгелек мені сұлу қыздың көркіне көрік беріп тұрғандай.

– Жайшылық па?

– Көкем түйенің ботасын әкелдім дей ме?

– Иә, эне, ошақтың бұрышына жатқызып қойдым. Туа алмай жатқан түйенің ішін жарып алыпты. Тым әлсіз. Мал бола ма?, болмай ма?, – деді.

Қыбырсыз жатқан жас ботаны ашып көріп, ұзын сирақтары созылып кеткен, көзі қап-қара, денесі дірілдеп, басын көтеруге шамасы жетпеген оны аяп кетті.

– Ай, женеше, ошаққа от жағыңызшы, мұздап қалыпты.,

– деп дауыстаған ол енді жас ботаның шаранасын сұртіп,

басын ыңғайлап жатқызы. От жылуынан үсті де кебе бастады.

– Женеше, түйе сауып келіңізші, аш сияқты, – деді.

– Ой, Мендіқыз ол жаңа ғана туды ғой, – деген женешесінің сөзін аяқтатпай:

– Жо..., Жоқ... Болмайды. Көкеме айтыңыз. Жаңа туған түйенің бір-екеуін сауыңыз, – деді.

Ерке қыз айтқанын орындалатпай тынбайтынын жақсы билетін женгесі тысқа шығып кетті. Мендіқыз туғаннан атасы мен апасының құшағында өсіп, өзінің ата-анасына жасынан айтқанын орындарып, ерке болып өсті. Әрі анасын – женғе, әкесін – көке дейді. Олар да «шал-кемпірдің қызы» деп, оған қатты айтудан қаймығатын. Ақылына көркі сай Мендіқыз екі үйдің ортасында алаңсыз өсіп, бой жетті. Әрі өткен жылдың күзінде алыстағы ауылдан өзіне құда түсіп кетті. Жігіт те әдемі келген, өзі қарайлас. Көргеннен ұнатып қалса да айналасы бір-екі күнде сыннан да өткізіп үлгерді. Ата-анасының «қызымыздың еркі өзінде, келісімін берсе біз қарсы емеспіз» деген сөзді естігендегі құдалар қыз бер жігітті орталарына шақыртып, ойларын білдірген-ді. Мендіқыз көзінің астымен жігітке барлай қарап, келісім бергені жайлы сыңай танытты. Содан бері оның айтқаны бұл үйде толық орындалатын болды.

Біраз уақыттан кейін, қолындағы ыдысы аз толмаған уыз сүтті үйге алып кірген женгесі екеуі жас ботаға сүт бере бастады.

– Женеше, сіз ботаны алдыңызға алыш, басын көтеріңіз. Мен жан торсықтың аузына емуіне ыңғайлы болсын деп кішкене емшек жасадым, – деді.

Женгесі ботаның ұзын сирактарын жинастырып, тізесіне қысты да басын көтерді. Аузына апарған емшекті де тартып еме алмады.

– Аузын ашыңыз, сүт құяйын, – деді.

Екі жақтаған олар ыдыстағы сүтті төгіп-шашып, жарты-

сынан көбін ботаға ішкізді. Осылай үзбей күтімілдегеннің нәтижесінде бота басын көтеріп, оңала бастады. Жан торсыққа құйылған толы сүтті ішіп алғып, тағы бар ма де-гендей, басынан сипаған, Мендіқыздың саусағын соруды шығарды.

– Ой, женеше, мынаны қара... мынаны, – деп тысқа жігіріп шыққан Мендіқызың жеңгесі екеуі үйге кіргенде тілерсегі дірілдеп, төрт аяқтан тұрған ботаны көрді. Аяғын апыл-тапыл созып, бір-екі аттаған бота алдыңғы екі аяғымен отырып қалды. Оны тұрғызбақ болған Мендіқызыға:

– Тиме, тиме. Өзі орнынан көтерілсін. Әлі-ақ тайрандал ойнақтайды, – деді жеңгесі.

Оншақты күннен кейін жақсы күтімілденген ботаны Мендіқызы есік алдына шығарды. Әр нәрсені иіскелеп, үйден үзамай ойнақтап та қояды. Мендіқызы да су ысытып, ботаның денесін тазалап жуды. Эппак, көзі мөлдірдей қапқара, сүп-сүйкімді ботаны Мендіқызың төсегінің қасынан әдемі шымылдық құрып, соған жатқызды. Женгесі берген күміс қоңырауды мойнына тақты. Қайда барса да қоңырауы сыңғырлап жүрген ботаны ауыл балалары да қызықтап, қасынан шықпайды. Мендіқызы болса оларға:

– Көп, қарап, таңлайларыңды қағып, таңданбаңдар. Тіл тиіп, ауырып қалады. Бота сұқтана қараған көздерді көтере алмайды, – деп апасының айтқанын үлкен – кішілерге де қайталайтын Мендіқызы жеңгесін де мазалауын қоймайды. Күніне 2–3 түйені үш ауық саудырып, сүтін ботасына береді.

– Экпе, әкпе, ботаңызды не деп атайды?, – деді балалардың бірі ойнақтап жүрген ботаны сұқ саусағымен көрсетіп. Мына сөзге ойланып, ботаға көз алмай қараған Мендіқызы кішкентай балаға:

– Оның аты Ақбота. Көрмейсің бе? Аппак бұлттай, әдемі, – деді.

– Ақбота, Ақбота, – деп балалар шуылдап кетті. Осыдан былай Ақботаның қасынан ауыл балалары шықпайтын болды. Алыста жүрсе де, көздеріне түссе болды, балалар «Ақбота» деп шақырады. Мендіқыздан бір елі қалмайтын Ақбота ол қайда барса сонынан еріп жүргені. Ауыл адамдары да күле қарап: «Ботасын ерткен ерке қыз» дейтін болды.

– Эй, ерке қыз. Осы жазда ұзатылатыныңды білесің бе? Шолтандай берме, үй шаруасымен айналыссаншы. Жазга таман құдалар келеді, сениң жасауың демекші, әзірлік керек емес пе, – деді бірде жақын женгесінің бірі.

– Жігітімізден хабар болса, көре жатармыз, – деді Мендіқыз да.

– Эй, бері кел. Менен артық саған кім жақын. Елдің қолы ұзарды. Енді бірер күнде анау жасыл белдің астындағы жазыққа көктеуге көшеміз. Оған дейін жігітіңнен де хабар болып қалар. Сені сүйгеніңмен өзім кездестіремін, үктың ба? – деді.

– Ой, женғе, келсе келсін. Онда тұрған не бар?

– Эй, жынды қыз, күйеу жігіт ұрын келеді. Оның жоралғысы болады. Менің қолыма алтын жүзік салса болды..., – деген женгесінің дәмесінің зор екенін естіген Мендіқыз:

– Ол не үшін салады?

– Күйеу жігіт пен қайынсілімді оңаша кездестіріп, қалдырғаным үшін.

– Мәссаған... Күйеу жігіт соншама ынжық болғаны ма? Ондай сияқты емес еді ғой, әңгімесі де жарасымды...

– Ымды білмеген, дымды білмейді. Эй, жынды қыз сениң ағаң маған ұрын келгенде жеңешеме берген сыйлығын көрсөн, ауылдың әйелдерінің аузынан сулары ағып, айтып жүрді.

– Ағамыз сіздің жеңгенізді қарық жасаған екен ғой?

– Эй, жынды қыз, бері жақында, құлағынды тосшы,

— деген женгесі Мендіқыздың құлағына бірдемелерді сыйырлап, айтты да мәз болып күлді. Колымен аузын басқан Мендіқыз не айтарын білмей, сасып қалды да:

— Олай болмайды жеңеше, ондай нәрсеге жол бермеймін, айтқаным-айтқан, — деп шыр-пыр болды да қалды.

— Ойлан, қайынсілім, күйеу жігітті өзім ертіп келіп, қасына жатқызамын, — деп мәз болған женгесі үйден шығып кетті.

Шалды-құйлы сөйлейтін женгесінің созіне ызадан жарылып кете жаздады. Онсыз да ауылды шуылдатып, жеңесінің адам құлер кейбір қылыштары есіне түсіп, өзін-өзі әрен тоқтатты. Құрбыларына женгесі екеуі арасындағы әңгіме жайлы тіс жарып, еш нәрсе айтнады. Олар көбінде Ақботаның төңірегінде ғана сөз козған, жігіті жайлы көп айтпайтын, әңгіме де қозғамайтын. Тек өзі оңаша қалғанда, кешкін ұйықтар алдында тәтті қиялға беріліп, сағыныш сезіміне берілетін. Алғаш құда түсіп келгеннен кейін, жігітімен екі-үш рет кездескені, сынайы ғана әңгімесі, әдемі келген өні мен жүріс-тұрысы жүргегін баурап алған-ды. Соңғы келгенде ыстық құшағына алып, қоштасқаны ойынан бір кетпейді. Женгесінің созінен кейін жүргегінен орын алған жігітін көргісі де келеді. Бірақ, женгесінің арам ойындағыдай емес. Кездесіп, сырлассам, деген ойы ғана.

Бірде қыздармен әзілдесіп, құліп отырғанда олардың бірі:

— Осы жазда шетімізден ұзатылатын шығармыз. Бағымызға қарай біреудің тоқалы болмай, теңімізге баратын болдық, — деді.

— Бірінші кезек Мендіқызға келіп тұр. Тойларың қашан?

— Улken кісілер де әзірленіп жатқан сияқты?

— Ана жеңген, әнеу күні «күйеу жігіт те жакын арада келіп қалар, сол жакқа баратын адамдардан қайынсілім-

нің сәлемін айтып жібердім» дегенін естіп қалды, апама айтып отырған әнгімесінің арасында.

– Шамасы сені ұзатар алдында бір келіп, жолығатын сыңайлары бар. Ол келгенде бізді де ұмытпа, шақырарсың,

– деген әзіл-шындары аралас құрбылары.

– Мына жеңгем бұлдіретін болды-ау. Енді қайтсем екен. Маған да бірнәрселерді айтып еді. Жете мән берменімді қараши. Мен ешкімнен сәлем жолдаған жоқ едім. Соны қалай болар екен? – деп Мендіқызы ойланып қалды.

– Несіне қамығасың, бір айла-тәсілін жасаймыз. Ол жағын бізге жібер, – деп құрбыларының бірі. Басқалары да қоштай кетті.

Өткен жолғы құрбылары айтқан сөздердің жаны бар сияқты. Ойында ешнәрсе жоқ, келе жатқан Мендіқыздың алдынан шыққан жеңгесі:

– Эй, жынды қыз, бүтін жігітің келеді. Көкендер де естіді, – деді.

– Келсе қолынан жетектеп, үйге әкелініз. Айтарсыз Мендіқыз асыға күтіп отыр дегейсіз.

– Әнеу күннен кейін ақылың кіріп қалыпты. Қалған жағын өзім реттеймін, алаң болма, – деген жеңгесі мәз болып кетті.

Мендіқыз құрбыларын шақырып, ақылдасты. Олардың бірі қүйеу жігіт қайсы үйге түсетінін білу үшін жеңгесінің басқан ізін аңдитын болды. Қүйеу жігіт келе қалса, қыздар алдынан қарсы алыш, басқа үйге түсіруге келісті.

Мендіқыздың құрбылары мен жеңгесінің ойлағанындей емес, құдалар өзгеше келді. Хабар алған құдалар алтын жеті адам, жай емес құдалықты бекітіп, алдағы өтетін жастардың тойын ақылдаса, шешу жайлы сөз қозғамақ. Олар бірден көкесінің үйіне ат басын тіреді. Қүйеу жігіт Мендіқыздың жеңгесі айтуымен басқа үйге келіп, атынан түскені сол еді, бір топ қыз оны қоршап тұра қалды.

– Жезде, түсетін үйің анау жақта, тапайдың тал түсінде

адасқаныңыз, қай сасқаныңыз, — деген қыздар күйеу жігітті ортаға алыш, басқа үйге алыш кетті. Көйлегінің кең етегін көтере, асыға жеткен Мендіқыздың жеңгесі, күйеу жігіттің бөлек үйге түскенін көріп, не айтарын білмей қалды. Үйге кірсе қыздардың арасында Мендіқызы да жүр.

— О, жеңешем келді. Сіздер таныс боларсыздар. Арамызда дәнекер болыш жүрген жеңгеміз осы кісі, — деп отырғандарға қарады да жеңешесіне көзін қысып қойды.

Құдалардың аяқ асты келгені үй иелерін әбігерге салды. Хабар жіберген адамды астыртын білген үй иелері құда күтуге кірісті. Бәрі еш нәрсе болмағандай, құдаларды шақыртқан адамдардай қонақтардың асты-үстіне түсуде. Мендіқызы ғана қуанышты. Олардың осылай келгеніне дән риза. Жігіті Кеңшілікті көрді. Ұзын бойлы, әдеміше келген, мұртты жігіт өзіне құлімдей келіп, сәлемдескенде бір түрлі, көнілі алабұртып қалды. Қанша айтқанымен, «Қыз құпиясы ішінде» дегендей, ғашық та, ынтық көнілін жігітіне көз қарасы арқылы сездіріп те үлгерді. Жігіт те ішкі сезімін жасыра алмады. Екі көзін Мендіқыздан алар емес. Бір сәт қасында отырған Кеңшілік:

— Мойныңдағы менің қандай әдемі, — деп күбір ете қалды.

— Мендіқыз жымышп, басын изеді.

Коңырауы сыңғырлай, тарпандаپ ойнақ салған Ақбота қыз-жігіттер отырған үйдің қасына келіп бірақ тоқтады.

— Ақбота, Ақбота, — деп Мендіқыз орнынан ұшып тұрды. Жастар да есік жаққа қарасты. Қыз бен бірге тыска шыққан Кеңшілік:

— Мендіқыз, Ақботаң әдемі екен, — деді.

— Менің артымнан келгенін қара ботамның, — деп мойнынан құшақтады. Олар Ақботаны қызықтап, қайта үйге кірді.

– Жайша жүрсіздер ме? – деді аузына сөз түспей сасыңқырап отырған Мендіқызы.

– Жәй, сіздер шақыртып, содан...

– А...а..., иә..., иә..., – деп басын изеген Мендіқызы жігітінің алдында шынымен састы. Жастардың көңілді отырыстары әнге ұласты.

Үй жақтан асыға басып осылай қарай келе жатқан жеңгесін байқаған Мендіқызы «тағы не бүлдірер екен» деп секем алғып қалды. Жеңгесі күйеу жігітке әлде бір нәрселерді айтып жатқандарын сезіп те тұр.

– Қап.., қап.., бүлдіретін болды-ау, – деп бір жерде байыз таптай тұрған Мендіқызы қыздарға ымдал жеңгесін көрсетті. Қыздар да енді солай қарай барды. Сөзін толық жеткізе алмаған жеңгесі қыздарға қарап:

– Осы шөп – желкелерден-ақ көрдім, құтылатын күн бар ма екен?, – деп жақтырмай қарады.

– Бізден де құтыласыз. Жете алмай зар боларсыз, – деген қыздардың бірі Кеңшілікті қолтығынан алып:

– Жүріңіз жезде, сізді ойынға араласуға шақырып жа-тыр, – деп алғып кетті.

Жастар, әр түрлі ойындар ұйымдастырып, ән айтылды, күй тартылды. Ауылдың алты ауызын айтқан жандар, түннің бір уағына дейін отырды. Жастар жағы таң ата та-расты. Келген қонақтар жайлauға шыға қызға құда түсіп келетіні той жасайтындары жайлы, сөз байласты.

– Женеше-ау, женеше қолыңдағы алтын жүзігінді көрсетші, біз де көрейік, – деді есік алдынан өтіп бара жатқан жеңгесінің алдынан жүгіріп шықкан Мендіқызы оның жеңінен тартып.

– Әдірем қалсын, қайактағы алтын жүзік. Өзі ғана келмей ме? Топ адамдарды саудыратып ертіп келгені несі. Күйеу жігіттің қызға ұрын келетінін білмейді-ау сірә. Женгелері үйретпеген бе? – деп кәдімгідей ашу шақырды.

– Құдаларды шақыртқан сіз емес пе едіңіз?
– Шақыртсам, күйеу жігітті ғана. Хабар айтқан адам дұрыс жеткізбеді білем. Жайлауға шыққанша екі-үш рет келіп кет дедім. Құдай қаласа жиі келіп тұрады. Эй, жынды қыз кәдесіз қалмайын. Мен болмағанда, жігітінді көрмес едің, екі күннен бері мауқың да басылған шығар, – деді.

– О, не дегенің женеше. Сіз күйеу жігітті шақыртқан сайын қуанышым қойныма сыймай кетеді ғой.

– Ой-бұй, әлден есің ауып қалыпты ғой. Сен қызды ертерек құтты орныңа қондыру керек, – деген женгесі де білегін сыбанып.

Женгесінің айтқан сөзіне Мендіқызы әбден күлді. Ел жайлауға көшіп, той-томалақ та көбейді. Мендіқыздың Ақботасы да өсті. Кеңшілік те екі-үш рет келіп, оңаша кездесіп жүрді. Ол жағынан женгесі хабарсыз. Уәделі уақыт та жақындағы. Құда-жекжаттар келіп, екі арадағы кездесу, қыз ұзату тойы басталып та кетті. Той кәделері жасалып, екі жақ та бір-біріне риза болуда. Мендіқыздың жасау-жабдығының өзі бір көштік. Қыз алған жақ жолға шығып, ұзап кетті.

Құдалар кеткен жақты бетке алыш, үй жақтан қоңырауын сыңғырлата боздап келе жатқан түйенің ботасын көргендер, аңтарыла тоқтай қалды. Мендіқызы да со лай қарай жүгірді.

– Ботам, Ақботам менің, Ботам, – деп Ақботаны құшақтай алды. Өзі де жылап жіберді. Ақботаның жүрегінің жиі соғып, екі бүйірінің ентігі басылғанша ботасын құшақтап отырды.

– Қалай ғана сені тастан кетемін, Ақботам менің, – деп басын басына түйістірді.

– Кеше бірге алыш кетеміз деп келіспеп пе едік. Есімізден шығып, ұмытып кеткенімізді қара, – деп екеуін құшақтаған Кеңшілік.

– Білмеймін, жаным, білмеймін, ертеңгісін қасымда болған, абыр-сабырдан көз жазып қалғанымды байқамптым, – деді көзінің жасын сұрткен Мендіқызы.

Келін түсірген ауылда да үлкен той. Басына әппақ жібек орамал салып, осы ауылдың келіні атанған Мендіқызы Ақботасын мұнда да қасына ертіп жүргені. Ауыл балалары жеңгесімен бірге келген Ақботаны қызықтап, қастарынан үйіріліп шықпайды. Жас балаларды бұрынан білетіндегі ақ Мендіқызы олардың тілін тауып, араласып кетті.

– Балалар Ақботаны ит қуып, жазым етіп жүрмесін, – деген Мендіқызыға:

– Ақ жеңеше, бізге сеніңіз Ақботаға ешкім тимейді, – деп шу ете қалды.

Келін болып түскелі ауылдың бар баласы Мендіқызды «Ақ жеңеше» деп кетті. Өзімен тете жігіттер мен қыздар да «Ақ жеңеше» дейтін болды. Қариялар болса, «Үлкен үйдің келіні» деп атайды. Ауыл-аймақ тұрғындарына алғашқы күннен-ақ өзінің сүйкімді мінезімен жаққан Мендіқызы оларды ренжітпеді. Үнемі солардың көңілін табуға тырысып жүргені. Кездескен қыншылықтарына ортақтасып, шамасы келгенше қол ұшын береді. Күйеуі Кеңшілік Мендіқызды еркелетіп;

– Неге сені Менсұлу деп атамады еken. Мен үшін сен Менсұлусың. Өзім сүйген, жанымнан артық көретін Менсұлымсың.

– Саған не айтарымды білмеймін. Қайсы ауылдың қызы болса да өзіңе ғашық болатын, сұлу да әдемі жігітсің. Мінезің жібек, ақылың дария, ісің береке. Тек жүрегін мен деп соқса болғаны.

– Мактауынды асырдың-ау, жарқыным. Осы ауылдың «Ақжеңешесі», «Үлкен үйдің келіні» деп атаған жандардың бәрі саған құрак ұшып жүргені. «Ақ жеңеше», «Ақбота» қандай үйлесімді. Жарасып-ақ тұр жаным, – деген күйеуі Мендіқызды қапсыра қатты құшақтап, құшырлана сүйді.

Ауылдағы қандай жақсылық болсын басы – қасында Мендікүз жүреді. Үлкен-кіші оның бір ауыз сөзін жерге тастамайды. Келін болып түскелі бері бес-алты жылдың қалай өткені де екеуіне байқалмай қалды. Жиналғандар арасында Мендікүздің нәресте көтермей жүргені жайлыштағы оның құрсақ көтеріп, кішкентайлы болуына тілек-тестік жасап, неше түрлі ырым-сырымын да жасауда. Жан жолдасы Кеңшіліктің де атасы көп ауырмай о дүниелік болды. Енесі де сары уайымға салынып, іштегі сырын сыртқа шығармады. Қайтыс болар алдында өзінен кейінгі абысының шақыртты. Ішке бүккен бар сырын соған айтты.

– Құдай маған бір шарананы иіскетпеді. Немеремнің бетінен сүйіп, мауқымды басу арман болып, мына жарық дүниеден өтіп барамын. Келінім маңдайымдағы жарық жүлдізым. Құдай-ай, екеуіне тағдырдың бір шарананы қимағаны ма? Ұрпақсыз қалса бір үйдің оты өшкені ме?
– деп еңіреп жылап жіберді.

– Көп жасыма, әр нәрсені ойлай берме. Құдай қаласа ауруыңнан да жазыласың. Балаң мен келініңнің бастары жас. Элі-ақ кішкентайлы болып, мына үй шүпірлеген балаға толады, – деп жұбатқан-ды абысыны.

Мендерген науқасынан айыға алмаған ару ана да қайтыс болып, қындықтарды басынан өткізген Кеңшілік пен Мендікүз тағы да төрт-бес жылды өткізіп жіберді. Мендікүздің нәресте көтермейтіні енді отырған жерлерде әйелдер жиі айта бастады. Біреулер мұсіркесе, енді біреулері шынайы жанашырлық танытты.

– Бір шаранаға құдайдың екеуін зар қылғанын қарашы.

– Біреулерге баланы үйіп береді. Шұбыртқан балаларын баға алмай жүргенін көргенде еріксіз жаның ашиды.

– Эне, бір салпы етек сары қатынды қараши. Келін болып тұскеніне бес-алты жыл болса да төрт-бес баланы тауып тастады.

– Кеңшілік әлі жас. Тоқал алып, баласын шұбыртпай ма? Дәulet десе дәulet бар. Несіне жетпей жатыр.

– Эй, ана Мендіқыз оңайшылықпен келісімін берे қояр дейсің бе? Ішіне пышақ емес тырнақ айналмайтын қызғаншақтығы тағы бар.

– Мендіқыздан ба, әлде күйеуінен бе?

– Мендіқыздың етегін күйеуі, одан кейін жел ғана көтерген. Осы уақытқа дейін біреуінің жаман журісін көргеніміз де, естігеніміз де жоқ.

– Екеуі қу бас болып өтетін болды. Ана жиған-терген дәuletтері талан-таражыға түсіп, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетеді ғой құндердің құнінде.

Осы сияқты әңгімелер төрт-бес әйелдердің басы қосылған жерде айтылып жүрді. «Сыбырлағанды құдай да естиді» демекші ауылдың ер азаматтарының қулағына да қаңқу сөздер жетті. Бұрынғыдай емес екеуінің үйіне келушілер де азайып, әркім өз шаруасымен жүр. Мендіқыз келін болып, тұскендегі шыбықты ат қып мініп, шауып жүрген қара домалақ балалар да жігіт өсіп, болып үйленді. Кішкентайлары өмірге келді. Сондай бір той-томалақта Мендіқызы:

– Келін болып осы әuletке тұскенімде мына жарқыным, бұты жалаңаш, шауып жүрген бала еді. Енді міне шаңырақ көтеріп, үй болды. Әке-шікшісіне немересін көрсетті. Өмір жастары ұзак, кішкентай ер азамат болып өссін, – деді келіннің қолындағы нәрестесін иіскемеккек қолын созғанда:

– Енеміз отыр ғой, алдымен сол кісінің қолына берейін, – деп Мендіқыздың қолының ұстінен асыра, өзінен кіші абысынына ұсынды.

– Ой, айналайын раҳмет. Бізді елегеніңе, – деп нәрестені

бетінен иіскеді. Қолын созған қалпы қарап қалған Мендіқызыға жас нәрестені ұстадты.

Ішкі сезімін сыртқа шығармай, езу тартқан жан жары Кеңшілікке көзі түсіп кетті. Ол төмен қарған қалпы, саусағымен жер шұқып қалыпты. Осы отырыстан кейін-ақ араларына бір сүйк ызғардың кіргені. Кеңшілік ерте тұрып, жұмыс басты болып қараңғы түсे үйге келеді. Екеуі үнсіз кешкі астарын ішіп, ымырт үйіріле жатып қалады. Соңғы уақыттарда күйеуінің дөңбекшіп жатуы да жиілеп кетті.

Шырт үйқыда жатқанында күніренген дауыстан Мендіқызы селк етіп, оянып кетті. Күйеуі ояна қоймаған. Сырттан тың тыңдады. Еш нәрсе естілмейді. «Бұл не күніренген, дауыс» деп қайта жатты. Бірде таңға жуық тағы да күніренген дауыстан оянды. Мендіқыздың үйқысы да шайдай ашылды. Күйеуі бір аунап, жүзін кереге жаққа бұрган қалпы үйықтай берді. Екі-үш күннен кейін осы жай тағы қайталанды. Күніренген дауыс құлағының түбінен естілгендей болды. Қыбырсыз көзі ілінбей біраз жатты. Кенет терең тыныс алып, аунаған күйеуінің күніренген үні естілді. Сәл уақыттан кейін тағы да күніреніп кетті.

Келер таңды кірпік ілмей қарсы алған Мендіқызы күйеуінен ерте тұрды. Бақташы жігітті шақыртты:

— Айналайын, кешкісін түйелердің арасында жүрген Ақботаны әкеліп, үйдің маңына шөгерші. Артындағы тайлағы еріп келмесін. Бір жаққа барамын, — деді.

Кеңшілікке еш нәрсе айтпады. Ертеңгі асын дәмділеп берді. Күндегі әдеттерінше екеуі де үнсіз ас ішті, дастархан жиналды. Мендіқызы бірден жол қамына әзірліктер жасады. Жақын отырғанabyсын, келіндерді де шақырмады. Ұзақты күн әзірлігін жасап, бір сәт тізесін бүгіп, тыныс алды.

«Балалы үй базар, баласыз үй..., үй...», күдай сақтасын, бір үйдің оты өшті дегенше, бір ұрпақтың өмірден көшкені.

Олай болмайды, қайтсем де Кеңшілікті бақытты етем. Мына үй базарлы балалардың күлкісіне толсын,» – деп өз ойымен өзі болды. Бастапқы ойынан шошып, ертеңгісін бастаған ісін жүзеге асыру үшін тәуекелге бел буды.

Бақташы да Ақ түйені алып келді. «Ақбота» атанып кеткен ақ түйе де 3–4 рет боталады. Мендіқыз түйенің мойнынан құшақтап:

– Ақботам менің, Ақботам, ертең елге барамыз. Бұл жолғы сапарымыз ұзақ болуы да мүмкін, – деп оған қарал сөйлеп те қойды. Көз байланы үйге келген Кеңшіліктің алдынан шықты. Ол үйден аулақтау жердегі ақ түйені көріп:

– Ақботаны алдыրғансың ба? – деп сұраулы жүзбен қарады.

– Иә, Төркініме бармағалы да 3–4 жылдың жүзі болды. Оның үстіне жақын ағайымның көңілін сұрап қайтпасам болmas. Хабар бергеніне де айдан асты. Бүгін аяқ асты со-лай шештім.

Күйеуі сәл ойланып тұрып:

– Екеуміз бірге барсақ жөн болар еді?..

– Бұл жолы сен шаруаларды ретте, көп болса 2–3 күн болармын. Ақботаныәдейі алдырдым. Жүрісі де жайлыш. Эрі өзім ғана барып қайтсам ба, деп едім. Ауыл адамда-рын елеңдетіп қайтеміз. Кеңшілік үнсіз келісім берді.

Таң ата Мендіқыз артынып-тартынып, желмаясымен төркініне баруға жолға шықты. Ондағы ойы жібі түзу, екеуін де сыйлайтын, ағайын-туыстардың бір қызын Кеңшілікке қосу, сәби сүйіп, ұрпақ өсіру. Түрлі ойлар ба-сына келіп, мазасы да кетті. Желмаяның үстінде отырып, қиялына да ерік берді. Мазарға айналайын деген үйдің іші жас балалардың қуанышына бөленсе болды. Ендігі арма-ны да осы. Тек жөні түзу, инабатты сіңілісі кездессе?...

Түске қарай ақ түйені жорғалатып, ауылына келген Мендіқызды ел-жүрті қуана қарсы алды. Ағайын-туыс,

куда-жекжат, көрші-қоландардың амандығын екі жақ бір бірінен сұрасып, білісті. Мендіқыз да соңғы жылдары өмірден озған ауылдағы адамдардың отбасына кіріп, көңіл айтты. Келін түсіріп, қыз ұзатқан жандарға, қуаныштарына ортақ екенін білдірді.

Мендіқыз ауылдағы бар бойжеткен қыздарды көз алдынан өткізді. Өзінің ойынан шығатын адамын кездестірмеді. Ішкі ойын ешкімге сездірмеген ол көрші ауылдың қыздарын да байқады. Күнде әр ауылдағы туыстарын, әкпелерін сылтаулап, солай кетіп қалады.

Күйеуіне лайықты жар таппаған Мендіқыз қатты қапаланды. Кездескен қыздарға сынай қараған ол бірінің жүрісі, енді бірінің шай құйып, қонақ құтуі, екіншісінің өңі-түсі, ал үшіншісінің мінезі демекші ұнамады. Жақын ауылдарды түгел аралап, өзіне лайықты бір сінілісінің шықпағанына көңілі жабырқап, ауылына қайтуға әзірленді «Тағы да жата тұрмадың ба? – деген туыстарға рахметін айтып, қайтатын уақыт болғанын ескертті.

Көңілі орта, қоржыны тоқ Мендіқыз алыс ауылдағы бір жамағайынының үйіне баруға тоқталып, желмаясы-ақ түйенің басын солай қарай бұрды. Кеш те бата бастады. Осы жүрісімен ол ауылға тұн жарымда бармақ. Жолда кездескен оншақты үйден шеткерірек отырған киіз үйге түсіп, ертең жол журмек болды да Мендіқыз үй алдына тоқтады.

– Апа, үйге қонақ келді, қонақ, – деген сымбатты бойжеткен қыз Мендіқыздың назарын бірден өзіне аударды. Түйесін шөгеріп, қолына анны-мұныларын алған Мендіқызды өзінен он бес-он алты жас үлкен әйел қарсы алды.

– Есенсіз бе? Алыстан келе жатырмын, мына жактағы ауылға, туысыма бармақшы едім, кеш батып кеткені, – деді.

Үй иесі Мендіқызын жылы жүзді амандастып,

– Еш айыбы жоқ. Жолаушылап жүрсөңіз, құдайы қонақ болдыңыз. Үйге кіріңіз, – деді.

Дастархан жайылып, алдарына ас келді.

– Отагасы бүтін малдың кезегінде еді. Таң ертеңгісін ауылдың екі-үш жігітімен кеткен. Қысылмай әңгіме айта отырыңыз, – деді жайдары жүзбен оған қараған әйел.

Үйге кіргелі екі көзі бойжеткен қыздың қымылын қалт жібермей бақылап отырган Мендіқызы сұрастыра келе алыс туыс болып шықты.

– Е, қарға тамырлы қазакпыш ғой. «Сұрастыра келсе... болады» демекші бір-бірімізге алыс емес еkenбіз. Сіздер жайлы естігенім бар, отагасы келгенде таныса жатарсыз ағаңызбен. Ол жақсы біледі өзінің туыстарын.

– Айым, Айым қайдасың?

– Әу, апа.

– Дастарханды жинай ғой, қайынсілім алыстан шаршап келді демалсын, – деді де:

– Біз білмейтін әкпен мен таныс, Құдайдың өзі айдал келді. Шақырса келмейтін, туысың еken. Ертең әкең келгенде қарындасын көріп, әлі-ақ мәз болады. Мендіқызы жеңгесінің сөзіне езу тартып күлді. Айымға мейірлене қарады.

«Айым ..., Айым, есімі өзіне сай еken» деп іштей қайталаған Мендіқызы қыздың әр қымылы көңілінен шығуда. Мендіқызы арнап төрге жұмсақтап төсек салған Айым, оны жатқызып, көрпесін қымтап жапты. Жайлы төсекте тәтті қиялға беріліп, ұйықтап кеткенін де білмеді. Таңға жуық оянып, не істеу керектігін ойлады. Қалай да екі-үш күн аялдау қажет. Сылтау керек. Қандай? Ойына еш нәрс түспеді. Мазасы кете бастады.

– Экпе, ояндыңыз ба, қалай демалдыңыз? – деген Айым қасына келді.

– Ой, шырағым, рахмет, жақсы демалдым.

– Экпе өніңіз сынық қой, бір жеріңіз ауырып тұр ма?
– Басымның сақинасы бар еді. Сол басымды қысып тұрғаны.

– Жатып демалыңыз. Анама айтайын. Анда-санда ол кісінің де басының сақинасы ұстап қалады, – деген қыз қасынан тұрып кетті. Еш сылтау таптай әбден мазаланған Мендіқыз аяқ асты қыздың аузына сөз салғанына іштей риза болып, екінші жағына аунап түстті. Ары қарай не істеу керектігін ойластырды.

Ол орнынан тұрып, ертеңгі асқа отырғанда, үй иесі де келді.

– Эне, Қасен ағаң да келді, – деді есіктен сыртқа көз салып отырған алыс туысының әйелі. Үй иесі де Мендіқызben құшақтасып амандасты.

– Сенің жақын қарындасың, Туысым жоқ дейсің, үлкен бір ауыл сенің жақындарың екен ғой, – деді келіншегі де оған құле қарап.

Мендіқыздан бар жайдың анық-қанығын білген Қасен:

– Ой, айналайын, өзімнің нағыз қарындасым болдың ғой. Үлкен әкелеріміз қылыш кезеңдерде, ел-жүргітан қол үзіп қалыпты. Әкемнің біраз дәuletі болыпты, тонаушы мен барымташыларға бұйырған екен. Содан кедейленіп, мені үйлендіруге әрен шамасы жетті. Ауыр бейнетті көтере алмады. Қайтыс болды. Жалғыз үй тіршілігімізді күйіттеп отырғанымыз. Асықпа, қарағым, екі-үш күн қонағым бол, мына ел-жүргіт та білсін туысым бар екенін, – деп ағынан жарылды.

«Кудай қаласа ісім оңға басатын сыңайлы» деп, іштей жақсылыққа жорыған, ол ұзакты күн женгесі екеуінің әңгімесі таусылмады. Мендіқыздың есіл-дерті үйге кіріп-шып жүрген Айымның қимылында.

– Айым да бойжетіп отыр. «Қызға қырық үйден тыйу» демекші екі көзім төрт болып, осының келешегі, тағдыры

не болады деп ойлаймын, – деп жеңгесі ағынан жарылды.

– Құда түскендер бар ма?

– Жоқ. Бірақ торуылдаушы көп. Откен жолы байдың сотқар баласы, шағын ауылдың ортасында ат ойнатып, Қасенниң қызын тоқалдыққа алам депті. Содан бері мазам кетіп жүргені, – деп жеңгесі көзіне жас алды.

«Қыздың басы бос болуы, тағы бір үміттің отын маздатқандай. Ал, бай баласының қылығынан іш жиып қалды. Қызды қалай да өзімен бірге алып кету қажет. Қалай? Тәуекел бар шындықты айту керек» деген тоқтамға келді.

Айымды әлсін-әлі қасына шақырып алып, сыр тартты. Инабатты да мінезі салмақты, әдемі мұсінді Айымды құшақтап:

– Айналайын, бақытты болсаң болды. Бақытың өз қолында, – деп қойды.

Ертесінде жеңгесімен ұзақ сөйлесті. Бұл жолғы әңгіме жеңіл-желпі емес салиқалы, адам тағдыры жайлы айтылды. Жеңгесінің алдында көз жасын бұлап, отырып бар шындықты айтты. Өзінің ауылдан шыққанына оншақты күн болғанын, ағайын-туысты аралап, лайықты жар табылмағанына тоқталды.

Ағасының қызы, әрі сіңілісі Айымға көзі түскені, көзі тірісінде қор болмайтынын айтып жылады.

Жеңгесі де ауыр күрсініп ойға қалды. Мендікіз ішіндеңі ұзақ жыл жинақталған шерін тарқатып, жеңгесінің алдында кінәлі адамдай болып басын төмен салбыратқан күйінде отырып қалды.

Оның мына түрін байқаған жеңгесі де аяп кетіп, құшақтай алды.

– Қайын сіңілім жылама. Құдай сені жылатпасын. Басыңды көтер. Менің қолымнан не келеді. Ағаң, ағаңмен ақылдасайық. Айымның барған жері жақсы болуын ол да ойлайды ғой, – деді.

Сыртта шаруамен айналысып жүрген Айым өзі тұралы айтылған әңгімеден мұлде бейхабар еді. Алыстағы әкпесінің келгені өзіне демеу болғандай. Ақылшы да сүйенері де осы әкпесі сияқты көрінеді. Шағын ауылдағы үлкендер де Мендіқызыға сәлем бере келіп, танысты. Айымның да көнілі көтеріліп, кәдімгідей болып қалды. Алысқа ұзап шығудан да жүрексінеді. Әсіресе, байдың баласы осы ауылға жиі келгіштей берді. Жәй келмейді, ауылдағы үлкен-кішілерге қыр көрсете келеді. Екі-үш рет алдынан шығып, «Менің тоқалым боласың», қазір атқа өңгеріп алып кетейін бе? – деп ауыл ортасында үлкендерді тыңдамай бассыздық жасағалы бері, жүрегі де шайылып қалды. Одан кейін де қымызға бөртіп алып, жігіттерімен келгенде үйге тығылып, әрең құтылған-ды. Осы жайлардан әкесі Қасен де қанық. Бай баласына қарсы шығып айттар, бас көтерер адам жоқ. Бәрін айтқанына көндірген байдан ешкім асып бара алмайды. Кеш бата, Қасен де келді.

– Қалай қарындастым, женғең екеуінің жай-күйің жа-расты ма? Сырттың шаруасы да бітер емес, – деп Қасен кешкі астан кейін сыртқа шығып кетті.

– Женге, ағаға бүгінгі жайды ертең айтайық. Сіз аздал шет жағасын сездіріп қойсаныз, – деді Мендіқызы.

– Оның ойы сан-сақта. Шет жағасын білдіруін, білдірем ғой. Не дер еken? – деп екі ұшты жауап қатты. Айым салған жұмсақ төсекте жатқан Мендіқыздың үйқысы келмеді. Бір ойы үміт отын тұтатып сәуле шашса, екінші бір ойы бәрін жоққа шығарады. Ертеңгі шай да ішіліп, дастархан жиналды.

– Қарындасының саған айттар сөзі бар екен. Тыңдасан, – деді келіншегі. Түнде құлағына әйелі сыбырлап айтқан жайға енді мән берген, отағасы үнсіз отырып қалды. Женгесі «айт» деп белгі берісі мен Мендіқызы сөзін кібір-

тіктеп бастап, ешнэрсесін қалдырмай ойындағысын айтып, екеуінің алдында ботадай боздап жылады.

— Өз сіңілім, өзегімді тебе қоймас, аға. Қайғы жұтып жүрген жанмын. Барған жерім де жақсы. Ол жігітті көрініз де мені көрініз. Айырмашылығымыз жоқ десе де болады. Адамгершілігі, адалдығы үшін бүкіл ауыл сыйлайды. Мен сол үйден кетсем кетейін, тек ана ер азамат бақытты болып, ұрпақ сүйсінші. Бір шарана қимаған құдайға не жазғанымды білмеймін, аға. Сізді бірге көшіріп кетейін, әйтпесе қалағаныңыз білсін. Ауылға барып, туыстарыныңдың ортасында отырам десеніз де еркініз, аға. «Қыздың жолы жіңішке», аға бір тілегімді қабыл алыңызшы аға, аға..тай..ым...м — деп екеуінің алдына жығылып, көз жасын көл жасады.

Мендіқыздың мына жайын көрген екеуі де іштей егіліп, не айттарларын білмеді. Екі жақтап жұбатты. Қасен ойланып отырып әйелінің жүзіне қарады. Оның көнген сыңайы бар сияқты.

— Ал, қарағым, бізді де өзінді де қын жағдайға қалдырдың. Біз саған не айтайық. Айымның еркі білсін. Жауабын сол айтсын, қалқам, — деді.

Кешке қарай Қасен тысқа шығып кетті де, Мендіқызы жеңгесі екеуі Айымды шақырды. Орталарына отырғызып қойып, бар жайды бүкпесіз айтты. Айым екеуіне кезек-кезек қарап не айттарын білмеді. Бірінің сөзін бірі іліп алып, Айымға жаман жерге бармайтынын айтып, құлағына құйып отыр. Арасында байдың баласы жайлы да сөз болып, оған қор болып кететінін де ескертті.

— Ол кісі үлкен бе?, — деп Айым сұраулы жүзben Мендіқызға қарады.

— Жоқ, жаным. Мен он алты жасымда ұзатылып едім. Ол үйге келін болып түскеніме он жылдан асты. Жасы жиырма жеті де, — деді. Айым да ойланып қалды. Үшеуіне де женіл тиіп отырған жоқ.

– Жақсы, апа, ертеңгісін жауабын берейін. Экем не дерекен?.

– Экең сенің кісі үйінің күнді болып жүргенінді қаламайды. Сен бақытты болсаң болғаны. Оның арманы осы, қарағым, – деді Айымның анасы қызын құшақтап.

– Айым, екеумізге төсекті қатар салшы, бірге жатайық, – деді Мендіқыз.

– Айтқаныңыз болсын, әкпе, – деп ізеттіліктен аспаған қыздың жауабынан кейін өзінің жаңылмай, лайықты сіңілісін тапқанына қуанды.

– Экпелі-сіңілілі екеуі түннің бір уағына дейін әңгімелесті. Екеуінің ойы да бір арнаға тоғысқан сияқты.

Ертеңгі дастархан басында әңгіме толығымен шешіліп, Айым келісімін берді.

– Аға, сізден рұқсат болса, Айымды өзіммен бірге ала кетсем. Мына бай балсы мазасын әбден алышты, кім білсін үйге баса көктеп кіріп, қызды алыш кетуден тайынбайды. Рұқсатыңызды берсеңіз, – деді жыламсырай.

Мендіқыздың ойын әйелі де қоштады.

– Шынымен солай істесе, қайтем, – деп Айым да қорқып кетті.

– Қызыңды жолға әзірле, біреулер сұраса әкпесінің үйіне кетті дерсің. Мен де бұл жерде ұзақ отырмаспын. Осы жаздың аяғында елге көшемін, – деді.

– Шын пейіліңізге рахмет аға. Елге ертерек көшсөніз бауырларым сіздерді қуана қарсы алады. Оларға да арнайы хабар жіберемін, – деді Мендіқыз қуана.

Қасен шаруамен айналысып, көрші ауылға кетті. Тұске қарай ақ түйесімен Мендіқыз сіңілісі Айымды алыш, жолға шықты.

– Қызың қайда барады? – дегендеге:

– Әкпесінікіне жібердім, бес-алты күн жатып келсін, – деп қыздың анасы да олардың алдында еркін сөйлеп.

Ертесі қымызға қызара бөртіп алған бай баласы қасында бес-алты жігіті бар Қасенниң есігінің алдына то-пырлап келді. Тиісерге қара таппай жүрген бай баласын көрген Қасенниң әйелі:

– Бұл қай жүрістерің, тапайдың, тал түсінде есік алдында ат ойнатып, – деді.

– Айым, Айым қайда?

– Оны қайтейін деп едін?

– Жігіттер Айымды үйден алып шығындар!

Бай баласының сөзін ести сала екі жігіт атынан секіріп түсіп, үйге кіріп кетті.

– Ол үйде жок.

– Қайда?

– Экпесінің үйіне кетті.

– Қашан? Қайдағы әкпесі?

– Алыстан. Осыдан бір күншілік жерден келген әкпесімен кетті.

– Немене, Айымды біржалаңаяққа сатқан екенсің ғой. Қанша қалың мал берді, Айтшы?, – деп өзеуреген бай баласы Айымның анасын атымен таптап кетердей екпіндете келіп, тоқтады.

– Ол жакқа барам деп дәмелен бе, бауырларынан сазайынды тартасың, – деді бай баласына ашулы жүзбен қараған Айымның анасы.

– Атаңың аузын... – қарашы бұларды. Есіркеген сайын, төбене шығып барады, – деп атының басын кілт бұрды да шаба жөнелді.

Шандата шауып кеткен аттылардың соңынан қарап қалған ана:

– О, құдай мұныңда да шүкіршілік, мына бассыз итке қызым кетсе, құні не болар еді. Тал түсте үйге басып кіріп, қызды алып қашпақшы болуын. О, құдай өзің жар бола гөр, қызымның бағын аша гөр. Қайын сіңілім, қызымды

саған табыстадым, Сағ...ан...н...н, – деп еңіреп жылап жіберді.

– Қасен үйіне келіп, бай баласының салған лаңына қатты ыза болды. Не істерін білмеді.

– Иттің ғана баласы, кімді басынып жур. Айымнан дәмесінің зорын. Енді келсе өз қолыммен жер жастандырамын, – деді ашуына ерік берген Қасен. Әйелі күйеуіне басу айта алмай шарасыздық, танытуда.

– Қасен. «Көп асқанға, бір тосқан» дейді. Оған да Құдайдан келер бір залалы бар шығар. Бала-шағаңың амандығын ойла, – деді өзінен оншакты жас үлкен ауыл ағасы.

– Айымнан әдірем қалсын, басқан ізіне де тұрмайды. Қызымның әкпесімен кеткені де жөн болған екен. Эйтпесе, соның қолында өлер едім, – деп Қасеннің әйелі де шиыршық атып, сөзге араласты.

Осы шу басылып, бес-алты күннен кейін, ауылға келген үш-төрт аттылы адамдар Қасеннің үйін сұрап, қайтұста екенін білді де ымырт үйіріле:

– Кеш жарық аға, – деп үйіне сау ете қалды. Байдың баласынан секем алып қалған үй иесі орнынан атып тұрды.

– Иә, жігіттер жайшылық па?

– Жайшылық, аға, Сізге сәлем берейік деп келдік. Мендіquez әкпеміз сәлем айтыпты. Сізді елге көшіріп әкелуге, – деді ортадағы жігіт.

– Ой, қайныларым екен ғой, төрлетіндер, төрлетіндер, – деген Қасеннің келіншегі қуанғанынан.

– Інілерім қалай, ел-жұрт аман-есен бе? Мендіquez қарындастым ауылға соқпаған екен ғой.

– Иә, аға. Сізді қалайда ауылға көшіріп келуді табыстапты. Содан кеше шыққан бетіміз. Ертеңгісін қозғалсақ,

аға. Әкпеміздің айтқанын орындамасақ, ағамызды шетте қалдырсақ бізге ұят, – деді екіншісі сөзге араласып.

Қасен көзіне қуаныштан жас алыш, оларға еш нәрсе айта алмады.

– Көш дейтіндей көшіміз де жоқ, қайныларым. Он бес шақты ұсақ малдар мен 7–8 жылқымызғана. Бар малды осы жақтың мықтылары одан қала берді, барымташылардың қолында кетті, – деді Қасенге қарап сөйлеген келіншегі.

Он шақты үйге бір малын сойып, дастархан жайған Қасен оларға рахметін айтты. Төрт жігіт қойсын ба, бірі бар малды алдына салып айдады. Қалғандары үйді жығып, арбаға тиеді де, Мендіқыздың төркініне, Қасен бауырын көшіріп әкетті.

Қасенді ауыл-аймақ қуана қарсы алды. Ауылға бір жанұя қосылды. Ескі үйін жаңалады. Әр жанұя шамашарқы келгенше ірілі, ұсақты мал берді. Ауылына келіп, ес жиган Қасен шын пейілімен туыстарына рахметін айтты.

Араға екі қонып, Мендіқыз ауылына да жетті. Ел-жүртү қарсы алыш, төркінінен келген Мендіқызды қаумалап алған. Жан жары Кеңшіліктің қуанышын да байқап қалды. Ақботаны мойнынан құшактап тұрды да, бақташыға ноқтасын ұстады. Мендіқыз келе ойына алған жұмысын бастап та кетті. Күйеуін жеке шығарып алыш, қалыңдық әкелгенін, «Мына үй мазарға айналмасын десен, ұрпағың өссін десен, менің сіңіліме үйленесің, қазір елдің батасын аламыз. Қарсыласуши болма. Осыған көнбесен, мен де сіңілім екеуміз де бүтін түнде осы ауылдан қарамызды батырамыз» деп кесіп айтты.

Күйеуі Мендіқызға еш нәрсе айта алмады. Кетіп бара жатып, Мендіқыздың сіңілісіне көзі түсіп, сасқанынан беті қызарған қалпы тысқа шығып кетті. Мал сойылып,

дастархан жайылды. Қос қанатты қоржын үй тігілді. Осының бәрін Мендікыз күні бұрын ойластырғандай атқарылуда. Ауылдың бар үлкендері мен ел сыйлар азаттарын шақырды.

Бұл не, той екенін ешқайсысы білмей, аң-тан болды. Жиылған ел алдында өзі шығып, үлкендерден рұқсат алды да:

— Айналайын, ел-жұртym. Келін болып түскелі менің қас-қабағыма қарап, көнілімді қалдырған жоқсыздар. Эрі осы ауылдың сыйлы келінің бірімін ~~болды~~. Оларыңа мың раҳмет айтамын. Кеңшілік екеуміз отасқалы он жылдан асып барады. Мына үйде сәбидің күлкісі мен жылаған даусы естілмегеніне де көп жылдың жүзі болды. Жолымды өзімнің сіңіліме, Айымға бердім. Сіздерден рұқсат болса Кеңшілік екеуін қосып, бақыт тілейік, — деді.

Мендікыздың мынадай аталы сөз айтқанына ел-жұрты шынайы ризашылықтарын білдірді. Ауылдың үлкен қариясы:

— Бұдан былай осы ауылдағы, елдің тыныштық-бірлігін, уыздай ұйытып отыратын, ақылшысы сенің Мендікыз келінім. Мендікыздың айтқанын тыңдайсыздар, ақыл-кеңесін беретін де сол, — деп. ақ батасын берді.

Екі-үш күн той тойланып, кешкісін үшеуі дастархан базында отырды. Айым төменшіктеп, құйған шайын әкпесіне ұстата берді. Басын жоғары көтеруден ұялып отырған Кеңшілік не істерін білмей, қозғалақтап, Мендікызыға қарай береді. Осы жайларды байқап отырған Мендікыз:

— Бір-бірімізден ұялмайық, Айым басынды көтере ғой. Сүйт. Ал, отағасы біздің бас иеміз өзіңсін. Бұдан былайғы өміріміз бірге. Қандай қыншылық кездессе де бірдей көтереміз. Бір-бірімізге өкпе-ренішіміз болмасын. Мына жанұяны сақтайық. Аттаған алтын босағамызды, шаңырағымызды шайқалтпайық, — деді.

— Мендікыз сен не айтсан, сол болады. Мен шаруаларыңа араласпаймын, — деді сез таппай қысылған Кеңшілік.

— Экпе, сіздің айтқаныңды тындаймын. Тағдырымды сізге сеніп тапсырдым, экпе, — деп Мендіқызы құшақтап.

Айымды ертіп жүріп, үйдің сол жақ қанатындағы қоржын үйге жолдасы Кеңшілік пен Айым екеуіне, үйдің он жақ қанатындағы қоржын үйге өзіне төсек салды.

— Бүгіннен бастап, сіңілім осылай жатып, тұрамыз, — деді.

— Ал, мен демалайын, сен де демала ғой, — деді де Айымды сыртынан байқатпай қарап тұрды. Сіңілісі ұн-тұнсіз ақырын басып, кіріп кетті. Өзі болса, ойна алған жұмыстарының бәрі сәтімен аяқталғанына іштей риза. «О, құдай, мына үйде нәрестенің даусы естілсе екен» деп күбірлеп жіберді.

Төсегіне қисайып, көзі ілініп кеткенінде сыбырсыз біреудің көрпесін ашып, кіріп келе жатқанынан оянып кетті.

— Тс...с...с...с...

Күйеуі Кеңшілік.

— Мұның қалай? — деп басын көтеріп алған Мендіқызы.

— Білмеймін... Қайтіп барам...

— Сен мені, өзінді, ана Айымды ойла, Мына үй мазарға айналмасын. Келешек ұрпағынды ойла. Өмірге келген шарананы үшеулеп өсіреміз. Соны ойла, — деп күйеуіне біраз әңгіме айтты да:

— Жүр, — деп

Айым жатқан үйге кіргізіп жіберді.

— Құдай-ай. Етегім қанап, шарана көрсем сені де, басқаны да осы қиуюы қашқан қын іске салмас едім, — деп көз жасына ерік берді.

— Экпе, тұрыңыз, — деген Айымның даусынан оянған Мендіқызы.

— Ой, жарығым, әбден шаршаппын, үйқым да қанып, сергіп қалыптым, — деді.

Үшеуі ертеңгі астарын ішті. Кеңшілік малдарды аралап қайтпақ болып, тау жаққа кетті. Екеуінен де еш өзгерісті байқамаған Мендіқызы:

— Айым, Айым. Тұнде Кеңшілік қайда болды? — деді.

— Білмедім, әкпе. Қорқып жатып ұйықтап қалыптым. Ертеңгісін де көрmedім, — деді.

Күйеуінің жай-күйін түсінген Мендіқызы енді Айымды қасына шақырып алғып, Кеңшілікті қалай қарату керектігін айтты. Әсіресе, шаршап келгенде алдынан шығып, дастархан үстінде тіл қатып, сөйлесіп отыру керектігін де ескертті.

Кешкісін Айым да әкпесінің ымдағанын байқап:

— Отағасы, кешкі асқа келініз, — деді.

Осы үйге түскелі өзіне алғаш рет тіл қатқан Айымға не аитарын білмей Мендіқызы бен екеуіне кезек-кезек қарады. Мендіқызы болса ешнәрсені елемеген қалпы Айыммен сөйлесіп кетті. Айым да біргіндеп үйрене бастады. Үшеуі әр түрлі жайларды айтып, арасында құлісіп те алды. Мендіқызы Айымға ақырын сөзін астарлап жеткізді.

Кеңшілік сыртта біраз жүріп келсе, олар жатып қалыпты. Сыбдырызы есікті ашып, ішке кірген ол біраз состиып тұрды да білдіртпей шешініп, көрпенің шетін ашты. Қыз жағынан қарсылық байқалмаған соң өзін еркін ұстай бастады. Қыздың денесі оттай жанып, әлсіз дірілді де сезді.

Үндемей құшақтап өзіне тартты, тылсым құштарлық сезім бойын билеп барады. Ернін тамағына тигізіп, аймалай бастады. Ол еріксіз иығын көтеріп қалды. Қос анарына қолы тигенде, ерекше сезімге бөленген жігіт, қызды құшағына алды. Нәзік жан тегеуірінді күшке еріксіз бағына берді.

Қыран бүркіттей бүре түсінген жігіт аруды дегеніне көндірді.

Тек нәзік жанның:

— Ах...аға..., а...а...ай...й....й, — деген талмаусыраған үні ғана шықты.

Астына бұріп, басқан қыр тұлкісінің қызыл тілін сұрып жеген қырандай нәзік жанды біраз аймалады. Әлі тояттамаған бүркіттей, құшағынан шығармады. Тән рахатына бөленді. Ерте тұрған Мендіқызың тысқа шығып, таңғы таза ауада жүріп бойын сергітті. Кеңшілік болса ертерек малға кетіп барады. Сонынан біраз қарап тұрды. Айым әлі тұра қоймапты. Есігін ашып, ішке енгенде, сіңілісінің ауырсынып:

— Экпе, — деген даусын естіді.

Ол көрпені ақырын көтеріп, қарады да қеудесінде қызғаныш оты лап ете қалды. Қаны басына теуіп, отырып қалды. Кеңшілік екеуінің алғашқы тұні көз алдына келді. Ыстық құшағына кірген Мендіқызды жібермей, «Менің өмірлік жарым, сенсің жаным» деген сөзі құлағының түбінен естілгендей болды. Сабасына түскенде ғана. Көзі жәутенде өзіне қарап қалған сіңілісіне:

— Ештеңе етпейді. Айым... Ер адам мен әйел болмаса ұрпақ қалай өседі, — деп орнынан тұрғызды. Сіңілісін құшақтаған қалпы, ақыл-кеңесін де айтып жатыр.

Күндеңіден ерте келген Кеңшілік Мендіқыза тұра қарай алмай, төменшіктей берді. Айым тысқа шығып кеткенде Мендіқызы:

— Өзінді ер адамша ұстасаңшы, — деді.

— Сенің алдында үлкен қателік жасадым ба деймін, — деді күйеуі.

— Жоқ, сен бәрін дұрыс істедің. Ұрпағынды сүйесін, өмірге әкелесің — деп батыл айтты. Осымен сөзді аяқтаған екеуі Айымның әзірлеген шайын ішті.

Кеңшілік үйден айналышқатап шықпайтын болды. Ондай сэтте аяқ асты сылтау таба қоятын Мендіқызы шаруасы болмаса да ауылдағы абысындарына қыдырып барады. Күзге қарай Айымның аяғы ауыр екенін біліп Мендіқызы қатты куанды.

– Сіңілім, өзінді-өзің күт. Қай тамаққа тәбетің тартады соны жей бер, – деп абысындарынан естіген, білгендерін Айымға айтып отырғаны. Айы-күні жақындаған сайын Мендіқыздың да Айымның да мазасы кетті. Тіпті Кеңшілік те күйгелектейтін болды.

– О, құдай, тілегімді бере гөр. Мына үйде де сәби даусы естілсе еken. Сіңілімнің аяғы жеңіл болса еken, – деп әр күні құдайға жалбарынып қояды Мендіқыз.

Ауылдағы көпті көріп, әйелдерді босандырып жүрген үлкен ананы да екі-үш рет шақыртып, Айымды қаратты.

– Қарағым, көп қымылдағаның жөн, толғақ та жеңіл болады. Әр нәрсені көніліне алма, – деп ақылын айтып кетті.

Айымның айы-күні жақындаған сайын ауылдың үлкен-кішісінің де құлақтары елеңдеулі.

– Айым сіңілісі аман-есен босанып, ұл тапса, ақ түйенің қарны жарылады – десенші.

– Бір шаранаға зар болып еді. Құдайдың рахымы түсті деген осы да.

– Ақ жеңешемізге жетер жан жоқ шығар сірә. Өзінің сіңілісін қосып, бір үйлі жанның түтінін сөндірмеді.

Тағы басқа сөздер айтылып, Айымның аман-есен босануына тілеквестіктерін білдірді. Үлкендердің де ақ тілеуі Айымның мына өмірге нәрестесін әкелуі. Мендіқыздың қуанышқа бөленуі.

Айымның қынқыл-сыңқылы басталғалы ару ана екі-үш күннен бері осында. Қос білегін сыбанып алған ана, Мендіқызға әлденелерді айтып түсіндіруде. Ол да үлкен адамның айтқанын орындал, жан таппай жүр.

Ернін тістеп, толғақ қыскан Айымға:

– Шыда, келінім аз қалды. Шыда, міне... міне... дегенше шырылдаған сәби үні де естілді.

Інгәлаған баланы ақ шүберек ұстап әзір тұрған Мендіқыздың қолына беріп:

– Ұл, қойшы..., қойшы!, – деді Айымды босандырған ана.

Баланың бетін сұртіп, төсін ашып, жіберген Мендіқызың әппақ анарының ұшын баланың аузын тоса берді. Өмір есігін жаңа ашқан сәби де шырылдағанын қоя қойып, емшекті бүлкілдетіп сора бастады. Алпыс екі тамыры иіп, көзі жұмылған Мендіқыздың бойын ерекше бір сезім биледі.

Сәбиді қос қолдап қеудесіне қысқан Мендіқыздың аналық мейірімі төгілуде.

Жас босанған Айым, екі қолын созған қалпы, үні шықпай, көзінен жасы парлап ақты. Сүт шықпаған емшекті тұрткілеп сорған сәби қайта жылай бастады. Осы сэтте ғана Мендіқыз қолындағы сәбиді Айымның құшағына берді. Анары тырсылдап, уыз сүті сыртқа теуіп тұрған емшек аузына тиісімен бала да тынышталды. Сәбиіне деген аналық маҳаббаты ашылған Айым бар тылсым дүниені ұмытып, иіп сала берді.

Кеңшілік кішкентайлы болғалы, үйден қонақ та үзілмеді. Мендіқыз бәрінің тілін тауып, шығарып салады. Кішкентай нәрестені кезек-кезек емізіп жүріп, Мендіқыздың анарынан да сүт шығып кетті. Сәби енді қос ананың сүтін еміп, өсті. Сүт шыққалы Мендіқыз баланы көбінде өзі жұбатып, өзі алып жататын болды. Сіңілісі Айым да қызғаншақтық көрсете бастады.

Әкпесіне ешиәрсе батып айта алмаса да Кеңшілікке ойын айтып көз жасын төгіп те алды.

– Олай ойлама, Айым. Ұлекеуміздікі. Бар арманы орындалып, кішкентай сәбиден бақытын тапқан Мендіқызды бұрынғыдан да жақсы көр. Әлі кішкентайлы болармыз. Құдай қаласа. Оның бар мақсаты, осы үй базарлы да балалы үй болса деген үміті ақталса болды, – деді.

Осы әңгімeden кейін Айымның да қызғанышы тарқап:

– Экпе, Экпе деймін, балаңыз жылап қалды, – деп наз-

дана сөйлейтін болды. Мұндайда оның жаны қалмайды. Сіңілісін құшақтап, бетінен сүйеді.

– Әкпе, сүйінші, сүйінші, – деп сырттае кірген Айым Мендіқызды құшақтай алды, – Ақботаңыз әппақ бота туыпты, үйге алып келеді, – деді.

– Рас па? – деген ол тысқа жүгіре шықты. Ақ түйе соңында ботасын алдына алған Кеңшілік келеді.

– Саған ботасын көрсетіп, қуантайын, – дедім. Қарашы, кішкентай кезіндегі Ақботадан аумайды, – деді Кеңшілік.

Ботаны қызықтап, сандығындағы жатқан ақ түйенің бота кезіндегі қоңырауын мойнына тақты. Ақ түйе алысқа ұзамай ботасы есейгенше ауыл маңынан кетпеді.

– Ақботадан өскен, түйеміз де 7–8 басқа жетті. Енді біраз жылда бір табын түйе болмақ. Осы жолғы ботасы тұра өзінен аумайды. «Ақбота» деп атасақ кайтеді, – деді Кеңшілік.

Бұл сөзге әкпелі-сіңілілі екеуі бір-біріне қарады.

– Атасақ солай атайық. «Ақбота» әкпемнің ең жақсы көретін малы ғой, – деді Айым.

– Солай болса, болсын. «Ақбота» осы үйімізге төл басы болып кірді, – деді Мендіқызы.

Айым алғашқы сәбиін босанғанына жыл толмай екінші ұлын өмірге әкелді. Бұл жолы Мендіқызы өмірге келген сәбидің шаранасын сүртіп, Айымға ұсынды. Сонан кейін, өзі емізді. Оты сөнейін деген үйдің тұтінін тұзу шығарып, маздатқан, шаңырағын шаттықа бөлеген әкпелі-сіңілілі екеуі сегіз бала өсірді. Кеңшіліктің дәuletі асып, атабабасының ісін алға жалғастырды.

Мендіқызы ұзатылғандағы өзімен бірге әкелген «Ақботасы» да төлін өрбітіп, үлкен табынды түйе болды. Ырысы артып, бақ қонған ауыл адамдары «Ақ жеңеше» атанған Мендіқыздың алдынан қия өтпеді. «Ақ ана», кейін жасы сексеннен асқанда «Ақ әже» атанды. Ауыл-ауылдағы ұрпақтары да. Кеңшіліктің ауылын «Ақ әже» ауылы деп кетті.

- Қайда барасың?
- Ақ әжемнің ауылына.
- Қайдан келесің?
- Ақ әжемнің ауылынан.
- Ақ әжеміз күйлі – қуатты ма екен?
- Иә.
- Ақ әжемізге бізден сәлем айтарсың.
- Жарайды, – деген сөздер жиі айтылып, кейінгі ұрпақтарға да жетті.

Мендіңиз күдайдың берген жасы 90-ға қараған шағында дүниеден өтті. Оның игі істерін ұлкендер кейінгі ұрпақтарға жеткізіп, айтып отырды. Өзі өмірден озғаны мен «Ақәженің ауылы» деген сөз барлық аймаққа таралды.

Сөйтіп, бір рулы ел «Ақ әженің» атымен аталып кетті.

Жаңған махаббат (әңгіме)

Жаздай тыныштық құшағына бөленген студенттердің жатақханасы жастардың көңілді құлкісіне бөленді. Жанжактан көңілдері көтеріңкі, жүздерінде қуаныш құлкісі ойнаған олар бір-бірін ыстық құшақтарына алып, сағыныштарын шынайы сезімімен жеткізуде. Жұптары жазылмаған жастар қаланың құзгі тіршілігіне араласып, думандатып жіберді. Олардың әңгімелері де таусылар емес, бірін-бірі күтпей сөз жарыстыра сөйлескендері, көңілді құлкілері жарасым тапқан. Топ-тобымен қаланың демалыс орындарын аралап, сауық- сайран құрса да жастық та албырт көңілдері басылар емес.

Әсіресе, жаздың тамылжыған шілде айында бір-бірімен қимай қоштасқан, қыз-жігіттердің сағынышты кездесулері, қуанышты сэттері тым ерекше. Махаббаттың нәзік сезіміне бөленіп, арман-қиялдары бір арнаға тоғысқан ғашық жандар түннің бір уағына дейін ұзак сырласады. Лұпілдеп соққан ғашық жүректердің ләzzат сезіміне бөленіп, сая-бактарда жаңа тіршілік- махаббат сүйіспеншілігін әкелгендей.

Алматыға қуанышты да сағыныш сезімімен жеткен Ләzzат жол сумкасын асығыс алып, поезд вагонынан сыртқа шыға жан-жағына қарады. Әлде біреуді күткендей. Перондағы жүргіншілер арасынан жігіті Қайсарды іздеді. Көрінбеді. «Ол күту керек еді ғой, Әлде... Әлде жұмыстары болып... Асығыс шаруасы..., Ол қандай шаруа? Онда телефон шалу керек еді?» – деп іштей күбірлеген ол қалаға шығатын есікке бет алды. Ұялы телефонын алып, Қайсарға телефон соқты.

«Телефоны сөндірулі немесе аумактық жерден тыс» деген жауап алды.

Көнілі су сепкендей басылды. Қабағы түйіліп, шырт

етпе мінезін де сыртқа шығарғанын байқамай қалды.
Жатақханаға келгені сол еді.

– Ой, Ләzzат, сәлем, – деп бір құрбысы артынан
құшақтай алды.

– Сені сағынып қалыптық. Қыздар жаңа ғана құлағынды
шулатып едік.

– Жанар, әдемі болып кетіпсің? Қыздар қайда?

– Бөлмеде. Бәрі жиналды. Арамызда сен ғана жоқ едің,
жақсы болды. Қыздар, қыздар, Ләzzат келді, – деп Жанар
жоғарғы этажға қарап айғайлай тіл қатты.

Үшінші қабаттағы ортаңғы терезе айқара ашылып, үш-
төрт қызы жоғарыдан төмен қарады.

– Ләzzат сәлем, – деп шу ете түскен олар қолдарын
бұлғады. Езу тарта, маржандай әппақ тісін көрсете күлгөн
Ләzzат та оларға қолын көтерді.

– Қыздар, біздің группаның жігіттері кешкісін сая-
баққа шақырыпты. Барамыз ба? – деді Әсем.

– Барамыз, – деді олар шу етіп.

– Онда Болатқа телефон шаламын.

– Тоқта, тоқта. Асық па? Әлі ойланған жоқпыз. Жігіт-
теріміз келсе қайтеміз? Оларға деген сағынышымыз бен
тағатсыздана күтіп отырғанымызды қалай жеткіземіз
қыздар? – деді Жанар.

Ләzzат құрбыларының жүзіне барлай қарады. Манағы
көңіліндегі Қайсарға деген түйткілі де тарай қоймаған.

– Қыздар, – деді Ләzzат. Несі бар, қурстас жігіттер
шақырған жерге барайық. Олар мен үш жыл бірге оқыдық,
әрі келесі жылды бәріміз диплом алып жан-жаққа кетеміз.
Жұбынызды жазбай бірге барайық.

– Табылған ақыл, жігіттерің екі-үш сағат күтсе ештеңе
етпес, есесіне таң атқанша қыдырасындар, – деді Әсем
қайта сөзге араласып.

Терезеге ұсақ тас шарт етіп тиді. Қыздар бір-біріне
қарады. «Қайсымызға» деген сұраулы жүзбен Жанар те-
резден төмен қарады.

— Ләzzат Қайсар, Қайсар келіп тұр. Қолында бір бума гүлі бар, — деді Жанаң төменнен көзін алмай.

Ләzzатжігіттіңесімінестігендебіртүрліңғайсызданып, қызырып кетті. Орнынан көтеріліп, терезе алдына баруға ұмтылғанымен, бойындағы белгісіз күш жібермейтін сияқты. Қыздарға қарап езу тартқан Ләzzат:

— Келсе күте тұрсын, — деді баяу ғана.

— Осы жігітінді ұнатпаймын, Кеше бізді көрсө де көзіне ілмей, алдымыздан өте шықты. Сенімен жүргенде жалпаңдал жаны қалмайды, — деді Әсем.

— Эй, қыздар-ай, бізге жігіттерді сынау қын емес-ау. Кіршіксіз, судан таза, сүттен ақ жігіттерді қайдан табамыз. Мандайымызға не жазылса сол бұйырады, — деді манадан бері көп сөзге араласпай, құрбыларын тыңдал отырған Айгерім.

Қыздар мен жігіттер қала орталығындағы демалыс орнына келді. Олар Қайсарды да өздерімен қосып алған-ды. Көңілді отырыс, айтылған тілектерге бәрі қуана қол соғып, мәз болуда. Биге араласып, отырысты қыздыра тұсті.

Би ~~фы~~ толастаған сәтте Ләzzаттың қасына келген Болат қолтыған алыш:

— Ләzzат Қайсарды шын сүйесің бе? — деді ол столға отырып жатқан жастарға қарап.

Ләzzат не айтарын білмей сасып қалды.

— Мұның қалай Болат?

— Жәй, айтқаным ғой. Саған жұп емес сияқты? — деп Ләzzатқа қарап езу тартты.

Олар сыртқа шыққанда, Алматының көшелері самаладай жарқырап, ерсілі- қарсылы жүрген машиналардың жарығы күндізгідей етіп жіберіпті. Қайсар Ләzzатты құшақтаған қалпы олардан бөлініп кетті.

— Жаным сонша сағындырдың ғой, тағатым таусылды, — деп қапсыра құшақтаған Қайсарды тоқтатқан Ләzzат:

— Күтіп аламын дегенің қайсы?

– Ой, Ләzzат аяқ асты бір жағдай болғаны. Ауылдан келген ағайым ауырып, соны ауруханаға жеткізіп дегендей, уақытым болмай қалды.

– Телефон шалмадың ба?

– Сасқалақтап жүріп ұмытып кетіппін.

Ләzzат бір сағаттан кейін поездан түсетіні жайлы Қайсармен сөйлескені ойына оралды. Сөндірүлі телефоны жайлы тіс жармауы қалай, Жаз бойы өзі ғана телефон шалып сөйлескені де есіне түсті.

– Қайсар сенің мінезің қызық. Біздің қыздарға кейде ұнамай да қаласың?

– Қыздарыңа аспандағы айды әперуім керек пе? Өздері жақын тартпаған соң, оларға жалпандаудың қажет екен ғой?

– Жо...ға, Жәй әшейін айтқаным.

– Ләzzат бәрін ұмытайықшы, келші жаным, ынтықтырмай, сағынышымызды басайықшы, – деген Қайсар қыздың қарсылығына қарамай, қызыл ерніне қадалды. Екеуі оңаша, шағын бақта ұзақ отырды.

– Көктөбеле шығып, Алматыны тамашалайықшы, – деді Ләzzат Қайсардың иығына басын сүйеп.

– Онда кеттік. Такси...! Такси!

Олар Көктөбеле көтеріліп, тұнгі Алматыға қызыға қарады.

– Қандай әсем. Қайсар есінде ме көктемде дәл осы жерде танысқанымыз, – деген Ләzzат тұнгі қала көрінісін тамашалап:

– Екеуміздің танысқанымызға да алты ай болыпты-ау. Ал, мамыр айының аяғында тағы да дәл осы жерде сен маған өзіңің жүрек жарды сөзінді айттың. Махаббатымыз да осы Көктөбеле басталды. Қызық ә. Сол күннен бастап, Алматының не бір әдемі сая-бақтарын араладық, қиялымызға ерік беріп, армандастық. Тәтті қиял алысқа шарықтады. Аспандағы жарық жүлдіздарды өзімізге

теңедік. Менікі деп таластық та. Қандай қуанышты сөттер, солай ма Қайсар?

Жігіт тіл қатпады. Қызды құшақтаған күйі көлеңкелеу жердегі орындыққа келіп отырды. Тілсіз ғашықтар ұзак аймаласты.

— Қайсар қайтайық. Тұн ортасы болды, — деп Ләzzат орнынан ширак көтерілді. Жігіттің «тағы да отыра тұрайық» дегеніне көнбеді. «Еркің білсін» деген Қайсар сыңай танытты.

— Жатақханаға кеш келген екеуі біраз тұрды. Қайсардың «ертең кездесейік» деген ұсынысына ойдана жауап берген Ләzzат:

— Ертең уақыттым бола қоймас, алғашқы сабак. Басқа да шаруаларымды реттеймін. Бірсүтіні кездессек қалай? Колым да босайды.

— Сенің айтқаның болсын жаным, — деп Қайсар да оның ұсынысына көне кетіп, асты-ұстіне тұсті.

Қайсар туралы құрбыларының айтқаны тағы есіне тұсті. «Несі ұнамай қалды еken. Болаттың сөзін түсінсем бұйырмасын. Эсем мен Болат неге бұлай айтты. Әлде.. Әлде бір шикілігін біле ме? Онда неге жасырады, айтпай ма? Мүмкін... мүмкін. Қайсар тағы бір қызбен жүрсе ше? Маған деген махаббатының жалған болғаны ма?»

Әртүрлі ойға берілген Ләzzаттың кірпігі ілініп, таңға жуық тәтті ұйқыға кетті.

Ләzzат оку ғимаратынан шығып, жатақханаға бармақ болды да ол ойынан тез қайтты. Үлкен Алматы өзенін бойлай жүріп «Көктем» базарынан әлде бір заттар алмақ. Ағаш жапырақтары сарғая, алтын күз де келіп қалыпты. Сары жапырақтар қалықтай ұшып, тротуарға қонып жатыр. Алдында жұлтары жазылмай құшақтасқан екі жас кетіп барады. Соңынан қараған Ләzzат жігіттің сұлбасы таныс, бір

жерден көрген сияқты. «Қаладағы қайсыбір жігітті тани бересің, ұқсас адамдар көп қой» деген Ләzzаттың ойына Қайсары оралды. «Ол не істеп жатыр екен» деп күбір етті. Қос ғашықтарға көзі еріксіз тұсті. Қызды құшағына алған жігіт тоқтай қалды да қызды құшырлана сүйе бастады.

– Қайсар!...

Қыздың даусы қатты шығып кетті. Екеуінің көзі бір-біріне түйісіп қалды. Қыз бойын тез жинап алды.

– А....а....а.... Ләzzат сәлемет пе? Біз Майра екеуіміз се-руенде...

Жігіт құшағындағы қыз да Ләzzатқа жалт қарады. Танымады.

– Кешіріндер, – деген Ләzzат асығыс басып, қастарынан өте шықты.

Оңбаған, кімді тәлекек етпек?- деп тығыла өксіп, жылап жіберді.

– Бұл жолмен қалай ғана жүрдім екен. Көрмей-ақ қойғаным жақсы еді, – деп тағы күбірледі де көзінің жасын сүртіп, орталық баққа қарай бет алды.

Көңілі жабырқаулы, қабағы шытылған. Ойы астаңкестең. «Не істеу керек? Ана қыздың алдында Қайсардың екі жүзділігін әшкерелеп, абыройын төгуім керек еді. Енді кеш. Қай бетімен маған келмек. Ұялмайды. Түк болмағандай маған тіл қатқанын қараши. Соған ашуым келіп тұрғаны», – деп өзімен- өзі болып келе жатқан ол бақтың ортасында өскен топ қайыңға бұрылды. Жастар көп екен. Ләzzат шеттегі бос орындыққа жайғасты. Көңілді топ бір-біріне жарасымды әзілдер айтып, құшақтасып мәз болуда.

– Сәл...Сәл... Сабыр... Сабыр... Ендігі кезек өлең оқу, жатқа айту. Араларында кім бар?

Ортаға сұңғақ бойлы, жас жігіт шықты. Жаңағы шу да әп- сәтте басылып, бәрінің назарлары өлеңге ауған.

*Естілмей құстың әні,
Естілмей құстың үні.
Жалғанның кетті сәні, ұшты гулі,
Сыргасынан айырылған ақ қайыңның
Басына бар ғаламның түсті мұңы.
Сап-сары жапырақтар,
Сап-сары жапырақтар,
Саудырап құлап жастыр атырапқа.*

- Пәлі, кімнің өлеңі?
- Білетіндерің болса айта қойындаршы?
- Мұқағали өлеңі, – деді шеткегі қыз. Ол орынан көтерілді де ақ қайыңды құшақтай «Өмір сүрейік алмасып» деген өлеңін мәнеріне келтіре айта бастады.

*Жапырақ жүрек, жас қайың!
Жанымды айырбастайын.
Сен адам бола бастасаң,
Мен қайың бола бастайын.
Келісесің бе, жас қайың!*

Айнала тылсым тыныштық. Ақ қайыңды құшақтай нәзік үнді қыз даусына бәрі елігіп қалған. Ақ қайыңның самал тербеп, сарғая судыраған жүрек жапырақтары ғана қыз үніне қосылғандай.

*Бар-жоғы менде бір жүрек,
Ол өлсе мәңгі кетемін.
Сендеңі семсе мың жүрек,
Келгенде жасыл көктемің,
Тірілер қайта дуркірен.*

Өлең аяқталды. Ақ қайыңға басын сүйеген қыз үнсіз қалды. Шу ете қалған жастар:

- Қыз қайың... Қыз қайың... Керемет... Керемет...

– деген олар «Қыз қайын» күрбұларын орталарына алды. Оқылған өлеңдер, жігіттер мен қыздардың көңілді күлкілерінен Ләzzат бір сәт ауыр ойдан арылып, көңілі орнына түскендей болды.

Қайсар екеуі осы топ қайыңға жиі келетін. Кейде жастардың көптігі сонша отыратын ұзын орындық та босамай қалады. Ондайда екеуі қатар өскен ақ қайыңға арқаларын беріп, ғашықтық сырларын айтЫП, ұзақ тұратын. Айлы түнде жастар ақындардың небір жақсы өлеңдерін оқитын. Әсіресе, Мұқағали өлеңдерін кезек-кезек айтЫП, өнер сайысына түседі. Махабbat жырын шертеді. Екеуі олардың оқыған өлең-жырларын құлақ қоя, барынталарымен тыңдайтын. Өздері де Мұқағали өлеңдерін жаттап, әнін айтатындары есіне түсті.

Жұлдызды түндер. Екеуі үшін ең бақытты шақтары. Жымындаған аспандағы сан мындаған жұлдыздардан көздерін алмай қиялға берілетін.

- Қайсар... Қайсар..., Қайсар,- деймін.
- Әу.
- Анау жарық жұлдыз менің жұлдызыым.
- Соның қасындағысы менікі. Екі жұлдыздың жарқырауын-ай.
- Жұлдыздар да сөнеді...
- Жо... Жоқ... Жоқ..., – дейді Ләzzат Қайсармен тала-сып.
- Олар үйқыға кетеді. Кешкісін аспанды қайтадан шашылған ақ маржандай жарқыратып жібереді.

Тәтті ойға беріліп отырган Ләzzаттың көз алдына қызды құшақтай сүйген Қайсар елестеді. Бір түрлі іштей жек көріп кетті.

«Енді көрмегенім сен болсын» деп күбір етті де:

«Сагыныштан саргайған сары қайың,
Жапырақтар шертеді сары уайым.
Кернейлеміп, сыңсытып, жет тырналар,
Ұзатқалы барады тамыз айын»,

— деп Мұқағалидың өлеңін күбірлеп айтты да аспан жүзіне қарады. Самалдай жымындаған жұлдыздар.

— Шіркін... Жалғыз жүрегім мың жапыраққа айналып, ақ қайың жапырақтарының арасынан орын алсаши. Махабbat жырын жырлаған, ғашықтардың қолы жетпеген жарық жұлдыздарына армандарын жеткізсем. Ғашық жүректерге сыват түспесе, олардың мәңгілік махабbatтарын кір шалмаса екен...

Ләzzат ауыр күрсініп, орнынан көтерілді. Манағы көңілді жастар да көрінбейді. Топ қайыңың ортасында жалғыз қалыпты.

Аяғын баяу ғана көтеріп, сарғайған жапырақтарды жүрексіне басып келеді. Ақ қайың бұтактарына ілінген жүрек жапырақтар салқын самалдан дір-дір етеді. Көңілдің күзі келген бе қалай?...

Жүрек жапырақтар сыйбыры да құлаққа басқаша естіледі...

Топ қайыңнан ұзаган сайын ойын ой қозғаған Ләzzат орталық бақтың шыға берісіндегі орындыққа келіп отырды. Ала-көленкелеу жердегі қыз бен жігіттің құшактары айқасып, махабbat сезіміне беріліпті. Олардан көзін бұрып әкеткен ол тағы да ой құшағына берілді.

«Адал махабbatымды, ойыншыққа айналдырғаны қалай? Сонда мені, әнешейін уақыт өткізу үшін, мүмкін болса пайдаланып кетпек пе? Мұндай сұмырай ойын іске асырғанда не болар едім? Оңбаған. Ақ махабbatымды қор жасай жаздалтый-ау. Неге... Неге солай болды, тағдырдың тәлкегіне түсіп кетсем не болғаным? Ол өз ойынан өзі шошып кетті. Болат пен Әсемнің айтқандары келді. Оларға бекер өкпелеген екенмін. Алғаш Қайсармен танысқанда:

— Ләzzат жылтырағаның бәрі алтын емес. Көктөбедегі әсер сенің жүрек қылыңды тербелеп кетті-ау. Қайсар қандай жігіт екенін ешқайсымыз да білмейміз. Менің ше, сынап

көру керек. Былай сыпайы да, ізетті көрінгенімен ішкі дүниесінде не барын бір құдайдың өзі білер? Байқағын,- деген Әсемнің сөзі ойна оралды.

Көктөбедегі таныстықтан кейін Қайсар Ләzzатқа жиі келгіштеді. Сая- бақтарда қызырып, араларында бір жақындық пайда болды. Бірде Жанаардың:

– Ләzzат сенің Қайсаңдыңды көрдім. Бізді көзіне де іл- мейді. Екі-үш қыздың ортасында кетіп барады. Оларға әлде нелерді айтып, мәз болып құледі.

– Шын ба? Әлде курсас қыздары шығар?

– Болса, болар Ләzzат, бірақ бізге бұрылыш сәлемдессе несі кетер еді.

Жанаардың осы сөзін Қайсаға айтқанда алдында өлердегі сөзін айтып, ақталғанын қайтіп ұмытсын.

– Ләzzат, жаңым түсінші мені. Өзіммен бірге оқитын курсас қыздар. Мен біраз сабакты жіберіп алыш, көмектесуін өтінген болатынмын. Солармен әңгімелесіп келе жатып, Жанаарды байқаған жоқпын. Шыным. Көрсем, бірден қыздармен таныстырар едім. Сенің алдында Жанаардан кешірім сұрайын. Байқамай қалдым, – деп Ләzzатқа шыр- пыр болды.

Мұнан кейін де Болат пен қыздар Қайсар туралы ашық айтпаса да өзінен бір нәрсені жасырып жүргендей көрінді. «Ал кешегі отырыста Болаттың нені мензегені де белгілі болды. Айдан анық. Әсем де Болат та менің көңілімді қимады. Ашық айтуға батпады. Әрі Қайсаңдың қылышына көздері де жетпеді. Енді бәрі ашылды. Құпия сыр қалмаған сияқты».

Ләzzат Қайсармен танысқан кезден бергі уақыттарын ой елегінен өткізді. Байқап қараса ұялы телефоны көбінде өшірүлі. Өзі керек кезде ғана телефон шалады. Онда да аяқ асты кездесуге шақырады. Тіпті жақын достарымен де таныстырмады. «Кейін, кейін таныстырамын» деген-nen ары бармады. Жұмыстары да бітпеді. Соның бәріне сеніп жүре бергеніне, өзі де таң қалды.

Жаз айларында бірде-бір телефон соқпады. Екі-үш күнде өзі ғана сөйлесіп тұрды. Сылтауы уақыты аз, тығыз шаруалары шығып жатады. Бірде сөйлескенінде:

– Ауылдағы жігіттерің аман- есен бе? Каникулың көңілді өтіп жатқан болар? Ауылда өскен қыздардың құлықтары көп қой, – дегенде Ләzzаттың төбесінен жай түскендей болды.

– Ондай қызғанатының бар. Ауылға келіп, көзіңмен көр. Ауыл қыздарына ондай кінә таға берме, – деп сөзін шорт кесті.

Екі-үш күннен кейін, амалсыз өзі қайта телефон шалды. Ар жақтан:

– Ләzzат, өткен жолғы сөзіме ренжіп қалдың ба? Жалпы айтқаным ғой. Курстас жігітімізді ауылдың бір қызы алдап, тұрмысқа шығып кетіпті соны айтқаным, – деп кешірім сұрағанына не шара.

«Нағыз екіжүзді жігіт. Қалай ғана байқамадым. Құрған торына түсіп қалмағанына шүкіршілік. Ақ махаббатымды тәлкеқ жасамақ. Олай бола қоймас. Жалған махаббаттың құрбаны болудан артық азап жоқ шығар сірә?»

– Жалған махабbat. Хош Қайсар. Сенің арам ойыңа, көрсе қызарлығыңа, ақ махаббатымды қор жасамаймың. Таза да пәк махаббатым арым мен жанымның тазалығы. Ақ махаббатымды кір шалмаса екен. Тағдырымнан тілейтінім де сол...

Ләzzат орнынан көтеріліп, сая-бақтан шықты да қаланың қарбалас тіршілігіне араласып кетті.

Жалған махаббаттан, жылпос жігіті Қайсардың қылықтарын ойлап әбден шаршады. Жүзі солғын тартып, қабағы түсіңкі, көзінің жанары ғана от шашқан Ләzzат көңіл күзінің келгенін жан дүниесімен сезінгендей...

– Хош, Жалған махаббаттың «кейіпкері».

Ол ширак қимылданап, жатақханаға бет алды.

2001 жыл.

Мазмұны

| | |
|----------------------------------|-----|
| <i>Автордан.....</i> | 5 |
| <i>Ерте сөнген махаббат.....</i> | 6 |
| <i>Жесір.....</i> | 149 |
| <i>Шарана.....</i> | 208 |
| <i>Жалған махаббат.....</i> | 241 |

Автордың редакциялауымен шығып отыр

Көркемдеуші редактор Алмас Сыргабаев

Басуға қол 29.02.12 қойылды.
Пішімі 84x108/₃₂. Қаріп түрі “Times New Roman”.
Есептік баспа табағы 11,14. Шартты баспа табағы 13,23.
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №262.

“Алматы-Болашақ” баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Мұқанов көшесі 223 “в”
тел: 7(727) 378-36-46, e-mail: izdasar@list.ru

